

Әшім Жылқайдаров

ЕСЕНГЕЛДІ - ЕЛІМ, АҚСУ - АУЫЛЫМ



929.52
NC92

MC 92

Собор Мучеников

Синтез

Zebedan

наказана

марихон

секретный.
горин

much.
goes in men

2018 m.

63.3

*ЕСЕНГЕЛДІ – ЕЛІМ,
АҚСУ – АУЫЛЫМ*

Қызылжар – 2018

«Тарих» - ерекше ұғым, қазақтар тарих деген кезде өткенді адам арқылы, жер-су, мекен-жайы арқылы елестетуді қолданған. Көбінесе, қазақ халқы өткенді шежіре арқылы танып білген. «Шежіре» - арабшадан аударғанда «ағаш» дегенді білдіреді екен. «Қарға тамырлы қазақ» - деп, бекер айтылмаған. Яғни, ағаштың тамыры, діңі, бұтақтары, ал одан жапырақтары жайылып кетеді.

Шежіренің негізгі мақсаты – әр адам өзінің шыққан тегін, ата-бабасын білуі керек. Тарих уақытпен байланысты ұғым екені белгілі. Қай ғасырда, қай жылы, қандай оқиға болды, оның халқымыз үшін қандай мәні бар – осы бізге аса қажет.

Әрбір өлкенің, атамекеннің өз тарихы және есімдері ел есінде болатын азаматтары бар. Осының бәрін келер ұрпақ білуі тиіс, бұл әрқайсымыздың міндетіміз. Сондықтан да оқырман қауымға, ауыл азаматтарына, жырақта жүрген бауырларымызға осы кітап ұсынылып отыр.

БАСЫЛЫМ ЖАНАШЫРЛАРЫ



Мереке Мұхамедияров



Бейсен Құрмашев



Әнуэрбек Құрмашев



Жақсылық Құрмашев



Алдаберген Ахмедьяров

Мереке Мұхамедияров. Атығай – Құдайберді – Есенгелді – Солтангелді – Байжан – Қойсоймас – Сұлтан – Нұржан – Құлтан – Мұхамедияр – Тілеужан – Мереке.

Жақсылық Құрманшев, Бейсен Құрманшев. Атығай – Құдайберді – Есенгелді – Солтангелді - Аман – Тама – Құрмансейіт (Құрманш) – Ғабдулхамит (Хамит) – Жақсылық, Бейсен.

Әнуәрбек (Әнуәр) Құрманшев. Атығай – Құдайберді – Есенгелді – Солтангелді – Аман – Тама - Құрмансейіт (Құрманш) – Есләм – Әнуәр.

Алдаберген Ахмедьяров. Атығай – Құдайберді – Есенгелді – Солтангелді – Аман – Телеу – Тілеген – Ахмедьяр – Жұмабек – Алдаберген

Бұл азаматтар мәрттік танытып, осы кітаптың басылымнан шығуына жанашыр болды. Атығай – Құдайберді – Есенгелді тармағы 2009 жылға дейін тізіліп келмеген, «Алғы сөзде» айтылғандай Қуаныш Беркімбайұлы алғашқы нұсқасын жасаған. Міне, сол тізбеге толықтырулар енгізіп, ата-баба ұрпақтарына қосымша деректер, фото-суреттер, мұрағаттық құжаттар қосу арқылы келешекке мұра етіп қалдыру ойы еді. Деректерді жинау барысында көптеген қиыншылықтар болды. Біріншіден, деректердің, құжаттардың сақталмауы. Екіншіден, көнекөз куәгерлердің жоқтығы. Ал, мұны дереу қолға алмасақ келер ұрпаққа барлық дәстүрден, туыстық қасиеттерден, тәртіптен, қала берді сыйластықтан айырылу қаупі тұрды. «Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп» - деген сөз бекерге айтылмаған болу керек. Сондықтан келер ұрпақ жеті атаға дейінгі қарым-қатынасты біліп, сол аралықтағы дәстүрді сақтап, әрі қарай аманат ретінде жалғастырғаны жөн. «Жігіттің де жігіті бар. азаматы бір бөлек ...» демекші, осы жанашыр АЗАМАТТАРҒА алғысым шексіз.

Келер ұрпаққа, жамағат,
Болсын лайым аманат.
Ұмытпандар еліңді,
Қаның тамған жеріңді,
Есте қалсын ауылың,
Бірге туған бауырын.
Бақилық болған бабалар -
Жалғастырған балалар,
Батыр, ғалым, даналар,
Есімізде сақталар!

КІРІСПЕ

«Есенгелді елі, Ақсу ауылы» атты кітапты жазу 2013 жылы ойға келді. Оған түрткі болған осы ауылдың тумасы Беркімбаев Қуаныш ағамыз еді... 2009 жылы «Шежіре» атты кітапшасын шығарған болатын... Сол кітапшаның тұсау кесерінде Қуаныш ағамыз Қызылжар қаласының орталық мешітіне «мен ақсулықпын» деген азаматтарды жинап, ағайын болып ауылға мешіт салу туралы ақ тілегін жеткізді. Ақсу ауылы ел арасында «иманды ауыл», «молла ауылы» деп те аталған. Ертеректе мұнда мешіт болған, бірақ кеңес үкіметі кезінде оны мектеп ғимараты еткен. Кейін уақыт өте келе, ол үй бұзылып, бөренелері отынға айналған. Осы ауылдың тумалары Сейдахмет хазреттен сабақ алып, қарилық дәрежеге жеткен Құрмансейітұлы Ғабдулхамит болса, Абдулғазизі де молдалық құрған. Кейіннен ауылда Жылқайдар, Ескен, Қожағапан, Сағди аталарымыз молда болса, осы елдің азаматы Нәби Рсалиев бауырымыз ауданның бас имамы болған. Сонау қазан төңкерісіне дейін **Телеу** әулетінен шыққан **Аманның** Әлбергені, **Тақайдың** балалары Құдайберген, Мөржан, Әмірсанаұлы Құсейін аталарымыз Аллаһтың ризалығы үшін қажылық парызын

өтеген жандар. Ел азаматы Қажығали Әбішұлы ағамыз, ауыл тұрғындарының басын қосып, шарият қағидаларының орындалуын қадағалап, білген діни уағыздарын көпшілікке жеткізіп жүрген. Елде алпысқа жуық шаңырақ бар болса, солардың ішінен қырыққа жуық адам отыз күн ораза тұтса, олардың жиырмасы жастар болған. Осылардың бәрі ескеріліп, иман жолында жүргендерге намаздарын өтеуге қолайлы жағдай жасау үшін Ақсудың төрінен Алланың үйін салуға кірістік. Бұл игі іс баспасөз, көгілдір экран, телефон арқылы алыс-жақын жерлердегі ел азаматтарының көмегімен 2010 жылы іске асырылды. Мешіттің ашылу рәсіміне байланысты жылқы сойылып, ас берілді. Асқа жырақта жүрген ел азаматтары да келді. Ата-бабаларымыздың, шәйіт, бақилық болған ауылдастарымыздың аруақтарына арнап дұға бағышталды. Бұл іс-шараларға Қуаныш ағамыз көп еңбек сіңірді, «сауаптан болсын» дейміз. Сол кездесуде елден шыққан қаншама саңлақ азаматтар еске алынды. Солардың бірі, әрі бірегейі - **Есім Байғасқаұлы Байғаскин**, 1893 жылы туған, нәсілі - **Есенгелді**. 1921 жылы большевиктердің бүкілодақтық коммунистік партиясына мүше болған. Оның ағасы Қасым Байғаскин де 1940-1950 жылдары қуғынға ұшырап, сотталған. Елімізден шыққан алғашқы сот болған **Құрмашев Ғазез Есләмұлы**, ал алғашқы академик **Ташенов Қазис** болды. Құқық қорғау саласының көшін милиция полковнигі **Мұқанов Қалиасқар Мырзахметұлы**, **Жұмағұлов Серғали** бастаса, кейінгі буын **Ербұлан Манапұлы Құсайыновпен** жалғасып, осындай шенмен зейнетке шықты.

Кеңес үкіметі кезінде еліне еңбегі сіңіп, құрметке ие болған азаматтарымыз қаншама... Еңбек жолын соғыс жылдары бастап, зейнетке шыққанша ауылында адал еңбек еткен жандардың бірі - **Мұхамедьяров Тілеужан** ағамыз. Ол кісі сол еңбегінің арқасында «Ленин», «Еңбек

Қызыл Ту» ордендерінің иегері болды. Ауылымыздан шыққан жоғары марапаттың екінші иесі, жеңгеміз **Сәдуақасова Күлбәрәм «Ленин»**, «Қызыл Ту» ордендерін алып, өңірімізде Садуақас әулетінің атын шығарды. Жеңгеміз маңдай терінің арқасында қарапайым сауыншыдан облыстық кеңестің депутатына дейін көтерілді. **Сәдуақасов Еркін Асқарұлы** - ҚССР Жоғарғы Кеңесі соңғы шақырылымының депутаты. Еңбек жолын ауылдан бастап, жоғары лауазымды қызметке жеткен азаматтарымыздың бірі - Жамбыл ауданының әкімі қызметін атқарған **Бәшіров Жүсіп Қабдуахитұлы**. Ал **Мұхамедьяров Мереке Тілеужанұлы** — облысымыздың бір департаментінің басшысы қызметін атқаруда. Еліміздің түкпір-түкпірінде оқып, қызмет атқарған, аға-әпкелерінің ізін қуған жастарымыз қазір де баршылық, олар да жадымызда болған жөн.

Ел басына күн туғанда, Отанын қорғау үшін соғысқа аттанып, шайқастарда шейіт болған, аман-есен елге оралып, майдан зардабынан кейін бақилық болған ауыл азаматтарын қалай естен шығарамыз. «Ешкім де ұмыт қалмайды, ештеңе де ұмыт болмайды!»! Ұлағатты өсиет мәңгілік болуы тиіс. Тағы бір ескерілетін мәселе: ол - соғыстан кейінгі жылдары ауылымызда еңбек еткен басқа елдің тумаларын да ұмытпауымыз керек. Ақсу жеті - сегіз жылдық мектебінің алғашқы директорлары **Әбілмәжінов Ғазез, Әлібаев Игібай, Тайжанов Кәләу** т.с. ұстаздар мен басқа салада қызмет еткендер бар. Тағдырдың жазуымен 1979 жылы Ақсу, Жаңасу, Еңбек ауылдарының, яғни үш бөлімшенің жерлері біріктіріліп, «Еңбек» кеңшары ашылған болатын. Сол кеңшарға басшылық етуге **Жүсіпов Бекет Қаратайұлы** жіберілді және ол шаруашылықты он жылдан астам уақыт басқарды. Одан кейін төрт директор болды, ең соңғысы өзіміздің елдің тумасы **Жақыпов Қалым Мәлікұлы** болды. Жаңа кеңшар - жаңа серпін, жаңа құрылыс... Әрине, сол кезде әр сала бойынша әр түрлі

мамандық иелері де келіп қызмет атқарды. Олармен бірге біздің ауылдың азаматтары да еңбек етті. Сол қызмет атқарған мамандардың да ауылымыздың көркейуіне, өсуіне септері тиді. Сондықтан олардың да еңбектерін ескергенді дұрыс көрдім. Жалпы бұл естелік – кітапты жазуға Аксудың тұрғыны **Мұсин Марат Зекенұлының** көп көмегі тиді.

Егеменді ел санатын сақтап, жарқын болашағымызды бағдарлау үшін алдымен төл тарихымызды білуіміз хақ. Ауылымыздың өткені мен бүгінгісін білу - оны келер ұрпаққа жеткізу бізге аманат.

Жалпы, атамекеннің қалдырған іздері ұлт ретінде қалыптасуымызға, дүниені тануымызға көмектесіп тұрған сияқты. Сәкен Сейфуллиннің мынадай өлеңі бар:

«Дүниеде әрбір бөлек жердің аты –
Себеппен қойған бәрі елдің аты.
Әлгідей себептермен атаныпты,
Шыңдар мен тау ішінде көлдің аты.
Солайша күздер мен көл атаныпты,
Зерек жұрт хикаясын жат алыпты».



Ақсу ауылы... Аты-ақ айтып тұрғандай «Ақсу» деген шағын көлшіктің теріскейінде орналасқан. Аңыз бойынша оған жылғалап ағатын бұлақ суы құйылады екен. Елге ерегіскен адамдар сол бұлақтың көзін жауып тастаған көрінеді...

Негізі, қазақ халқы жер-су аттарын бір оқиғаға байланысты, не қоныстанған ата-бабаларының тегімен байланысты атап келгендері белгілі. Осында да кейбір қыстаулар, қоралар, томарлар т.б. жер-су, ағаш-орман аттары Есенгелді шежіресіндегі ата-тектер есімімен байланысты болған. Ауылдың айналасын орман-су қоршаған, табиғаты өте тамаша. Қысы-жазы желге пана болатын ағаштар...Қар кетісімен малға жайлы жерлері мен айнала орналасқан томар-су...Тұщы жер асты суларын ауыл тұрғындары әлі күнге дейін пайдаланып келеді. Ертеректе, XX-ғасырдың 20-30 жылдары Жылқайдар мен Қойайдар аталарымыз ауыл маңында бірнеше құдық қазып, елді тұщы суға қарық қылған көрінеді. Ақсудың ортаңғы көшесіндегі екі құдық өткен ғасырдың 70-80 жылдарына дейін болды, өкінішке қарай, «техникалық даму» кезеңін желеу етіп, әрі су құбыры тартылғанын сылтау қылып, жергілікті билік ол құдықтарды жапқызып тастаған. Ауылдың оңтүстік-шығыс, оңтүстігіне қарай «Қос арал», «Бие байлаған», «Күйген шоқ», «Күйген тал», Машақ талы» (**Машақ** бабамыздың есімімен аталған) ағаш шоқтары жайылса, әрірек 5-6 шақырым жерде Торангүл көлі жарқырап жатыр. Ол көлді жағалай Новопокровка, Белоглинка (Ақбалшық) елді мекендері орналасқан. Оңтүстік-шығыс, шығыс жақта «Айтқожа» (Айғожа) томары, «Отын ағаш», «Боранды», «Ду-ду», «Байжан қорасы» (қырық үй **Байжан** аталып кеткен бабалардың қыстауы), «Қаршыға ұстаған», «Бекболат» т.б. орман ағаштары. Теріскейде «Қарамай қайнатқан», «Тама

қорасы» (**Тама** тегіндегі бабалардың қыстауы). Солтүстік-батыста: «Мүтібай қыстауы» (**Мүтібай** тегі), одан 13-15 шақырымдай жерде «Бабасан қорасы» (**Бабасан** тегі). Батыста «Жақып қыстауы» (**Жақып** тегі), «Бұзау жығылған» томары, «Дәрішкен шоғы», «Ұзын қызыл», «Қарағаш», «Түйе сойған», «Жаман түйе», «Тілембай қорасы» (**Тілембай** тегі), «Келте», «Тілеген қыстауы» (**Шүнет, Жоныс** тектері) мекендеген. Әріректе «Селдірен», «Шие қайнатқан» т.б. бір-біріне жалғасып жатқан ағаштар.

Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағат қорынан алынған деректерге сүйенсек, Ақсу ауылы болып құрылғанға дейін әр ата жоғарыда айтылғандай бөлек-бөлек қоныстанған болатын.

Он екі ата **Атығайдың** ішінде **Құдайбердіден** туған алты баланың бірі - **Есенгелді**. Есенгелді ұрпақтары қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылжар ауданының Новоникольск селосы орналасқан жерге келіп қоныстанған екен. Ол елді мекенді «Кегерін» деп атаған. Ал ағасы Ырсайдан тарағандары болса, Есілдің арғы жағалауына қоныстаныпты. Ол ел қазір «Бірлік ауылы» деп аталады, халық кейде «Ырсай Бірлік» деп те атайды.

18-ғасырдың аяғы, 19-ғасырдың басы кездерінде орыстардың қазақ жеріне қоныстануына байланысты Есенгелді ұрпақтары қазіргі Ақсу ауылының маңына келе бастайды. Жұрт осылайша Кегеріннен Ақсуға көшеді. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін бөлек-бөлек тұрып жатқан отбасыларын біріктіру шаралары жүргізіледі. Тарихтан белгілі ТОЗ-дар, артельдер құрыла бастайды, одан кейін ұжымдастыру, МТС-тар құру, кеңестік шарушылықтар құру жүргізіледі.

Шал ақын ауданының мұрағатынан алынған құжаттарға сүйенсек, 1928-1930 жылдары Петропавл аймағы, Рыков ауданында Новопокровка селолық кеңесі құрылған. Ауылдар тектеріне, туыстықтарына қарай

орналасқандықтан, аумақтары шағын-шағын болып келген. Мысалы, Ақсу ауылының маңында **Тама, Телеу, Байжан, Бабасан, Сапақ** т.б. аталар қоныстанған. Кейін Ақсу, Жаңасу, Қарғалы (Еңбек) ауылдары 1932 жылы «Ақсу» ұжымшарына біріктірілген. Новопокровка селолық атқару комитеті 1930 жылдың 17 желтоқсанынан Айыртау ауданына, 1932 жылдың 20 ақпанынан сол ауданның құрамында Қарағанды облысына қараған. 1936 жылдың 29 шілдесінде Солтүстік Қазақстан облысының құрамына кірген. 1939 жылдан Төңкеріс ауданына берілген.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОBLACIYHИHИ
MИHИCTEPЛИГІ, APXИBITEP ЖИHИ
ҚOҒAМ AҚCAPMЫ MИHИ
COЛTҮCTІK ҚАЗAҚCTAH
MEMЛEKETTİK APXИBИ
KИHИHГІ CACIPEM MEKTEПTІH TAЛAHTTИ

МҰРАҒАТ АНЫҚТАМАСЫ
13.06.2016 ж.

Названия:



ҚOҒAМ AҚCAPMЫ MИHИ
CEBEPO-ҚАЗAҚCTAH CКИЙ
ГОCУДАРCTBЕHHЫЙ APXИBИ
УHИBEPCИTET CУЛTҮCTІK
APXИBИH И ДOКУMEHTAЦИИ
AКAДEМИЯ CEBEPOKAЗAҚCTAH CКИЙ OБЛACТИ

APXИBHAЯ CПPAVKА
№ 03.03.1.04-1046-Ж.

С. Периодичность:

Жылыайлармен
Әшiн Қабдoлұлына

Ақсу ауылы тұрғынына қарай осындай жол берілген:

Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің 1937 ж. 18 сәуірінің № 223 қаулыменгі Солтүстік Қазақстан облысы Сүреке ауданы ВЛКСМ-ның 30 жылдығы атындағы мектеп қарсаңы. Соның құрамына Тарыртау МТС-і, Сталин атындағы мектеп, Ново-Павловка селосы, Жолбыл атындағы мектеп, Ақ-Су ауылы, «Жылқы Ту» колхозы, Жаңа-Су, Қарғалы ауылдары, Ленин атындағы мектеп, Бақта, Теренсай, Дүмбіл ауылдары кіреді.

Қазақ ССР Жетісая Кеңесі Президиумының 1979 ж. 24 қыркүйегіндегі қаулымен Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің 1979 ж. 7 қыркүйегіндегі шешіміне сәйкес Еңбек селосын Кеңесі құрамына, орталығы Еңбек селосы. Новопокровка селолық Кеңесінен Жаңасу, Еңбек, Ақсу елді мекендері беріледі.

Жолытарлы Тынштыбай 1897 жылы Қызылорда уезі Жарынтай ауылында келді отбасында туған. 1917-1927 жж. - Омаран Жарынтай, Миржанов Сағдиак, Мұқанов Ахмет байларымен бағрық болып жұмыс істеді. 1923-1929 жж. - өз шаруашылығында жұмыс істеді. 1929-1934 жж. - Жаңасу колхозының егіншілер бригадасының бригадирі. 1934-1935 жж. - Жаңасу колхозының төрағасы. 1935-1942 жж. - Жаңасу колхозының механизацияшылдар формациясының меңгерушісі. 1942-1944 жж. - Қызыл Әскер қатарында. 1944-1946 жж. - Жаңасу колхозында егінші болып жұмыс істеді. 1946-1949 жж. - Жаңасу колхозының төрағасы.

Кызылорда Бағы 1908 жылы Қызылорда уезі Жаңасу ауылында келді отбасында туған. 1922-1924 жж. - ауылда бағық болып жұмыс істеді. 1924-1928 жж. - өз шаруашылығында жұмыс істеді. 1928-1937 жж. - Жаңасу колхозында жұмыс істеді. 1937-1941 жж. - Жаңасу колхозының төрағасы. 1941-1945 жж. Кеңес Әскері қатарында. 1945-1951 жж. - Социал колхозының төрағасы. 1951 жылы Чалқан атындағы колхозында төрағасы. 1951-1954 жж. - Қызыл-ту колхозының төрағасы.

Негізгі: «Краткий справочник по истории колхозов и совхозов Северо-Казахстанской области (1918-1963 годы)». 1965 г. 49. «Справочник по административному делению Северо-Казахстанской области (1918-1963 годы)». 1965 г. 49.

Мына құжатқа қарасак, Баян Қанапин 1928-1937 жылдары Жанасу колхозына жұмыс істеген, яғни 1928 жылы Ақсу ауылы толығымен құрылған деуге сияды.



Күштеп ұжымдастыру кезінде халықтың басына түскен қиындықтарды Ақсу тұрғындары да көрді. Дегенмен де қоғамдағы болып жатқан өзгерістерге көнуге, қиындықтарға шыдауға тура келген. 1937-1938 және 1940-1950 жылдардағы қуғын-сүргін құрбандарының ішінде Ақсулықтар да бар еді. Олар:

1. Байғаскин Есім	1893-1938
2. Жақыпов Қасен	1875-1937
3. Мұратбеков Есмағанбет	1882-1937
4. Мұратбеков Ақмағанбет	1884-1938
5. Сапаров Темірғали	1895-1938
6. Құрмашев Ғабдулғазиз	1888-1971
7. Құрмашев Ғабдулхамит	1891-1950
8. Мұқатов Махамбет	1884-1969
9. Байғаскин Қасым	1883-1986

(Ескерткіш тақта 2013 жылы орнатылды)

Бұл құжаттан Құрмашев Ғабдулхамиттің (Хамит)
молла болғаны үшін қудаланғаны анық көрініп тұр.

СӨЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
МЕМЛЕКЕТТІК МҰРАҒАТЫ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКИЙ
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АРХИВ

150010, Петропавл қ., Интернационал а.,
рег. 46-18-55,
факс: 8 (3132) 46-18-59
E-mail: omlar@yandex@mail.ru

150010, Петропавл қ.,
ул. Интернациональная, т. рег. 46-18-55,
факс: 8 (3132) 46-18-59
E-mail: omlar@yandex@mail.ru

14.06.2013 ж. № 03.20.1-01-22/120

Құрмашеву Б.

В документах исполнительного Комитета Северо-Казахстанского Совета
депутатов трудящихся за 1942 год и списках незарегистрированных
мусульманского духовенства по Октябрьскому району колхозу «Жана-Су»
значится Курмашев Хамит.

Основание: Ф.2376, Оп. 1, л.116

Директор



С.Маликова

Төмендегі құжаттарға мұқият қарасақ,
сәйкессіздіктерді аңғару оңай. Мысалы, Байғаскин Есімнің
құжатындағы аудан Тунгурский р-н көрсетілген, ол
Төңкеріс қате жазылған. Туленгульский с/с ол
Тарангульский (Торанғұл). Ал Жақыпов Қасеннің
құжатында аудан Тонкерейский делінген. Мұратбеков
Есмағанбетте, тіпті, қателік жіберілген: «Тарангульский
р-н» деп жазылған.

Байгаскун Еснэ

Родился в 1893 г., Северо-Казахстанская обл., Тунгурский р-н, Тулентульский с/с., казах, образование среднее; редактор технической литературы. Проживал: Алма-Атинская обл., Алма-Ата.

Арестован 21 октября 1937 г. УГБ НКВД Казах ССР

Приговорен: Военный трибунал Верховного Суда СССР 27 февраля 1938 г., обвин.: 58-2, 58-7, 58-8, 58-11 УК РСФСР.

Приговор ВМН Реабилитирован 1 октября 1952 г. Военная Коллегия Верховного Суда СССР за отсутствием состава преступления

Источник: Сведения ДКНБ РК по г. Алматы

[illegible]

Жакупов Касен

Родился в 1875 г., Северо-Казахстанская обл., Тонкерейский р-н, Аксу п. клпх; образование начальное; музла. Проживал: Северо-Казахстанская обл., Сергеевский р-н, Тирангул с.

Арестован 3 ноября 1937 г. РО НКВД.

Приговорен: РО НКВД 26 ноября 1937 г., обв.: 58-10, 58-11 УК РСФСР.

Приговор: ВМН Реабилитирован 27 апреля 1989 г. прокуратура СКО УКАЗ ПВС СССР ОТ 16.01.1989

Источник: Сведения ДКНб РК по Северо-Казахстанской обл.

KKK

Муратбеков Исмагамбет

Родился в 1882 г., СССР Северо-Казахстанская обл., Тарангульский р-н, Жана-Су колхоз, казах, неграмотный; плотник, Жана-Су колхоз. Проживает: Северо-Казахстанская обл., Сергеевский р-н, Жана-Су аул.

Арестован 3 ноября 1937 г. Тарангульское РО НКВД

Приговорен: тройка УНКВД СКО 26 ноября 1937 г., обвин.: 58-10 УК РСФСР

Приговор: 10 лет ИТЛ Реабилитирован 12 сентября 1989 г. прокуратура СКО УКАЗ ПВС СССР
от 16.01.1989

Источники: Сведения ДКНБ РК по Северо-Казхетанской обл.

Abstract

Муратбеков, Аймагамбет

Родился в 1884 г., Северо-Казахстанская обл., Айыртауский р-н, Исенгельды №16; казах; образование начальное; густух, Кондратовский совхоз. Проживал: Северо-Казахстанская обл., Мамлютский р-н, Кондратовский с.

Арестован 2 августа 1938 г. Тонкерейский РО НКВД.

Приговорен: СК обласа 29 септември 1918 г., обв.: 58-10 УК РСФСР.

1940 жылдан 1951 жылға дейін Ақсу ауылы «Жаңасу» ұжымшарының құрамында болған, 1951-52 жылдары «Қызыл Ту» ұжымшары болып өзгертілген.

Әсіресе XX-ғасырдың кәсіреті болып табылатын 1939-1945 жылдардағы екінші Дүние жүзілік соғыс туралы деректерді біз тарих пәнінен ғана біліп қоймауымыз керек. Соғыс зардаптарын Кеңес Одағының барлық халқы шекті деуге болады. Ұлы Отан соғысы жылдарында жас шамаларына сәйкес әскерге жарамды барлық ер азаматтар Отанын қорғауға шақырылды. Олармен бірге Ел үшін, туған жер үшін өз еркімен соғысқа аттанған ұл-қыздарымыз қаншама?! Әскерге шақырылған Імиллион 366 мыңдай қазақстандықтың 600 мыңға жуығы соғыс даласында қалды. Олар өз бастарын қатерге тігіп, қасық қандары қалғанша болашақ үшін, келер ұрпақ үшін, Отан үшін жандарын пидә етті. Солардың ішінде Ақсудан аттанған 70 азаматтың 39-ы елге оралмады.

Олар:

- 1.Абиев Мухитден
- 2.Ағатаев Жұкан
- 3.Ақпаев Айтпай
- 4.Алифтенев Шаймерден
- 5.Андағұлов Жылби
- 6.Әубәкіров Дүйсен
- 7.Әубәкіров Есхан
- 8.Әубәкіров Махмут
- 9.Ахметов Ескендір
- 10.Ережепов Шитік
- 11.Елеуов Сейітқожа
- 12.Ережепов Смағұл
- 13.Жайықов Жұмабек(Дөкей)
- 14.Жолдыбаев Мырзахмет
- 15.Закирьянов Бейсекей
- 16.Закирьянов Дүйсекей
- 17.Закирьянов Сапарғали


18. Закирьянов Қабдөш
19. Ибраев Рахымжан
20. Исин Әлти
21. Исин Кемел
22. Қаженов Қажғұмар
23. Қанапин Дайыр
24. Қозыбаев Қажымұрат
25. Мұрзахметов Тоқабай
26. Мұрзахметов Жақия
27. Мұхамедьяров Ескен
28. Омаров Сейдахмет
29. Оспанов Қойбағар
30. Рамазанов Балта
31. Сандыбаев Бейсенбі
32. Сандыбаев Мақы
33. Сыздықов Жазит
34. Сыздықов Тажен
35. Тұралин Арғын
36. Бакеев Имат
37. Шушанов Өмірзақ
38. Ташенов Қабен
39. Ташенов Қапез



(Ескерткіш 1985 жылы орнатылды)

Талай «тар жол, тайғақ кешіп», бізге БЕЙБІТ өмір сыйлаған, сол сұрапыл соғыстан аман-есен елге оралып, еңбек еткен аталарымыз, әкелелеріміз, ағаларымыз бүгін арамызда жоқ. Олар:

1. Абишев Иманғали	1922-1955
2. Ақпаев Құдайберген (Құдыш)	1917-1977
3. Әлімжанов Жылман	1917-1998
4. Байсейітов Қайыржан	1916-1980
5. Бектасов Кәкіжан	1914-1990
6. Божықанов Рақия	1899-1984
7. Ережепов Ескен	1898-1974
8. Жолдыбаев Жанахмет(Жанак)	1916-1994
9. Жылқайдаров Қабдөш	1905-1972
10. Жылқайдаров Сәлік	1910-1987
11. Қанапин Баян	1908-1998
12. Қожахметов Қабдрашит	1923-1990
13. Құдайбергенов Қажен	1899-1963
14. Құсайынов Сағди	1908-1997
15. Құсайынов Сақтаған	1909-1999
16. Мүжікенов Қабкен	1914-1996
17. Мусин Қатия	1908-1959
18. Нарғужин Әлжан	1924-1998
19. Садуақасов Асқар	1909-1972
20. Сайдалин Қойшыбай	1909-1985
21. Сандыбаев Есләм	1925-1984
22. Әубәкәров Ақпан	1924-2000
23. Әубәкіров Жұмабай	1898-1966
24. Ахмедьяров Жұмабек(Донай)	1923-2000
25. Жәукенов Ғаббас	1917-2007
26. Сыздықов Қазі	1915-2009
27. Құрмашев Есләм	1923-1986
28. Бәшіров Әбілмәжін	1917-2013
29. Елеусізов Тай	1923-1985
30. Алифтенов Молдаш	1924-1950





(Ескерткіш 1995 жылы орнатылды)

1939-1957 жылдары Торанғұл МТС-і жұмыс істеді. Құрамына Новопокров, Ақбалшық, Ақсу, Жаңасу, Еңбек, Көктерек, Мектеп, Теренсай ауылдары кірді. 1957 жылдан Новопокров кеңшары болып құрылды. 1957 жылдың 30-шілдесінен ауданның атауы «Октябрь» болып өзгертілді. Ал 1963 жылдың 2 қаңтарынан «Сергеев ауданы» деп аталды. 1968 жылы Новопокров кеңшары «ВЛКСМ-нің 50 жылдығы атындағы» кеңшар болып аталды. Ал аудан аты 1999 жылдың 15 желтоқсанынан «Шал ақын ауданы» болып өзгертілді. Кеңес қоғамының дамуына байланысты облыс, аудан аумақтары да, олардың атаулары да өзгеріске ұшырап отырған. Жоғарыда айтылғандай, Ақсу ауылы да өндірістік құрылымда өзгерістерге душар болды. «Шағын ауылдарда мектеп, мәдениет ошақтары, мед.бекеттер, тұрғын үйлер сынды әлеуметтік нысандар, т.б. құрылыстар жүргізу тиімсіз» деген сылтаумен Жаңасу тұрғындарын (23 үй ғана болатын) Ақсуға, ал Еңбекті (50-ге жетпейтін

түтіні бар) Ақбалшыққа қосуды жоспарлап қойған болатын. Еңбек ауылының тумалары **Кәкімбек Салықов, Сәлім Құрманғожин** ағаларымыздың араласуымен үш ауылдың тағдыры оңтайлы шешіліп, 1979 жылы «Еңбек» кеңшары құрылған болатын. Жаңа құрылған кеңшардың тезірек аяғына тұрып, ары қарай өркендеуіне, өндірістің дамуына, құрылыс жұмыстарының қарқындауына «Трест Союзцелинвод» басшысы **Кәтгәй Бектасұлы Кеншінбаевтың** сіңірген еңбегі орасан зор болды.

1991 жылы КСРО тарап, әр мемлекет сияқты Қазақстан да өз егемендігі жайындағы Декларациясын 25-ші қазанда жария еткен болатын. Соның салдарынан мемлекеттік ұжымдар таратылып, жеке меншікке көшіру үрдістері қолға алынды. Жермен жұмыс істеуге инвесторлар келді. Сол себептен Ақсу тұрғындарының жер мен мүліктік үлестері солардың қолында кетті. Онымен қоса, көпшілік жұмыссыз қалды. Дегенмен, ақсулықтар ештеңеге мойымай, күн көріс қамын ойлап, әрі қарай өмір сүруде.



Жеті атасын білген ұл,
Жеті жұрттың қамын жер.
Өзін ғана білген ұл,
Құлағы мен жағын жер.

Әр халықтың өз тегін, қайдан шыққанын білуге құштарлығы, өзінің түп-тамырын тереңнен таратқысы келетіні - тым әріден келе жатқан ұмтылыс. Сол ұмтылыс адамдардың қиялында сонау ежелгі замандардың өзінде-ақ талай-талай аңыздарды туғызды. «Барша халық Адам-ата мен Хауа-анадан тарайды» деген ұғымнан үрім-бұтақ шежірелері жасалды. Ру-тайпалардың өсіп-өрбуін, ұлт-ұлыстардың пайда болуын ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп тұратын шежіре тарқату дәстүрі көп елдерде бар. Шежіреге ерекше көңіл бөлетіндердің бірі - біздің халқымыз. Өкінішке қарай, жазбашамыздың тұралап қалуы салдарынан қазақ руларының шежіресі кейінгі ұрпаққа ауызша жетіп отырған. Әрине, мұндайда кейбір нұсқаларда кемшіліктер, қателіктер кетуі заңды дүние.

Қазақтың халық шежіресі нұсқаларын «тарих атасы» аталып кеткен Геродоттан бастап, әрісі қытай, араб, кейінгісі орыс деректерінен, М.Қашқаридың «Диуан лұғат-и түрік», Әбілғазы Баһадүрханның «Шежіре-и түрік», Нәжіп Ғасымбектің «Түрік тарихы», ең ескі шежірелерге жататын «Құдатқу білік», «Қошу шыдама» сияқты күллі түркіге ортақ мұралардан табуға болады. Қазақ шежірелерін зерттеп, жазып алуға орыс ғалымдары А.Левшин, Н.Аристов, Г.Потанин т.б. көп үлес қосты. Қазақ ойшылдары Ш.Уәлиханов жазып алған «Ұлы жүздің шежіресі», А.Ниязовтың «Үш жүздің шежіресі», М.Шорманұлының шежіресі, Мәшһүр Жүсіптің «Қазақ шежіресі», Ш.Құдайбердіұлының «Түрік-қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі» т.б. ғалымдардың еңбектерінің

орны бөлек. Кеңес үкіметі кезінде жарық көріп, шежіре мәселесін арнайы қозғаған ғылыми зерттеулердің ішінде Мұхаметжан Тынышбайұлының тарихшы, шығыстанушы ретіндегі зерттеулері де өз алдына бір төбе. Қазақ халқының тарихы жөнінде Вельяминов-Зернов пен Левшиннің зерттеулері «ең нақтырағы» деуге болады. Басқа авторлардың арасында қазақтар мен басқа да түркі халықтарының ру құрамын мұқият зерттеген Аристов қана. Ол қазақтардың қазіргі ру құрамын талдай отырып, жеке рулардың шежіресін білмей, олардың қай кездерде кімдермен араласқанын анықтауға тырысқан.

«Қаламгер» шығармашылық алқасының нұсқасына сүйене отырып, жеке рулардың шежіресі рет-ретімен ұсынылады.

Қазақтар үш жүзден: **Ұлы, Орта және Кіші** жүзден тұрады.

Ұлы жүзге: 1.**Үйсін** (Дулат, Албан, Суан, Сарыүйсін, Шапырашты, Ошақты, Ысты, Сіргелі), 2.**Жалайыр**, 3.**Қаңлы**, 4.**Шанышқылы** жатады.

Орта жүзді: 1. **Арғын**, 2.**Найман**, 3.**Қыпшақ**, 4.**Қоңырат**, 5.**Керей**, 6.**Уақ** құрайды.

Кіші жүзді үш топтан тұратын алшындар құрайды. 1.**Байұлы** (Адай, Беріш, Алтын-Жаппас, Есентемір, Таз, Байбакты, Тана, Масқар, Алаша, Қызылқұрт, Шеркеш және Ысық) 2.**Әлімұлы** (Әлім, Шөмекей және Кете) 3.**Жетіру** (Табын, Тама, Жағалбайлы, Тілеу, Кердері, Керейіт және Рамадан)

Қазақ Совет энциклопедиясынан қосымша: «Жүз - Қазақстан жерінде қалыптасқан бірлестіктер... Жүздер - көптеген түркітілдес тайпалардың негізінде біртұтас қазақ халқы қалыптасуынан бұрынырақ пайда болған, кейінірек сол халықтың жеке бөліктері есебінде бізге дейін жетті ...**Ұлы жүз** бірлестігі Жетісу жерінде Шу және Талас, Сыр, Іле өзендерінің кең алқаптарында өте көне заманнан қалыптасқан. **Орта Жүз** бірлестігі Сарыарқа атырабында

Арғын тайпасының, **Кіші жүз** бірлестігі Батыс Қазақстанда **Алшын** тайпасының төңірегінде топтасқан. Сондықтан да бұл бірлестіктерді халық арасында «Ұлы жүз - Үйсін», «Орта жүз - Арғын», «Кіші жүз - Алшын» деп те атай береді». (ҚСЭ 4 том, 1974, 521-б)

ОРТА ЖҮЗ

АРҒЫН

Мен – Арғын деген арыспын,
Аузы кере қарыспын.
(Бұқар жырау)

Амур өзеніне құятын Бурятиядағы өзен аты «Арғын» (Аргун) деп аталады. Алтайда Қатын өзенінің саласын құрайтын Арғұрт өзені бар. Моңғол тілінде «т» әрпімен бітетін сөз көпше жалғауды, «н» әрпімен біту жекеше жалғауды білдіреді. ҚСЭ бойынша: «Қазақ шежіресінде Арғынның өсіп-өнуі былай сипатталады: Арғынның бірінші бәйбішесі Ергүлден – Мейрам, оның балалары Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Қаракесек (бес Мейрам). Қыздан туған жиені Тарақты Арғынның «ноқта ағасы» деп аталады. Екінші бәйбішесі Момыннан төртеу: 1.Ақсопыдан - Қанжығалы, Тобықты; 2.Қарасопыдан - Бәсентиін, Қарауыл; 3.Сарысопыдан - **Атығай**; 4.Тәнбісопыдан Сарыжетім, Шақшақ. Момыннан тараған бұл ұрпақ - «Жеті Момын» деп аталады. Ғылыми тұрғыдан алғанда - Арғын тайпасының елдік аты ежелгі заманда жасаған Ғұн (Ғын) елінің атын еске түсіреді.

«Ақсопыдан - Қанжығалы, Тобықты. **Қанжығалы** – Есен, Бозым (6-т.449-б.) **Тобықтыдан** – Рыспетек, Дәулетек (Жуантаяқ)».

«Қарасопыдан - Бәсентиін, Қарауыл. **Бәсентиіннен** -Ақмайдан, Бекмайдан, Токмайдан, Ақтілес, Күшік, Қарабұжыр, Апай, Бөрі, Сырым.

Қарауылдан – Құрманқожа, Құлынша, Құлымбет, Тұнқатар, Қалды, Ботпан, Жауылбай, Ақонай, Қоңырша ұрпақтары тарайды».

Кейбір шежірелерде «Сарысопыдан – Атығай. **Атығайға** он екі арыс Құдайберді, Бәйімбет, Баба, Моныс, Бабасан, Бағыс, Ақкиік, Құлансу, Қойлы, Есентанырақ, Майлыбалта, Жауғаш елдері кіреді» делінген. Негізі, Атығайдан Бөкес, одан Мамырбай, Мамырбайдан Дәуіт, міне, осы Дәуіттен он екі ата тараған. Осылай Дәуітке дейін Әбдікей молда таратыпты. Мен бұл деректі «Арғын – Қарауыл – Қожым» шежіресін мейлінше бүге-шігесіне дейін түзеуге тырысқан бауырымыз Мейрам Сақышев «Тауасартегі» еңбегінен алдым.

«Тәнбісопыдан – Сарыжетім, Шақшақ. **Сарыжетімнен** -Ақымбет, Бекімбет, Шымболат, Жауғашты. **Шақшақтан** – Бақай, Көшей, Жүзей, Ақназар, Есназар, Томай аталары тараған».

Қуандықтан – Алтай, Қарпық, Бөрші, Темеш, Ағыс, Қалқаман тарайды. Олар «алты Қуандық» деп аталады.

Сүйіндіктен - Қаржас, Орманшы, Құлболды (Айдабол), Күлік, Ақбура, Тұлпар, Қаблан, Жанболды, Мәжік, Малай, Жәдігер ұрпақтары тарайды.

Бегендіктен – Қозған, Тәңірберді, Сырық.

Шегендіктен – Қақсал.

Қаракесектен – Майқы, Бошан, Тапас тараған. Қаракесек – Мейрам сопының кіші әйелі Қарақабаттан туған Болатқожа деген баласынан тарайтын ру.

Тарактыдан – Апай, Токтауыл, Қыдыр, Жәші, Әлі, Сары, Әйтей, Қосанак, Алакөз, Шәуке, Әлеуке, Көгедей болып он екі арыс ел тарайды.

Құрметті оқырман! Қазақ руларының шежірекестесі өткен ғасырдың бас кезінде жазылып, жарық көргені мәлім,бірақ та кербакқан түсініктің кесірінен жарыққа шығарылмай қалып еді. Енді егеменді ел санатын

сақтап, ертеңімізді жаза баспай бағамдау үшін төл тарихымыздың тағылымына жүгінуімізге мүмкіндік туды. Ол бойынша рулар тарихы негізінен ардақты ғалымымыз Мұхамеджан Тынышбайұлының еңбегінен ықшамдап алынып, жеке аталарды тарату Қазақ Совет энциклопедиясының әр томынан алынған деректермен дәйектеліп ұсынылады.

Бұл шежіре — кестеде **Орта жүз** (Бекарыс) - **Арғын** руынан шыққан он екі ата Атығайдың Есенгелді ұрпақтарының таралуы беріледі. **Есенгелді** ұрпақтарының шежіре-кестесін жинақтауда Ақсу ауылының тумасы, ағамыз - **Қуаныш Беркімбайұлы Беркімбаевтың** еңбегі көп. Шежіре жинақтау, оны бір қалыпқа келтіру бұл кісіге оңайға түспеді. Өйткені өткенді көп білетін, көнекөз қариялар, тарихымызды даттап отыратын адамдар жоқ еді. Дегенмен де, сан-сала деректердің басын біріктіріп, тұңғыш құрастырылып отырған бұл кестенің кем-кетік, артық ауыс-түйіс жерлері болуы мүмкін. Сондықтан оқырманға түсіністікпен қарағандарыңыз үшін алдын-ала ризашылығымды білдіремін. Шежірені таратқанда қыздан ұрпақ таратылмайтынын білеміз. Ал атадан туған қыздарды көрсетуді дұрыс деп ойладым, себебі: Қазақ жеті атаға дейін қыз алысып, қыз беріспеген, олардың (қыздардың) тегін, туыстығын білу керек. Сонымен бірге бұл шежіреде ұрпақтардың таратылуы барысында сол аталардан шыққан азаматтар туралы деректерді көрсетуді жөн санадым. Бұл орайда Мәшһүр Жүсіптің «Қазақ шежіресіне» үңілсек, ол шежірені «жадағай атаны тарату» деп түсінбей, онда сол рудағы немесе сол елдегі батырға байланысты, ақынға қатысты, балуан жайлы, күйші туралы аңыз-әңгіме, жыр, күй, такпақ болса, соны қалдырмай жазған. Әсіресе «жастарға үлгі-өнеге боларлық-ау» деген дүниені тұтас қамтып, өзінше сипаттама беріп, дәлелді оймен түйіндеп, таратып айтып отырыпты. (М.Жүсіп «Қазақ шежіресі» Алматы қ. «Жалын»1993 ж.)

АЛАШ

ЖАЙЫЛХАН

СЕЙІЛХАН

Қыпшақ, Хақас

ЖАЙЫЛХАН

Қазақ

Сунақ

Қарақалпақ

Қырғыз

Моғол

Жұман

Әбілқайыр

АҚАРЫС

(ұлы жүз)

Қауға беріп қойға қой

Нәл

БЕКАРЫС

(орта жүз)

Қалам беріп дауға қой

босаға

ЖАНАРЫС

(кіші жүз)

Найза беріп жауға қой

жебе

Жүзге кірмейтіндер:

Қожа

Төлеңгіт

Сунақ

Төре

Кәлеген

БЕКАРЫС

Арғын

Қыпшақ

Найман

Қоңырат

Керей

Уақ

Біріншібәйбіше**Ергүлден**Екінші бәйбіше **Момыннан** Үшінші әйелінен

Мейрам

Болатқожа

Ақсопы

Тәнбісопы

Қуандық

Қаракесек

Қарасопы

Сүйіндік

(қызы)

Сарысопы

Бегендік

Таракты

Шегендік

**АТЫҒАЙ
БӨКЕС
МАМЫРБАЙ
ДӘУІТ
ҚАЛҚАШ**

Құдайберді	Бабасан	Қойлы
Бәйімбет	Бағыс	Есентаңырық
Баба	Ақкиік	Майлыбалта
Моңыс	Құлансу	Жауғаш

Құдайберді

Құлымбет	Жемет	Есенгелді	Ырсай	Ақмәліш	Андай
Шақа	Төбей	Есен	Солтангелді	Көккөз	

Есенгелді
Солтангелді

Аман	Сапақ	Байжан	Көжек
------	-------	--------	-------

Аман - Телеу, Тама, Тақай, Қоңыр. **Телеу** - Ақпейіл, Таканақ, Төлеген, Тілеген, Жолдас, Төлепберген. **Ақпейіл** – Мұқан, Жақып.

Мұқан - Сейіт, Мырзахмет, Зәкірия. **Сейіт** - Жақсылық - Қанат, Болат, Жанат. **Мырзахметтен** – **Қалиасқар** – Ләйлә, **Мұратбек** – Асқар, Анел, Мәдина.

Зәкірия – Бейсекей, Дүйсекей, Сапарғали, Қабдөш (төртеуі де ҰОС-да шейіт болған) **Ораз** – Серік. **Қабдөш** – Сәруар, Құрманғали, Әскер, Сараш. **Әскер** – Ләззәт, Марат, Мереке, Бейнегүл, Айгүл, Гүлгүл, Гүлмира, Арман.

Жақып - Жүсіп, Қасен (қуғын-сүргін құрбаны), Шәмбіл, Мәлік (Мәлгәждәр), **Жүсіп** - Күліш, Нұрғиза, **Қасен** - Шәмшәт, Тәуекел, **Шәмбіл** - Ерғали, Қуанке, **Мәлік** - Мәруар, Қалым. **Ерғали** - Нұрлыбек, Айман, Зейнолла. **Қуанке** - Болат, Алма, Қанат, Ботагөз, Серік, Айгүл, Аманжол, Берік, Жоламан, Жібек. **Қалым** - Руслан, Гүлжан, Нұрлан, Айжан, Тана, **Руслан** - Адема, Адема, Қайрат, Айсұлтан.



МУҚАНОВ Қалиасқар Мұрзахметұлы

1936 жылы 5 қазанда Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев (бұрынғы Булаев) ауданы, Әміре (бұрынғы 10-шы партсъезд) ауылында дүниеге келген. Бастауыш білімді Әміре ауылының мектебінде алып, кейін Конюхов орта мектебін тәмамдаған. Мектепті бітірісімен ұжымшарға кіріп, әртүрлі жұмыстарда істейді. 1959 жылы комсомолдық жолдамамен Омбы қаласындағы ішкі істер орта мектебіне оқуға түсіп, 1961 жылы ойдағыдай бітіріп шығады. 1961-1963 жылдары Солтүстік Қазақстан ішкі істер басқармасында жедел уәкіл қызметтерін атқарған. 1963-1966 жылдары Мәскеудің ішкі істер жоғары мектебінде білім алады. 1966-1978 жылдары Солтүстік Қазақстан облысының ішкі істер басқармасында жедел уәкіл, тергеуші және басқарушы лауазымдарда қызмет атқарған. Іскер, тәжірибесі мол Қалиасқар Мұрзахметұлы 1978 жылы Ақтөбе облысының ішкі істер басқармасы тергеу бөлімі бастығының орынбасарлығына, 1981 жылы Жезқазған облысының ішкі істер басқармасы тергеу бөлімінің бастығы қызметіне тағайындалады. 1982 жылы полковник шені берілген. 1986 жылы зейнетке шыққан. 1986-1991 жылдары Жезқазған облыстық прокуратурасында қызмет істейді. Үйленген, жұбайы – Сара Рахметқызы, Шал ақын ауданы, Бірлік ауылының тумасы.



ЗӘКІРИЯНОВ **Әскер Қабдәшұлы**

1938 жылы 11 қарашада Солтүстік Қазақстан облысы, Приишим (қазіргі Қызылжар) ауданы, Кегерін (қазіргі Новоникольск) ауылында дүниеге келген. 1945-1946 оқу жылы Новоникольскі мектебінің 1 класына барған. 1949 жылы Зәкірияновтар отбасы Ақсу ауылына қоныс аударғандықтан Әскер оқуын Новопокровка мектебінде жалғастырған. Петропавл қаласындағы ауылшаруашылық техникумында оқып, инженер-механик мамандығын алып шығады. 1957-1959 жылдары Кеңес Әскері қатарында болады. Әскерден келгеннен кейін «Новопокров», «ВЛКСМ-ның 50 жылдығы» кеңшарының № 2 бөлімшесі – Ақсуда ауыл шаруашылық техникаларын реттеуші, бригада механигі қызметтерін атқарды. Әскер Қадәшұлы жұмысқа өте тыңғылықты болатын, техниканың ақауларын дұрыстау үшін білек сыбанып кірісіп кететін. Сонымен қатар ол өте кішіпейіл, бауырмал жан болатын. Қарамағындағы жұмысшыларды өзіне тарта және қарата білетін. 1973 жылы еңбекке деген адалдық, ынта-жігерлік қасиеттері үшін оны Сергеев аудандық ауылшаруашылығы бірлестігіне (Жаңажол а.) бас инженерлікке тағайындайды. Үйленген, жұбайы – Күлжиян Ерғалиқызы, Еңбек ауылының тумасы. Екеуі дүниеге 5 қыз, 3 ұл әкелді. 1978 жылы Әскер Қабдәшұлы кенеттен қайтыс болады. Ақсу ауылында жерленген.



ЖАҚЫПОВ Қалым Мәлікұлы

1947 жылы 5 тамызда Шал акын ауданының Ақсу ауылында дүниеге келген. 1963 жылы Ленин орта мектебін тәмамдағаннан кейін, жұмысқа араласты. Өзінің туған ауылында механизатор болып істеді. 1969 жылы Покровка ауыл-шаруашылық техникумына оқуға түсіп, 1972 жылы оны ойдағыдай аяқтағаннан кейін, өз ауылында бөлімше агрономы қызметін атқарды. 1979 жылы жаңадан құрылған «Еңбек» кеңшарында да осы қызметте болды.

1980 жылы осы кеңшардың бас агрономы болып тағайындалды. Қандай жұмыс атқарса да, қай салада қызмет істесе де Қалым Мәлікұлы өзінің ұйымдастырушылық қасиетін көрсете білетін. Ақсу ауылының іс-шараларына белсене араласатын. Ауылдың көркем-өнерпаздар үйірмесіне қатысып, оны облыс, қала берді Республикаға да танымал ету үшін үлкен үлес қосты. Республикалық байқауларда жүлделі орынға ие болып жүрдік. 1985 жылы Ұлы Отан соғысының жеңісінің 40 жылдығына орай Ақсу ауылының ортасында үлкен мемориалды кешен орнатуға ат салысты. 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысында шейіт болған Ақсу азаматтарына ескерткіш орнатылды. 1995 жылы елге аман-есен оралып, кейін қайтыс болған әке-аталарымызға тағзым етіп жүруге, кейінгі ұрпаққа аманат ретінде ескерткіш орнатуға да өз үлесін қосты. Ол кезде Қалым Мәлікұлы «Еңбек» кеңшарының директоры болатын, әрі соңғы директоры еді. Кейін кеңшарлар таратылып, елдің егістік жерлері инвесторларға берілген болатын, сөйте тұрса да Қалым Мәлікұлы ауылына деген ілтипатын,

сүйіспеншілігін ұмытқан емес. Ауылдағы мешіттің ашылуына, 1937-1938 жылдарда құрбан болған ер-азаматтарымызға да арналған ескерткіштің ашылуына да көп көмегі тиді. Жұбайы Нұрсұлу екеуі 2 ұл, 3 қызды дүниеге әкеліп, олардан 6 немере сүйді. Қалым Мәлікұлы қамшының сабындай қысқа болған ғұмырында елінің қадірлі азаматтарының бірі болатын. 2013 жылы қайтыс болған. Ақсу ауылында жерленген.

**Телеу
Тақанақ**

Шөбек Ботай Әйіп Омар Оспан

Шөбек – Қанкей, **Мігібай** – Әжімбет, **Әбіш** – Иманғали, Қажығали. **Иманғали** – Зайра, **Қажығали** - Зәуре, Игібай, Белгібай, Күлзәбира, Дулат, Мұрат, Күлзира, Орақ.

Игібай – Дидар, Дариға; Белгібай – Жанар, Еркебұлан; Дулат – Алмас. Мұрат – Жанат, Назым; Орақ – Ақнұр, Сымбат.

Әйіп – Мұхаметжан, Жалмырза – **Абай** – Сәуле, Еркін, Ержан, Раушан, Талғат, Сәуия, Ардақ, Майя.

Еркін – Айнұр, Гүлнұр, Рауан; Ержан. Талғат - Шахризат.

Омар - Сейдахмет – Бейсен, Есенбай.

Оспан – Қожахмет, Қойбағар (ҰО соғысында шейіт болған).

**ӨМІР БЕЛЕСТЕРІ**

«Үлкенге құрмет, кішіге ізет» деген аталар сөзіне сауал бар ма?! Көңілмен сезіп, ерікті сонау өткен елес өмірдің белесіне көз салып, көңілде айтар ой барда, өмірден оқыған-тоқығаны мол, білгені бар ауылымыздың ақсақалы, Ақсу ауылының тумасы Қажығали Әжімбетұлы Әбішев жайлы айтар әңгімемді мына жыр шумақтарымен әскездеген болар едім:

Қаз басып қиыншылық жылдарында,
Өзің тандап өмірдің сырларында.
Зерделі, зерек ойы ұшқыр, елге қамқор,
Салауат ғұмыр берсін қарттарыма.

Жетпістің үстіне шығып, ақсақалдыققа аяқ басқан, кемеліне жетіп, ой толғаған бұл абзал жанды біз, ақсулықтар Қажаға дейміз. «Кімге айтып, кім білген, ол кезде туған күнің түгіл, жылыңды да білмеген заман ғой», – дейді Қажағаң. «1928 жылы Ақсу ауылында өмірге келгенмін. Ауданымыз Төңкеріс атанғанмен, шолақ белсенділер Тонкерейский, - деп атап жіберіпті. Жалпақ халық жадағай ерттеп мінсе көне береді. Сен андайсың, сен мұндайсың – деген қызыл империяның ықпалымен, жанұямызбен Ленин ауданының Бай Еңбек елінен бірақ шықтық. Осы елде мектеп қабырғасында «өте жақсы» деген бағамен оқығандықтан, үлгерімім үшін Мәскеуге ВДНХ-ға пионерлік жолдама берді. Өкінішке орай, соғыс басталып кетіп, Кеңес Одағының астанасы атанған Ұлы елге сапарға бара алмадым. ...14-ке жетер-жетпес шағымда хат-газет тасушы болып, белді бекем буып, еңбекке араластым.

Соғысқа кетті аттанып азаматтар,
Келеді үшбұрышты жазған хаттар.
Аралап кара қағаз ауыл-үйді,
Күн сайын естіледі жаманаттар — дер едім сол
кездерді.

... Бірлі-жарым, кем-кетік боп ағалар да елге орала бастады, қызметімді сол кісілерге тапсырып, ендігі қызметім сүт сауу фермасына есепшілік болды. 1944-1945 жылдарында егістік бригадасының да есебін қатар жүргіздім. ...1947 жылы Надеждинское кең профилі СКТУ-35-н бітіріп, тракторшы-комбайнер болдым... Өзім комсомол мүшесімін. Себетіміз кара бидай, күзде жинау, тағы да өзім араласамын. Ол кездегі бар техника тіркемелі «СТ-6» комбайны болған. Сол тыңның алғашқы жылы Мақтау қағазымен марапатталдым. «Әр жұмыстың әрі бар, еңбегімнің нәрі бар» демекші, Токушинде зооветеринар курсы бітіріп, 1965 жылдан 1969 жылға дейін «ВЛКСМ-ның 50 жылдығы» кеңшарына қарасты мал дәрігері болып қызмет еттім. 1978 жылға дейін ел басқарып, бөлімше бастығы, «Еңбек» кеңшары құрылғаннан бастап 1996 жылға дейін тоқ меңгерушісі болып, жетпіс бір жасыма дейін қызу еңбекке араластым. Сол кездегі еңбегімді үкімет бағалап «Тың көтерудегі еңбегі үшін» медалімен, «Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің» үлкен күміс медалімен, «Ұлы Отан соғысындағы ерен еңбегі үшін», мерейтойлық медальдармен марапатталдым...

- Ендігі мына өскелең ұрпаққа, менің көрген қиыншылықтарымды, ауыртпалықтарымды бермесін, жалпы елімізде тыныштық пен ынтымақтастық болсын», - деген тілекті тілейді Қажаған...

Бейсенай Жылқайдаров. Ақсу ауылы.

Шал ақын аудандық «Парыз» газетінде жарияланған мақаладан үзінді.

P.S. Менің қосарым: Қажығали Әжімбетұлы үйленген, жұбайы – Торша Тілембайқызы, Ақсудың тумасы. Екеуі сегіз ұл мен қыз дүниеге әкеліп, жеткізді. 2012 жылдың 20-шы маусымында Торша Тілембайқызы дүниеден өтсе, Қажығали Әжімбетұлы сол жылы 17-ші карашада қайтыс болады. Екеуі де Ақсу ауылында жерленген.



ӘБІШЕВ **Игібай Қажығалиұлы**

1960 жылы қазан айының 2 жұлдызында Сергеев ауданы, Ақсу ауылында дүниеге келеді. 1967-1975 жылдары Ақсу мектебінің 8 класын, 1975-1977 жылдары Петропавл қаласындағы № 2-ші мектеп-интернатында оқып, онжылдықты бітіреді. 1978-1980 жылдары Кенес Әскері қатарында азаматтық борышын өтейді. 1980-1999 жылдары «Еңбек» кеңшарының МТШ-да токарь болып жұмыс істейді. Сонымен қатар, Петропавл ауылшаруашылығын механикаландыру техникумында сырттай оқып, 1988 жылы айтылған мамандықты алып шығады. 1999 жылы істеген ісіне тыңғылықты Игібай Әбішевті кеңшар басшысы тоқ меңгерушілігіне тағайындайды. Ол бұл қызметті 2004 жылға дейін жақсы атқарып келді. 2005 жылы Есіл ауданы, Явленка селосына қоныс аударып, «Егін» ЖШС-не токарь болып орналасады. Үйленген, жұбайы – Бақыт Алмаханқызы, «Еңбек» кеңшарында қызмет атқарған. Екеуі - 1 қыз бен 1 ұл дүниеге әкеліп, тәрбиелеп өсірген отбасы.

Телеу Тілеген

Рахмет Қалқабай Балтабай Құнанбай **Жолдас** Төлепберген

Рахмет – Ахмедъяр – **Жұмабек** (Донай) – Баян, Алдаберген, Қазбек, Жәнібек, Аққу, Айна, Досжан. Алдаберген – Әсем, Жасұлан; Қазбек – Альбина, Берік, Жомарт; Жәнібек – Серік, Нариман, Эльдар; Досжан – Алма, Рүстем.

Жолдас – Смайыл – Рамазан, Шәріп – **Айтпай** – Сәуле, Алтай, Сайлау, Бейбіт, Өмір, Өміржан, Нұржігіт, Әсем, Әсимә, Әмина, Жәзира. Алтай – Айна, Дәстен, Нұрсұлтан; **Сайлау** – Рүстем, Дархан, Әсел, Гуля, Өмір – Мерген, Мадина, Дариға. Өміржан – Серік, Гүлнар; Нұржігіт – Бейбіт, Кәусәр.



АХМЕДЬЯРОВ **Жұмабек (Донай)**

1923 жылдың 18 ақпанында туған. 1942 жылы Қызыл Әскер қатарына шақырылған. Петропавл қаласының маңындағы Борки селосында 3 айлық әскери дайындықтан өткеннен 19 жасында 314-ші атқыштар дивизиясының сапында майданға аттанған. Волхов майданының минометтік ротаның қатардағы жауынгері, Москва маңындағы Калинин қаласын азат етуге қатысқан. Ржев қаласы үшін болған жойқын шайқаста ауыр жараланады. Екі қолы және аяғынан жарақат алғандықтан 1943 жылы госпитальдан кейін әскер қатарынан шығарылған және 2-ші дәрежедегі

мүгедектік тағайындалған. 1943 жылдан Октябрь аудандық әскери комиссариатында есепте тұрған. Марапаттары: «2-ші дәрежелі Отан соғысы» ордені, мерей тойлық медальдар. Елге оралғаннан кейін әр салада жұмыс атқарған, егін және мал шаруашылықтарында есепші, бригадир болған. Зейнетке шыққанша Октябрь аудандық орман шаруашылығында еңбек етті. Адал еңбегі үшін мақтау қағаздарымен, алғыс хаттармен марапатталған. Үйленген, жұбайы – Нұрғадиша, екеуі 4 ұл, 3 қыз тәрбиелеп өсірген жандар. 2008 жылы қайтыс болған. Ақсу ауылында жерленген.



АХМЕДЬЯРОВ **Досжан Жұмабекұлы**

1968 жылы 12 желтоқсанда Солтүстік Қазақстан облысы, Сергеев ауданы, Ақсу ауылында туған. 1976 жылы Ақсу сегізжылдық мектебінің 1 класына барады, 7 класстан кейін 1983 жылы академик О.Жәутіков атындағы физика-математика мектебіне оқуға түседі. 1986 жылы аталған мектепті ойдағыдай аяқтайды. 1986-1987 жылдары Сергеев қаласында орта-кәсіптік училищеде оқып, тракторист-машинист мамандығын алғаннан кейін «Еңбек» кеңшарының №2 бөлімшесінде тракторда жұмыс істейді. 1987-1989 жылдары Кеңес Әскері қатарында жауынгерлік борышын өтейді. Әскерден келгесін Қазақ Ұлттық техникалық университетіне оқуға түсіп, 1994 жылы «инженер-электрик» мамандығы бойынша бітіреді. 1994-1997 жылдары Тимрязов аудандық электрлер жүйесінде ТҚ инженері болып жұмыс істейді. 1997-2005 жылдары Торғай облысы, Есіл ауданаралық электрлер жүйесінде

қызмет атқарады. Бүгінгі күндері Петропавл қаласында «ДП Петропавл нанкомбинаты» ЖШС бас инженері орынбасары болып жұмыс істеуде. Үйленген, жұбайы – Ахмедьярова Ғалия Қайдарқызы. Жоғары білімді. Петропавл қаласында «Қазақтелеком» АҚ-нда бухгалтер. Екеуі бір ұл, бір қыз дүниеге әкеліп, тәрбиелеп жеткізді.



СМАЙЫЛОВ

Айтпай Шәріпұлы

1936 жылы 4 қыркүйекте Солтүстік Қазақстан облысы, Приишим (қазіргі Қызылжар) ауданы, Есенгелді ұрпақтары мекендеген Кегерін (қазіргі Новоникольск) ауылында дүниеге келген. Смайыл тегі 1949-1950 жылдары Ақсуға қоныс аударған. МТС құрылғанша ұжымшарда әртүрлі жұмыстар атқаруға тура келген. «Новопокров», «ВЛКСМ-ң 50 жылдығы» кеңшарларында жұмыс істеп. 1972-1979 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы, Октябрь орман шаруашылығына ауысып, орманшы болады. 1980 жылы «Еңбек» кеңшарында жылқышы болып орналасады. 1982 жылы Октябрь орман шаруашылығына қайтадан ауысып кетеді. 1996 жылы сол мекемеден зейнетке шығады. Айтпай Шәріпұлы аккөңіл, мейірімді жан болатын. Жұмысқа адал, жолдасқа қамқор, үлкенге іні, кішіге аға бола білді. Орманшының жұмысы қанша оңай деп ойлағанмен, оның талабы басқаша болатын. Сөйте тұра, жағдайы төмен, небір себептермен қысқы отынын дайындай алмағандарға көмегін аямайтын. Үйленген, жұбайы – Сәруэр Ахметқызы, Қызылжар ауданы, Қаратал ауылының тумасы. Зейнетке шыққанша, бір жерде – Ақсу мектебінде күтуші болып жұмыс істеді. Екеуі - алты ұл,

бес қыз дүниеге әкеліп, тәрбиелеп, жеткізген көпбалалы жанұя. Сәруәр Ахметқызы 1996 жылы дүниеден өтсе, Айтпай Шәріпұлы 2012 жылы қайтыс болған. Екеуі де Ақсуда жерленген.



СМАЙЫЛОВ **Сайлау Айтпайұлы**

1962 жылы 17 наурызда Ақсу ауылында дүниеге келген. 1969 жылы Ақсу сегіз жылдық мектебінің 1 класына барады. 1977 жылы ауыл мектебін бітіргеннен кейін Ленин орта мектебіне барып, 1979 жылы оны ойдағыдай аяқтайды. Одан соң ДОССАФ-та оқып, жүргізушілік куәлігін алады. 1981-1983 жылы Кеңес Әскері қатарына шақырылып, Алматы облысының Отар қаласында әскери қызметін атқарады. Азаматтық борышын өтеп келгеннен кейін 1983 жылдан «Еңбек» кеңшарында жүргізуші болады. Жұмысқа ұқыпты, тапсырған жоспарды уақытында орындай білетін Сайлау Айтпайұлын 1991 жылы елге басқарушы етіп тағайындайды. Өндірістік жоспармен қоса, ауыл тұрғындарының да мұң-мұқтаждарын ескере білген ол, бұл жұмыста да ел абыройына ие болды. 2011 жылдан аудандық орман шаруашылығында қызмет атқарады. Әкесі Айтпайдың қасында жүріп, алған тағылымдары бар Сайлау Айтпайұлы жақсы орманшы. Үйленген, жұбайы - Ләйлә Қайыркенқызы – Ақсу мектебінің ұлағатты ұстаздарының бірі. Екеуі - екі ұл, екі қыз дүниеге әкеліп, олардан немере, жиен сүйіп отырған үлгілі отбасы.

Әшен – Далбай, Мүжікен, Мақаш, Мырзақай, Кенжекей.
Мүжікен – Жәукен, Әлібай.

Жәукен – Қабыкен, Ғаббас, Әскер. **Қабыкен** – Қабидолла (Қабидөш), Шәрбәну, Күлшәра, Күлбәршін, Көгершін, Гүлнәр, Гүлжан. Қабидолла - Серік. **Ғаббас** – Лида, Маркс, Мұрат, Лиза, Гүлнәрай, Шынар, Асхат. **Маркс** – Әлия, Айдар, Динара, Дидар. Әскер – Қайрат, Қанат, Талғат, Қайрөш.

Әлібай – Қабол (Ағажан), Бәри, Амантай. **Қабол** – Тіржан, Біржан, Жеңіс, Нұрлан, Күлмәрә.

Мақаш – Илияс, Күлмәусін. **Мырзақай** – Шекен.



ЖАУКЕНОВ Ғаббас

1917 жылы 15 мамырда туған. 1938 жылы Қызыл Әскер қатарына шақырылған, 1939 жылы Фин соғысына қатысқан. 1941-1942 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, Выборг қаласын, 900 күн блокадада болған Ленинград қаласын азат етудегі шайқастарда болған. Ленинград майданы, 119 атқыштар полкіндегі атқыш, қатардағы жауынгер Жауқенов Ғаббас оң аяқтан жараланады. 1943 жылдан Октябрь аудандық әскери комиссариатында есепте. Марапаттары: «Ленинградты азат еткені үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қажырлы еңбегі үшін», «Ерлігі үшін», мерей тойлық медальдар. Соғыс аяқталғанан кейін

Петропавл педагогикалық училищесінде оқып, бастауыш класстардың мұғалімі мамандығын алады. Жаңасу, Еңбек, Көктерек бастауыш мектептерінде мұғалім болып жұмыс істейді. 1959-1960 оқу жылынан бастап зейнетке шыққанша Ақсу сегізжылдық мектебінде бастауыш класстардың мұғалімі болып еңбек етті. Математика пәніне көп көңіл бөлетін, кейде басқа пәндердің орнына да математиканы өткізіп жіберетін. «Математиканы жақсы меңгерсеңдер басқа пәндер оңайға түседі» - дейтін ұстанымы болатын. Жұбайы - Жамал екеуі үш ұл, төрт қыздан 24 немере көрді. Ғаббас Жаукенұлы 2007 жылы қайтыс болып, Ақсу ауылында жерленген.



ЖӘУКЕНОВ **Маркс Ғаббасұлы**

1953 жылы 20 қазанда Октябрь (Шал ақын) ауданының Еңбек ауылында туған. Новопокровка орта мектебінде тәлім-тәрбие алған. 1971 жылы Петропавл ауылшаруашылық техникумына оқуға түседі. Оқып жүргенде әскер қатарына шақырылған. 1972-1974 жылдары Кеңестік Әскер қатарында әскери міндетін атқарып келіп, аталған оқу орнын техник-электрик мамандығы бойынша тәмамдаған. Жолдамамен Тимирязев ауданының «Димитриевка» кеңшарына жіберіледі. Жұмысына тыңғылықты Жаукенов Маркс Ғаббасұлын аса жауапты жер – Новопокров электр жүйесі бекетіне жібереді. Бұл аймаққа бірнеше кеңшардың өндіріс нысандары мен ауыл тұрғындарын электр тогымен тұрақты түрде қамтамасыз ету қарастырылған. Бұл мәселені Маркс Ғаббасұлы оңтайлы шешіп отырды. Үйленген, төрт баласы, сегіз немересі бар.



МУЖІКЕНОВ Қабыкен Жәукенұлы

Ақсу ауылының тумасы -
әкеміз Мужкенов Қабыкен
Жаукен ұлы. 1915 жылы
туып, 1996 жылы қазан
айында дүниеден өтті.

Руы: Арғын – Атығай – Есенгелді.

50 жыл отасқан жолдасы Мужкенова Әскен Шөшеқызы.

1929 жылы Ақсу ауылында туып, 1996 жылы
тамыз айында дүниеден өтті. Балалары: Қабидолла,
Шарбану, Күлшара, ұлбаршын, Көгершін, Гүлнар,
Гүлжан. Немерелері: Серік, Ренат, Сауле. Жиендері:
Мұрат, Мерген, Дархан, Ербол, Дария, Гүлжанар, Нұргүл,
Айгерім, Ботагөз, Мерей.

«Әкеміз Қабыкен атақ-даңқы, оқығаны болмаса да,
қарапайым, өмірден көкірегіне тоқығаны көп, жаңалыққа
жаны құмар, шежірешіл, туысшыл, бауырмал, әдебиетке
жақын, өмірде көп қиыншылық көрсе де, еш мойымаған
жан болды.

Ауыл адамдары әкемізді әлі күнге дейін
құрметпен, ризашылықпен еске алады. Өйткені әкеміздің
еңбегі ұшан теңіз болатын. Қолынан келмейтіні жоқ, көп
кәсіпке икемділігі бар, батыл адам еді.

Хат тануы арапша болса да, сол кездің дастан,
аңыздарын көрші қоландағы үлкен әже - апаларға оқып
беретін, өзіміз радио тындағандай әсер алатынбыз,
жұлдыз, жалын журналдарын үзбей оқитын.

Әкеміз өмірде көп қырлы болған адам, қазір ондай
адамдар жоқтың қасы деуге болады, бір өзінің бойында
бірнеше өнері бар, әрі балташы, мал емшісі, жылқышы,
қасапшы, әйнекші, етікші, шаштараз кәсіптерін жетік игере
білді.

Физика, математиканы білуі, оқу бітіріп келгендерден кем түспейтін. (есепті жақсы меңгеріп, электр жүйесін, су құбырын өзі тарта білді.)

Осындай әкеміз – бізге асқар таудай болды. Оның отбасындағы орны бөлек еді. "Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп те бере алмайды", - деп бекерге айтылмаған.

Әкеміз бізді аялап өсірді. Бала күнімді көз алдымнан бір өткерсем, әкемнің бізге ұрысып, қатты сөйлегенін бір естіген емеспіз.

Оның мінезі сырт көзге қаталдау боп көрінгенімен, балаларына, отбасына деген жүрегі жұмсақ еді. Халқымыздың ежелден келе жатқан тәрбиесінің бір түрі – қас-қабақпен тәрбиелеу болса, бізде сол тәрбиені бойымызға сіңіріп өстік. Әкеміздің айтқан сөзін екі еткізбеуге тырысатынбыз. Бізді еркелетіп отырып, ақылын айтатын. Дастархан басына жиналғанда емен-жарқын әңгімелесіп, сыр бөлісетінбіз. Әкемізге құрметпен қарауымызға анамыздың берген тәрбиесі ерекше еді. Анамыздан «әкең біледі», «әкеңмен ақылдас», «әкең ренжиді», «әкең рұқсат бермейді» дегенді жиі естіп, өзі де әкемізге патшадай құрмет көрсеткенін көзіміз көрді. Әкеміз бен анамыздың өмірден өткендеріне 20 жылдан астам уақыт өтсе де, ұрпақтары сүйіспеншілікпен еске алып, берген тәлім тәрбиелерін өз балаларымызға өнеге етіп, жалғастырып келеміз».

Өмірбаянын жазған: қызы Шәрбану

P.S. Мен (авт.) бұл өмірбаянды осы нұсқада қалдыруды жөн көрдім. Бұл - баланың ата-анаға деген құрметін, сүйіспеншілігін білдіретін ой-пікірі, әке мен шешенің өмірбаяны арқылы еңбекке, елін, жерін сүйуге тәрбиелейтін дүние.



МУЖИКЕНОВ Қабидолла Қабыкенұлы

Ақсу ауылының тумасы,
1949 жылы туып, 2010 жылы маусым
айында дүниеден өтті.
Жолдасы – Рабиға Шәріпқызы.
Балалары - Серік, Сауле, Ренат.
Немерелері: Нұрболат, Жанболат.
Шөберелері: Олжас, Елдар, Дамир.

1968 жылдан бастап Сергеев ауданы Жалтыр ауылында, ағылшын тілі және дене шынықтыру пәндерінің мұғалімі болып ұстаздық еңбек жолын бастады. 1969 жылы туған ауылы Ақсу сегіз жылдық мектебінде ағылшын тілі және дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып, жұмыс істеді. 1970-76 жылдары Сергеев ауданы Ленин орта мектебінде де осы қызметін жалғастырды. 1972-77 жылдары Алматы қаласындағы шет тілдер институтына сырттай оқуға түсіп, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі мамандығын алды. 1976-96 жылдары Афанасьевка селосында ағылшын тілі пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеді. 1996 жылы 27 жыл ұстаздық қызмет жасап, зейнеткерлікке шықты. Мектепте жұмыс істеген кезде, қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Спорттың күрес, шаңғы, теннис, шашки, жеңіл атлетика, түрлерімен шұғылданды. Көптеген мактау грамоталар алған, жүлделі орындар иесі.

Қабидолла - мәдениетті, шыншыл, жаңашыл, ұқыпты, оқушыларға білім беруге деген адалдығымен, еңбекқорлығымен ерекшеленді. Қабидолланың ғұмыры қысқа болғанымен, жасаған еңбегінің ұрпаққа өнегесі мол.



МУЖИКЕНОВ Қабол (Ағажан) Әлібайұлы

1922 жылы 15-ші маусымда Солтүстік Қазақстан облысы Ленин (қазіргі Есіл) ауданында дүниеге келген.

1942 жылы Қызыл Әскер қатарына шақырылып, Ұлы Отан соғысына қатысқан, қатардағы жауынгер, атқыш. 1945 жылы Ленин аудандық әскери комиссариатта есепте тұрған.

Соғыстан кейін әртүрлі жұмыстар атқарған, тракторшы курсынан өтіп, кең ауқымды тракторшы мамандығын алған. 1961 жылы отбасымен Ақсу ауылына көшіп келген. Еліне келгесін Ағажан жүгері өсірумен айналысады. Жүгерінің дән сепкіші де өзгеше болатын, 70х70 шаршыға себілетін. Жүгерінің биіктігі 10-15 см. болған уақытта, оқушыларды апарып, арам шөбін және жүгерінің артық өскен сабақтарын жұлғызатын. Күзге таман жүгерінің биіктігінен аттылы кісі көрінбейтіндей, ал собықтары анамына жігіттердің білегіндей болып өсетін. Кейін біздің ауа райының қолайсыздығынан жүгеріні тек мал азығы – сүрлем ретінде өсіретін болды. Бұл шаруада да Ағажан өзінің бар іскерлігін көрсете білді. Өзінің тәжірибесін кейінгі жастарға үйретіп, Ғаббасов Сейіт, Бегімбетов Үмітжан, Жұмағұлов Әзім сияқты жүгерішілерді шығарды. Осы жетістіктері үшін Қабол Мүжікенов ВДНХ-ның күміс жұлдесін иеленді. Өзінің ісін жалғастыратын мамандар тәрбилегеннен кейін Ағажан К-700 тракторына отырып, егіншілікпен айналысуға кірісті. Көктемде егістік өңдеп, егін сеуіп, ал жаз бойы жер жыртып, күзге таман сүгір көтеріп, қыста қар тоқтатып бір тынбай еңбек етті. Бірнеше дүркін социалистік жарыстардың жеңімпазы атанған Қабол Мүжікенов «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет Белгісі» ордендерімен, «Ерен еңбегі үшін», ҚР бірінші қорғаныс

министрі «Сағадат Нұрмағанбетов», «Еңбек ардагері», «Астана 10 жыл», «Тимирязев ауданына 50 жыл» медальдарымен марапатталған. Қазіргі кезде Тимирязев селосының тұрғыны. Үйленген, жұбайы — Қайниса Жәкішқызы 2015 қайтыс болған. Екеуі дүниеге 4 ұл, 1 қыз әкеліп, тәрбиелеп жеткізді.

Байсақал — Тәшейіт, Нұрсейіт, Құрмансейіт (Құрмаш), Тоғытай.

Тәшейіт — Ыбырай, Жылқыбай. **Ыбырай** — Қаркен, Шәпия, Дәмелі, Кенжеболат. Қаркен — Смағұл, Серік, Қанат, Ләззәт. **Кенжеболат** — Айгүл, Ғабит, Алма, Әбу, Игібай, Мәжит.

Нұрсейіт — Байсейіт — Қапар, Мұса (Тайлақ), Қайыржан. **Мұса** — Қайырбек, Ақылбек, Әскер, Қалияш, Болат, Төлебай, Сәлимә, Мүсілімә, Алтынбай, Жоламан, Ажар. **Қайыржан** — Жәмиля, Күләш, Абдолла, Ғабдолла, Мәрзия, Маржан, Роза, Жангелді, Жанболат, Амангелді. Абдолла — Фатима, Асель, Айдар, Айнаш, Гүлшат. **Айдар** — Мадина, Меруерт, Мерей.

БАЙСЕЙІТОВ

Мұса (Тайлақ) Байсейітұлы



1900 жылы дүниеге келген. Ұжымшарға мүше болып кірген, мал баққан, егін еккен, балташы болған. Ұлы Отан соғысы жылдары еңбек әскери құрылымына шақырылып, Қарағанды қаласында шахтада шахтер болған. Соғыс аяқталысымен елге оралып, еңбек жолын темір ұстасы болып бастайды. Содан кейін диірменші, жел қозғалтқышында жұмыс істейді. Өте қарулы болған, екі қап ұнды екі

нығына салып алып жүре беретін. Зейнетке шыққаннан соң, 75 жасқа дейін жеке меншіктің малын баққан. Екі рет үйленген. Бірінші жұбайы қайтыс болғанда екі ұл қалған, екінші жұбайы екеуі 5 ұл, 6 қыз тәрбиелеп өсірген. 1983 жылы қайтыс болған. Ал Кәкіризә Сейтенқызы 1985 жылы қайтыс болған. Екеуі де Ақсу ауылында жерленген.



БАЙСЕЙІТОВ Қайырбек Тайлақұлы

1947 жылы 17 наурызда Солтүстік Қазақстан облысы, Октябрь ауданы Ақсу ауылында дүниеге келген. 1966 жылы Ленин ауданы, Николаев орта мектебін бітірген. 1975-1980 жылдары Алматыдағы Қазақ ауылшаруашылық институтында оқып, агроном мамандығын алып шыққан. Содан кейін еңбек жолын Сергеев ауданы, «Заря» кеңшарының Алқағаш ауылында агроном болып бастаған. 1981-1985 жылдары «Ступин» кеңшарында агроном-тұқым өсіруші болып жұмыс істеген. 1985-1990 жылдары Тимирязев ауданы, «Целинный» кеңшарында еңбек және еңбек ақы бойынша экономист, 1990-1998 жылдары Сергеев ауданы, «Бұлақ» ауыл шаруашылығы бірлестігінде бас экономист қызметтерін атқарған. Үйленген, жұбайы – Еркенұр Мәжитқызы, Сергеев ауданы, Балуан ауылының тумасы. Екеуі екі ұл, бір қыз дүниеге әкелген. 1998 жылдан Көкшетау қаласының тұрғыны.



БАЙСЕЙІТОВ

Қайыржан

1916 жылы туған. 1941 жылдың 1 шілдесінде Қызыл Әскер қатарына шақырылған. Орталық майданның 9-шы дивизия сапында ұрысқа кірген. Ауыр жараланған. Солтүстік Қазақстан облысы, Октябрь аудандық әскери комиссариатында 1945 жылдан есепте. Марапаттары: «Германияны жеңгені үшін және мерей тойлық медальдар. Соғыстан келгесін әр салада жұмыс істеген. Зейнетке шыққанша Октябрь аудандық орман шаруашылығында еңбек етті. Үйленген, жолдасы – Рахима. Рахима соғыс уақытында әскери санитар болған. Соғыс даласынан жараланған талай сарбаздарды алып шыққан. Солардың бірі Қайыржан болған. Оны госпитальға салғаннан кейін айыққанша күткен. Әскер қатарынан шығарылып, елге оралғанда Рахиманы бірге ала келген. Көп балалы отбасы болып, 5 ұл, 5 қыз тәрбиелеп өсірді. Байсейітова Рахима - «Батыр Ана» атағының иегері. Байсейітов Қайыржан 1980 жылы қайтыс болды. Байсейітова Рахима 2008 жылы қайтыс болған. Екеуі де Ақсуда жерленген.



БАЙСЕЙІТОВ

Айдар Абдоллаұлы

1982 жылы 16 қыркүйекте Шал ақын ауданы, Новопокров селосында дүниеге келген. 1989 жылы Новопокров орта мектебіне 1 класка оқуға барып, 2000 жылы орта білім алып шығады. Мектеп бітіргеннен кейін Петропавл гуманитарлық-техникалық

колледжін техник-механик мамандығы бойынша тәмамдайды. 2005 жылдан бері жеке кәсіппен айналысады. Алғашында ауыл тұрғындарына отын дайындаумен айналысқан ол, 2009 жылдан бастап ағаш өңдеуге кіріседі. Ең бірінші кеңшардың бос тұрған монша ғимаратын сатып алады, сосын Ресейден қажетті құрылғыларды әкеліп, құрылыс материалдарын дайындайды. Қарамағындағы 7 жұмысшымен үйлік және моншаға керекті барлық ағаштан жасалатын бұйымдарын өндіреді. Сонымен қоса жүк көліктерінің шанақтарын да шығарады. Айдар Абдоллаұлы жылқы мен қой өсіріп олардан да қосымша пайда тауып отыр. Бос уақыттарында балық аулаумен, аңшылықпен айналысады, жұма күндері Ақсудағы мешітке баруды ұмытқан емес. Қиын жағдайларда ауыл тұрғындарынан көмегін аямайды.

Үйленген, жұбайы – Айымгүл Әлібекқызы, Аққайың ауданы, Үлгі ауылының тумасы. Екеуі дүниеге үш қыз әкеліп, тәрбиелеп өсіруде.

Байсақал - Құрмансейіт (Құрмаш) – Ғабдулғазиз (қуғын-сүргін құрбаны), Ғабдулмажит, Ғабдулхамит (Хамит) (қуғын-сүргін құрбаны), Шамшия. **Ғабдулғазиз** – Зайнипа, Зарипа, **Есләм** – Әнуэр, Гүлнар, Шайзада, Ғабит, Фарида, Сабит, Фатима. **Әнуэр** – Тимур – Диар, Ғазиз, Ескендір. **Ғабит** – Олжас, Қайрат. **Сәбит** – Алма. **Ғабдулхамит** - Биләл, Зәйни, Елтай, Жақсылық (Жақсыбай), Дүйсенбай, Бейсенбай. **Биләл** – Еркін, Жұмаш, Мұхтар, Айдарбек, Дәурен. **Елтай** – Дәуренбек, Айдарбек. **Жақсылық** – Ерік. **Дүйсенбай** – Мерей, Марат, Эльмира. **Бейсенбай** - Азат, Азамат. Азат – Әли. Азамат - Әлішер.

Тоғытай – Ырсалы – Қалиасқар, Нүкен, Райхан, Әсия, Орынша, Қаби, Нәби. **Қалиасқар** – Қалианұр, Ғалия, Қалиолла, Қазбек, Қазі, Нәби (имам), Аманжол, Қалима, Алмагүл, Раушан, Айнагүл, Бейнегүл. **Қаби** – Қайролла, Қайни, Зейнолла, Үмітжан.



ҚҰРМАШЕВ **Есләм Ғазезұлы**

1923 жылы 28 желтоқсанда Целиноград облысы, Калинин (қазіргі Бұланды) ауданы, Журавлевка селосында туған. Еңбек жолы 1942 жылы басталған, сол жылы Қызыл Әскер қатарына шақырылады. Жеделдетілген әскери дайындықтан кейін, кіші лейтенант атағы беріліп, соғысқа жіберіледі. Ол әр майданда шайқасқа кіреді, бірнеше рет жаралаған. Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерліктері үшін, Отан соғысының 1-ші және 2-ші дәрежелі ордендерімен, «Қызыл Жұлдыз» орденімен, «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Соғыстағы Ерен еңбегі үшін» және мерейтойлық медальдармен марапатталған. Соғысты 1945 жылы Батыс Пруссияның Кенигсберг қаласында капитан шенінде аяқтаған. 1945 жылы Есләм Ғазезұлы Алматы қаласында 3 айлық заңгерлер даярлау курсының тыңдаушысы болады. Ол курсты тәмамдағаннан кейін, Көкшетау қаласында облыстық әділет баскармасының тексеруші қызметін атқарады. 1945 жылы Байғаскина Рәзия Қасымқызына үйленеді. 1946-1948 жылдары Алматы қаласындағы Республикалық заңгерлік мектебінің студенті. Осы оқу орнының дипломын алғасын, 1948-1956 жылдары Көкшетау облысы, Володар ауданының соты болады. Әрі қарай осы облыстың Казанка, Қызыл-Ту,

Келлер, Зеренді аудандарының халық соты төрағалары болады. 1980 жылы Құрмашев Есләм Ғазезұлына Қазақ КСР-нің «Еңбек сіңірген заңгері» Құрметті атағы беріледі. Оның елеулі еңбектері ҚКСР-ң Жоғарғы Сотының Құрмет грамоталарымен марапатталғандарынан көрінеді. Ол қызмет істеген Көкшетау облысының барлық аудандарының аудандық Кеңестерінің халық депутаты болып сайланған. Есләм Ғазезұлымен Рәзия екеуі 7 бала дүниеге әкеліп, тәрбиелеп өсірді. Ғабит пен Сәбит ұлдары құқық қорғау салаларында жұмыс істесе, немерелері Зарина мен Олжас Ақмола облыстық прокуратурасында қызметтерін атқаруда. Құрмашев Есләм Ғазезұлы 1984 жылы зейнетке шығады. 1986 жылы 62 жасында қайтыс болған. Ақсу ауылында жерленген.



ҚҰРМАШЕВ

Әнуэр-Бек (Әнуэр) Есләмұлы

1948 жылы 23 мамырда Алматы қаласында туған. 1955-1966 жылдары Көкшетау облысы, Володар ауданы, Казанка селосының мектебінде оқып, білім алған. 11 класты бітіргеннен кейін Алматы қаласында техникалық училищеге оқуға түсіп, 1967 жылы әмбебап-токарь мамандығын алып шыққан.

Сол жылы Кеңес Әскері қатарына шақырылып, Германия және Польша аймақтарында орналасқан батыс әскери құрамында қызмет еткен. 1970 жылы әскер қатарынан келгеннен кейін Алматы қаласында АМҚК-на жұмысқа орналасады. 1972 жылы «Казгазстроймонтаж» тресінің СМУ-1-ге жұмысқа кіреді, 1973 жылы құрылыс шебері, ал 1974 жылы құрылыс прорабы ретінде тағайындалады. 1975 жылы Қостанай көшіп, ондағы «Казгазстроймонтаж»

тресінің СМУ-4-ке жұмысқа орналасады, 1977 жылы сол мекемеде аға прораб болып, қызмет атқарады. Жұмыс істей жүріп, Рудный Инженерлік Институтында инженер-құрылысшы мамандығы бойынша оқып, 1980 жылы аяқтайды. Сол жылы учаске бастығына тағайындалады, кейін бас инженерлікке бекітіледі. 1980 жылы «Агрогаз» ЖШС-нің директоры, 1990 жылы «Казгазстроймонтаж» тресінің ПМК-3-тің бастығына тағайындалады. 1993 жылы «Алаугаз» АҚ-ның президенттігіне сайланады.

1999 жылы «Казгазстроймонтаж» ЖШС-нің директоры болады. 2015 жылы зейнетке шыққан. Үйленген, бір ұл, бір қыздан 6 немере 1 шөбере сүйіп отыр. Әнуэр жырақта жүрсе де елін ұмытқан емес. Ақсуда өтіп жатқан іс-шараларға әрдайым қатысады. Мешіт салуға, ескерткіштер орнатуға өз үлесін қосқан, ал 2013 жылы қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш-тақтаны Қостанайда жасатып, Ақсуға әкеліп орнатты.



ҚҰРМАШЕВ Елтай Хамитұлы

1940 жылы 21 қазанда Өндіріс ауылында туған. Солтүстік Қазақстан облысы, Сергеев ауданының Ленин орта мектебін бітірген. Мектеп бітіргеннен кейін Ақсу ауылында тракторшы, автомобиль жүргізушісі болып жұмыс істеген. 1963-1966 жылдары Кеңес Әскері қатарында әскери борышын өтеген. Әскерден келгеннен кейін Есіл (Ленин) ауданы, Покров ауылшаруашылығы техникумына сырттай оқуға түседі. Бірінші курсты аяқтағаннан кейін Ступин кеңшарының бөлімше агрономы қызметіне жібереді және комсомол хатшылығының міндетін қоса атқарады. Покров ауылшаруашылық техникумын үздік

аяқтағаннан кейін Елтай Хамитұлы Целиноград ауылшаруашылығы институтуна сырттай оқуға түседі. Аты аталған оқу орнын ойдағыдай бітіреді. Сол өзі жұмыс атқарып жүрген кеңшарға бас агроном болып тағайындалады. Іс-тәжірибесі мол, жұмысына тыңғылықты Елтай Хамитұлы 1980 жылы Сергеев аудандық ауылшаруашылық басқармасының бас агрономы қызметіне дейін көтеріледі. 1984 жылы денсаулығына байланысты Ступин кеңшарына қайта кетуіне тура келеді. Ол шаруашылықта еңбек және еңбек ақы төлеу бойынша экономист болады. «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен, бірнеше мәрте Мақтау грамоталарымен марапатталған. Үйленген, жұбайы – Торғын, төрт балаларын өсіріп, тәрбиелеген.

1992 жылы 19 қаңтарда қайтыс болды. Ақсуда жерленген.



ҚҰРМАШЕВ

Жаксылык (Жаксыбай) Хамитұлы

1946 жылы 13 маусымда Ақсу ауылында дүниеге келген. Ауылдағы сегізжылдық мектепті бітірген соң, Покровка селосындағы ауыл шаруашылық техникумының малдәрігерлік бөлімін бітірген. Еңбек жолын Келлеров ауданы, «Рошинск» кеңшарында мал дәрігері болып бастады. Сол жерде Кеңес үкіметі ыдырағанша қызмет атқарды. Өмірдің ағымына қарай, жер алып, жеке шаруа қожалығын ашып, егін егеді. Кәсібін нәсіпке айналдырған Жаксылык Хамитұлы Рошинск селосында екі бірдей дүкен ұстап отыр. Үйленген, жұбайы – Тамара екеуінің ұлдары Ерік Солтүстік Қазақстан облыстық салық комитетінің бөлім меңгерушісі. Үш немерелері бар. Жаксылык Хамитұлы

елдегі істеліп жатқан игілікті істерден қалыс қалған емес. Ауыл ортасында салынған мешітке қомақты үлес қосқан. 2017 жылы бақилық болған ата-бабаларына ас беріп, дұға жасауды ұйымдастырып қана қоймай, мектептің кіреберіс есігін ауыстыруға, мешітке азан шақыру үшін арналған құрылғыға қаражат бөлді. Ауылда өтетін той-домалақ, басқа да іс- шаралардан қалмауға тырысады.



ҚҰРМАШЕВ

Бейсенбай (Бейсен) Хамитұлы

1950 жылы 17 мамырда Ақсу ауылында дүниеге келген. 1957-1965 жылдары Ақсу сегізжылдық мектебін бітіргеннен кейін, Сергеев ауданы, Теренсай ауылындағы Ленин орта мектебін тәмамдайді. 1968 жылы Семей медициналық институтының емдеу факультетіне түсіп, 1975 жылы бітірген. Семей медициналық академиясының «Үздік түлек» медалімен марапатталған. Жас маман ретінде жолдамамен Талдықорған қаласына психиатор-нарколог болып жіберіледі. Еңбек жолын осылай бастаған Бейсен Хамитұлы 2 жылдан кейін бөлім меңгерушісіне тағайындалады. 2002 жылы Талдықорған қаласында облыстық психоневрология диспансерінің бас дәрігері және Алматы облысының бас психиаторы қызметтерін бірге атқарады. Осы жұмыста зейнетке шыққанша істеген. 1977 жылы үйленген, жұбайы – Бағдагүл, ол да дәрігер. Екеуі екі ұлдан екі немере сүйіп отыр. 2013 жылдан бері Астана қаласында тұрады. Құрмашев Бейсен Хамитұлы Денсаулық Министрлігінің «Денсаулық саласының үздігі» төс белгісімен марапатталған.



РСАЛИЕВ
Қалинұр Қалиясқарұлы

1952 жылы
Сергеев (қазіргі Шал
ақын) ауданы, Ақсу
ауылында көп балалы от
басында дүниеге келген.
1959 жылы Ақсу

мектебіне 1 класқа барып, 1967 жылы сегізжылдықты аяқтаған. 1969 жылы Ленин орта мектебін тәмәмдағаннан кейін Петропавл қаласындағы ауыл шаруашылық техникумына оқуға түседі. 1972 жылы механик-реттеуші мамандығы бойынша бітіріп шығады. Кеңес Әскері қатарында, Монғол Халық Республикасында әскери міндетін сержант лауазымында атқарып келеді. С. Садуақасов атындағы Көкшетау университетінде сырттай оқып, жоғары білім алады. «Ступинка» кеңшарында механик, бас инженер қызметтерін атқарады. 1977 жылы үйленген, жұбайы — Бейсембаева Шолпан Ермекқызы. Екеуі дүниеге үш бала әкеледі. Өмірінің соңғы жылдары Ступин селолық аймағында орманшы-егер болып жұмыс істейді. 2002 жылы қарашаның 7-ші жұлдызында жол апатынан екеуі де қайтыс болған. Ақсуда жерленген.



РСАЛИЕВ Нәби Қалиясқарұлы

1964 жылы Шал ақын ауданы, Ақсу ауылында дүниеге келген. 1971 жылы Ақсу сегізжылдық мектебінің I класына оқуға барып, 1979 жылы 8-ші класты аяқтайды. 1979-1981 жылдары Ленин орта мектебінде оқып, онжылдық білім алып шығады. 1981-1984жылдары Петропавлқаласындағыиндустриалды-педагогикалық техникумында оқып, тәмәмдаған. Еңбек жолын өзінің туған жері – Ақсуда физика пәнінің мұғалімі болып бастайды. Кеңес Әскері қатарына шақырылып, үш жыл Приморье өлкесі, Владивосток қаласында әскери міндетін өтеп келеді. Ақмола облысы, Целиноград қаласының педагогикалық инситутында сырттай оқып шығады. 1994-1996 жылдары Сарыағаш медресесінде оқып, діни білім алады. Алғашқы жылы өз ауылы Ақсуда имам болған. Кейін Шал ақын ауданының бас имамына тағайындалады. Нәби Қалиясқарұлы өте кішіпейіл, биязы мінезді, иман жүзді жан еді. Ән айтатын қабілеті де болған, сондықтан да болар, ол Құран сүрелерінен аят оқығанда дауысы ерекше естілетін. 1989 жылы үйленген, жұбайы – Айнаш Мәскеуқызы, ол да Ақсу мектебінде ұстаздық етті. Әттең... екеуінің өмірі бірге басталып, бірге аяқталды. 2002 жылы қарашаның 7-ші жұлдызында жол апатына ұшырап, аға-жеңгесі төртеуі бірдей көз жұмды. Екеуі де Ақсуда жерленген. Арттарында Әлия(1990 ж.т.), Мадина (1999 ж.т.) есімді қыздары қалды.

**Аман
Тақай**

Тақай – Құдайберген, Шүнет, Құдас.
Құдайберген – Омар, Оспан, Қажымұрат (Қажен)

Омар – Қасен, Бейсен, Ескендір. **Қасен** – Амангелді. **Бейсен** – Құрманғали, Дәурен. **Ескендір** – Әнуэрбек, Амангелді. **Құрманғали** – Нұрлан, Әскер – Әмір, Темір. **Дәурен** – Данияр – Асқақ, Әлмәнсүр.

Оспан – Мәлік, Қабдрахман. **Мәлік** – Балахмет, Қайыржан, Есләмбек. **Қабдрахман** – Кенжеболат, Келдібай, Жаңабай. **Кенжеболат** – Әсет. **Келдібай** – Марат, Мақсат. **Жаңабай** – Жанат, Рахат, Темір. **Қайыржан** – Жәнібек, Айдарбек, Асқарбек. **Айдарбек** – Әлібек. **Асқарбек** – Өмірбек, Нұрбек. **Есләмбек** – Болат, Жанат.

Қажымұрат (Қажен) – Әрсен, Сәрсен

Құдас – Алифтен, Тәңірберген, Тыныштық, Мөржан. **Мөржан** – Сыздық, Зейтен, Қазыбай. **Сыздық** – Тәжен, Сейдахмет – Есмағзам – Мәдинә, Мөлдір, Мағжан. **Тәжен** – Есләм – Нұрлан, Рүстем, Данияр. **Қазыбай** – Мәкен – Төлеген, Сұраған (Қара). **Төлеген** – Ғалия, Райхан, Аяған, Аяпберген, Амангелді, Әлібек, Әнуэрбек. **Сұраған** – Айнагүл, Есләмбек, Серік.



МӘКЕНОВ Төлеген Мәкенұлы

Мәкеновтар отбасының тарихы Солтүстік Қазақстан облысы, Сергеевка ауданының Ақсу ауылынан бастау алады. Бұрын ата-бабаларымыз осы ауылда өмір сүрген. 1930-шы жылдар шамасында, олар туған өлкесін тастап, көшіп кетті. Осы жылдарда елді жұт жайлап, киерге киім, жеуге азық болмай, адамдар малдай қырылды. Олар балаларының, өзінің амандығы үшін Түмен облысы, Галышманов ауданына көшіп кетті. Осы жерде 1935 жылы Мәкенов Төлеген Мәкенұлы дүние есігін ашты. Ұзақ көшіп қонудан кейін, 1951 жылы Мәкеновтар отбасы туған жеріне, Солтүстік Қазақстан облысына, Волошинка ауылына қайта оралды.

Жүргізуші курсы бітірген, 19 жасар Төлеген өз еңбек жолын 1954 жылдың қазанында Пушкин атындағы Автокөлік-тракторлық станцияның жүргізушісі ретінде бастап, 1995 жылдың қарашасында аяқтайды. Төрт онжылдық бойы талмай еңбек етіп, үздіктердің қатарында болды. Адал еңбегі үшін медаль және ордендермен марапатталды: «Ерен еңбегі үшін» (1970ж.), «КСРО халық шаруашылығын дамытуда қол жеткізген табыстары үшін күміс медаль» (1972ж.), «Социалистік жарыс жеңімпазы» (1973,1979,1980жж.), «КСРО халық шаруашылығын дамытуда қол жеткізген табыстары үшін» (1980ж.), «Еңбек Қызыл Ту» ордені (13 желтоқсан 1972ж.), «Халықтар достығы» ордені (19 ақпан 1981ж.). 1967 жылы оған «Коммунистік еңбек екпіндісі» атағы берілді. 1982 жылы бұл атақ оған екінші мәрте берілді.

Төлеген Мәкенұлы тек жақсы жұмыскер ғана емес, сондай-ақ үлгілі отағасы. Ол екі қыз бен бес ұлдың әкесі, он бес немере мен он шөберенің бақытты атасы.



МӘКЕНОВ **Сұраған (Қара) Мәкенұлы**

Аталарымыз ашаршылық (1932) жылдары елден Ресейге күн көріс үшін қоныс аударған.

Менің жолдасым Мәкенұлы Сұраған 1938 жылдың наурыз айында Омбы облысы, Бердюжі ауданында дүниеге келген.

Ал 1951 жылы елге оралу мақсатында, Ақсу ауылының маңында орналасқан Волошинка селосына көшіп келеді.

Сұраған Волошинка мектебінде оқып, кейін Петропавлда техникум бітіріп, совхоздың бөлімшесінде агроном болып еңбек етеді. Жылдар өте сырттай Омбы ауыл-шаруашылық институтында оқыды, содан 1961 жылы жаңадан құрылған Пушкин совхозында плановик-экономист маманы болып тағайындалды, ал 1966 жылдан бас экономист ретінде еңбек етті.

Осы жұмысында совхозға көп еңбек сіңірді. Ерен еңбегі үшін талай грамота, диплом, құнды сыйлықтармен, медальдармен марапатталды.

«1962 жылы желтоқсан айында екі үлкен әулет мыңжылдық құда болып, бізге, жастарға батасын беріп, жаңа отбасы болдық.

Бес жыл ата-анамызбен, қайын аға-абысынмен бір шаңырақта тұрдық.

Жолдасым Сұрағанмен үш бала өсіріп - тәрбиеледік. Үшеуі де жоғары білім алды.

Тұңғышымыз Айнагүл мектепте орыс тілінен сабақ берді, қазір жеке кәсіптік жұмыс жасайды. Жолдасы - Нұрсипатұлы Ғали ішкі істер министрлігінің зейнеткері-полиция полковнигі.

Ұлымыз Ислямбек облыс ішкі істер бөлімінде көп жылдар бойы еңбек етті- полиция полковнигі.

Кенжеміз Серік -жеке кәсіпкер. Жолдасы - Динара Ералықызы ғылыми салада еңбек етуде.

Өзім болсам, немере, жиен сүйіп отырмын.

1998 жылы, шілде айында ауыр науқастан 60 жасында Сұраған о дүниелік болды. Ақсу ауылына апарып, мәңгілік мекені-жер қойнауына бердік.

Өлген адам болады көзден таса

Өлді, өшті оны ешкім ойламаса

Ол кетсе де, белгісі жоғалмайды

Атын, ісін, ескеріп, ұмытпаса!

Аяулы арыс та, асыл азамат, зор , ірі кесек тұлға Сұрағанның жаны жәннатта болсын!»

*Райхан Қошанқызы
Петропавл қ. 2017ж.*

P.S. Мен бұл өмірдеректі өзгеріссіз қалдырдым, себебі жолдасы Райхан Қошанқызының жазғанында аз да болса отбасылық сүйіспеншілік, қиын-қыстау кезіндегі сабырлық, бала тәрбиесіндегі құндылық белес алған. Ал менің қосарым: бұл отбасы Ақсуда тұрмаса да, ауылдың қуанышымен бірге қуанып, қайғысымен бірге қайғырып, елдің елең еткізетін іс-шараларына ортақтасып жүрді, әлі де солай.

МӘКЕНОВ
Есләмбек Сұрағанұлы



1967 жылы сәуірдің 26-шы жұлдызында Солтүстік Қазақстан облысы, Мәскеу ауданы, Волошинка селосында дүниеге келген. 1974-1984 жылдары Волошинка мектебінде оқып, орта білім алды. 1984 жылы Ушинский атындағы Петропавл Педагогикалық Институтының жаратылыстану-география факультетіне оқуға түседі. 1985-1987 жылдары Кеңес Әскері қатарында қызмет етеді. Азаматтық борышын өтеп келгесін, 1991 жылы «География және биология» пәндері мұғалімі мамандығы бойынша институтын аяқтайды. Институтты бітіргеннен кейін, жолдамамен Петропавл қалалық ІІБ кәмелеттік жасқа толмағандар жұмысының инспекторлығына жіберіледі. 2000 жылы Қазақ Мемлекеттік Заң Академиясына түсіп, 2002 жылы «Заңгер» мамандығын алып шығады. Қызмет істеген уақытында жоғары лауазымдарда болған: Петропавл қалалық ІІ Басқармасының 2-ші полиция бөлімшесінің бастығы, Солтүстік Қазақстан облысы ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес Басқармасы бастығының орынбасары, Криминалдық полиция Басқармасы бастығының орынбасары, Петропавл қалалық ІІБ бастығының бірінші орынбасары. Солтүстік Қазақстан облысы ІІ Департаменті табиғатты қорғау полициясы патрульдік бақылау инспекциясы бастығы. 2017 жылы зейнетке шыққан.



МАКЕНОВ Серік Сұрағанұлы

1972 жылы наурыздың 16-шы жұлдызында Солтүстік Қазақстан облысы, Мәскеу ауданы, Волошинка селосында дүниеге келген. 1979-1990 жылдары Волошинка мектебінде оқып, орта білім алды. 1995 жылы Алматы қаласындағы ауыл шаруашылық институтын тәмамдап, орман шаруашылығы мамандығын алды. Кейін жоғары мамандығын жетілдіріп, экономист-менеджер мамандығына ие болды. Қазір Серік Сұрағанұлы облыс орталығында жеке кәсіпкерлікпен айналысады. Пластикалық терезе, есік және басқа бұйымдар жасап қана қоймайды, оларды мекен-жайы бойынша орнатып береді. Сонымен қатар құрылыс-жөндеу саласы да жолға қойылған. Өңіріміздің орталығы - Қызылжар (Петропавл) қаласында әлеуметтік нысандарды жөндеуде Серік Сұрағанұлы басқарып отырған мекеме өз үлесін қосуда. Ата-бабасының елі – Ақсу ауылына жасап жатқан жақсылықтары да аз емес. 2010 жылы Ақсу азаматтарының қолдауымен салынған мешіттің терезелерін тегін орнатып берсе, 2017 жылы ауыл мектебінің кіреберіс есігінің жарты қаражатын жапқан болатын. Жылда анасымен, отбасымен ауылға келіп, әкесіне, ата-бабаларына зиарат етіп кетеді.

Серік Сұрағанұлы – жоғары білікті маман, жақсы ұйымдастырушы, әділ басшы. Өз кәсібін жақсы білетін прогресшіл қызметкер, атқаратын істеріне үлкен жауапкершілікпен қарайды. Білімін арттыру, тәжірибе жинақтау мақсатында Ресей, Беларусь, Түркия, Германия елдеріне де барып келді. Кәсіпкерлігінде үнемі

жаңа технологияны пайдаланады. Үйленген, жұбайы – Динара Ералықызы, екі қыз дүниеге әкеліп, тәрбиелеуде. Еңбегі еленіп, республика, облыс, қала деңгейінде бірнеше мәрте алғыс хаттар, дипломдармен марапатталған.

Аман - Тақай - Құдас - **Алифтен** – Қыздар – Шаймерден (ҮОС шейіт болған), Қайырбек, Молдағали (Молдаш), Рамазан. **Шаймерден** – Серғали (Серкен), Құрман, Байғожа. Молдағали – Роза. **Серкен** – Райхан, Алма. **Құрман** – Айтқожа, Ибрагим, Абай, Мәжит, Сәбит, Қалима, Майра, Айгүл, Алмагүл, Раушан. Айтқожа – Азамат, Айжан. Ибрагим – Динара. Сәбит – Ринат, Анара. **Байғожа** – Ғалия, Әлия, Болат, Айжан, Гүлжан. Болат – Ільяс, Дархан. **Қайырбек** - Шәріп, Жүніс, Ерік, Гүлзия, Гүлмира. **Шәріп** – Ержан, Бауыржан, Әлия. **Жүніс** – Сұлтан, Рүстем. Ерік – Әділ, Арина.

Тиыштық – Бәкей, Құнанбай, Шөже, Өмірзақ. **Бәкей** – Есентай - Қапкен, Зейнолла, Серік. **Құнанбай** – Есмақан, Қыпшақ, Арғын, Қапез, Балахмет, Есләм, Қажығали. **Өмірзақ** – Қайырбек, Қайыржан.

Аман - Тақай - **Шүңет** – Мұқат, Мұратбек, Ақа, Жардан, Әлімжан. **Мұқат** – Махамбет (қуғын-сүргін құрбаны), Қожахмет, Мырзахмет. **Махамбет** – Айман, Мөкежан, Совет – Бауыржан, Сапарбек, Қадыржан, Өміржан, Роза. **Қожахмет** – Қабдрашит – Тілеген - Данияр, Қамбар. **Мырзахмет** – Иманғали, Жұмағали, Төлеу, Күләй. Иманғали - Әли, Сартай, Жангелді, Амангелді. Жұмағали – Берік, Серік, Әсем, Ербол. **Мұратбек** – Ақмағанбет (қуғын-сүргін құрбаны), **Есмағанбет** (қуғын-сүргін құрбаны) – Қайни, Шолпан, Айтжан, Айман, Аманжол, Төлеу, Майра. Аманжол – Жаңабай, Адырбай, Батырбай, Жеңіс, Ләйлә, Жанна, Майра, Света. **Ақа** – Атымтай, Сабыржан – Серік, Берік, Ерік. **Жардан** – Жармұхамет – Көлдей – Серік. **Әлімжан** – Махмет, Қарашаш, Жұмағұл. Махмет – Жылман – Жаңғали, Әлия, Ғалия, Болат. **Жұмағұл** – Молдағали

(Молдай), Қажығали, Шәмшия, Әзім, Ерғали, Серғали, Серкелбай, Жұмабай, Алпысбай. Қажығали – Балғабай, Мағжан, Күләш, Ботагөз, Жанна, Гуля. Әзім – Жанар, Гүлгүл, Анар, Самал. Серғали – Ерғали, Руслан. Ерғали – Дарина, Шыңғыс. Руслан – Тәңірхан. Жұмабай – Абзал, Назар, Әсел. Алпысбай – Дастан, Дархан, Қайсар, Әйгерім.

Аман – Қоңыр – Уәли, Ағалы. Уәли – Қаскен – Есімсейіт, Жоламан. Ағалы – Махмет – Жамантай – Есімжан, Қасымжан, Сейітжан.

МҰРЗАХМЕТОВ

Иманғали Мұрзахметұлы



1932 жылы 1-ші мамырда Солтүстік Қазақстан облысы, Октябрь ауданы, Ақсу ауылында дүниеге келген. Оқуды Новопокровка мектебінде бастап, Ленин орта мектебін аяқтаған. 1953-1956 жылдары Свердловск қаласында Кеңес Әскері қатарында әскери міндетін атқарған. Содан кейін Петропавл қаласының есеп-экономикалық техникумында оқуын жалғастырған. 1957 жылы жас маманды «Афанасьев» кеңшарына аға есепші қызметіне жолдамамен жібереді. 1972 жылы жаңа құрылған «Ступин» кеңшарына аға есепші қылып ауыстырады. Сол жылы Алматы қаласында шаруашылықта есеп жүргізудің жаңа әдісіне көшу курсынан өтеді. Жаңа ордерлі-жорналды есепті Сергеев ауданының «Ступин», «В. Быковский атындағы», «Еңбек» кеңшарларына енгізді. 1975 жылы «В.Быковский атындағы» кеңшардың бас есепшілігіне тағайындалады. 1979 жылдың қыркүйек айында Иманғали Мұрзахметұлын «Еңбек» кеңшарына бас есепші қылып жібереді. Бұл кеңшарда 1996 жылға дейін

қызмет атқарады. Үйленген, жұбайы – Күлізәт. Екеуі дүниеге 2 ұл, 3 қыз әкелген. Иманғали Мұрзахметұлы 2007 жылы қайтыс болған. Ақсу ауылында жерленген.



ЕСМАҒАМБЕТОВ
Жаңабай Аманжолұлы

1956 жылы 19 қарашада Солтүстік Қазақстан облысы, Сергеев (Шал ақын) ауданының Ақсу ауылында туған. 1964-1974 жылдары Новопокров орта мектебінде оқыған. 1975-1978 жылдары СТФ әскери міндетін атқарған. 1978-1979 жылдары Сергеев аудандық ішкі істер бөлімінде қарауыл-сақшы болып жұмыс істеген. 1979-1981 жылдары Алматының мамандандырылған милиция мектебінің курсанты. 1980 жылы Москва қаласында өткен Олимпиада ойындарында қоғамдық тәртіп сақшысы ретінде қатысқан. 1981-1987 жылдары Целинный АПБ аға учаскелік инспекторы. 1987-1988 жылдары қылмыстық іздестіру бөлімінің бастығы. 1988-1998 жылдары Тимирязев АПБ аға учаскелік инспекторы. 1998 жылы зейнетке шыққан. Үйленген, жұбайы - Алма екеуі 2 қыз, 1 ұл тәрбиелеп отыр. Ұлы Амангелді Солтүстік Қазақстан облысы ҰҚКД-де қызмет атқарады.



АЛИФТЕНОВ

Молдаш

1924 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Октябрь (Шал ақын) ауданы, Жаңасу ұжымшарында туған. 7 класс білімі бар. 1942 жылы Қызыл Әскер қатарына шақырылған. Батыс майданында шайқасқа қатысқан. 36-шы атқыштар дивизиясының 9-шы минометшілер ротасында минометші.

Қатардағы жауынгер, неміс- фашистерімен болған ұрыстарда қайсарлық танытып, талай ерліктер жасаған. Сол көрсеткен ерліктері еленіп, «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған. 1946 жылы соғыстан оралғаннан кейін

Полудин аудандық милиция бөлімінде учаскелік инспектор болып орналасады. Одан кейін Совет

ауданындық милиция бөлімінде жедел уәкіл қызметін атқарады. Туыстарының айтулары бойынша Молдаш Алифтенев өте талапшыл, шыншыл және қамқор адам, әрі беделі де жоғары болған. Үйленген, жолдасы - Бибіңұр Бекмұхамбетқызы. Разия есімді қыздары бар, Петропавл қаласында тұрады. Соғыста алған жарақаттың салдарынан 1950 жылы қайтыс болған. Смирнов стансасының маңында жерленген.



ҚОЖАХМЕТОВ

Қабдрашит

1923 жылы туған. 1942 жылы Қызыл Әскер қатарына шақырылады. 314 атқыштар дивизиясы, 1074 атқыштар сапында атқыш, қатардағы жауынгер. Волхов майданында көптеген ұрыстарға қатысқан. Ржев қаласын азат ету шайқасу кезінде, бастан ауыр жарақат алған. Госпитальда жатып, жарақаттан емделіп шыққасын

Түркістан әскери округіне жіберіледі. Мұнда әскер қатарынан шығарылғанша қосымша полкте әскери міндетін атқарады. 1944 жылға дейін Октябрь аудандық әскери комиссариатта есепте тұрған. Марапаттары: «2-ші дәрежелі Отан соғысы» ордені, мерей тойлық медальдар. Әскерден келгесін Ақсу жетіжылдық мектебінде әскери әдіскер, бригада есеп-шісі, егіс бригадасының бригадирі. Зейнетке шыққанша «Новопокров», «ВЛКСМ-ң 50 жылдығы», «Еңбек» кеңшарларының 2-ші бөлімшесінде зоотехник-бригадир қызметтерін атқарды. 1990 жылы қайтыс болған. Үйленген, жұбайы - Рымжан Тәжібайқызы, 1989 жылы қайтыс болған. Екеуі де Ақсу ауылында жерленген.



ҚОЖАХМЕТОВ

Тлеген Қабдрашитұлы

1955 жылы 6 қыркүйекте дүниеге келген. 1961 жылы Ақсу сегізжылдық мектебінің 1 класына оқуға барады, алғашқы мұғалімі

– Рәзия Сиратқызы Абиева болған. 1972 жылы Ленин ауданы, Явленка орта мектебін тәмамдаған. Сол жылы

Целиноград инженерлік-құрылыс институтына оқуға түсіп, 1977 жылы автомобиль көліктері инженер-механигі мамандығын алып шығады. Алғашқы еңбек жолын Петропавл қаласында металлконструкция цехында шебер ретінде бастаған. 1979-1983 жылдары «Еңбек» кеңшарында автогараж меңгерушісі қызметін атқарады. 1983-1985 жылдары Тимирязев және Сергеев қаласының кәсіпорындарында механик, ал 1985 жылдан Кәтгәй Кеншінбаев басқарған «Союзцелинвод» тресінің Есіл магистралды су құбырын пайдалану басқармашылығында бас механик болады. Бұл мекеме Солтүстік Қазақстан, Көкшетау және Қорған облыстарының селолық аудандарын сумен қамтамасыз ететін. Өз жұмысын жақсы білетін Тілеген Қабдрашитұлы 1998-2001 жылдары «Есіл су» басқармашылығының бастығына тағайындалады. Бұл мекеменің таратылуына байланысты Тлеген Қожахметов Булаев басқармашылығына ауысып, бас механик болады. 2006 жылдан Солтүстік Қазақстан облысы мұнай басқармашылығының «Алтайфракт» ЖШС-не қызметке шақырылады. 2007 жылдан бұл кәсіпорын «Қазтрансойл» АҚ құрамында. Осы саладағы мүлтіксіз қызметі үшін Тлеген Қабдрашитұлы бірнеше рет Мақтау қағаздары мен Алғыс хаттарға ие болды. Үйленген, жұбайы – Баян Жұмабекқызы, жоғары білімді маман. Екеуі дүниеге екі бала әкеліп, тәрбиелеп жеткізді, екі немерелері бар.

ҚОЖАХМЕТОВА (АХМЕДЬЯРОВА)

Баян Жұмабекқызы

1955 жылы 29 қаңтарда Солтүстік Қазақстан облысы, Октябрь ауданы, Соколовка селосында дүниеге келген. 1958 жылдан Ақсу ауылында тұрған. 1-2 кластарды Ақсу мектебінде оқып, 3 кластан бастап Новопокровка орта мектебінде оқыған. Мектепті бітіргеннен соң, 1973-1974 оқу жылында Ақсу сегізжылдық мектебінде, ал 1974-

1975 оқу жылында Москва ауданының Лузинка мектебінде орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеген. 1975-1980 жылдары Целиноград ауылшаруашылығы институтында оқып, жерге орналастыру инженері мамандығы бойынша тәмәмдайды. 1980-1983 жылдары Солтүстік Қазақстан облысының «Целингипрозем» бөлімінде инженерлік қызмет атқарады. 1983 жылы Тимирязев ауданы оқу бөлімінде экономист, 1984 жылы Тимирязев аудандық ауыл шаруашылық басқармасында еңбек және еңбек ақы төлемдері бойынша аға экономист болады. 1985 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Ленин ауданы, Есіл селосында «Союзцелинвод» тресі Есіл басқармашылығында инженер-экономист, 2001 жылдан «Есіл-су» кәсіпорнында, кейін Булаев басқармашылығында жетекші маман, 2006-2007 жылдары «Есіл-су» мекемесінде инженер-экономист қызметтерін атқарған. Жалпы 30 жылдан артық еңбек өтілі бар Баян Жұмабекқызы бірнеше мәрте Мақтау қағазы және Алғыс хаттармен марапатталған.



ӘЛІМЖАНОВ

Жылман

1917 жылы Ақсу ауылында туған. Қызыл әскер қатарына 1939 жылы шақырылған. Фин соғысына қатысқан. Ұлы Отан соғысының аяғына дейін қатысқан десе де болады. Қатардағы жауынгер, атқыш Жылман Әлімжанов Волхов, Ленинград майдандарында шайқасқа қатысқан. Оң аяқтан жараланған. 1945 жылдың 1-ші қарашасынан бастап Октябрь аудандық комиссариатында есепте. Марапаттары: «2-ші дәрежелі Отан соғысы» ордені, мерейтойлық медальдар. Соғыстан кейін елге оралып,

ұжымшарда жұмыс істеді. «Нати» қашау табан тракторында жер жыртып, егін ору жұмыстарына қатысқан. МТС, кеңшарлар кезінде малшы болды. Барлық жұмысты жан тәнімен атқаратын. Ол кезде мал шаруашылығындағы жұмыстың дені қолмен атқарылатын болғандықтан оған мол күш-қайрат кететін. Жылман Әлімжанов сондай қайратты болатын. 1977 жылы зейнетке шықты. 1998 жылы қайтыс болған. Ақсуда жерленген.



ЖҰМАҒҰЛОВ **Серғали Жұмағұлұлы**

1949 жылы 11 қарашада Ақсу ауылында туған. 1967 жылы Ленин орта мектебін бітірген. 1967-1969 жылдары «ВЛКСМ-ның 50 жылдығы» атындағы кеңшарда жұмысшы болады. 1969-1974 жылдары Петропавл педагогикалық институтында оқып, география және биология мамандығы бойынша бітіріп шығады. 1974-1978 жылдары Қарулы күштер қатарында радиотелефоншы болып әскери қызметтен өтейді. Қырғыз КСР-ң Фрунзе қаласында 2 айлық офицерлер даярлық курсын өтеді. 1975-1976 оқу жылы Жаңажол орта мектебінде АӘД пәні бойынша сабақ береді. 1976 жылы Петропавл қаласы, Киров аудандық ішкі істер бөлімінде аға учаскелік инспектор болып жұмыс істейді. 1993 жылы КСРО ІІМ Қарағанды жоғарғы мектебін сырттай оқып бітіреді. Сол жылы Петропавл қалалық қоғамдық тәртіп бөлімшесінің бастығына тағайындалады. Мемлекеттік тергеу комитетінің құрылуына байланысты 1996 жылы 2-і бөлімнің бастығына, ал 1997 жылы МТК-ң Петропавл қаласы бойынша бастықтың орынбасарлығына бекітіледі. 1997 жылдан 2001 жылға дейін СҚО ІІБ әкішілік полиция басқарма бастығының орынбасары қызметін атқарады.

Шені - полиция полковнигі. 2001 жылы зейнетке шықса да Петропавл қалалық ІІБ-ң ардагерлер кеңесінің төрағасы. Үйленген, жұбайы – Балдырған, жоғары білімді, Петропавл қалалық әскери комиссариатта қызмет істеген. 2015 жылы қайтыс болған. Петропавл қаласында жерленген. Екеуі 2 ұл дүниеге әкеліп, жеткізді.

Байжан

Сейітқұл Мұса Сейтімбет Қойсоймас Қоныспай Құлық

Байжан - Сейтімбет – Ақсары, Сәнтік, Әмірсана, Лобаш. **Ақсары** – Жәнібек, Қалыбек, **Бәшір** - Ақжан, **Қабдуахит** – Өсіп, Жүсіп. Өсіп – Майра, Сәуле, Алма, Қиымжан, Қошан – Зұлбала. **Жүсіп** – Шынар, Бағдат. **Әмірсана** – Мәди, Құсейін, Ертай. Мәди – Төлектемір – Ақбала, Қайролла, Жәтәй, Есләм, Ақжәнәш, Болат.

Құсейін – Жолдыбай, Әубәкір, Садуақас, Бәдігүл, Ертай, Қадіша. Жолдыбай – Мырзахмет, Жанахмет (Жанак). Әубәкір – Жұмабай, Захан. Жұмабай – **Ақпан** – Қайырлыбай, Қайрат, Қанат, Қайырбек, Қарлығаш, Қаракөз, Айгүл, Алмагүл. Бәдігүл – Молдағұмар, Қайдар. **Садуақас** – Төлеген, Асқар, Әбілмәжін, Бейсекей. **Төлеген** – Задаш, Қарындас, Мәлгәждәр, Асыл, Алтын, Көпей. Мәлгәждәр – Мұрат – Қайсар, Думан, Бакытжан, Бакытгүл. Көпей – Жанат, Қайрат, Жанар, Айна. **Асқар** – Еркін, Бекім, Аман, Ермек, Майраш. **Еркін** – Әлия, Алма, Айгүл, Әділбек. **Әбілмәжін** – Сәрсенбай, Ахметжан, Бағдат, Зайра, Шәрбән. Сәрсенбай – Тимур, Гүлмира. Бағдат – Руслан, Әлия, Сабина. Руслан – Индира. **Бейсекей** – Қасым – Айман, Айдар. Қайдар, Самал. Айдар – Дариға. Қайдар – Ақмарал, Шырай.



1917 жылы туған. 1938 жылы 21 жасында Қызыл Әскер қатарына шақырылған. Бір жылдан кейін Фин соғысына қатысады. Пулеметші Бәшіров бір жағынан Карель майданы, екінші жағынан Маннаргейім шебімен тұтасып жатқан соғыс аймағында болды. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда Москва түбіне бағытталған олардың бөлімдері жаумен азын-аулақ қақтығыстардан кейін Ленинградтың солтүстігіне жетіп, шеп құрып қорғаныста тұрады. Әбілмәжін бұл кезде 1074-ші атқыштар полкі, миномет ротасының минометшілер батареясында болған. 1942 жылы партия қатарына өткен аға сержант Әбілмәжін Бәшіров соғысты Чехословакияда аяқтайды. Ленинград құрсауын жойып, Кингесепп, Загород, Выборог, Сосновец, Котовцы, Козель, Лепшута қалаларын азат етуге қатысады. Оның майдан жолдарындағы ерліктері 2 «Даңқ», «2-ші дәрежелі Отан соғысы» ордендері, 9 жауынгерлік және бірнеше мерейтойлық медальдарымен марапатталғанынан көрінеді. Олардың әскери бөлімдері Австрия, Венгрия жерлерінде болып, соғыстан 1946 жылы оралады. Соғыстан келгесін Қарағанды темір жолының Тайынша дистанциялық жол қызметінің 2 бөлімшесіне жұмысшы болып орналасады. 1950 жылы Алматы қаласында 6 айлық теміржол бригадирлерін дайындау курсынан оқып келгеннен кейін ұзақ жылдар бойы жол бақылаушысы, бригадир, жол шебері болып еңбек етіп, 1983 жылы зейнетке шығады. Өзі тәрбиелеп өсірген төрт ұл, екі қыздан 11 немере, 5 шөбере сүйген жан. 2013 жылы қайтыс болды. Петропавл қаласында жерленген.



БӘШІРОВ Жүсіп Қабдурахитұлы

1949 жылы 20 сәуірле Солтүстік Қазастан облысы, Шал ақын ауданының Ақсу ауылында дүниеге келген. 1964 жылы Ақсу сегізжылдық мектебін бітіріп, Ленин ауылшаруашылық техникумына түсіп, агроном мамандығы бойынша ойдағыдай бітіріп шығады. Кеңестік Әскер қатарында азаматтық парызын өтеп келеді. Еңбек жолын Совет (қазіргі Аққайын) ауданында бөлімше агрономы болып бастайды, кейін бөлімше басқарушысы болады. Целиноград ауылшаруашылығы институтына сырттай оқуға түсіп, жоғарғы білімді мамандық алады. Семиполка кеңшарының бас агрономы қызметіне тағайындалады. Бұл қызметте өз іскерлігін көрсете білген Жүсіп Қабдурахитұлын Тимирязев ауданының «Ленин» кеңшарына директор етіп жібереді. Кеңшардың ауылшаруашылық өнімдерін ұлғайтудан басқа ол сол кездегі кәсіптік білім беру бағдарламасы бойынша алғашқылардың бірі болып көңіл бөлген. Ленин орта мектебінің өндірістік оқыту шебері Татьяна Камешке «Кировец» тракторын табыс еткен, ал ол сол техникамен жұмыс істеуді шәкірттеріне үйреткен. Кейін мектепке жер телімімен қоса 2 комбайн, 1 дөңгелекті, 1 шынжыр табан тракторларын берген. Бұл жерде екі мәселе шешімін тапқан. Бірі мектептің өзін өзі қамтуы болса, екіншісі – оқушыларды кәсіби мамандыққа дайындау. Бүгіні мен болашағын ойлайтын, тәжірибесі жеткілікті Жүсіп Қабдурахитұлын Жамбыл ауданының әкімі етіп тағайындайды. Ол білдей бір ауданның өндірістік, әлеуметтік, тұрмыстық мәселерін абыроймен атқарып шығады. Одан кейін «Голден Грейн» ауылшаруашылық

фирмасына жетекшілік етеді. 2003 жылдан зейнетке кеткенше орман және жануарларды қорғау инспекциясы бастығының орынбасары, сол мекеменің бастығы қызметін атқарды. Сол кезде туған ауылы Ақсуда мешіт салуға үлкен үлес қосса, қазір Қызылжар қаласында салынып жатқан мешіттің құрылысын бақылауда. Үйленген, жұбайы – Күләш екеуі ұл-қыздарынан немере сүйіп отырған жандар.



СӘДУАҚАСОВ Мәлгәждәр Төлегенұлы

1934 жылы Ақсу ауылында туған. Соғыс жылдары ауылдың ересек балалары ерте еңбекке араласты. Солардың бірі Мәлгәждәр болатын, ол 1942-1943 жылдары «Жаңасу» ұжымшарына бақташы болып жұмысқа кірген. Механизаторлар дайындайтын курста оқиды. 1948 жылдан «Торанғұл» МТС-нда механизатор болды. Тың және тыңайған жерді игерушілердің бірі болған ол 1955 жылы «Еңбек үздігі» медалімен, «Коммунистік еңбек екіпіндісі» төс белгісімен марапатталған. 1960 жылы Москва қаласында өткен «ВДНХ» көрмесінде күміс медальға ие болды. КОКП-ның мүшесі Сәдуақасов Мәлгәждәр Сергеев аудандық партия комитетіне мүше болып сайланады. Бірнеше рет Социалистік жарыстың жеңімпазы, бесжылдықтың екіпіндісі атақтарына ие болды. «В.И.Лениннің 100 жылдық», «Жеңіске 50 жыл» мерейтойлық медальдармен марапатталды. Үйленген, жұбайы Күлбәрәм екеуі Мұрат атты ұл өсіріп, одан төрт немере сүйді.



СӘДУАҚАСОВА Күлбәрәм

1940 жылы Шал ақын ауданы, Социал ауылында туған. 1957 жылы Ақсу ауылының тумасы Сәдуақасов Мәлгәждәрға тұрмысқа шыққан. Сол жылдан бастап Ақсу бөлімшесінің сүт фермасына сауыншы болып жұмысқа орналасады. Онда тәжірибелері бар Ақпаева Көпен,

Нарғожина Күлзәбирә (Күлпәш), Ырсалиева Айтжан сауыншылар істейтін. Ол кісілер жас сауыншыға жұмыстың қыр-сырын үйретті. Ондағы сиырлар қолмен сауылатын болғандықтан, әрине қыйындықтар туындайтын. Әр сиырдың өзіндік мінезі болғандықтан, әр қайсысының «тілін» таба білу қажет болды. Күлбәрәм жұмысқа тез көндігіп кетті, мойымады, қиындыққа төзе білді. Қажымай-талмай еңбек етудің арқасында жеңіске жете бастады. Фермада механикаландыру және автоматтандыру істері қолға алына бастады. Сиыр сауатын вакуумдық аппараттар орнатылды. Сауыншылар жаңашылдыққа тез үйреніп кетті. Осының салдарынан Күлбәрәм жетістіктерге жетіп, бірнеше дүркін Социалистік жарыстардың жеңімпазы атанды. Қажырлы еңбегі үшін 1972 жылы «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталса, 1977 жылы Кеңестер Одағының ең жоғарғы марапаты – «Ленин» орденінің иегері атанды. Бірнеше мәрте аудандық, облыстық кеңестердің депутаты болып сайланған. 2000 жылы қайтыс болды. Ақсуда жерленген.



СӘДУАҚАСОВ Асқар Садуақасұлы

1908 жылы Ақсу ауылында туған. 1941 жылы Қызыл Әскер қатарына шақырылған. 269, 224-ші атқыштар полкі, 368-ші атқыштар дивизиясының сапында Орталық майданда шайқастарға қатысқан қатардағы жауынгер. Соғысқа қатысқан ауыл азаматтарының ішінде бірден-бір Берлинге дейін жеткен сарбаз. 2-ші дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен, «Кеңестік Заполяриені қорғағаны үшін», «Берлинді алғаны үшін», «1941-1945 Ұлы Отан соғысы жылдары қажырлы еңбегі үшін», мерейтойлық медальдармен марапатталған. Жараланған, 1945 жылға дейін Октябрь аудандық әскери комиссариатта есепте болған. Асқар Садуақасов соғыстан кейін ауылда ұжымшарға кіріп әртүрлі жұмыстар атқарған. МТС, «Новопокров» кеңшарында жылқышы болған. Балташы, ағаш шебері, қолындағы саймандарына ұқыптылықпен қарайтын. Әсіресе шыңдаған шалғысы қылпылдап тұратын. 1968 жылы зейнет демалысына шыққан. Үйленген, жұбайы – Несіп Манатайқызы. Екеуі 3 ұл, 2 қыз дүниеге әкеліп, бір ұл мен екі қызды өсіріп жеткізген. Асқар Садуақасұлы 1983 жылы, ал Несіп Манатайқызы 1996 жылы қайтыс болған. Екеуі де Ақсу ауылында жерленген.



СӘДУАҚАСОВ Еркін Асқарұлы

1947 жылы 1 сәуірде Ақсу ауылында туған. Ақсу сегізжылдық мектебін тәмамдағаннан кейін, Ленин ауылшаруашылық техникумына түсіп, 1968 жылы зоотехник мамандығын алып шықты. Оқу бітіргесін 3 ай

трактор-егіс бригадасында бригадирдің көмекшісі болып еңбек жолын бастады. Сол жылы әскер қатарына алынды. Отан алдындағы міндетін атқарып келген Еркін туған ауылында зоотехник болып орналасты. Жас жігіт еңбегімен көзге түсіп, оны кеңшардың комсомол ұйымының хатшысы етіп сайлады. Кеңшарда спорт, көркемөнерпаздар үйірмелерінің жұмыстары өрлеп тұрды. Бес жыл бойы жастармен істеген нәтижелі еңбегіне байланысты оны кеңшардың кәсіподақ ұйымының төрағасы етіп сайлады. 1983 жылы оған трактор-егіс бригадасын басқару тапсырылды. Осы ұжымды ол жиырма жылдай басқарып, жыл сайын мол өнім ала білді. Осы қажырлы еңбегінің арқасында 1990 жылы аудан жұртшылығы ҚКСР 12-ші шақырылған Жоғарғы Кеңесіне депутат етіп сайлады. 1992 жылы Қазақстан коммунистік партиясының 17-ші съезіне делегат болды. КСРО тарап, әр шаруашылық жекешендіріле бастағанда алғашқылардың бірі болып, «Адик» атты жеке шаруашылығын ашып, егін, мал өсірумен шұғылданады. Шаруашылықтың екі жағын да жақсы білетін Еркін Асқарұлы мол табысқа жетіп, оны игіліктеріне жұмсай білді. Сонымен қатар оның назарынан кәрі-құртаң, тұрмысы төмен жандар тыс қалған емес. Шөп, отын, сабан деген сияқты керек-жарақпен камтамасыз етіп отырды. Ақсу мектебіне, мешітіне қажетті

мөлшерде отынды жеткізіп беретін. Ол бірнеше мәрте аудан, облыс әкімдерінің, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталарымен марапатталды. Үйленген, жұбайы -Сәлимә, есепші, кеңшарда кейіннен «Адик» шаруа қожалығында есепші болған. Екеуі үш қыз, бір ұл өсіріп, немерелердің қызығын көруде.

Байжан – Сейтімбет - **Сәндік** – Әбділмән, Әбікей. **Әбділмән** – Қойшыбай, Қозыбай, Мажықан, Батықан, Әнәпия, Шекен. **Қойшыбай** – Біләл – Ғалипа, Құрман, Серік, Күлзейнеп, Күлбәрә, Оразбике. Қозыбай – Жанайдар – Әшім, Қасым, Тасым, Гәкку, Әшентай, Қоныспай, Гүлнәр. **Мажықан** – Қожағапан, Мағзұм, Қалима. Қожағапан (молла) – Күлімжан, Тасболат, Бекболат, Бектас. Мағзұм – Зура, Жанболат, Күләш, Тоқболат, Лашын, Темірболат, Қамажай.

Әбікей – Әби, Сәби. **Әби** – Сират, Қапез, Мұхамеддин (Мұхитден ҰОС шейіт болған), Қабылқасым. Сират – Файзолла (Василий Сиратович) – Марат, Роза, Қапез, Жеңіс. Марат – Расул, Даяна. Қапез – Әйгерім, Рүстем, Темірхан, Акерке. Жеңіс – Қалима, Шыңғысхан. **Сәби** – Тәжібай, Беркімбай, Назиха, Жамал. Тәжібай – Еркебала, Күлдай, Рымжан, Жаңыл, Күлшәт, Света, Өтеген, Роза, Төлеген. Еркебала – Жаслан – Күлшәт, Нұрлан, Бейнегүл, Света, Айнагүл, Эдик, Нұржан, Едіге, Хасан. Өтеген – Сағыныш. **Беркімбай** – Қуаныш – Алма, Серік – Азат, Альбина.



АБИЕВ

Файзолла (Василий) Сиратұлы

1932 жылы 15 қыркүйекте туған. Туған жері Есіл (Ленин) ауданы, «Воровское» ұжымшары, Алесандровка селосы. 11 жасынан ұжымшарда еңбек еткен. 1949 жылы Ильинка сегізжылдық мектебін бітіріп, Ленин ауылшаруашылық техникумына оқуға түседі. Аталған оқу орнын 1953 жылы үздік аяқтап, елі – Ақсуға агроном мамандығы бойынша жұмысқа орналасады. Тың және тыңайған жерлерді игеру кезеңіне тұспа-тұс келген өмір сынағына белсене кіріседі. Осы салада отыз жылдан артық еңбек етіп, көптеген мақтау қағаздарын, алғыс хаттарын, ақшалай сыйлықтарын алған және «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған. 1984-1992 жылдары зейнетке шыққанша орман шаруашылығында жұмыс істеді. Файзолла Сиратұлы қай салада болса да адал еңбек етті. Ақсу ауылының көркейуіне, дамуына және жас жеткіншектерді еңбекке баулуға зор үлес қосты. Жұбайы Салиқа екеуі жарты ғасырдан артық бірге өмір сүріп, үш ұл бір қыз тәрбиелеп, 12 немере, 2 шөбере сүйген жандар. Файзолла Сиратұлы 2008 жылы, ал Салиқа Мұқаметқалиқызы 2015 жылы қайтыс болды. Екеуі де Ақсуда жерленген.



БЕРКІМБАЕВ **Қуаныш Беркімбайұлы**

1937 жылы 1 қаңтарда Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын ауданы, Ақсу ауылында дүниеге келді. 1952 жылы Ленин ауданындағы Бұлақ жеті жылдық, 1955 жылы Еңбек орта мектебін бітірді. Осы жылы Петропавл қаласындағы техникалық училищені тәмәмдап, Ленин аудандық комсомол комитетіне нұсқаушы болып орналасты. Үш жыл Кеңес Әскері қатарында азаматтық борышын өтеді. 1960-1962 жылдары Ленин аудандық партия комитетінде нұсқаушы, аудандық комсомол комитетінде екінші хатшы болып істеді. 1963-1985 жылдары Ленин аудандық ИБ-де паспорт үстелінің бастығы, учаскелік инспектор, ОБХСС бөлімінің бастығы, кейіннен Совет, Тимирязев және Соколов аудандарында ИБ-нің бастықтарының орынбасары, бастығы қызметтерін атқарды. Қызмет атқара жүріп, Қарағанды қаласындағы ИМ-нің жоғарғы мектебін сырттай бітірген. 1985 жылы осы саланың зейнеткерлігіне шығады. 1996 жылдан Алланың ақ жолына түседі. Осы жылы Соколовқада мешіт ашып, 2003 жылға дейін сол мешіттің молдасы, 2003 жылдан облыстық орталық мешітінің алқа мүшелігіне 2 рет сайланады. 2005-2013 жылдары сол мешіттің заңгері қызметін атқарады. 2010 жылы туған ауылы Ақсуда мешіт ашуды ұйымдастырды. Бірнеше рет ауылдық және аудандық кеңестердің депутаттығына сайланған. 2012 жылы Мекке-Мәдинәға барып, умра қажылығын өтеп қайтты. 2014 жылы үлкен қажылық парызын өтеген. Үйленген, жұбайы – Балғын Серікбайқызы. Екеуі дүниеге екі қыз, бір ұл әкеліп, тәрбиелеп өсірді.

Байжан – Мұса - Рамазан – Қожахмет – Мәрә, Ұмсындық, Сапыш, Жәкібай – Жұмабек, Жұмағали, Темірғали, Жақсыбай.

Байжан – Құлық – Қазым – Мұсылман – Мейрам.

Байжан - Сейітқұл – Сәрсенбай – Сейіт, Әскер, Бекқожа, Нағима, Жұмағали, Абдуғафар. Сейіт – Бақытжан, Раушан, Айман, Шолпан, Ерік. Бекқожа – Мұрат, Болат, Қайрат, Сәуле. Мұрат – Жанна. Болат – Марат, Гүлмира, Диләрә. Қайрат - Мәрлен, Салтанат. Жұмағали – Болат. Абдуғафар – Апош – Әбіләиіз, Күлән, Гүлбану, Айбек, Марат, Сұлтан.

Байжан - Қойсоймас – Шам, Бақай, Шой. Шам – Бітіш – Ыбырай, Жолдыбай – Смағұл, Көшкен, Мұқатай, Күләй. **Бақай** – Тоқсанбай – **Қазы** – Тасболат, Бекболат, Шекер, Алтынай, Шәмшия, Алпысбай. Тасболат – Жасұлан, Хамит, Фарида, Әминә, Жібек, Бурабай. Жасұлан – Абылайхан, Айдархан, Асқар, Аяулым, Арайлым, Назгүл. Бурабай – Сәбит, Асылхан, Балтабай, Айғаным. Бекболат – Азамат, Гүлім, Әлия. Алпысбай – Айым. **Шой** – Сұлтан – Нұртай, Нұржан, **Құлтан** – Қанапия, Кәмәш, **Мұхамедьяр** - Ескен (ҰОС шейіт болған), Тілеужан. Қатен, Жаман. **Қанапия** – Баян, Дайыр (ҰОС шейіт болған), Қайролла. **Баян** – Сайран, Майкен, Қабдырахман, Қаршыға. Қабдырахман – Бүркіт, Көгершін, Бейбіт, Лашын, Саян. Қайролла – Гүлнәр, Өмірбай, Ләззәт, Абай, Күлизәт. Абай – Дәулет, Жеңіс, Іңкәр, Меруерт. **Тілеужан** - Айтжан, Қонақ, Ғазез, Рәзия, Қазбек, Мереке, Амангелді. Қонақ - Роза, Самал, Болат, Сәмия, Бұлбұл, Жанат. Ғазез - Бақыт. Қазбек - Азамат, Азат. Мереке - Әділхан, Диана. Амангелді - Уәлихан, Әміржан, Аяулым. Болат - Нұрсәт, Нұрбақыт, Мерей.



МУХАМЕДЬЯРОВ Тлеужан Мухамедьярұлы

Шал ақын ауданының Ақсу ауылынан елімізге, өңірімізге танымал азаматтар баршылық. Солардың бірі - Мухамедьяров Тлеужан. Ол 1929 жылы туған. Ел аузында «тік мінезді Тікең» аталып кеткен. Тікеңді еске алғанда соғыс жылдарындағы ауыл адамдарының тұрмыс-күйбендері елестейді. 13-14 жасынан елде қалған қариялардан қалыспай масақ теріп, шөп тіркемесінің соңынан еріп, ерте есейген жастардың бірі болатын. Колхозға еніп, шаруашылықтың барлық жұмысына араласты. Тың және тыңайған жерді игеру науқаны басталғанда тепсе темір үзетін Тікең темір тұлпарға отырып, қара жердің қыртысын қопарған. 1957 жылы ұжымшарлардың біріктірілуінің салдарынан Новопокровка машина-трактор стансасы (МТС) құрылған, құрамында Ақбалшық, Ақсу, Жаңасу, Еңбек, Терексай, Көктерек, Мектеп ауылдарының жерлері қамтылған.

Алғашында дала қосында орналасқан селеншіктер (орыстар, украиндықтар, латыштар т.б. ұлт өкілдері) Ақсу ауылына орныға бастады. Тікең сол жігіттерден қалыспай, өзінің күндік жоспарын асыра орындап талай жетістіктерге жетті. Сол кезде МТС директоры-жас маман «сары бала» атанып кеткен Николай Петров ауыл азаматының еңбекке деген құлшынысын байқап, оны №3 бригаданың бригадирі етіп тағайындайды. Бригада қосы Ақсу ауылынан 4 шақырым жерде орналасты. Онда механизаторларға арналған жатын орын, асхана, қызыл бұрыш салынды. Барлық жағдай жасалғанмен, әр жерден келген, әр ұлттан құралған бригадаға басшылық ету, әрине Тікене оңай болған жоқ. Бірақ ол өзінің еңбекті ұйымдастыру қабілетін

көрсете білді.Алдарына қойған міндеттерді орындата отырып, алдағы ауқымды шараларды да ұмытпады.Бұл талаптарды орындату үшін, екі сөйлемей тік мінезін көрсету де керек болса, солай талап етудің өзіндік нәтижесі де болды.Тікең басқарған трактор-егіс бригадасы МТС бойынша алғашқылардың бірі болып егін егуді аяқтап жатса, күзде оның өнімдері де жоғары болатын. Бірнеше мәрте аудан, облыс бойынша жарыс жеңімпазы атанып жүрді.

Кейін МТС-тан Новопокровка және Теренсай кеңшарлары құрылды. Сол кезде де өз бригадасымен қалған Тікең ұжымын жоғары нәтижелерге жеткізе білді. Егістік алқаптың әр гектарынан 20-24 центнерден кем алмайтын Тікеңнің еңбегі жоғары бағаланды. Кеңес Одағының ең жоғары марапаты «Ленин», «Еңбек Қызыл Ту» ордендерінің иегері атанды, «1941-1945 жылдарындағы ерен еңбегі үшін» және т.б.медальдармен марапатталған.

1968 жылы Новопокровка кеңшары – «ВЛКСМ-ның 50 жылдығы» аталып, Тікең басқарған бригада «Комсомол -жастар»бригадасы атағына ие болды, себебі бригада құрамында албырт жастар көп еді.Тікең бригадасында жұмыс істеу жастарға да мақтаныш болатын. Ол кісі тәрбиелеген механизаторлар да үкімет марапаттарының иегерлері атанды.

1980 жылдан бастап бөлімше басқарушысы болған Тікең Ақсу ауылының әлеуметтік жағдайына да көп көңіл бөлді. Елде жаңа типті мектеп, клуб, дүкен салуға ат салысты, көшелер абаттандырылып, дұрысталды.

Мухамедьяров Тлеужан Мухамедьярұлы тек қана жұмысқа ғана көңіл бөліп қойған жоқ, ол әр азаматқа тән отбасын құрды. Жақсы отағасы бола білді, жұбайы Құсни апа екуі 4 ұл, 2 қыз бала тәрбиелеп өсірді. Бүгіндері балаларының барлығы да отбасылы.



МҰХАМЕДИЯРОВ Ғазез Тілеужанұлы

1954 жылы 1 сәуірде Октябрь (Шал ақын) ауданы, Жаңасу ауылында туған. 1971-1975 жылдары

Петропавл мемлекеттік педагогикалық институтында оқып, ұстаздық мамандық алып шығады. 1986-1991 жылдары КСРО ІІМ-ң Қарағанды қаласында

милиция жоғарғы мектебінде оқып, заңгер мамандығы бойынша бітіреді. Еңбек жолын Семиполка орта мектебінде бастайды. 1976-2002 жылдары Мұхамедьяров Ғазез Тілеужанұлы ҚР СҚО бойынша Ішкі Істер Министрлігі, Мемлекеттік Тергеу Комитеті, Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті Департаменті қарамақтарында офицерлік және басшылық лауазымдарында қызмет етті. Жамбыл аудандық ІІБ-і бастығының орынбасары. Тимирязев аудандық ІІБ-і бастығының орынбасары, бастығы болады. Сергеев ауданы бойынша Мемлекеттік Тергеу Комитетінің бастығы, кейін сол ауданның ІІБ-ң бастығына тағайындалады. 2002 жылдан СҚО адвокаттар коллегиясында жұмыс істейді. 2010 жылдан Сот актлерін орындау Департаменті ішкі қауіпсіздік бөлімінде бас маман болып жұмыс істейді. 2014 жылдан Петропавл қалалық жұмыспен қамту орталығының инспекторы. Үйленген, жұбайы - Алма Тоқтарқызы мемлекеттік кірістер басқармасында қызмет атқарады. Қызы Бақыт әке жолын қуып, СҚО ІІБ-де жемқорлықпен күрес қызметінің тергеушісі, майор шенінде.



МҰХАМЕДИЯРОВ Мереке Тілеужанұлы

1962 жылы 8 қарашада Ақсуда туған. 1969-1977 жылдары Ақсу сегізжылдық мектебінде оқып, 1979 жылы Ленин орта мектебін тәмәмдаған. Еңбек жолын 1979 жылы «Еңбек» кеңшары, Ақсу ауылында жұмысшылықтан бастаған. 2 жыл еңбек өтілінен кейін 1981-1984 жылдары

Целиноград қаласындағы машина жасау техникумында оқып, оны ойдағыдай аяқтайды. 1984 жылы «Еңбек» кеңшарының комсомолдары Мереке Тілеужанұлын комсомол ұйымының хатшысы етіп сайлайды. Жігерлі жас, бірден жастарды өзіне қарата білді. Ол келгеннен кейін кеңшарда көркемөнерпаздар үйірмесімен қатар спорттық командалар құрылып, жоғары жетістіктерге жете бастады. Футбол, хоккей командаларының құрамында көбіне Ақсу жастары еді. Үгіт-насихат бригадасы да науқан кездерінде жұмысшылардың қастарынан табылатын. 1988 жылы ұйымдастырушылық қабілеті мол Мұхамедияров Мереке Тілеужанұлын кеңшар директоры өз ауылына басшылыққа тағайындайды. 1989 жылы аудандық партия комитеті, партия мүшесі, іскер азаматты Қазақстан менеджмент, экономика және жоспарлау институтына жібереді. 1993 жылы аталған оқу орнын аяқтап келгесін, «Еңбек» кеңшарының өндіріс бойынша директордың орынбасарлығына тағайындалады. 1994-1997 жылдары Жаңасу ауылдық әкімшілігінің басшысы, Жаңасу селолық округінің әкімі, ал 1997-2003 жылдары Аютас ауылдық округі әкімінің орынбасары, Аютас ауылдық округінің әкімі қызметтерін атқарады. 2003-2004 жылдары Шал ақын ауданы, Сергеев қаласының әкімі болады.

Әкімшіліктегі экономикалық, әлеуметтік және тұрмыстық мәселелерді шешудегі жұмыстары ескеріліп Мереке Тілеужанұлы 2004 жылы Шал ақын ауданы әкімінің әлеуметтік, көлік және коммуникация мәселелері жөніндегі орынбасарлығына тағайындалады. 2010 жылы М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін экономика мамандығы бойынша тәмамдайды. 2007-2015 жылдары Петропавл қаласының жұмыспен қамту әлеуметтік бағдарламалар бөлімі бастығының орынбасары, аталған бөлімнің бастығы болып қызмет істейді. 2015-2016 жылдары Петропавл қаласы әкімдігінде бөлім басшысы болады. 2016-2017 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің іс басқармасының басшысына тағайындалады. Осы жылы еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті Департаменті басшысына бекітіледі. Үйленген, жұбайы – Нәзилә Өсербайқызы, Солтүстік Қазақстан облыстық мұрағат директорының орынбасары. Екеуінің қыздары Диана Астана қаласында үлкен фирмада қызметте, ал ұлдары Әділхан ҚР Президенті баспасөз қызметінің сарапшысы. Марапаттары: «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл», «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» медальдары, Сергеев, Шал ақын аудандары, Петропавл қаласы әкімдерінің грамоталары.



МҰХАМЕДИЯРОВ

Әділхан Мерекеұлы

1987 жылы 7 ақпанда Шал ақын ауданы, Жаңасу ауылында туған. 1994-2004 жылдары Жаңасу орта мектебінде оқып, үздік бітірген. 2004 жылы Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, 2008 жылы мемлекеттік және

жергілікті басқару бакалавры мамандығын алып шығады. 2008-2010 жылдары «Солтүстік Қазақстан облысы ішкі саясат» ММ-ң саяси партиялар, діни және мәдени-этно бірлестіктерімен жұмыс бөлімінің бас маманы, 2010-2011 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппараты жалпы бөлімінің бас маманы, бас бақылаушысы қызметтерін атқарады. 2012-2015 жылдары «Болашақ» бағдарламасы бойынша Ұлы Британияның Брунель университетінде оқып келеді. 2015 жылы Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің көмекшісі, бас бақылаушы қызметтерінде жұмыс істейді. 2016-2017 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі туризм және кәсіпкерлік басқарма басшысының орынбасары болады. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Президентінің баспасөз қызметінде сарапшы.



НҰРҒАЛИЕВ

Алмыспай Қазыұлы

1960 жылдың 15 ақпаны Ақсу ауылында дүниеге келген. 1977 жылы Ақсу сегізжылдық, 1979 жылы Ленин орта мектебін

тәмамдаған. 1979 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Борки поселкесіндегі Петропавл индустриалды-педагогикалық техникумына оқуға түседі. Сол жылы Кеңес Әскері қатарына шақырылып, азаматтық борышын өтеп келгеннен кейін жоғарыда аталған оқу орнын 1984 жылы «Өндірістік оқыту шебері» мамандығы бойынша аяқтайды. 1984-1986 жылдары Ақсу мектебінде еңбекке баулу және дене тәрбиесі пәндерінен дәріс беріп, ұстаздық еткен. 1986 жылы «Еңбек» кеңшарының № 2-ші (Ақсуда) трактор-егіс бригадасында механик, кейін

бригадир болды. 1995 жылы бөлімше басқарушысы әрі бригадирлікті қоса атқарады. 1998-2004 жылдары кеңшардың астық тоғының меңгерушісі, кейін 10 жылдай «Асылхан-агро» фирмасына қарасты «Еңбек» бөлімшесінің басқарушысы болды. Үйленген, жұбайы – Жәмила, жоғары білімді. 2001-2015 жылдары Ақсу сегізжылдық мектебінде оқу ісінің меңгерушісі, ал 2015 жылдан мектеп директоры қызметінде. Қыздары – Айым, Қарағанды мемлекеттік университетінің қаржы факультетін қызыл дипломмен, сол білім орнының магистратурасын тәмамдаған.

ҚАНАПИН Баян



1908 жылы Көкшетау уезі, Жаңасу ауылында (Байжан қыстауында) кедей шаруаның отбасында туған. 1922-1924 жылдары кулакта батрак болып жұмыс істеді. 1924-1928 жылдары өз шаруашылығымен айналысқан. 1928-1937 жылдары «Жаңасу» ұжымшарына кіріп, жұмыс істеген. 1937-1941 жылдары «Жаңасу» ұжымшарының төрағасы. 1941 жылы Қызыл Әскер қатарына шақырылады. Ленинград, Орталық майдандарда шайқастарға қатысқан. Қатардағы жауынгер. 1945 жылдың 9 мамырына дейін Октябрь аудандық комиссариатта есепте тұрған. Марапаттары: «Ленинградты азат еткені үшін», «Германияны жеңгені үшін» және мерейтойлық медальдар. Соғыстан кейін, 1945-1951 жылдары «Социал» ұжымшарының, 1951 жылы Чапаев атындағы ұжымшардың төрағасы болады. 1951-1954 жылдары «Қызыл-Ту» ұжымшарының төрағалығына сайланады. Кейіннен Ақсу ауылының дүкеншісі болып орналасады, бұл жұмысты зейнетке шыққанша атқарады. КОКП

мүшесі. Сергеев аудандық партия комитетінің Құрмет грамотасымен, Алғыс хатпен марапатталған. 1990 жылы ҚазКСР-ң Құрмет грамотасы да табыс етілген. 1998 жылы 90 жасқа келіп қайтыс болған. Ақсу ауылында жерленген.



БАЯНОВ

Қабдрахман (Қабдыр) Баянұлы

1946 жылы 1 қазанда Октябрь (Шал ақын) ауданы, Социал ауылында дүниеге келген. 1951 жылы әкесі Қанапин Баян «Қызыл-Ту» ұжымшарына төрағалыққа сайлануына байланысты Қанапиндер отбасы Ақсуға көшіп келеді. Қабдрахман 1953 жылы Ақсу жетіжылдық мектебінің 1 классына барады. 1961-1963 жылдары Ленин орта мектебінде оқып, орта білім алады. 1963 жылы Петропавл мемлекеттік институтының жаратылыс тану факультетіне оқуға түседі. 1968 жылы биология-химия пәндерінің мұғалімі мамандығы бойынша аяқтап, Сухорабов орта мектебіне мұғлім болып барады. 1969 жылы Ақсу сегізжылдық мектебіне биология-химия пәндерінің мұғалімі болып келеді. 1975 жылы Ақсу сегізжылдық мектебіне директор болады, осы мектепте 10 жыл басшылық етеді. «Еңбек» кеңшарының орталығында – Жаңасуда 464 орындық онжылдық мектеп салынғаннан кейін директорлық қызметке Баянов Қабдрахман Баянұлы тағайындалады. Ол бұл қызметті 2008 жылға дейін атқарды. Оның 40 жыл бойы білім беру саласында қызмет еткен еңбегі елеусіз қалған жоқ. Шал ақын аудандық білім бөлімінің Алғыс хаты, Құрмет грамотасы, Солтүстік Қазақстан облысы білім басқармасының Құрмет грамотасы, Шал ақын ауданы әкімінің Құрмет грамотасы мен алғыс хаттары - осының айғағы. Үйленген, жұбайы – Гайша Қалиқызы, бастауыш класс мұғалімі. Екеуі 3 ұл, 2

қыз дүниеге әкеліп, тәрбиелеп өсірген отбасы. Балаларының барлығы да жоғары білімді.



ҚАНАПИН

Қайролла Қанапияұлы

1927 жылы Жаңасу ауылында дүниеге келген. Сол кездегі Торанғұл мектебінде 6-7 кластарды орысша оқып, ол мектепті үздік бітірген. Кейін Жаңасу ауылында есепші болған. Петропавлда есепші оқуын бітіріп, Теренсай ауылдық кеңесінің Ленин ауылында бас бухгалтер болып қызмет атқарды. 1958 жылдан бастап Новопокровка совхозының Ақсу ауылында басқарушы болды. Соңғы жылдары шаруашылық меңгерушісі болды. Орысша, қазақша таза сөйлейтін, көркем әдебиеттерді, газет-журналдарды көп оқитын. Жаңалықтардан үнемі хабардар болып жүретін. Үнемі күнделік жазатын. Ақындардың өлеңдерін, әсіресе, Шал ақын, Ахметжан Нұртазин, Молдахмет Тырбиев және Ғалым Малдыбаевтың өлеңдерін жатқа айтатын. Жергілікті басылымдарда мақалалары жиі шығып тұратын. Аудандық газетте меншікті тілші болды. Қайролла Қанапияұлы жақсы жар, балаларына қамқор бола білген жанашыр әке болды.

Қанапина Мәну Әнәпиқызы - Жаңасу ауылының тумасы. Жайсаң, жарқын мінезді, ақкөңіл, мейірімді, қонақжай адам болатын. Қазақы салтты ұстанған, отбасының ұйытқысы, жақсы жар, аяулы ана, ағайын-туыстардың арасын жақындатып жүретін ардақты да асыл жан еді. Кескін-келбеті көркем, биязы, үлкенді сыйлап, кішіге қамқор болып жүретін. Қолынан өнер тамған ісмер болған. Мәну Әнәпияқызы 1991 жылы, ал Қайролла

Қанапияұлы 2002 жылы қайтыс болған. Екеуі де Ақсу ауылында жерленген.



ҚАНАПИН Өмірбай Қайроллаұлы

1959 жылы Ақсу ауылында туған. 1974 жылы Ақсу сегізжылдық мектебін, 1976 жылы Ленин орта мектебін мектебін үздік бітірді. Сол жылы Алматы Халық шаруашылығы институтына оқуға түсіп, 1980 жылы тәмамдап сол жылы облыстық банкке қызметке орналасты. Бала кезінен бастап алғырлығымен, ақылдылығымен, еңбекқорлығымен, сабырлы мінезімен өз ортасында сыйлы, беделді болды. Бірге оқитын достары мен мектептегі мұғалімдері және оқу орнындағы оқытушылары да қадірлейтін, жақсы көретін, кейінгілерге үлгі ететін. Ол жас болса да істеген істерімен көпшілікті баурап алатын. Достарына адал, ата-анасына жақсы өнегелі бала, ініге ақылшы аға, ағаларына ізетті іні бола білді. Көп ізденіп, көп оқитын. Алдына қойған мақсаттырына жетуге ұмтылатын жігерлі, қайратты, арманшыл еді. Әттең, қамшының сабындай ғұмыры қысқа болды, әйтпесе ендігі бір шындардың биігінен көрінер ме еді?.. 1982 жылы қайтыс болды. Ақсуда жерленген.

Байжан - Сейтімбет - **Лобаш** – Сыздық, Сәбді, Әжікерей, Байғасқа. Сыздық – Бота, Зәлбота, Жанбота. Зәлбота – Жази (ҰОС шейіт болған), Қазі – Арыстан, Ережеп, Бақыт, Белгібай, Қымбат. **Сәбді** – Серікбай, Елеусіз. **Серікбай** – Еркеш, Самар, Жақсылық – Көшербай, Аманбай, Нұрбай, Әнәс. **Елеусіз** – Тай, Жабағы. **Тай** – Кәмәл, Мариям, Күләш, Күлбәршін, Бақыт,

Бақытжан, Жұмабек, Саура, Сәуле, Мұрат, Марат, Ақбай, Абылай, Бөгебай. **Жабағы** – Ажар, Қамар, Айтiкен, Байкен, Байболсын. **Байғасқа** – Қасым (қуғын-сүргін құрбаны), Жақия, Кәмәл, Досым, **Есім** (қуғын-сүргін құрбаны).

Қасым – Кәуке, Мағзұм, Қуандық. Жақия – Мұхамедия, Қуаныш, Уазипа.

Есім – Ақназар, Ақжол, Гүлшайра, Зәуре, Әсия.



БАЙҒАСКИН

**Есім Байғасқаұлы да
алаштың дарынды азаматы еді**
*(Ұлан Сағынбектің Көкшетау
газетінің бірінде жарияланған
мақаласынан үзінді)*

Совет үкіметі кезінде қазақ халқының көрген қайғы-қасіреті аз болған жоқ. Әсіресе жанға бататыны миллиондаған қандастарымыздың құрбан болуы. Олардың бірі аштан қырылса, ал бірі «халық жауы» болып атылды, абақтыда шіріді, ит жеккенге айдалды. Бұл заман «ақтабан шұбырынды» заманынан кем болған жоқ. Егер 18-ші ғасырда қазақты сырттан келген жау шапса, ал XX ғасырда «туған үкіметі» өз халқын қойдай қырды. Қазақ сияқты аттың төбеліндей аз халықтың бетке ұстар зиялы қауымның тамырына балта шабылды. Олардың орнын толтыру мүмкін емес, себебі құрбан болғандардың бәрі де қайталанбас тұлғалар. «Елім, халқым, жерім» деп еңіреген ерлер еді. Міне, сондай адамдардың қатарына біз Байғаскин Есім Байғасқаұлын да жатқыза аламыз. Қазіргі ұрпақ ол кісіні біле бермейді, сондықтан да біз оны жұртқа таныстыруды жөн көрдік. Есім Байғасқаұлы 1893 жылы сол кездегі Ақмола губерниясы, Көкшетау уезі, Айыртау

болысында ауқатты малшының отбасында дүниеге келген. 10 жасқа келгенде әкесі ауылдағы қазақ мектебіне оқуға береді. Онда ол үш жыл оқиды, 14 жасында Тасөткел деген жерде орыс-қазақ мектебінде оқуын әрі қарай жалғастырады. 1914 жылы оны бітіріп, 2 жылдық орыс мектебінде дәріс алады. 1916 жылы оны да ойдағыдай бітіреді. Білімге өте құштар, Есім оқуын одан әрі қарай жалғастыра алмайды. Себебі 1916 жылы қазақ халқының патша үкіметіне қарсы ұлт-азаттық көтерілісі басталады...1917 жылы ақпан революциясынан кейін Есім Байғасқаұлы Омбы қаласына барып, сондағы жеке меншікті, ақы төлеп оқитын 4 жылдық гимназияға оқуға түсуге мәжбүр болады... Есім Байғасқаұлының еңбек жолы 1919 жылы желтоқсан айында басталады. Ол Айыртау болысының революциялық комитетінің төрағасы болып істейді. Одан кейін аудан, облыс көлемінде әр түрлі қызметтерді атқарады. 1921 жылы ВКП (б) қатарына кіреді. 1924 жылы Ақмола губкомы Есім Байғасқаұлын Ташкенттегі Орта Азиялық мемлекеттік университетіне оқуға жібереді. Университетте оқып жүрген кезінде күнкөрістің қиындығынан жұмыс істеуге мәжбүр болады. Үйленіп, балалы-шағалы болған соң, оқуында үш жыл үзіліс болады да, Ташкент қаласында патия-совет мекмелерінде қызмет атқарады. Атап айтқанда, Ташкент аудандық атқару комитетінің төрағасы, қазақ тілінде шығатын «Ақ жол» газетінде редактордың міндетін атқарады. Басына түскен қиыншылықтарға қарамай, оқуға деген зор талабының арқасында ол 1931 жылы университетті ойдағыдай бітіріп, экономист-жоспарлаушы деген мамандық алып шығады. Университетті бітіргеннен кейін САХИ аспирантурасына түскен. Есім Байғасқаұлы Ташкентте тұрғанда Мағжан Жұмабаев, Көшке Кемеңгеров, Жүсіпбек Аймауытовпен көп араласады. 1932 жылы ол Қазақстанға оралады да, өзінің бар күш-жігерін, білімін жұмысқа салады. Шымкентте «Қазақмақта»

мекемесі бастығының орынбасары болып жүрген кезде оны 1933 жылдың қазан айында үкімет басшылары ғылыми жұмысқа жібереді. Қазақстанның ауыл шаруашылық экономикасы ғылыми зерттеу институтының, одан кейін Қазақтың мал-дәрігерлік институтының директоры болып қызмет еткен. Есім Байғасқаұлы жас мамандарды, соның ішінде ұлттық кадрларды дайындау ісіне ат салысады. 1936 жылы «Қазақ баспасына» техникалық әдебиеттің редакторы болып ауысады. Бірақ ол жерде көп істемейді. 1937 жылдың 22 қазанында НКВД жендеттері оны қамауға алады да, «халық жауы» деген айдар тағылып, 1938 жылдың 27 –ші ақпанында атылады... 1938 жылдың 10 сәуірінде Есім Байғасқаұлының әйелі Хусниді де қамауға алады. Оған «халық жауының» әйелі деген айып тағылады. Сол кезде жесір қалған Хуснидің қолында 5 бала бар еді, соған қарамай оны 8 жылға соттайды. Хусни Ақмоладағы халық жаулары әйелдерінің лагерінде (АЛЖИР) көп қиындық көреді. 1957 жылы 1 ақпан күні КСРО Жоғарғы сотының әскери алқасы Байғаскин Есімнің ісін қарап, оның қылмысы жоқ деп ақтады. Сол жылы Хусниді де ақтайды. Хусни 1988 жылы қайтыс болды.

Сыздықов Қази

1915 жылы 1 қаңтарда туған. 1941 жылы Қызыл Әскер қатарына шақырылған. Қатардағы жауынгер, атқыш. Калинин, Прибалтика майдандарында неміс басқыншыларымен шайқасқа қатысқан. Көптеген Прибалтика елді-мекендерін азат ету ұрыстарында болған. Соғыстан кейін әр жерлерде тұрып жұмыс істеген.

Зейнетке өз еліне келіп, малшы болып шыққан. Үйленген, жолдасы Тамара екеуі 3 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсірді. 2009 жылы қайтыс болған. Ақсу ауылында жерленген.



СӘБДЕНОВ **Жақсылық Серікбайұлы**

1933 жылы 15 наурызда туған. Жұмыс өтілі 1952 жылы Петропавл қаласындағы педагогикалық училищені бітіргеннен кейін басталған. Алғашында Есіл (Ленин) ауданының Чириков мектебінде математика-физика пәндерінің мұғалімі болған. Кейіннен Новокамен, Озерный,

Шахау, Ақпас, Чапай мектептерінде математика-физика пәндерінен дәріс берген. Петропавл педагогикалық институтын сырттай оқып бітірген. Жоғары білімді маман, мінезі жуас, Жақсылық Серікбайұлы нағыз педагог ретінде шәкірттеріне өте жақсы тағлым, тәрбие бере білді. Бұл кісінің алдынан математика мен физика пәндеріне қызығушылық танытып, әрі қарай жалғастырып әкеткен оқушылар жететін. КОКП мүшесі болып, қоғамдық жұмыстарға да белсене қатысты. Үйленген, жұбайы – Сәбденова (Зәкіриянова) Сәруәр Қабдөшқызы (19.06.1934-12.12.2012), Ақсудың тумасы. Екеуі дүниеге 4 ұл әкеліп, олардан 9 немере, 16 шөбере сүйген жандар. Жақсылық Серікбайұлы 1986 жылы қайтыс болған. Ақсуда жерленген.

ЕЛЕУСІЗОВ Тай



1923 жылы 30 желтоқсанда туған. 1942 жылы Октябрь аудан-дық комиссариаттан Қызыл Әскер қатарына шақырылады. Петропавл қаласында 37-ші қосымша полкте кіші әскери басшылар даярлық курсынан өтеді. 1942 жылдың тамызында майданға жіберіледі. Дон өзенінің батыс жағалауында қорғаныс шебін құрып, оны 5 ай бойы ұстап тұрған. 1943 жылдың 10 қаңтарында шабуылға шығып, немістердің мықты шебін бұзған шайқаста контузия алады. Айығып шыққаннан кейін 25-ші әуе дивизиясының құрамында Белгород қаласының маңындағы соғысқа қатысады. 1943 жылы Полтава түбінде жараланады, жазылысымен Қорған қаласындағы қосымша танк полкына оқуға жібереді. 1944 жылдың аяғында Нижний- Тагиль қаласында Т-34 танкісінің мүшесі әрі ату құрылғысы құрамының басшысы етіп, Батыс Пруссия жеріне жібереді. Ақпанның 2-нен 26-на дейін 16 рет шабуылға шыққан. Рота басшысы Симоновтың жетекшілігімен Кенисбергке барар жолды кесіп, неміс-фашист басқыншыларын жібермей ұстап тұрған. Сондай шайқастардың бірінде механик- жүргізуші мерт болады, өзі де ауыр жараланады. 1945 жылы тамыз айында Қызыл Әскер қатарынан шығарылып, 2-ші топтағы мүгедектік беріледі. Сол шайқастағы көрсеткен батылдығы мен қайсарлығы үшін марапаты, 30 жыл өткеннен кейін табыс етілді. Соғыстан кейін Тай Елеусізов Шаховское селосына келіп жұмысқа орналасады. Аудандық мамандандырылған шаруа бірлестігінде қойма менгерушісі болып, зейнетке шығады. Үйленген, жұбайы Шәмшәт екеуі 8 қыз, 6 ұл

дүниеге әкеліп, өсіріп жеткізді. 1985 жылы қайтыс болған. Шаховское селосында жерленген.



ЕЛЕУСИЗОВ
Жұмабек Тайұлы

1960 жылы 19 қарашада Шаховское селосында дүниеге келген. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Шаховское орта мектебін 1977 жылы тәмамдаған. 1977-1983 жылдары Целиноград қаласында медициналық институтта оқып, оны ойдағыдай аяқтаған. 1984 жылдан 1988 жылға дейін Петропавл қаласында дәрігер-психиатор болып жұмыс істеген. 1988-1993 жылдары Москва қаласында ординатура, аспирантурада оқыған. Оқуын бітіріп келгеннен кейін Петропавл қаласындағы психиатриялық ауруханада жұмысын жалғастырған. 2002 жылдан мемлекеттік қызметте. Үйленген, екі баласы бар.

БАИЖАН Қоныспай

Қоныспай – Жаныс, Жантак. **Жаныс** – Алпыс, Нұржау. Алпыс – Иса – Нұркей, Бүкітай, Керей. Нұржау – Ыбырай, Ысқақ, Қызыке. Ыбырай – Айтқожа, Рыскелді, Күлзейнеп, Күләш, Күлпәш. Айтқожа – Гүләндәм, Бейбіт, Бақырам, Гүлиям, Бибігүл, Жеңіс. Рыскелді – Гүлнұр. Ысқақ – Төлеген, Бейсенбай. Төлеген – Ақбөпе, Ұлбике, Жұмабек – Ақыл, Әділ, Әйгерім, Гәуһар, Анар. Бейсенбай – Жұлдыз, Құндыз, Серік. **Жантак** – Нұртай – Олжабай, Сапар. Олжабай – Ережеп, Сексенбай, Әубәкір. **Ережеп** – Шитік (ҰОС шейітболған) Ескен – Құрманқожа – Айболат (Нағашыбай), Жылкелді, Дулат, Думан, Ахметжан, Көгершін, Айсұлу. Айболат – Рахат. Жылкелді – Айгерім, Лашын, Елжас, Алуа. Дулат – Ахмет, Махаббат, Әділет. Думан – Дарина. Сексенбай – Жанбатыр, Зейткен. Жанбатыр – Рахым. Зейткен – Кәмәл, Сара. Әубәкір – Ахметжан, Күмси, Күлипа. **Сапар** – Темірғали, Мұшрауын, Қоқаш, Жолдыбай, Боранбай. **Темірғали** (қуғын-сүргін құрбаны) – Дулат. Мұшрауын – Мәриям, Самат, Совет, Хамет. Самат – Жұмагүл, Дулат, Арман, Раушан, Бибігүл. Совет – Серік, Жанар. Хамет – Берік, Қанат, Жанат, Айгүл. Қоқаш – Болат, Зейнеп, Зейнұр, Үмітжан. Болат – Қайрат, Қуаныш (Қошай), Гүлшат. Қайрат – Арай, Асылбек, Гүлжан, Назгүл. Қуаныш – Ерден, Әділбек, Нұрсұлтан. Жолдыбай – Жанат. Боранбай – Сағындық, Ағзам, Сәбит, Қаржас, Раушан. Керей – Көшербай, Медетбай, Мұметжан, Хамит. Көшербай – Айман, Айгүл, Гүлнәр, Марат, Аман, Арлан. Медетбай – Жұман, Рауза, Қабдолла, Еншілес. Мұхаметжан – Нұржан, Ержан. Хамит – Дәурен, Райхан, Сәуле.

ЕРЕЖЕПОВ

Жылкелді Құрманғожаұлы



1967 жылы 4 қаңтарда Ақсу ауылында дүниеге келген. 1974-1982 жылдары Ақсу сегізжылдық мектебінде оқыды. 1982-1985 жылдары аудан орталығы –Сергеев қаласындағы селолық кәсіптік-техникалық училищеде оқып, электрик мамандығын алып шығады. Осы мамандық бойынша Ақсуда электрик болып жұмыс істейді. 1987-1989 жылдары Кеңес Әскері қатарында өз міндетін атқарады. Әскер қатарынан келгеннен кейін «Еңбек» кеңшарының өндірістік және шаруашылық құрылымдарының электригі болады. Бұл жұмысты 2006-шы жылға дейін атқарады. 2006 жылдан Петропавл қаласының тұрғыны. «Заңғар» ЖШС –де жұмыс істейді, цех бастығы. Бұл серіктестік пластикалық терезе, есіктер жасаумен, басқа да құрылғылар құрастырумен және жөндеу жұмыстарымен айналысады. Бұл мекеменің басшысы жерлесіміз – Мәкенов Серік Сұрағанұлы. Жылкелдінің өзі сыртта жүрсе де ауылдағы істеліп жатқан шаралардан қалыс қалып көрген жоқ. Елге жанашырлық танытатын жігіттердің бірі.Үйленген, жұбайы – Сұлужан Нұрымқызы. Екеуі 1 ұл, 3 қыз дүниеге әкелген отбасы. Інісі Ахметжан Құрманғожаұлы 1995-1996 жылдары Кеңес Әскері қатарында азаматтық борышын өтеген. 1996 жылы 12 маусымнан 16 қазан аралығында Ауған-Тәжікстан шекарасында отты жерлерде болып келген. 2000 жылы қайтыс болған. Ақсуда жерленген.

ВОЛЖСКИЙ КЛЕТ
№ 5517812

Имя: Сергей
Фамилия: Сергеевич
Пол: муж
Дата рождения: 1925
Место рождения: Казань
Паспорт: 4
Подпись: Сергеевич

1. Место рождения: Казань
2. Место рождения: Казань
3. Место рождения: Казань
4. Место рождения: Казань
5. Место рождения: Казань
6. Место рождения: Казань
7. Место рождения: Казань

ВОЛЖСКИЙ КЛЕТ
№ 5517812

Имя: Сергей
Фамилия: Сергеевич
Пол: муж
Дата рождения: 1925
Место рождения: Казань
Паспорт: 4
Подпись: Сергеевич

1. Место рождения: Казань
2. Место рождения: Казань
3. Место рождения: Казань
4. Место рождения: Казань
5. Место рождения: Казань
6. Место рождения: Казань
7. Место рождения: Казань

ВОЛЖСКИЙ КЛЕТ
№ 5517812

Имя: Сергей
Фамилия: Сергеевич
Пол: муж
Дата рождения: 1925
Место рождения: Казань
Паспорт: 4
Подпись: Сергеевич

1. Место рождения: Казань
2. Место рождения: Казань
3. Место рождения: Казань
4. Место рождения: Казань
5. Место рождения: Казань
6. Место рождения: Казань
7. Место рождения: Казань

ВОЛЖСКИЙ КЛЕТ
№ 5517812

Имя: Сергей
Фамилия: Сергеевич
Пол: муж
Дата рождения: 1925
Место рождения: Казань
Паспорт: 4
Подпись: Сергеевич

1. Место рождения: Казань
2. Место рождения: Казань
3. Место рождения: Казань
4. Место рождения: Казань
5. Место рождения: Казань
6. Место рождения: Казань
7. Место рождения: Казань



ҚОҚАШЕВ Болат Қоқашұлы

1936 жылы 5 желтоқсанда Ақсу ауылында дүниеге келген. 1-2 класты ауылда қазақша оқиды, оның зеректігін байқаған әке-шешесі Новопокровка селосындағы орыс мектебіне оқуға береді. Оған 1 кластан қайта бастауға тура келеді, сөйтіп, 7 кластық білім алып шығады. 17 жасында сол кездегі

Октябрь ауданының орталығы Марьевка селосында халық сотының хатшысы болып жұмыс істеген. 1963 жылы Петропавл есеп-экономикалық техникумына оқуға түсіп, 1966 жылы есепші-экономист мамандығын алады. Есеп-шотқа жүйрік Болат Қоқашұлы аудандық Мемлекеттік банкке жұмысқа кіреді. 1970 жылы туған ауылына келіп, бөлімше есепшісі болып орналасады. Бөлімшеде істейтін жұмысшылардың еңбек ақылары дұрыс қортылып, жалақылары уақытында беріліп отыратын. Жеке қарабасы сондай қарапайым еді, елгезек, кішіпейіл болатын. Үйленген, жұбайы – Кәмәш та өзіне лайық, биазы жан еді, ылғи да кісіге жымия қарап сөйлейтін. Ауылға келгесін дүкенші болды. Елге сыйлы, қадірлі бола білді. Екеуі дүниеге үш ұл, бір қыз әкеліп, енді қызықтарын көретін шақтарында, қатал тағдыр оны жазбады. 1975 жылы жұбайы Кәмәш кенеттен дүниеден озды. Ал алты жылдан кейін, 1981 жылы өзі қайтыс болады. Екеуі де Ақсуда жерленген.

ҚОҚАШЕВ Қайрат Болатұлы



1958 жылы 10 шілдеде Шал ақын (Сергеев) ауданы, Ақсу ауылында дүниеге келген. 1965-1975 жылдары Ақсу сегізжылдық, кейін Ленин орта мектебінде білім алған, орта білім аттестатымен бірге трактор жүргізуші куәлігін де алады. 1975 жылы ауылға жұмысқа кіреді. 1976-1978 жылдары Кеңес Әскері қатарында Украинаның Днепропетровск қаласында әскери қызметін атқарады. Азаматтық борышын өтеп келгеннен кейін, бұрынғы жұмысына орналасады. 1980 жылы К-700 тракторын жүргізушілер курсына барып, 3 ай оқып шығады. Сол жылдан, кеңшар таратылғанша К-700 тракторында жер жыртты, егін септі, сүгір көтерді. Ал орақ науқанында комбайынға отыратын. Алдына қойылған міндеттерді, жоспарларды уақытында және сапалы орындайтын. Жылдық қорытынды бойынша алдыңғы қатардағы механизатор ретінде көрініп жүрді. Бірнеше мәрте социалистік жарыстың жеңімпазы атанған. Үйленген, жұбайы – Ләйлә Аманжолқызы, Ақсудың тумасы, еңбекқор. Ауылдың тауарлы-сүт фермасында сауыншы болған. Екеуі 2 ұл, 2 қыз дүниеге әкеліп, тәрбиелеп өсірді.



МҮШРАУЫНОВА Жанар Советқызы

1969 жылы 12 қыркүйекте Петропавл қаласында дүниеге келген. Петропавлдың № 21 мектебіне 1-классқа барды, 3-ші классты № 3 мектепте жалғастырып, сегіз жылдықты сол мектептен бітіріп шықты. Үздік оқушыларды №7 орта мектепке ауыстырды. Жанар жастайынан өте ширақ, белсенді, сабақты «4» пен «5» ке оқитын оқушы болды. Көптеген үйірмелерге қатысатын. Ол іс тігуді, тоқыма тоқуды, суретке түсіруді жақсы көретін. Көркем өнерпаздар үйірмесіне қатысып өлең де айтатын. 1986 жылы жергілікті «Ленинское Знамя» газетіне таратушы болып орналасады, бір жылдан кейін корреспонденттер бөліміне ауысады. 1988 жылы Алматыға барып, Аль-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне оқуға түседі. Ол жоғарғы оқу орнын бітірісімен, 1993 жылы халықаралық «Азия Даусы» фестивалінің аға редакторы болып орналасады. 1995 жылы отбасы қуанышты болып, дүниеге егіз Эрик пен Зарина келеді. Екі жылдан соң Жанарды «Сезон» журналы қызметке шақырады. Ол бұл жұмыста бас редактор болып өмірінің соңына дейін істеген. Артында аяқталмай әңгімелері мен кітабы қалды. Балалары Эрик пен Зарина Алматы қаласында оқып, мектепті білім грантымен аяқтады. Олар Чехияның астанасы Прага қаласына барып, бір жыл тіл үйрену бағдарламасын игеріп емтихандарды ойдағыдай тапсырады. Қазір екеуі де Прага университетінің студенттері. Эрик архитектура факультетінде, ал Зарина мамасы сияқты журналистиканы тандаған. Оқулары чех және ағылшын тілдерінде өтеді.

Сапақ


Сапақ – Жантеке, Пұшық. Жантеке – Жантелі, Бабасан, Бабажан, Елтоқ. Жантелі – Ақпай, Тоқпай, Алданазар, Мұса. **Ақпай** – Елеу, Балғожа. Елеу – Сейітқожа, Ыбырай, Үміт. Балғожа – Құдайберген (Құдыш), Айтбай (ҰОС шейіт болған), Орынша. Құдайберген – Серкелбай, Қайрақбай, Өсербай, Ерғасым, Нұрсұлу. Серкелбай – Нұрлан, Ерлан, Гүлжан. Қайрақбай – Айгерім, Айжан. Өсербай (Өскен) – Шыңғыс, Мөлдір, Акерке. Ерғасым – Берік, Нұрсұлтан, Ақжүніс, Оксана. **Бабасан** – Нарғожа – Әлжан, Әбілжан, Жұмай, Нығметжан. Әлжан – Балтабай, Әлия, Құрманғазы, Марал, Сакен, Мұрат, Марат, Айкен. **Алданазар** – Бектас – Кәкіжан – Төлеу, Кәкім, Бақыт, Жоламан, Еламан. **Мұса** – Сүгір - Жақия, Қатия, Гүлдана, Бәдігүл, Шәрбән, Қали, Айша, Бадиша, Ақмарал, Шапия. Жақия – Шайзада, Шарипа, Әсия, Шамшидден (Шәуе), Қасым, Жоламан. Шамшидден – Серік, Сартай, Ләззәт, Жалбағай, Айтбай, Света. Қасым – Еркебұлан, Қанат, Мира, Әлия, Жанна, Аида. Жоламан – Еркін, Ира, Жарқын, Елтай, Ерболат, Ақжібек, Әсемгүл, Роза, Айгүл. Қатия – Әнәс, Жолаушы (Ботан), Әсия, Алма. Қали – Зұлқарнай – Әскер, Серік. Бәдігүл – Қажен, Телеу, Есман, Ғаббас.



МУСИН
Шамшиден (Шәуе) Жахияұлы

1927 жылы 21 мамырда туған.
1944 жылы Октябрь
ауданының Ленин орта мектебін
тәмамдаған. Петропавл
ауылшаруашылық техникумын
бітіргеннен кейін, Омбы
қаласында ауылшаруашылық

институтта оқып, зоотехник мамандығын алып шығады.
1949-1950 жылдары Боголюбов селосында аудандық
ауылшаруашылық бөлімінде зоотехник болып қызмет
атқарған. 1950-1956 жылдары қазіргі Есіл ауданының
Ильинка, 1956-1963 жылдары сол ауданның Амангелді,
Жарғайың, Өндіріс, Өрнек, Қаратал ауылдарында
зоотехник болған. 1963-1964 жылдары Афанасьевка
кеңшарында экономист қызметін атқарған. 1964 жылдан,
өмірінің соңына дейін Октябрь аудандық әлеуметтік қамту
инспектрі қызметінде істеген. Жұбайы Төлеу екеуі төрт ұл,
екі қыз туып, тәрбиелеп өсірген жандар. 1970 жылы 6
мамырда қайтыс болған, Ақсуда жерленген



МУСИН
Жалбағай (Жабай)
Шамшиденұлы

1960 жылы 30
қаңтарда Марьевка
селосында туған. 1967-
1975 жылдары Сергеевка
қаласының мектебінде оқыған. 1975-1979 жылдары
Петропавл есеп-экономикалық техникумында оқып, жерге
орналастыру мамандығын алып шығады. 1979-1981
жылдары Кеңес Әскері қатарында әскери міндетін
атқарған. 1981 жылдан Сергеев суторабында – инженер-

гидротехник қызметін атқаруда. Жұбайы Загира екеуі бір ұл бір қыздан төрт немере сүйіп отыр.



МУСИН Қатия Мұсаұлы

1908 жылы 12 наурызда Октябрь ауданы, Жаңасу ауылында дүниеге келген. 1942 жылы Қызыл Әскер қатарына шақырылған. 1943 жылға дейін 344-ші, соғыстың аяғына дейін 813-ші атқыштар полктарының сапында шайқасқа қатысқан. 1946 жылы елге оралып, Приишим ауданының Боголюбово селосында жылқышы болған. Үйленген, жұбайы – Көпей Кәрімқызы, нәсілі-Есенгелді. Қатия Мұсаұлы 13.05.1959 жылы қайтыс болып, Ақсу ауылында жерленген. Көпей Кәрімқызы 01.04.2000 жылы дүниеден өткен, Мектеп ауылында жерленген.



АҚПАЕВ Құдайберген (Құдұш) Балғожаұлы

1917 жылы 6 қаңтарда Солтүстік Қазақстан облысы, Октябрь ауданы, Ақсу ауылында туған. 1941 жылы Қызыл Әскер қатарына шақырылған. Әскери қызметі: Ленинград майданы, № 314 – атқыштар дивизиясы, бөлім командирі, кіші сержант. Ақсудан Берлинге дейін жеткен жауынгерлердің бірі. Еуропаның көптеген қалаларын неміс басқыншыларынан азат етуге қатысқан. Марапаттары:

«Қызыл Жұлдыз» ордені, «Варшаваны алғаны үшін», «Прағаны алғаны үшін», «Берлинді алғаны үшін» және мерей тойлық медальдары 1947 жылы соғыстан оралады. 5 жыл Қарағанды шахтасында еңбек еткен. Қызылтуда тұрып, малшы болған. Кейін Октябрь орман шаруашылығының Сардоновка бөлімінде жұмыс істеген. 1957 жылы елге оралып, мал баққан. Жұбайы Көпен екеуі төрт ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірді. 1977 жылы қайтыс болды. Ақсуда жерленген.



АҚПАЕВ Серкелбай Құдұшұлы

1952 жылы 17 тамызда Солтүстік Қазақстан облысы, Пришим ауданы, Қызыл-Әскер ауылында дүниеге келген. 1959-1967 жылдары Ақсу сегізжылдық мектебінде оқыған. 1969 жылы Ленин орта мектебін бітіреді. 1970 жылы Петропавл қаласындағы темір жол училищесіне оқуға түсіп, 1972 жылы машинист мамандығын алып шығады. 1972-1974 жылдары Кеңес Әскері қатарында өз міндетін атқарады. 1974 жылы ҚКСР ІІМ Шымкент қаласындағы «Қылмыстық-атқару жүйесі» училищесіне оқуға түсіп, 1976 жылы лейтенант шенінде аяқтап шығады. Солтүстік Қазақстан облысы, Жамантау селосының маңында орналасқан «ЕС-164/4» мемлекеттік мекемесіне қарасты сотталғандарды ерекше режимде ұстайтын ИТК-27 да қызмет атқарады. 1976-1981 жылдары сол мекемеде инженер, жасақ бастығы болады. 1981-1994 жылдары мекеменің басшылық құрамында, мекеме бастығының тәрбие жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарады. Міне осы жылдары, ол өзінің елінде, Ұлы Отан соғысында шейіт болған Ақсу азаматтарына

ескерткіш орнатуға көп көмектесті. Жоба бойынша ортада тұратын биік стелла мен екі жағындағы тізімдер жазылатын тақта-тастарға дейін өзі қадағалап отырды. Маңайына төселетін тастарға дейін жібертті. Мұны ешқашан естен шығармауымыз керек. 1992 жылы Ақпаев Серкелбай Құдұшұлына ішкі істер қызметінің подполковнигі атағы берілді. Үйленген, жұбайы – Салтанат, осы салада қызмет істеп зейнетке шықты. Екеуінің 1 қыз, 2 ұлы бар. Қызы Гүлжан әкесінің жолын қуып, қылмыстық атқару жүйесінің әділет майоры, әкесі оқыған Шымкент заң колледжін 1999 жылы бітіріп, СҚО ҚАЖД 164/6 мекемесінде қызмет істейді. Екі ұлы да қызметте. Серкелбай Құдұшұлы 1994 жылы 11 тамызда апаттан қайтыс болады. Ақсу ауылында жерленген.



НАРҒОЖИН Әлжан

1924 жылы 27 желтоқсанда Октябрь ауданы Жаңасу колхозы Ақсу ауылында туған. 1939-1942 жылдары колхозда жұмыс істеген. 15 жасынан өгіз жегіп, соқа айдаған. Егін егіп, шөп шабуға, мал азығын дайындауға қатысқан. 1942 жылы Қызыл Әскер қатарына шақырылып, Қиыр Шығыстағы Владивостокқа жіберіледі. Тынық мұхиты флоты әскери бөлімінің атқыш-матросы болып Жапон соғысы басталғанша шекарада тұрған. 1945 жылы тамыздың 9-нан қыркүйектің 3-не дейін соғысқа қатысқан. Жапон соғысындағы көрсеткен ерліктері үшін алған марапаттары: «2-ші дәрежелі Отан соғысы» ордені, «Жапонияны жеңгені үшін», «Георгий Жуков», және мерей тойлық медальдар. Совет Одағының Бас Қолбасшысы Генералиссимус Сталиннің № 372

бұйрығымен алғыс жарияланған. 1947 жылы 17 мамырда елге оралған. 1950 жылы ауылшаруашылығы механизаторы куәлігін алған. 1952 жылы Күлзабираға үйленген. 1957-1963 жылдары Новопокров кеңшарында механизатор болып жұмыс істеген. 1963-1969 жылдары кеңшардың №2 бөлімшесінде бригадир болған. 1970-1971 жылдары шикізаттарды сұрыптаушы-дайындаушы, 1971-1974 жылдары сатушы болып ауысады. 1974-1977 жылдары жұмысшы, ал 1977-1986 жылдары орманшы болған. Жұбайы Күлзабира екеуі 5 ұл, 3 қыз тәрбиелеп өсірді. Үлкен ұлдары Балтабай Ресейдің астанасы Москвадағы Метрода қызмет атқарады. 1998 жылы 27 қаңтарда қайтыс болды. Ақсуда жерленген.

Жұбайы Күлзабира 2017 жылы қыркүйекте 89 жасқа келіп қайтты. Ақсуда жерленген.



НАРҒОЖИН Мұрат Әлжанұлы

1968 жылы 4 қыркүйекте Ақсу ауылында дүниеге келген. 1983 жылы Ақсу сегізжылдық мектебін бітіргеннен кейін Сергеев қаласында СПТУ-ға оқуға түсіп, 1986 жылы механизатор мамандығын алып шығады. 1987-1989 жылдары Кеңес Әскері қатарында азаматтық борышын өтеп келеді. 1990-2000 жылдары «Еңбек» кеңшарында жүргізуші жұмысын атқарады. Жұмысқа тыңғылықтылығымен көзге түскен Мұратты кеңшар басшылары трактор-егіс бригадасының бригадирі етіп тағайындайды. Үш жылдай бригадаға жетекшілік еткен ол қарамағындағыларды да жұмысқа жұмылдыра білді.

2003 жылы кеңшар инвесторлардың қолында кеткесін жеке кәсіппен айналысуға бет бұрды. 1993 жылы Ләйләға үйленеді. Қазір 2 қыз, 1 ұл тәрбиелеуде. Мұрат пен Ләйлә Ақсу ауылының дүкенін ұстап отыр. Жай ғана ұстап отырған жоқ, ауыл тұрғындарының мұң-мұқтаждарын да шешуге қолдарын созады.

Сапақ - Жантеке - **Бабажан** – Ысқақ – Андағұл, Мақаш, Иса. **Андағұл** – Божықан, Қажықан, Жылби. Божықан – Ракия – Қайырбек, Сараш, Зураш, Ержан. Қажықан – Зада. **Мақаш** – Жантас, Байтас. Жантас – Кәмел. Байтас – Жұмабек, Зәуре, Ажар, Сапура, Рауан. Жұмабек – Сайран, Сабыржан, Әміржан, Дулат, Темірболат, Алма. Сайран – Саят, Азат. Сабыржан - , Әміржан – Ерік, Эльмира. Темірболат – Айдар, Айнұр. Дулат – Әсет. **Иса** – Кемел, Әлти (Екеуі де ҰОС шейіт болған), Гүлімжан, Сәден – Есім, Аяған, Айәшкен, Күміс, Сүфия, Мәркеш, Бақтыбай (Бәтәй). Бақтыбай – Зарап, Арап, Алтын, Марат, Мереке, Анар, Гүлмира, Сырым. Зарап – Нұрым, Темірлан, Сандұғаш. Мереке - Сағадат, Мерей, Динара, Диана. Марат – Бағдат, Мадина. **Елтоқ** – Байназар, Шешеней. Байназар – Нұрқожа, Құрманқожа. Нұрқожа – Мүштай, Мұстафа, Тәке, Уахит –Қарлығаш, Сәрсенбай, Сансызбай, Мәрияш, Мәржан, Таласпай, Жараспай. Құрманқожа – Қабдеш. Шешеней - Нарқожа, Күміс.



Божықанов Рақия 1899 жылы туған. Ұлы Отан соғысы басталғаннан кейін Қызыл Әскер қатарына шақырылған, қатардағы жауынгер, жараланған. (Құжаттары сақталмағандықтан соғыс уақытындағы және одан кейінгі деректер жоқ). Соғыс біткесін елге оралып, ұжымшарда, кейін «Новопокров» кеңшарында малшы болып зейнет демалысына шыққан. 1984 жылы қайтыс болған. Ақсу ауылында жерленген.

Бектасов Кәкіжан 1914 жылы туған. Ұлы Отан соғысына қатысқан, қатардағы жауынгер. (Бұл кісінің де құжаттары сақталмаған). Соғыстан кейін ұжымшарда жұмыс істеген. «Новопокров», «ВЛКСМ-ның 50 жылдығы» кеңшарларында малшы болған. 1990 жылы қайтыс болған. Ақсу ауылында жерленген.



БАЙТАСОВ Жұмабек

1938 жылы 20 сәуірде Солтүстік Қазақстан облысы, Октябрь ауданы, Ақсу ауылында туған. 1956 жылы Новопокров мектебін бітірген, 7 класстық білімі бар. 1957 жылы аудан орталығы Марьевка селосында 3 айлық курста оқып, жүргізуші куәлігін алған. 1960-1961 жылдары № 145-ші Ворошилов училищесінде оқып, комбайнер мамандығын, ал 1963-1965 жылдары № 145-ші Ольгинка кәсіптік-техникалық училищесінде, ауылдық жерлерде электр және байланыс жүйелерін құрастырушы мамандықтарын алады. Еңбек жолын 1958 жылы Новопокров автобазасында жүргізуші болып бастайды. Өмірінің соңына дейін «Новопокров», «БЛКЖО-ның 50 жылдығы», «Еңбек» кеңшарларында жүргізуші болып істеді. № 2-ші бөлімшенің шарушылығына пайдаланылатын жалғыз көліктің ауылда көп септігі тиді. Алғашында «полуторка» деп аталатын, фанер кабиналы машинадан бастаған Жұмабек Байтасұлы ауылдағы барлық тұрғындардың мұң-мұқтажын, қайғы-қасыретін, қызық-қуаныштарын бірге бөлісіп жүрді. Кеңшар, аудан орталықтарындағы қажеттілікті орындап келу, селолық, аудандық кеңестердегі тіркелуге байланысты жұмыстарға бару, поштаға, дүкенге т.б. мұқтаждықтармен бару осы кісінің арқасында болатын. Ауыл жұртының мың алғысына ие болған жан еді. Үйленген, жұбайы – Байтасова (Дүйсенбина) Майнұр, 1938 жылы Алқағаш ауылында туған. 1961 жылы «Новопокров» кеңшарында жұмысшы болып бастаған, кейін ауылдағы товарлы сүт фермасында сауыншы болып еңбек етті. Жұмысқа тыңғылықты Байтасова Майнұр 1975 жылы Новопокров селолық кеңесінің депутаттығына

сайланды. Екеуі 5 ұл, 1 қыз дүниеге әкеліп, жеткізді. 1970 жылы «І-ші дәрежелі Ана», 2010 жылы «Күміс алқа» медальдарымен марапатталған. Байтасов Жұмабек 1986 жылы қайтыс болған. Ақсу ауылында жерленген.



БАЙТАСОВ **Сайран Жұмабекұлы**

1959 жылы 1 ақпанда Ақсуда туған. 1965 жылы Ақсу сегізжылдық мектебінің 1 классына барып, оны 1973 жылы бітіреді. 1975 жылы Ленин орта мектебін бітіргеннен кейін Петропавл педагогикалық институтына «математика» мамандығы бойынша оқуға түседі. 1977-1979 жылдары Кеңес

Әскері қатарында қызметін өтейді. 1979-1980 оқу жылы Ақсу сегізжылдық мектебінде мұғалім. 1980-1983 жылдары «Целиноградсельмаш» зауытында металл кесуші. 1983-1988 ж.ж. Ақмола ауылшарушылық институтында оқып, инженер мамандығын алады. 1988-1990 ж.ж. Ақмола қаласында ЕЦ – 166/10 мекмесінде инженер-технолог. 1990-1992 ж.ж. Ақмола ауылшаруашылық институтында лаборатория меңгерушісі. 1992-1993 ж.ж. Ақмола қ. облыстық кәсіптехникалық білім басқармасының жетекші маманы. 1993-1996 ж.ж. Ақмола қаласы АКТУ директоры. 1996-1997 ж.ж. «НҰР-САДЕЗ» ЖШС коммерция бойынша директордың орынбасары. 1997-1998 ж.ж. ҚР ИМ Қостанай жоғарғы мектебінің Ақмола филиалының тәрбие және әлеуметтік-құқық жұмыстары бойынша бөлімінде аға инспектор. 1998-2000 ж.ж. ҚР ИМ тыл Департаменті ғимараттары күзет ротасының командирі. 2000-2004 ж.ж. ҚР ИМ «Солтүстік»

әскери және арнайы жабдықтау базасы» ММ механика, көлік және қызмет көрсету бөлімінің бастығы.

2004-2009 ж.ж. ҚР ІІМ тыл Департаменті әскери және арнайы жабдықтау басқармасы орталық аппараты материалмен қамтамасыз ету бөлімінің бастығы, басқарма бастығының орынбасары, әскери тексеру бөлімінің бастығы. Әскери шені – полковник. Үйленген, жұбайы – Баян, екі баласы бар.



СӘДЕНОВ Бақтыбай (Бәтәй)

1942 жылы Ақсу ауылында туған. Еңбек жолын 17 жасында, яғни, 1959 жылы жұмысшы болып бастады. 1960 жылы «Новопокров» кеңшарының №2 бөлімшесінде механизатор, 1963 жылдан автомобиль жүргізушісі, 1967-1970 жылдары электрмен дәнекерлеуші болып жұмыс істеді. «ВЛКСМ-ң 50 жылдығы» атындағы

кеңшардың бірнеше жыл бойы Социалистік жарыстардың жеңімпазы болды. Осы еңбегінің арқасында 1974 жылы «Құрмет Белгісі» орденінің иегері атанды. 1979 жылы «Еңбек» кеңшарының құрылуына байланысты шаруашылыққа тракторшы-машинашы болып ауысты. 1980 жылы Ақсу ауылында № 2 бөлімшенің трактор-егіс бригадасына жетекшілік етті. 1981 жылы егістіктен мол өнім алғаны үшін «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды. 9-шы бесжылдықтың екпіндісі төс белгісі, «Еңбек ардагері» медалі де бар. 1981-1984 жылдары № 2 бөлімшенің бақарушысы болды. Үйленген, жұбайы – Зайкен Уәлиқызы, Есіл ауданы, Жарғайың ауылының тумасы. Бақтыбайға тұрмысқа шыққанымен үй шаруасымен отырып қалмай, сауыншы болып жұмысқа

орналасты. Жұмысында табыстарға жете білді. Бірнеше мәрте селолық, аудандық кеңестің депутаттығына сайланды. Жұмыспен бірге өмірге ұрпақ та әкелді. Бактыбай екеуі дүниеге 5 ұл, 3 қыз әкеліп, тәрбиелеп өсіріп, бірнеше немере сүйіп отырған жанұя.



БАЙНАЗАРОВ Уахит

1930 жылы Ақсуда туған. Соғыс уақытындағы жас өспірімдерге тән жағдай оның да басына келеді. Елдегі қалған әйелдер мен шалдарға еріп, ұжымшарда жұмыс істейді. Тракторшылар даярлайтын курста оқып, механизаторлық куәлік алады. Қара жердің қыртысын қақ жарып, тың және тыңайған жерлерді игеруге белсене қатысады. Шынжыр табан трактормен қысы-жазы тоқтамай жұмыс істеді десе де болады. Күзде сүре жыртса, қыста сабан тартып, қар тоқтатуға қатысатын. Көктем келе нағыз науқан – егістік жерлерде ылғал жауып, егін егетін. Жұмыс десе «ішкен асын жерге қоятын» еңбекқор азаматтардың бірі болатын. Еңбек екпіндісі, социалистік жарыстардың жеңімпазы Байназаров Уахиттың еңбегі жоғары бағаланды. Ол «Құрмет Белгісі» орденімен, медальдармен марапатталған. Бірнеше мәрте селолық Кеңестің депутаттығына сайланған. Үйленген, жұбайы – Мәукен, ол да зейнетке шыққанша Ақсудың сүт фермасында сауыншы болды. Екеуі 4 ұл, 3 қыз дүниеге әкелді. 1974 жылы қайтыс болған. Ақсу ауылында жерленген.

Сапақ - Пұшық – Түйінбай, Сүйінбай, Таянышпай, Жолдаспай. Түйінбай – Сайдалы, Тәшен. Сайдалы – Қойшыбай – Оразымбет, Балкен, Айкен. Оразымбет - Азамат, Айгүл, Нұргүл, Айбек, Гүлдана. **Тәшен** – Қабен, Қазкен, Шапия, Қазис. Қабен – Аманжол. Қазкен – Гульнара, Динара. **Қазис** – Даулен, Ләйлә, Ерлан. Таянышпай – Есмақан – Зураш. Жолдаспай – Сандыбай – Мағзұм, Тіленбай – Есләм, Торша. Есләм – Марат.

Сүйінбай – Қажен – Кеңес – Мереке, Мейрам, Бибігүл. Мереке – Жанболат, Айболат, Мейірбек, Назерке. Мейрам – Әсел, Берік, Аманбол, Медірес.



САНДЫБАЕВ
Есләм Мағзұмұлы

1925 жылы 26-шы қыркүйекте Солтүстік Қазақстан облысы, Октябрь ауданы, Жаңасу ауылында туған. 1943 жылдың 3-ші қаңтарында Қызыл Әскер қатарына шақырылған және 1948 жылдың 3-ші наурызына дейін Петропавл қалалық әскери комиссариатында тіркелген. № 102-ші әскери қоймада қызметін атқарған, атқыш, қатардағы жауынгер. Марапаттары: «Жапонияны жеңгені үшін» медалі, мерейтойлық медальдар. 1984 жылы 30-шы мамырда қайтыс болған. Петропавл қаласында жерленген.



АҚСУДАН ҰШҚАН АҚИЫҚ

(Сабыр Нұртазин, Қуандық Сапаров әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессорлары, биология ғылымының докторлары) Қызылжар өңірінен шыққан ірі ғалым Қазис Тәшенов – биология ғылымының докторы, профессор, ҚР

Ұлттық ғылым академиясының мүшесі, Манап Қозыбаев атындағы мемлекеттік университетінің құрметті профессоры, Қазақстан физиология қоғамының президенті, Халықаралық физиология одағының мүшесі, физиология ғылыми-зерттеу институтының директоры, ауыл шаруашылығы жануарларының асқорыту физиологиясы саласы бойынша дүниежүзіндегі жетекші ғалымдардың бірі, 280 ғылыми жұмыстың, оның ішінде 5 монографияның және жиырмадан астам алыс шетелдерде шыққан (ағылшын, чех, неміс) еңбектердің авторы. Ұзақ жылғы жемісті ғылыми еңбегі үшін КСРО, Қазақстан, Польша және Чехословакия елдерінің ордендерімен және медальдарымен марапатталған...

Қазис Тәшенов ұзақ жылдар бойы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ –де профессорлық қызмет атқара жүріп Ұлттық ғылым академиясының биология саласындағы институттарымен тығыз байланыста болды.

Қазис Тәшенұлы өз өмірбаяны, ұзақ өмір жолында кездескен әртүрлі адамдар жайында айтып берді. Ол 1928 жылғы 1 тамызда Солтүстік Қазақстан облысындағы балыққа бай кіші Торанғыл көлінің жағасындағы Ақсу ауылында дүниеге келген екен.

1932 жылғы ашаршылық кезінде отбасысы Петропавл қаласына қоныс аударып, әкесі Омбы темір

жолының қосалқы шаруашылығына жұмысқа орналасады. Қала сыртындағы кішігірім ауыл тұрғындары темір жол асханасын көкөністермен қамтамасыз ететін. Негізгі тұрғындары – орыс халқының өкілдері, 2-3 отбасы ғана қазақтар болған. Қазис Тәшенұлы өздерінің жер үйде тұрғанын, 1938 жылы ауылда бірінші болып сиыр, кейін ат сатып алғандарын еске түсіріп, күліп алды. Сол қиын-қыстау жылдарда тірі қалу үшін қаншама күш-қайрат керек болғандығын тарихтан білеміз. Үлкен ағалары аяқтарынан тік тұрғаннан кейін Қазис мектепке барған. Жас кезінен бастап, ауылшаруашылығы жұмыстарына бейім болып, қабілеттілік пен табандылық көрсеткен. Оқуға деген құштарлық, берген тапсырмаларды орындауға тиянақтылық оның кейінгі өміріне де оң ықпалдығын тигізді. Сол жылдардың өзінде-ақ жасөспірім үй жануарларын ұнатып, оларға қамқорлық жасап, күте білді.

Ұйымшыл да еңбекқор отбасыны алда өмірдің қатал сындары күтіп тұрғанын кім білген... 1936 жылы әкесі дүниеден озды, 1938 жылы ортаншы ағасы 22 жастағы Қапез Хасан көлінің маңында жапондармен әскери қақтығыста, 1941 жылы Ұлы Отан соғысының басында үлкен ағасы Көбен қаза тапты. Бір жылдан кейін соңында 2 ұлын: 14 жастағы Қазис пен 10 жасар Қаскенді жетім қалдырып, шешесі де қайтыс болды. Басқа түскен соң, амал бар ма?... Қазис інісі Қаскенді қамқорлығына алып, әке орнына әке бола білді.

Қазис Ташенұлының әсерлі әңгімесі бізді ол кісінің тіршілік тауқыметімен арпалысқан жалынды жастық шағын, туған жері – Қызылжар өңірінің қатал да сұлу табиғатын, айна көлдері мен мөлдір бұлақтарын, ару ақ қайыңдарын көз алдымызға елестетті.

«Менің тағдырымда барлығы да бар: әжем, ата-анам, зайыбым, ағайындарым, балаларым дейді, - дейді Қазекен өткен өмірін сараптай келе. – Қарап отырсам, менің өмірім көп драмалы қатал сынақтар мен

қиыншылықтардан және жарқын, тамаша кезеңдерден тұрады, ал біздің отбасының тағдыры, менің тағдырым елімнің тағдырымен үндес».

Біз академик ағамыздан қалай білім алғаны жайлы сұрадық. «Інім екеуіміз жетім қалғаннан кейін біз мемлекет қамтамасыз ететін мектеп-интернатқа орнарастырылдык. Жеті жылдық мектепті бітіргеннен кейін мен мал дәрігерлік техникумды «қызыл дипломмен» бітіріп, институтқа емтихансыз түсуге мүмкіндік алдым. Одан кейін «Енді қайда барып оқысам, қандай білім алсам?» деген сұрақ туды. Алматы ма, әлде Омбы ма? Ол кезде Алматыға пойызбен 5 күн жүретін, ал Омбы болса, жақын. Бар-жоғы 270 шақырым. Азын- аулақ ақша жинап, өзімнің жақын досым Зейнолла Қожабековпен бірге жүк вагонымен Омбыға тартып кеттік», - дейді Қазекең сонау алыс күндерге ойша көз жіберіп. Кейін Зейнолла Қожабеков үлкен ғалым, профессор, академик атанды. Омбының ауылшаруашылығы институтына оқуға түскен Қазис Тәшенұлының білім мен ғылымға құштарлығы



студенттік кезінде ерекше байқалды. Көп оқыды, ғылыми жұмыстармен белсене шұғылданды, оқу озаты, комсомол ұйымының хатшысы, студенттердің кәсіподақ комитетінің төрағасы болды. Сол жылдары Омбы қаласында өзінің алғашқы махабаты, келешектегі жары, педагогика училищесінің оқытушысы, Алматыдан жолдамамен келген Гүлзипамен жолығып, шаңырақ құрды. 4-курста оқып жүргенде партияға қабылданды... Қазис Тәшенұлы өзіне терең білім берген омбылық профессорлардың есімдерін құрметпен еске алды. «Ол уақытта бәріміз де өзіміздің таңдаған мамандығымызға керемет

қызығатынбыз, білімге деген ынта-жігеріміз өте зор болатын, ал оқытушыларымыз болса, бізді еліктіріп әкететін», - деді.

Студент кезінде ол өндірістік практикадан өз сұрауы бойынша Солтүстік Қазақстанда өтті. Ал оның зерттеу жұмыстары жергілікті ірі қараны Уругвайдан әкелінген етті тұқымды бұқалармен будандастыру нәтижесіне арналды. Осының нәтижесінде кейбір сиырлардың салмағы 900, ал бұқалардың салмағы 1200 килограмға жетті. Осындай селекциялық жұмыстар елімізге белгілі қазақтың ақбасты етті сиырлар тұқымының пайда болуына негіз салды деп айтуға болады.

Еліміздің сол кездегі астанасындағы еңбек жолын Қазис Тәшенұлы кіші ғылыми қызметкер болып бастады. 24 жастағы ізденімпаз жігітке өте маңызды ғылыми жоба бойынша Орал облысындағы Тайпақ ауданында мал шаруашылығын дамыту мақсатын көздеген Сталинград экспедициясын басқару жөнінде ұсыныс түседі. Бұл жұмыс экономикалық жағынан маңызды, елге керек жұмыс еді. Қазис Ташенұлы бір жылдан кейін тиісті конкурстан өтіп, аспирантураға түседі де, 1957 жылы кандидаттық диссертациясын тамаша қорғап шығады.

Қазис Тәшенұлы ұзақ жылдар физиология институтының лаборатория меңгерушісі, директоры болып қызмет етті. Академик ағамыздың ғылыми жетекшілігімен 6 ғылым докторы және 19 ғылым кандидаты даярланды. Оның 60 жылдық шығармашылық өмірінде ғылымға сіңірген еңбегі ұшан-теңіз.

Академик Тәшенов – отбасында сүйікті әке және ата, қарапайым да мейірімді азамат. Өзі ұстаздары академиктер Н.О. Базанованы, А.П. Полосухинді аса ризашылықпен, айрықша жылы сезіммен еске алады. «Найля Оразгүлқызы маған анамдай жанашыр болса, ал Александр Порфирьевич әкемдей қамқоршы болды», - дейді ол тебірене. Қазис Тәшенұлы Қазақстан ғылым

академиясының тұңғыш президенті Қаныш Сәтбаевпен және Қазақ елін ұзақ басқарған Дінмұхамед Қонаевпен жылышырайлы, емен-жарқын кездесулерін де сағынышпен еске алады.

Қазекен кімді еске алса да, мектептегі алғашқы мұғалімін бе, әлде қызметтес әріптесін бе, немесе өз шәкіртін бе... Барлығы туралы да жылы сөз айтып, жүрекжарды білдіреді. Қазис ағаның әңгімесін тындай отырып, қасымызда отырған осынау кәдірменді ақсақалдың жасының ұзақтығының бір сыры: оның өзге адамның жақсылығын асырып, жамандығын жасырып жүретін жайсаң мінезінен бе екен, - деген ойға қалдық еріксіз...

P.S. Мен академик ағамыз Қазис Тәшенов және оның өмір тарихы жайында «Солтүстік Қазақстан» газетінің 1 тамыз 2013 жылғы басылымында әріптестері жариялаған мақаланың түп нұскасын өзгертпей, тек аздап қысқартып беруді жөн көрдім.

РЫЦАРЬ ОРДЕНА «БЕЛЫЙ КРЕСТ»

В эти дни отмечает свое 80-летие наш земляк К. Т. Ташенов, доктор биологических наук, профессор, известный физиолог, академик Национальной академии наук Республики Казахстан, член Международного союза физиологов, почетный профессор СКГУ им. Манаша Козыбаева...

... За многолетний труд не раз получал награды, в том числе и международные. Но одна из них ему особенно дорога. Ведь он стал единственным ученым в Казахстане, награжденным международным орденом «Белый крест» с присвоением звания Рыцаря, что дает право быть членом большого Совета Всемирного Парламента Конференции рыцарей. Казис Ташенович был отмечен этой редкой наградой за совместную научно – исследовательскую с Институтом физиологии Польши, проводившуюся в течение 16 лет...

... Знания и научный авторитет, организаторские способности и инициатива К. Т. Ташенова способствовали тому, что физиологическая наука Казахстана получила широкое признание мировой научной общественности. Земляки ученого по праву гордятся им.

*Лаура Каиржанова, зав. Кафедрой физиологии
и валелогии СКГУ им.М. Козыбаев*



САЙДАЛИН Қойшыбай

1909 жылы туған. 1939 жылы Қызыл Әскер қатарына шақырылып, Финн соғысына қатысады. Сол беттен Ұлы Отан соғысына кіреді, 1942 жылы жараланғаннан кейін Петропавлға жібереді, мұнда Солтүстік Қазақстан облыстық әскери комиссариатында нұсқаушы болады. Сержант Қойшыбай

Сайдалиннің алдынан жерлестеріміз, Қабрашит Қожахметов пен Әлжан Наргожин алғашқы дайындықтан өткен. Жарақаттан әбден айыққаннан соң, 1942 жылы 314-ші атқыштар құрамында соғысқа аттанады. Ленинград, Волхов майдандарында шайқасқа қатысқан. 1944 жылы ауыр жарақаттан кейін 6 ай госпитальда болған Қойшыбай Сайдалинді 1945 жылы елге қайтарады. Елге келгеннен соң ұжымшарда, артынан «Новопокров», «ВЛКСМ-нің 50 жылдығы» кеңшарларында малшы болып жұмыс істеген. Жұмысына адал әрі тиянақты, ол бірнеше рет социалистік жарыстың жеңімпазы атанады. Соғыс жылдарындағы ерліктері және бейбіт күндердегі еңбектері үшін алған марапаттары: «Ерлігі үшін», «Ленинградты азат еткені үшін», «Германияны жеңгені үшін» және мерейтйлық медальдар. Үйленген жұбайы – Зейнеп Ережепқызы, Алқағаш ауылының тумасы. Екеуі дүниеге бір ұл екі қыз әкеліп, тәрбиелеп өсірген жандар. Қойшыбай Сайдалыұлы 1985 жылы, ал Зейнеп Ережепқызы 2013 жылы қайтыс болған. Екеуі де Ақсу ауылында жерленген.

ЕСЕНГЕЛДІ

Есен

Дүйсен

Рысқұл

Рысқұл – Жоныс, Машақ. **Жоныс** – Жайық, Құсайын, Қасейін. **Жайық** – Қойайдар, Жылқайдар. **Жылқайдар** – Қабдөш, Сәлік, Сара, Жұмабек (Дөкей ҰОС шейіт болған), Есмағұл. **Қабдөш** – Нағжан, Әшім (Әшкен), Бақытжан. **Әшім** – Әсем, Әсел, Айгүл, Динара, Римма, Альбина, Диана, Дамир. **Сәлік** – Қайша, Бейсенбай, Жұмабай, Биғайша, Орынбай, Талғат, Асхат. Бейсенбай – Бейнегүл, Еділ, Айжан, Әділ. Жұмабай – Альбина, Ринат. Орынбай – Индира, Роза, Бауыржан, Әділет, Мадина. Талғат – Адай, Гүлжан, Пәкизат, Қанат. Асхат – Арайлым, Арай, Әбухалит, Әли. **Есмағұл** – Жаңбырбай, Сәуле, Серік. Жаңбырбай – Асылан, Руслан. Серік – Альбина, Әлібек.



ЖЫЛҚАЙДАРОВ

Қабдөш

1905 жылы туған. Ұлы Отан соғысы басталысымен 1941 жылы Қызыл Әскер қатарына шақырылған. 347-ші атқыштар полкының сапындағы қатардағы жауынгер, пулеметші-атқыш. Сталинград майданында шайқасқан. Батыр тұлғалы болғандықтан болар, оған станокты пулеметті берген. Оны арқалап алып соғыс даласында жүгіріп жүру оңайға соқпаған. 1942 жылдың қыркүйек айында сондай шайқастардың бірінде ауыр жарақат алады. Бір жылға

жуық госпитальде жатады, снаряд жаркыншақтарымен сүйектері пәрша-пәршасы шыққан аяқты қалпына келтіру мүмкін болмайды. Оң аяқтың сүйектерін біріктірудің арты аяқтың тік бітуіне әкеп соғады. 1943 жылы «әскерге жарамсыз» деп танылады, 2-ші топтағы мүгедектікпен елге оралады. Марапаттары: «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қажырлы еңбегі үшін» және мерейтой медальдары. Соғыстан кейін мүгедектігіне қарамастан еңбек еткен. Ұжымшарда қойма меңгерушісі, кілтші болған. Зейнетке шыққанша Новопокров пошта-байланыс бөлімшесінің Ақсу, Жаңасу ауылдарының пошта таратушысы, кейін Ақсу ауылының пошта таратушысы болған. Адал еңбегі үшін аудандық, облыстық байланыс тораптарының басшылықтары атынан Мақтау грамоталарын, алғыс хаттарын алған. Үйленген, жұбайы – Шәпия. Шәпия Қошмағанбетқызы - Көктерек ауылының тумасы. Соғыс уақытында, одан кейін де ұжымшарда барлық жұмыстарды істеген, тракторда отырған. Жолдасы Қабдөш екеуі дүниеге бір ұл мен екі қыз әкеліп, тәрбиелеп жеткізген. Жылқайдаров Қабдөш 1972 жылы қайтыс болды, ал жұбайы 1991 жылы дүниеден өтті. Екеуі де Ақсуда жерленген.



ЖЫЛҚАЙДАРОВ **Әшім (Әшкен) Қабдөшұлы**

1951 жылы тамыз айының 15-ші жұлдызында қазіргі Шал ақын ауданының Ақсу ауылында дүниеге келген. 1958-1966 жылдары Ақсу сегізжылдық мектебінде оқып, 1966-1968 жылдары Ленин орта мектебінде оқып, орта білім алады. 1968-1970 жылдары Ақсу мектеп-

интернатында тәрбиеші, математика және физика пәндерінің мұғалімі болады. 1970 жылы Қарағанды педагогикалық институтының математика факультетіне оқуға түсіп, 1974 жылы Қарағанды Мемлекттік Университетінің дипломын алып шығады. Сол жылы туған ауылының мектебіне мұғалім болып орналасады. 1975 жылы осы мектептің оқу бөлімінің меңгерушілігіне тағайындалады. 1980 жылы қантарда Сергеев аудандық оқу бөлімінің бұйрығымен Әшім Қабдөшұлын Социал сегізжылдық мектебінің директоры қылып бекітеді. Сол жылдың қазан айында ол «Еңбек» кеңшарының жұмысшылар комитетінің төрағалығына сайланады. 1982 жылы халық депутаттары Еңбек селолық кеңесінің төрағалығына сайланып, бұл қызметті 1985 жылға дейін атқарады. Әшім Жылқайдаров қызметте жүріп, Қостанай ауыл шаруашылық институтын экономика мамандығы бойынша сырттай оқып, тәмамдайды. 1985-1990 жылдары «Еңбек» кеңшарының бас экономисі болып қызмет істейді. 1990 жылы «Еңбек» кеңшары партия комитетінің хатшылығына сайланады. 1991 жылы КСРО-ның ыдырауына байланысты, Кеңестер Одағы Коммунистік Партиясы да таратылады. Сол себептен Әшім Қабдөшұлы «Еңбек» кеңшарының бас экономистігіне ауысады. Бұл қызметті 1999 жылға дейін, кеңшар таратылғанша, атқарады. 1999-2000 жылдары «Голден- Греин» АӨК жанар-жағар май қоймасының меңгерушісі болады. 2001-2006 жылдары Жаңасу орта мектебіне мұғалімдікке ауысады. 2006 жылы Петропавл қаласына қоныс аударып, «Рүстем» ЖШС экономист болып орналасады. 2007-2010 жылдары «Жылжымайтын мүліктерді түгендеу» МКК бөлім бастығы, директордың орынбасары қызметтерін атқарады. 2010-2011 жылдары «Петропавл қалалық әкімдігі істер басқармасы» МККМ маман, 2011-2014 жылдары Петропавл қаласының «Жұмыспен қамту орталығы» ММ-де инспектор қызметтерін атқарып, зейнет

демалысына шығады. Бүгіндері Астана қаласының тұрғыны. Үйленген, жұбайы – Кенже Кәдірқызы, математика пәнінің мұғалімі.



ЖЫЛҚАЙДАРОВ

Сәлік

1910 жылы туған. 1941 жылы Қызыл Әскер қатарына шақырылған. 314-ші атқыштар полкы, 8 гвардиялық дивизия сапында атқыш, қатардағы жауынгер. Ленинград құрсауын бұзуда болған шайқастарға қатысқан. Калинин майданының әскери құрамында Калининград, Европаның басқа да елді мекендерін азат етуге қатысқан. Оң иығынан ауыр жараланғаннан кейін әскер қатарынан шығарылған, 1945 жылға дейін Октябрь аудандық әскери комиссариатта есепте тұрған. Марапаттары: «2-ші дәрежелі Отан соғысы» ордені, мерейтойлық медальдар. Соғыстан кейін ұжымшарға мүше болып, әр түрлі жұмыстар істеген. 1947 жылы үйленген, жұбайы - Мәруэр Жағыпарқызы. Екеуі 5 ұл, 2 қыз дүниеге әкеліп, өсірді. Кейін Сәлік Жылқайдаров кеңшарда су босатушы болып жұмыс істесе, Мәруэр зейнетке шыққанша бір орында – мектепте күтуші болды. Сәлік Жылқайдарұлы жақсы балташы болған, ағашты өңдеп шапқанда сүргімен жонғандай болып көрінетін. Ауылдағы ағаштан борап салған үйлердің барлығына шебердің қолы тиді деуге болады. Сонымен қатар ол кісіде домбыра тарту, ән салу өнері де болатын. Күйлерді орындағанда, беріліп кететіні сондай, төрден еденге қарай қалай барып қалғанын білмейтін. Бұл дарын - баласы Бейсенбайға, немерелері Бауыржан мен Әділетке тегінен берілген ғой. 1987 жылы қайтыс болды. Ақсуда жерленген.



ЖЫЛҚАЙДАРОВ **Бейсенбай (Бейсенай) Сәлікұлы**

1952 жылы 13 желтоқсанда Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын ауданы, Ақсу ауылында туған. 1959-1967 жылдары Ақсу сегізжылдық мектебінде оқыса, 1967-1969 жылдары Ленин орта мектебінде оқып, оны ойдағыдай тәмәмдаған. 1969 жылдан Ақсудың ауылдық клубында киножүргізушіден бастап, клуб меңгерушісі болып жұмыс істеді. Бейсенайдың әкесіне тартқан, әнге де бейімі бар болатын, домбыра да тартатын. Өңірімізге танымал ақын, қоғам қайраткері Кәкімбек Салықов туған ауылы Еңбекке келгенде Бейсенайды қасынан қалдырмайтын. Өзінің өлеңдерін айтқызып, тыңдап отыратын. Осы қабілеттілігін пайдаланып, ауыл жастарының құрамынан ВИА тобын құрды. Ол топта Құсайынов Бауыржан, Қанапин Қаршыға тұрақты мүшелері болды, ал әндерді қабылеті бар жастар орындайтын, Омарова Қадиша, Қанапина Қадиша, Сайдалина Тұрсын, Жолдығарина Айымжан тағы басқа да ауыл жастары. Клубта көркемөнерпаздар, домбыра үйірмелері жұмыс істеп тұрды. 1975 жылы «Ұлы Отан соғысының жеңісіне – 30 жыл!» мерей тойына орай Бейсенайдың басқаруымен Ақсу клубында соғыс ардагерлеріне арнап «Көгілдір от» кеші ұйымдастырылды. Ол уақытта Ақсу, Жаңасу ауылдарында 40 шақты соғыс ардагері болатын, бұл іс- шара көпке дейін есте қалды. Көркемөнерпаздар үйірмесінің жұмысы өте нәтижелі болды. Жылда өтетін аудандық байқаудың бірнеше мәрте жеңімпазы атанып, облыстық байқауларға қатысып жүрді. 1976-1978 жылдары «Халық театры» атағына үміткер болды. 1979 жылы жаңа кеңшардың

құрылуына байланысты, ұжым мүшелерінің басқа қызметтерге ауысуынан тарап кетті. Ауданымызда, облысымызда өтетін ресми кездесулерде, мерей тойларда Бейсенайға арнау айтқызатын. Ол өз жұмысын мектеппен де тығыз байланыстыра білді. 1991 жылы Одақ ыдырап, Егемендікке бет бұрған шақта мемлекеттік мекемелер де қысқара бастады, соның ішінде әрине мәдениет ұйымдары да бар еді. Ол мектепке кетуіге мәжбүр болды. Ақсу сегізжылдық мектебіне ән-күй пәнінің мұғалімі болып жұмысқа кірді. Сонымен қоса үйірме жетекшісі болды. Бұнда да жақсы жетістіктерге жетіп жүрді. Оқушылардан құрылған көркемөнерпаздар үйірмесі аудан, облыс байқауларына қатысып, жүлделі орындарға ие болатын. Тек одан да жоғарғы жетістіктерге жетер ме еді, кім білсін?..Бейсенбай Жылқайдаров 60 жасқа жетпей дүниеден өтті. Ақсу ауылында жерленді. Өзінің еліне, туған ауылына деген сүйіспеншілігін мынадай өлең жолдарымен білдіріп кетті:

Айналайын
туғандарым,ауылым,
Бәрің туыс,маған жақын
бауырым.
Айналайын
туғандарым,ауылым,
Көтерейін жүктеріңнің
ауырын.
Айналайын
туғандарым,ауылым,
Жарасады ақ кимешек
жаулығың.

Ағаларым,туғандарым,ауылым
Тілеймін мен дендеріңнің
саулығын.
Айналайын бірлігі бар ауылым,
Қолымда болса егер,бөліп берер
ем – барлығын.
Айналайын тірлігі бар ауылым
Өттең-ай қолым қысқа,
Дүниенің мына тарлығын.



ЖАЙЫҚОВ

Жұмабек (Дөкей) Жылқайдарұлы

1923 жылы Октябрь пуданы, Ақсу ауылында туған.

ДӨКЕЙДІҢ ӨЛЕҢІ

Бала кезімде әкем домбырасын колына алып, бір әнді баяу ғана айтып отырушы еді. Ол былай басталатын: «Біз шықтық

Қызылжардан батыс жаққа, ит жауыз немістермен атыспаққа». – Бұл кімнің өлеңі? – деп сұрағанда, - Ұлы Отан соғысында хабарсыз кеткен Жұмабек ағанның шығарған өлеңі, – дейтін. Әні әлі күнге есімде, ештеңеге мән беруші ме едік. Қайран әкем көзіне жас алып, соғыста хабар-ошарсыз кеткен інісін есіне алып отыратын. Есімі Жұмабек Жайықов, ел еркелетіп Дөкей дейтін. Өзіміздің Бірлік ауылында мұғалім болып жүргенде, соғыс басталып, алғашқы айларда әскерге алынған екен. Бір жанұядан Қабдөш, Сәлік, Жұмабек ағайынды үшеуі де ел қорғауға аттанған. Үлкен ағасы Қабдөш Жылқайдаров Сталинград майданынан бір аяғынан мүгедек, ал әкем Сәлік Калинин майданынан үшінші топтағы мүгедек болып елге оралып, Жұмабек інісінен хабар-ошарсыз кеткен «қара қағаз» келген. Сол ағамыз Дөкейдің өлеңінен түп нұсқасын жатқа білетін елде (қазір Новопокровка селосында тұрады) Райхан апай айтып жүруші еді деп, Шәмшімәнү жеңгем айтқан болатын. Райхан апаймен кездесіп, сол сұрапыл кездегі өлеңнің түп нұсқасын сұрағанда «Ол кезде 12-гі қыз кезім, Дөкейден хатпен бірге өлең де келіпті» - деп есітіп, Орынша (әкемнің қарындасы) екеуі жаттап алып, кішігірім жиындарда айтушы едік дейді. Қазір Райхан апай жетпістің сегізінде, қинала отырып, әнге қосып, сол кездің мақамымен айтып берді. Сол хат келгелі 66 жыл

өтсе де есінде екен. Зеректігіне риза болдым, ол елге түскен қиыншылық уақыт кімнің болса да есінен шығу мүмкін бе? Райхан апайға мың да бір алғысымды білдіремін. Отан қорғау жолында хабарсыз кеткен боздақтың, артта қалған ендігі осы өлең жолдары ғана. Аруағы риза болсын, артындағы ел-жұрты, жұрағаты еске алып, оқи жүрсін, - деген ниетпен жәриялап отырмын.

Дүниеде біздің жердей жер бола ма,
Апамды күнде түсте көріп жүрдім,
Басқа жер дәл өзіндей тең бола ма?
Жұқарған көңіліммен сезуші едім.
Көк орай хош иістей жүрген жерім,
Анамды түсімде көрген кезде,
Айдын көл, шалқып жатқан асқар белім.
Жүрек қуанып, көңіл шіркін кернеуші еді.
Қош енді артта қалған туған елім.
Бір күні жаңа киім киіндірді,
Қалдың ғой көз жетпейтін алыс жакта,
Құдайға бәрімізді сиындырды.
Біз шықтық Қызылжардан батыс жаққа.
Ертеңіне келгеніміз вокзал маңы,
Ит жауыз немістермен атыспаққа.
Ылғи әскер строймен шұбырылды.
Қош енді артта қалған ата-аналар,
Жүрерде жан апамның жылағаны,
Немістер жәбірейілдей жаныңды алар.
Көзінен көздің жасын бұлағаны.
Жер бар ма жан сақтайтын біз паналар?
Құлақтан ол дауысы кетер емес,
Қош енді артта қалған аға-інілер,
Ботасын өзінің де қимағаны.
Сіздерге ауырлықтың қамы білінер.
Жылама жан апатай, қош бол дедім,

Қазір біз елде жоқпыз, сапардамыз,
Босатпай сүйегінді тас бол дедім.
Қиналмай ауырлықты көтеріндер
Алдағы күндерді ойлап өлмейтіндей,
Сүйеніп бір-біріңе бас бол дедім.
Қош енді артта қалған апа-қарындастар,
Бұл топта қазақ, орыс, ноғай да бар,
Бірге өсіп, бірге туған бауырластар.
Жасы үлкен өзіміздің ағай да бар.
Қош енді артта қалған тентектерім,
Құдайым аман барып, сау келтірсе,
Қалды енді өздеріңе жиын-терім.
Бұл сапарда Қабдырашит, Донай да бар.
Қызылжар өзіміздің үйдей еді,
Тоқтамай баяу жүрдік күні-түні,
Әскермен ой-шұңқырын теңдеп еді.
Бұрқырап паровоздың көк түтіні.
Апама өлгенше мен ризамын,
Қасымда өз елімнен жолдас та жоқ,
Жұртпен қатар өзіме келіп жүрді.
Шықпайды бір жалғыздың ешбір үні.
деп аяқталған.

Ақсу ауылы. Бейсенай Жылқайдаров.

Құсайын — Зейнеп, Сағди, Сақтаған. Зейнеп —
Қабиболла — Анар, Айгүл, Бүркіт, Қаршыға. **Сағди** —
Зейнелғабит, Мағжан, Манап, Басболат (Бөкеш), Қамар,
Бауыржан. Манап — Ербұлан, Арман, Рустам, Тимур.
Басболат — Маржан, Ерлан, Жеңіс.

Бауыржан — Гауһар, Тобыл, Әуез. **Сақтаған** —
Күлбаршын, Қозы-Көрпеш — Азамат, Жанар, Дана, Алмас.
Қасейін — Сағындық.



1908 жылы туған. Күнкөріс үшін, аштық жылдары жас жеткіншек ауқатты бір үйдің босағасында жалшы болады. 18 жастан әскерге алады дегенді естіп, әскер қатарына алуға сұранады, бірақ жасы толғанмен салмағы аз жігітті қайтарып жібереді. Қайта-қайта сұранып жүріп, не керек әскер қатарына алынады. 1926 жылдан 1931 жылға дейін Украинада атты әскер кавалериясында жауынгерлік міндетін атқарып келеді. Әскерден келісімен Көкшетаудың Айыртау ауданында ОГПУ-де қызмет істейді. 1934 жылы Дәуқара ауылының қызы Зейнепке үйленеді. Екеуі бір ұл, бір қыз дүниеге әкеліп, енді ғана от басының қызығына бөленеміз деген шақтарында әскер қатарына шақырылады. Бұл 2-ші Дүниежүзілік соғыстың басталуы еді. 1939 жылы Фин соғысына қатысқаннан соғыстың соңына дейін болады. Алғашында Волхов майданы, кейін Ленинград майданында 314-ші атқыштар дивизиясының 1074-ші атқыштар полкінің сапында жүріп, сондай шайқастардың бірінде ауылдасы Баян Қанапинді көреді, олардың бағыты басқа жақ болғандықтан жай ғана амандасып, қоштасып қалуға мүмкіндігі болады. Сағди Құсайынов соғысты 1945 жылы Кенигсберг қаласын азат етіп аяқтайды. Үш рет ауыр жараланған. Марапаттары: «2-ші дәрежелі Отан соғысы» ордені, «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Ленинградты қорғағаны үшін», «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдары, мерейтойлық медальдар. Соғыстан кейін әртүрлі салаларда еңбек етті. Октябрь аудандық орман шаруашылығында, «Новопокров», «Ступин», «ВЛКСМ-ң 50 жылдығы» кеңшарларында мал дәрігері қызметтерін атқарды. Ескен

Ережепов молла қайтыс болғаннан кейін ауылдың молласы болды. 1997 жылы қайтыс болған. Ақсу ауылында жерленген.



ҚҰСАЙЫНОВ

Мәнәп Сағдиұлы

1948 жылы 2 қаңтарда Октябрь (Шал ақын) ауданы, Ақсу ауылында дүниеге келген. Ақсу сегізжылдық мектебін бітірісімен, тракторист-машинист дайындық курсына оқып, тракторист мамандығын алады. Еңбек жолын 1964 жылы «Семиполка» кеңшарында тракторист болып бастайды. 1970-1972 жылдары «ВЛКСМ-ң 50 жылдығы» атындағы кеңшардың № 2 бөлімшесінде (Ақсуда) К-700 тракторында жұмыс істейді. 1972-1975 жылдары СҚО ішкі істер басқармасының Сергеев аудандық ИБ-не жүргізуші-милиционер болып орналасады. 1975-1977 жылдары Шымкент қаласында КСРО ИМ-ң арнайы милиция мектебінде оқып, ойдағыдай бітіреді. 1977-1980 жылдары Сергеевқада ауданаралық түзету жұмыстары инспекциясының аға инспекторы болады. 1980-1992 жылдары Сергеев ауданы ИБ-ң тергеушісі жұмысын атқара жүріп, 1985 жылы Қарағандыдағы КСРО ИМ-ң жоғарғы мектебін сырттай тәмәмдайды. 1992-1996 жылдары Сергеев ауданының МАИ бастығы қызметін атқарады. 1996-1998 жылдары Сергеев ауданы ИБ-і бастығының орынбасары болады. 1998 жылдың қараша айында Құсайынов Мәнәп Сағдиұлы милиция подполковнигі шенінде зейнетке шығады. 2000-2003 жылдары «Голден Греин» ЖШС-де күзет қызметінің бастығы болып істеген. 2003 жылы Сергеев ауданы Ардагерлер Кеңесіне сайланып, ол қызметті 2014 жылға дейін атқарады.

Үйленген, жұбайы – Есмағұлова Ботагөз Есімқызы, жоғары білімді, математика пәнінің мұғалімі. 4 ұл, бір қыз тәрбиелеп, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырған жандар.

ҚҰСАЙЫНОВ

Ербұлан Мәнәпұлы



1971 жылы 6 мамырда Сергеев ауданының Новопокров селосында дүниеге келген. Орта білімді Сергеев қаласының мектептерінде алған. Мектепті бітірісімен, 1989 жылы 3 ай элетргаздәнекерлеуші болып жұмыс істейді. 1989-1991 жылдары Кеңес Әскері қатарында азаматтық борышын өтейді. 1992 жылы Сергеев ауданы ІІБ-і жанындағы күзет

бөлімінің мотовзводына милиционер болып орналасады. 1994-1997 жылдары Павлодар қаласында арнайы техникалық мектебінің курсанты. 27.04.1997 – 01.07.1997 Сергеев ауданы ІІБ-і учаскелік милиция өкілетті тобының учаскелік уәкілі. 1997- 1998 жылдары Сергеев ауданы ІІБ-ң қылмысты іздестіру бөлімінің жедел уәкілі. 1998-2002 жылдары ҚР ІІМ ӘТД-ң Ақмола гарнизоны бойынша әскери-тергеу басқармасы бөлімінің жедел уәкілі. 2002-2003 жылдары ҚР ІІМ КПД криминалдық іздеу басқармасының жедел уәкілі. 2003-2005 жылдары ҚР ІІМ КПД-ң ведомствоаралық және халықаралық криминалдық іздестіру басқармасы бөлімінің аға жедел уәкілі. 2005-2007 жылдары ҚР ІІМ КПК-ң экстремизм және криминалды терроризм басқармасы экстремизммен күрес бөлімінің ерекше істер бойынша аға жедел уәкілі. 2007-2011 жылдары ҚР ІІМ КПК экстремизм және криминалистік терроризм басқармасы криминалдық терроризммен күрес бөлімінің бастығы. 2011-2016

жылдары Астана қаласы ІІД-ң экстремизммен күрес басқармасының бастығы. Қарапайым дәнекерлеушіден полиция полковнигі атағына дейін жетуге Ербұлан Мәнәпұлының сабырлығы, еңбекқорлығы мен ізденгіштігі, қылмыскерлерге деген суыққандылығы көп себін тигізді. Ол қызметі мен білімін жетілдіруді әрдайым ұштастыра білді. 2007 жылы наурыз айында АҚШ (Мэриленд, Нью Мехико, Вирджиния, Флорида т. б. штаттардың оқу орталықтары) терроризммен күрес шеңберінде тәжірибе алмасу курстарын өткен. 2008 жылы қарашада Ресей ІІМ (Москва) жалпыресейлік біліктілікті арттыру институтының терроризммен күрес мамандарын даярлау курсына болады. 2009 жылы сәуірде ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару Академиясының Ұлттық және Халықаралық қауіпсіздік институтының қайта даярлау курсының тыңдаушысы болады. 2015 жылы маусымда Мэриленд штатының кризистік жағдайда басқару университетінің курстарынан өтеді. Үйленген, жұбайы – Құралай, ол да ІІМ-ң полиция полковнигі. Екі қызы бар.



ҚҰСАЙЫНОВ Сақтаған

1909 жылы туған. 1941 жылдың 17 қыркүйегінде Қызыл Әскер қатарына шақырылған. 314-ші атқыштар дивизиясы, 1074 атқыштар полкы сапында Ленинград майданында шайқасқа қатысқан. Қатардағы жауынгер. Оң қолы, сол аяғының жамбасынан жаралануына байланысты 1942 жылы әскер қатарынан шығарылған. 1942 жылдың 11 сәуіріне дейін Октябрь аудандық комиссариатта есепте тұрған. Марапаттары: «2-ші дәрежелі Отан соғысы» ордені, мерей

тойлық медальдар. Соғыстан кейін елге оралып, еңбекке араласты. Ұжымшарда егіс бригадасының бригадирі болған. Кейін кеңшар қарамағында әртүрлі жұмыстар атқарған. Соңынан мал фермасына тұрақты жұмысқа кірген. Новопокров, «ВЛКСМ-ның 50 жылдығы» кеңшарлары тұсында ат қорада ат күтуші болды. Жылқыға сондай баппен қарайтын. Ауылдың атқа мінерлері мен тұрғындарға басқа да қызмет көрсететіндердің аттары әр уақытта сақадай сай тұратын. Осы жұмысты зейнетке шыққанша атқарды. Үйленген, жұбайы – Сақыш Мұқалиқызы, ұл мен қыз тәрбиелеп, өсірген. Сақтаған Құсайынұлы 1999 жылы қайтыс болған. Ақсу ауылында жерленген.

ҚҰСАЙЫНОВ

Азамат Көрпешұлы



1979 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Сергеев қаласында туған. 1986-1996 жылдары Ақсу сегізжылдық, Жанау орта мектептерінде оқыған. Мектеп бітірісімен 1996 жылы ҚР ІІМ Павлодар заң колледжіне оқуға түсіп, 1999 жылы ойдағыдай бітіреді. 1999-2002 жылдары Петропавл қалалық ІІ басқармасының әкімшілік полиция бөлімі патрульдік учаске бастығының көмекшісі – аға инспектор. 2002-2006 жылдары СҚО ІІБ қоғамдық қауіпсіздік басқармасы патрульдік қызмет бөлімінің инспекторы, кейін аға инспекторы. 2006-2010 жылдары СҚО ІІД экстремизм, сепаратизм және терроризммен (криминалдық) күрес бөлімінің жедел уәкілі, аға жедел уәкілі. 2010-2012 жылдары СҚО ІІД экстремизммен күрес бөлімінің, кейін сол бөлімнің аса

қажетті істер бойынша жедел уәкілі. 2012 жылдан Солтүстік Қазақстан облысы Ішкі Істер Департаментінің аса қажетті істер жөнінде жедел уәкіл қызметінде. Үйленген, жұбайы – Альмира, екі қызы бар. Құсайынов Азамат Көрпешұлы алдындағы аталарының, ағаларының жолын қуып келе жатқан азаматтардың бірі.

Есен - Дүйсен - Рысқұл - Машақ – Жазыбай, Жағыбай, Тұралы, Нұралы. **Жазыбай** – Рүстем – Жәкібай - Зәлел, Ғазез, Қапез, Алма, Пазыл. **Тұралы** – Аяған, Сұраған, Бағила, Садуақас. **Сұраған** – Шайза,

Зәледден, Шәріп, Найман. **Зәледден** – Бақытжан, Күлзиян, Берік, Мәрзия, Дәмелі, Тойжан, Әміржан. **Шәріп** – Серікбай, Мырзабай, Роза, Раушан, Бүркітбай, Сәуле.

Найман – Амангелді, Айгүл, Бибігүл, Жангелді. Берік – Арғын, Сабыржан.

Садуақас – Қаншайым, Арғын (ҰОС шейіт болған), Мәнәш.



ТҰРАЛИН

Зәледен Сұрағанұлы

1925 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Приишим (Қызылжар) ауданы, Кегерін (Новоникольск) ауылында дүниеге келген. 1950 жылы отбасымен Ақсуға көшіп келгендердің соңғы легі. Көшіп келгеннен кейін ұжымшарға кіріп жұмыс істейді. Кейіннен МТС-тің құрамында тракторшы болады. Тың және тынайған жерлерді игеруге қатысады. Денсаулығына байланысты басқа жұмысқа ауысуына тура келеді. Ауылда алғаш рет радио торабын құрып, оның желісін таратушы. Әрбір үйге радио орнатып, оны уақытымен пайдаланып

отыруға мүмкіндік жасаған. Радионың қызметі ол кезде ерекше болатын, Мәскеу сөйлеп тұр, Алматыдан хабар, орысша-қазақша ел жаңалықтары, қызықты әңгімелер, оқиғалар, ертегілер т.с.с. Ағайынды Абдуллиндер, Жамал Омарова, Күләш Байсейітова т. б. әншілердің әндерін сүйсіне тыңдаушы едік...

Ғылыми жетістіктердің нәтижесінде, әрі әрбір үйге теледидар келгесін, радионың қажеттілігі болмай қалды. Жетпісінші жылдары Зәледден Сұрағанұлы пошта таратушы болды және сол жұмыстан зейнет демалысына шықты. Үйленген, жұбайы – Еркеш Серікбайқызы, Ақсудың тумасы, екеуі 5 қыз, 2 ұл дүниеге әкеліп, тәрбиелеп өсірді.

Зәледден Сұрағанұлы 2003 жылы қайтса, ал Еркеш Серікбайқызы 2005 жылы қайтыс болған. Екеуі де Ақсуда жерленген.



ТҰРАЛИН
Берік Зәледенұлы

1957 жылы 29 қыркүйекте Солтүстік Қазақстан облысы, Сергеев ауданы, Ақсу ауылында дүниеге келген. 1965 жылы Ақсу сегізжылдық мектебінің 1 класына барған. 1975 жылы Ленин орта мектебін аяқтаған. Сол жылы Ташкент қаласындағы байланыс институтына оқуға түсіп, 1980 жылы «Теле-радио таралымы» инженері мамандығын алып шығады. Бұл мамандықты ілуде біреу ғана таңдайтын, әрине бұған әкесі – Зәледеннің ауылда радио торабында жұмыс істегені де әсер еткен шығар, дегенмен Берік математика және физика пәндерін жақсы оқыды. Еңбек жолын облыстық телерадио хабарларын тарату орталығында бастаған Берік Тұралинді Қазтелерадио

филиалының Николаев (РТС) станса бастығына тағайындайды. Облыстық телерадио торабының, «Қазақ телерадио» Акционерлік Қоғамының Мақтау қағаздарымен марапатталған. Үйленген, жұбайы - Гүлнәз Сәлімқызы Сергеев қаласының тумасы, жоғары білімді дәрігер. Екі ұлдары бар, жоғары білімді, әке жолымен инженерлік мамандықты таңдаған.

ТҰРАЛИН **Арғын Аяғанұлы**

1917 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Приишим (Қызылжар) ауданы, Кегерін (Новоникольск) ауылында дүниеге келген. Кадрлық офицер, Тұралин Арғын, 709-шы атқыштар полкі, атқыштар батальоны командирінің орынбасары, саяси басшы, капитан. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап алғы шепте шайқасқа қатысады. Сарбаздардың рухын көтере біген ол бірнеше мәрте батальонын қоршаудан алып шыққан. Сол жасаған ерліктері үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған. Арғын Аяғанұлын 1942 жылдың тамызында «басқа ұлт» өкілдерінен жасақталған 380-ші атқыштар дивизиясын күрделі операцияға дайындауға жібереді. Ол бұл тапсырманы ойдағыдай орындайды. 1942 жылы 26-шы қыркүйекте батальонды шабуылға өзі бастап шығады, жау тобы құртылады. 1942 жылы 26-шы қарашада Ажев орманындағы Дорогино деревнясын алуға тапсырма алады. Бұл шайқаста батальон командирі жараланып қалғаннан кейін, Арғын Аяғанұлы басшылықты өз қолына алады. Жаудың тегеуірінді үш шабуылы тойтарылып, ақырында Дорогиноны басып алады. Неміс фашистері бірнеше есе артық күшпен қарсы шабуылды ұйымдастырады және қатерлі жағдай туғызады. Сол сәтте Арғын Тұралин сарбаздарын жау күштеріне тойтарыс беруге көтеріп, өзі алға ұмтылады. Осы шайқаста

ол ерлікпен қаза табады. Қайтыс болғаннан кейін «Ленин» орденіне ұсынылған, әр жағы белгісіз. Бұл іздестіруді қажет ететін жағдай, ұрпақтарына аманат...

Тверь (Киров) облысы, Мантырово селосының маңында жерленген.



ТҰРАЛИНОВ **Серікбай Шәріпұлы**

1954 жылы 25 желтоқсанда Ақмола (бұрынғы Көкшетау) облысы, Айыртау (бұрынғы Володар) ауданы, Қызыләскер ауылында дүниеге келген. Карасевка орта мектебін үздік бітірген ол 1978 жылы инженер-механик мамандығы бойынша Целиноград ауылшаруашылық институтын тәмамдайды. Институтты аяқтаған соң еңбек жолын Володар ауданы «Карасев» кеңшарында механик-бақылаушы, МТШ-ның меңгерушісі болып бастаған. 1982 жылдан Володар аудандық ауылшаруашылық бірлестігінде бас инженер-механик, 1986 жылдан «Қазақстан» ауылшаруашылық бірлестігінде (Дауқара а.) партком хатшысы қызметтерінде болған. 1987 жылдан «Қаратал» кеңшарының, 1996 жылдан «Лавровка» ЖШС-нің директоры болған. Көп жылдар бойы ауыл шаруашылығында қызмет атқарған, тәжірибесі мол Серікбай Шәріпұлы 1999 жылы Айыртау ауданы әкімінің орынбасарлығына тағайындалады. 2011 жылдың мамыр айынан Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімі, 2013 жылдың маусымынан бастап Солтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы қызметтерін атқарған. 2014 жылдың 6 қарашасынан Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының әкімі. Қазақстан Республикасының «Құрмет»

ордені және 10 медальмен, Қазақстан Республикасы Президентінің АЛҒЫС ХАТЫМЕН марапатталған. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау және Уалиханов аудандарының «Құрметті азаматы». Үйленген, жұбайы - Райхан Алазқызы, Ғабит Мүсірепов ауданы Березовка селосының тумасы, есепші. Екеуі дүниеге екі ұл әкеліп, тәрбиелеп өсірген, балаларының екеуі де жоғары білімді, әр салада қызмет істейді.



ТҰРАЛИНОВ **Найман Сұрағанұлы**

1938 жылы 20 мамырда Солтүстік Қазақстан облысы, Приишим (Қызылжар) ауданы, Кегерін (Новоникольск) ауылында дүниеге келген. Бастауыш классты Новоникольскі мектебінде оқып, бітіреді. 1950 жылы Тұралы әулеті Ақсуға көшіп келген. Новопокровка мектебінде жеті жылдық білім алады. 1954-1957 жылдары Октябрь ауданының орталығы – Марьевка орта мектебінде онжылдықты тәмәмдайды. 1958 жылы Петропавл Педагогикалық Институтына түсіп, 1963 жылы орыс тілі, әдебиеті және тарих пәндері мұғалімі мамандығын алып шығады. Еңбек жолын 1963-1964 оқу жылы Ақсу мектебінде бастайды. Келесі оқу жылында Белоглинка (Ақбалшық) мектебіне ауысады. 1965-1996 жылдары Ленин орта мектебінде орыс тілі және әдебиетінен білім берді. Алдынан оқыған шәкірттері аудандық, облыстық, республикалық олимпиадаларға қатысқан. Аудандық «Білім» қоғамының төрағасы қызметін атқарған. «Қазақ мектептерінде орыс тілін оқыту» әдістемелік оқу құралын шығарған. «Еңбек Ардагері» медалімен және бірнеше мәрте аудандық, облыстық оқу бөлімдерінің Мақтау

Грамоталарымен марапатталған. Үйленген, жұбайы – Ермек Қабдәшқызы, Көктерек ауылының тумасы. Екеуі дүниеге 2 ұл, 2 қыз әкеліп, тәрбиелеп өсірген. Бүгіндері балалары әр салада қызмет істейді. Найман Сұрағанұлы 2016 жылы қайтыс болған. Ақсуда жерленген.



ТҰРАЛИНОВ **Амангелді Найманұлы**

1966 жылы 1 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы, Сергеев ауданы, Ленин ауылында дүниеге келген. 1973-1983 жылдары Ленин орта мектебінде оқыған. 1983-1988 жылдары Петропавл есеп-экономикалық техникумында оқып, «техник-құрылысшы» мамандығы бойынша тәмамдайды. Техникумда оқып жүргенде Кеңес Әскері қатарына шақырылып, 1984-1986 жылдары азаматтық борышын өтеген. 1988-1992 жылдары құрылыс, 1992-1993 жылдары мемлекеттік сақтандыру салаларында істеген. 1993-1998 жылдары ҚР қаржы министрлігі, Солтүстік Қазақстан облысы бойынша қаржылық бақылау Комитетінде бақылаушы-тексеруші болған. 1998-2012 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы бойынша салық және қаржы полициясында жедел уәкіл, экономикалық қылмысты жедел анықтау бөлімінің басшысы қызметтерін атқарған. Бұл саладан зейнетке шыққасын, 2012-2015 жылдары «Петропавл қаласы әкімі аппараты» ММ-де шаруашылық-қаржы бөлімінің басшысы болады. 2016 жылдан кәсіби медиатор. Марапаттары: «Қазақстан Республикасы қаржы полициясына 15 жыл» төс белгісі, бірнеше алғыстар алған. Үйленген, жұбайы – Бибігүл

Жеңісқызы Жамбыл ауданы, Орталық ауылының тумасы.
Екеуі екі бала дүниеге әкеліп тәрбиелеуде.

Ләтіп (Есеннен тараған ұрпақ болуы мүмкін, өйткені кейінгі ұрпақтардың туыстығы солай деп болжам жасауға сайып тұр) – **Алшынбай қажы** – Рамазан, Ысқақ, Шаяхмет. Рамазан – Балта (Ұлы Отан соғысында шейіт болған). Ысқақ – Мәлике. Шаяхмет – Дәмелі.



Ұлы Отан соғысы басталысымен Қазақстанға «сенімсіз» халықтарды зорлықпен қоныстандырған. Олардың ішінде немістер, поляктар, шешендер, ингуштар т. б. ұлттар мен ұлыстардың өкілдері болатын. Соңғы легі – 1954 жылы тың және тыңайған жерді игеру мақсатында (бұл да үлкен саясат еді) Кеңестер Одағының барлық жерінен жіберілді деуге болады. Солардың бір тобы біздің ауылға да келді. Олардың арасында орыстар, украиндар, беларустар, молдавандар, латыштар т. б. болды. Ағайынды Егоровтар Алексей, Феоктист, үшіншісі есімде жоқ, Филиппченко, Дюга, Иодистер, Ботраченко, Мирошниченко. Бұлар ауылда көп тұрақтамады, олармен жергілікті тұрғындар арасында келеңсіз жағдайлар болды да, олар Новопокровкаға көшіп кетті. Ал Ничега, Липко (балалары – Вася, Костя, Коля біздің мектепте оқыды), Алексей мен Наталья Молоковтар, Здорнов Николай, баба Настя, Павелко, Повод сияқтылар қалып қалды. Бастапқыда олар келісімен, ауыл сыртындағы «Жақып» қыстауының қасында саман кірпіштен үйлер салды. Ал бізде (ауылда) шымнан салынған жер үйлер болатын. Солардың көмегімен және ауыл тұрғындары жабылып Ақсу томарының жанында саманнан кірпіш құйатын. Балалар кірпіштерді қиыстырып жинайтын. 1961 жылы сондай кірпіштерден Ақсу жетіжылдық мектебі салынды. Ауылда Жылман Әлімжанов, Қайыркен Қанапин, Ботан Мүсенов тұрған үйлер де солай салынған. 60-шы жылдардың басында Ресейдің Мәскеу, Таганрог қалаларынан студенттік құрылыс отрядтары келіп, қамыспен тығындалған үйлер тұрғызды. Тұрақтап қалғандардан Ничега жүргізуші болса, Павелко, Лиховец, Бурмистронгтар тракторда істеді. Повод – моторист, Онищенко – ұста болды. Гриша Лизогуб мал дәрігері болып қызмет етті. Николай Здорнов балташы, пеш

калаушы болып, елге еңбек етті. Ағаштан үй борап салуға ауылдың кісілері де қосылды, сөйтіп, елде ағаш үйлер салына бастады. Бікән Қоспанов Ақсуға басқарушы болып келгенде, Мектеп ауылынан ерлі-зайыпты Конюх Иван мен Мичейко Зинаиданы ала келген, Галя, Валя, Надя, Сергей деген балалары болды. Олардың екеуі де мал фермасында жұмыс істеді. Кейін Валя Ақсудың есепшісі болып жұмыс істеді. Бірте-бірте олардың барлығы да ауылдан көшіп кетті. Оқушы қауым бұлар туралы неге жазып отыр деп айтар, бірақ Ақсуда басқа елдің азаматтары да еңбек етті. Мысалы, Елеу Жалтұров, Өтебай Сейдахметов, Есім Ғаббасов, Төлеу Елеуішов, Ғалым Елеуов, Нұрым Сейітов тағы да басқалары отбасыларымен тұрып жұмыс істеді.

Ақсу ауылы тұрғындарының өмір тарихы, олардың басынан кешкендері қысқаша жоғарыда айтылған болатын. Соғыстан кейін ауылда тұрмыс өзгере бастады. Бастауыш мектеп, жеті жылдыққа, сосын сегіз жылдыққа ауысты. Мектепке басшы болып ұстаздық білімі бар азаматтар келе бастады. Алғашқы мектеп директорлары:

1951-1953 оқу жылдары – Әбілмәжінов Ғазез, Ақсу жеті жылдық мектебі.

1953-1954 оқу жылы – Даиров Балтабай, Ақсу жеті жылдық мектебі.

1954-1957 оқу жылы – Әлібаев Игібай, Ақсу сегіз жылдық мектебі.

1957-1968 оқу жылдары – Тайжанов Кәләу, Ақсу сегіз жылдық мектебі.

1968-1974 оқу жылдары – Исмағұлов Есім, Ақсу сегіз жылдық мектебі.

1951-1973 оқу жылдары ұстаздық еткендердің толық тізімдері мен басқа да деректерді сол жылдары мұғалім болған **Мусин Зекен Шубайұлының** жеке мұрағатынан алынды. Олар:

1951-1952 оқу жылы:

- 1.Әбілмәжінов Ғазез (директор)
2. Асылтаев Кейкуат
3. Мұқанов Қасет
4. Жұматаев Өсербай
5. Исмағұлов Омар

1952-1953 оқу жылы:

- 1.Әбілмәжінов Ғазез (директор)
- 2.Есмағанбетов Аманжол
- 3.Мусин Зекен Шубайұлы
- 4.Жакенов Молдаш
- 5.Жұматаев Өсербай
- 6.Исмағұлов Омар

1953-1954 оқу жылы:

- 1.Дайыров Балтабай(директор)
- 2.Әбілмәжінов Ғазез
3. Мусин Зекен Шубайұлы
- 4.Ғабдуллин Қайыржан
- 5.Есмағанбетов Аманжол
- 6.Жакенов Молдаш
- 7.Исмағұлов Омар

1954-1955 оқу жылы:

- 1.Әлібаев Игібай(директор)
- 2.Ғабдуллин Қайыржан
- 3.Мусин Зекен Шубайұлы
- 4.Жетпісов Хамит
- 5.Жумин Сәбит
- 6.Ільясов Қамбар
- 7.Исмағұлова Шақар
- 8.Қасымов Бәри

1955-1956 оқу жылы:

- 1.Әлібаев Игібай(директор)

2. Ғабдуллин Қайыржан
3. Мусин Зекен Шубайұлы
4. Жетпісов Хамит
5. Жумин Сәбит
6. Ільясов Қамбар
7. Бөгенбаев Нұржан
8. Қасымов Бәри
9. Тасмағанбетов Ережеп

1956-1957 оқу жылы:

1. Әлібаев Игібай(директор)
2. Ғабдуллин Қайыржан
3. Мусин Зекен Шубайұлы
4. Бөгенбаев Нұржан
5. Аханов Серікбай
6. Жумин Сәбит
7. Ільясов Қамбар
8. Тасмағанбетов Ережеп
9. Ищенко Любовь Ивановна

1957-1958 оқу жылы:

1. Тайжанов Кәләу(директор)
2. Ғабдуллин Қайыржан
3. Мусин Зекен Шубайұлы
4. Махметова Нәзипә
5. Жумин Сәбит
6. Бөгенбаев Нұржан
7. Ільясов Қамбар
8. Тасмағанбетов Ережеп
9. Ищенко Любовь Ивановна

1958-1959 оқу жылы:

1. Тайжанов Кәләу(директор)
2. Ғабдуллин Қайыржан
3. Мусин Зекен Шубайұлы
4. Махметова Нәзипә

- 5.Жумин Сәбит
- 6.Бөгенбаев Нұржан
- 7.Қуандықов Қасым
8. Әбиева Рәзия
- 9.Тасмағанбетов Ережеп



1959-1960 оқу жылы:

- 1.Тайжанов Кәләу(директор)
- 2.Ғабдуллин Қайыржан
- 3.Мусин Зекен Шубайұлы
- 4.Бөгенбаев Нұржан
- 5.Жумин Сәбит
- 6.Сейдахметов Бейсен
- 7.Қуандықов Қасым
- 8.Әбиева Рәзия
- 9.Жаукенов Ғаббас

1960-1961 оқу жылы:

- 1.Тайжанов Кәләу(директор)
- 2.Ғабдуллин Қайыржан
- 3.Мусин Зекен Шубайұлы
- 4.Бөгенбаев Нұржан
5. Жумин Сәбит
- 6.Сейдахметов Бейсен

7. Қуандықов Қасым
8. Әбиева Рәзия
9. Жәукенов Ғаббас



1960 жыл

1961-1962 оқу жылы

1. Тайжанов Кәләу (директор)
2. Ғабдуллин Қайыржан
3. Мусин Зекен Шубайұлы
4. Бөгенбаев Нұржан
5. Жумин Сәбит
6. Сейдахметов Бейсен
7. Қуандықов Қасым
8. Әбиева Рәзия
9. Жәукенов Ғаббас



1962-1963 оқу жылы:

1. Тайжанов Кәләу (директор)
2. Ғабдуллин Қайыржан
3. Мусин Зекен Шубайұлы
4. Бөгенбаев Нұржан
5. Жумин Сәбит
6. Сейдахметов Бейсен
7. Қуандықов Қасым
8. Әбиева Рәзия
9. Жаукенов Ғаббас
10. Хамзин Сағат
11. Рахымжанов Қабиболла

1963-1964 оқу жылы:

1. Тайжанов Кәләу (директор)
2. Ғабдуллин Қайыржан
3. Мусин Зекен Шубайұлы
4. Бөгенбаев Нұржан
5. Жумин Сәбит
6. Рахымжанов Қабиболла
7. Қуандықов Қасым
8. Әбиева Рәзия
9. Жаукенов Ғаббас
10. Тұралинов Найман

1963-1964 оқу жылы:

1. Тайжанов Кәләу (директор)
2. Ғабдуллин Қайыржан
3. Мусин Зекен Шубайұлы
4. Бөгенбаев Нұржан
5. Жумин Сәбит
6. Рахымжанов Қабибола
7. Қуандықов Қасым
8. Әбиева Разия
9. Жаукенов Ғаббас
10. Тұралинов Найман



1964-1965 оқу жылы:

1. Тайжанов Кәләу (директор)
2. Ғабдуллин Қайыржан
3. Мусин Зекен Шубайұлы
4. Бөгенбаев Нұржан
5. Жумин Сәбит
6. Рахымжанов Қабибола
7. Қуандықов Қасым
8. Әбиева Разия
9. Жаукенов Ғаббас



1965 жыл ескі мектептің жаны (спорт алаңы)

1965-1966 оқу жылы:

1. Тайжанов Кәләу (директор)
2. Жумин Сәбит
3. Мусин Зекен Шубайұлы
4. Бөгенбаев Нұржан
5. Рахымжанов Қабібола
6. Қуандықов Қасым
7. Бөгенбаева Бақыт
8. Жаукенов Ғаббас
9. Қуандықова Мағрипа
10. Оспанова Сара
11. Шубаева Сапыш
12. Тайжанова Аққу



1966 жыл

1966-1967 оқу жылы:

1. Тайжанов Кәләу (директор)
2. Жумин Сәбит
3. Мусин Зекен Шубайұлы
4. Бөгенбаев Нұржан
5. Рахымжанов Қабидола
6. Қуандықов Қасым
7. Базарбеков Қажен
8. Жаукенов Ғаббас
9. Қуандықова Мағрипа
10. Бекенов Талап
11. Шубаева Сапыш
12. Құсайынова Күлбәршін



1966 жыл

1967-1968 оқу жылы:

- 1.Тайжанов Кәләу(директор)
- 2.Жумин Сәбит
- 3.Мусин Зекен Шубайұлы
- 4.Бөгенбаев Нұржан
- 5.Рахымжанов Қабіболла
- 6.Қуандықов Қасым
- 7.Жаукенов Ғаббас
- 8.Шубаева Сапыш
- 9.ҚұсайыноваКүлбәршін
- 10.Бекенов Талап
- 11.Махметова Айтжан

1968-1969 оқу жылы:

- 1.Есмағұлов Есім(директор)
- 2.Рахымжанов Қабіболла
- 3.Мусин Зекен Шубайұлы
- 4.Бөгенбаев Нұржан
5. Қуандықов Қасым
- 6.Жаукенов Ғаббас
- 7.ҚұсайыноваКүлбәршін
- 8.Махметова Айтжан
- 9.Қасымова Күлшара
- 10.Аманбаева Шолпан
- 11.Әлімжанов Жаңғали

1969-1970 оқу жылы

- 1.Есмағұлов Есім(директор)
2. Рахымжанов Қабіболла
3. Мусин Зекен Шубайұлы
- 4.Бөгенбаев Нұржан
5. Қуандықов Қасым
6. Жаукенов Ғаббас
- 7.Қасымова Күлшара
- 8.Баянов Қабдырахман

9. Махметова Айтжан
10. Мүжікенов Қабидолла
11. Аманбаева Шолпан
12. Ахметов Дәрібай
13. Жылқайдаров Әшім/Әшкен/



1969-1970 оқу жылы

1970-1971 оқу жылы:

1. Есмағұлов Есім (директор)
2. Рахымжанов Қабиболла
3. Мусин Зекен Шубайұлы
4. Бөгенбаев Нұржан
5. Қуандықов Қасым
6. Жаукенов Ғаббас
7. Қасымова Күлшара
8. Баянов Қабдырахман
9. Махметова Айтжан
10. Құсайынова Қамар
11. Есмағұлова Ботагөз

12. Ыбраев Төлеген
13. Жолдығарина Айымжан
14. Аманбаева Шолпан
15. Тайжанов Кәләу

1971-1972 оқу жылы:

1. Есмағұлов Есім (директор)
2. Рахымжанов Қабиболла
3. Мусин Зекен Шубайұлы
4. Бөгенбаев Нұржан
5. Қуандықов Қасым
6. Жаукенов Ғаббас
7. Қасымова Күлшара
8. Баянов Қабдырахман
9. Махметова Айтжан
10. Аманбаева Шолпан
11. Тайжанов Кәләу
12. Есмағұлова Сәуле
13. Есмағұлов Талғат
14. Рақышева Ғалия
15. Жақыпов Ғалым

1972-1973 оқу жылы:

1. Есмағұлов Есім (директор)
2. Рахымжанов Қабиболла
3. Мусин Зекен Шубайұлы
4. Қуандықов Қасым
5. Жаукенов Ғаббас
6. Қасымова Күлшара
7. Баянов Қабдырахман
8. Махметова Айжан
9. Аманбаева Шолпан
10. Исмағұлова Сәуле
11. Жақыпов Ғалым
12. Рақышев Ойрат

13. Құсайынов Қозы-Көрпеш

14.Қуандықова Раушан



1973-1974 оқу жылынан бастап, осы күнге дейін мұғалім болып істегендер және істеп жүргендер:

1.Есмағұлов Есім

2.Рахымжанов Қабіболла

3.Жылқайдарова Кенже

4.Әжібаева Орал

5.Жәкібаев Зәлел

6.Қанапина Гүлнәр

7.Ахмедьярова Баян

8.Нұрғалиев Алпыспай

9.Баянов Қабдрахман (1975-1985жж. директор)

10.Омарова Ғайша

11.Жылқайдаров Әшім

12.Жылқайдаров Бейсенбай

13.Құсайынова Шәпия

14.Бимендина Гауһар

- 15.Рсалиев Нәби
- 16.Есімсейітова Ләззәт
(2015 ж. оқу ісінің меңгерушісі)
- 17.Нұрғалиева Жәмилә (2015 ж. директор)
- 18.Смаилова Сәмия
- 19.Жылқайдарова Венера
- 20.Жылқайдарова Әсемгүл
- 21.Әбішева Жанар
- 22.Әбішева Айман
- 23.Нарғожин Марат
- 24.Кәкжанов Еркебұлан
- 25.Қорабаев Санат
- 26.Қорабаева Эльмира
- 27.Әбішева Әсел
- 28.Смаилова Шолпан
- 29.Кәкіжанова Жанара
- 30.Әлімжанова Сағыныш
- 31.Қанапин Дәулет
- 32.Қанапин Жеңіс
- 33.Ақпаев Нұрсұлтан
- 34.Қоқашева Алуа
- 35.Жылқайдарова Гүлжан
- 36.Мусина Ләйлә
- 37.Саденов Арап
- 38.Смаилова Гүлия
39. Хамзина Земфира
40. Қанапина Тамара
41. Садуақасова Гүлмира
42. Ақпаева Қамар (аспаз)
43. Абиева Гуля (аспаз)





РАҚЫМЖАНОВ Қабиболла Рақымжанұлы

1941 жылы 21 қаңтарда Ақсу ауылында туған. Әкесі Ыбыраев Рақымжан соғыстың алғашқы жылы шейіт болған. 1947 жылы 6 жасынан Ақсу жетіжылдық мектебінің 1 классына барған. 1954 жылы 8-ші классты Ленин орта мектебінде жалғастырып, 1957 жылы аты аталған мектепті үздік тәмамдаған. 1958 жылы Алматының Абай атындағы педагогикалық институтының физика-математика факультетіне оқуға түседі. Оқу орнын 1963 жылы бітіріп, өзінің туған ауылы Ақсуға оралып, ұстаздық жолын бастайды. 1968 жылы мектептің оқу ісінің меңгерушісі болып тағайындалады. 1988-2001 оқу жылдары арлығында Ақсу сегізжылдық мектебінің директоры қызметін атқарады. Қырық жыл тәлім-тәрбие берген шәкірттері әр жерлерде абыройлы қызметтер атқарып келеді. Көп жылғы еңбегі еленіп, аудандық, облыстық білім басқармасының Құрмет грамоталары мен алғыс хаттары осының айғағы. 1988 жылы ҚКСР-ң білім министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталған. 1967 жылы Айтжан (Әйкеш) Махметқызымен үйлесіп жанұя құрады. Осы ұлағатты жанұяда 2 ұл, 2 қыз дүниеге келді. Айтжан Махметқызы да ұстаздық етті. Бастауыш класстардың облысымызға танымал ұстазы атанды. Әке мен шешенің жолдарын кұған Анар мен Айгүл де ұстаздық етуде. Ұлдары Бүркіт пен Қаршыға жеке шаруашылықпен айналысуда.



ЖЫЛҚАЙДАРОВА Орал Жақсыбайқызы

1947 жылы 29 тамызда Көкшетау облысы, Рузаев ауданы, Құйған ауылында дүниеге келген. 1955-1958 жылдары Қоңырсу бастауыш мектебінде оқиды. Онжылдықты кеңшар орталығы Жданов мектебінде тәмәмдайды. Аудан орталығы Чистополье селосында педагогикалық класта білім алып, Шақпақ ауылында 2 жыл бастауыш класс мұғалімі болып жұмыс істейді. 1969 жылы Петропавл Педагогикалық Институтының филология факультетіне оқуға түседі. 1973 жылы аталған оқу орнын орыс тілі және орыс әдебиеті пәні мұғалімі мамандығы бойынша аяқтайды. 1973 жылдан 2005 жылы зейнет демалысына шыққанға дейін Шал ақын ауданы, Ақсу негізгі мектебінде ұстаздық етті. 1974 жылы Бейсенбай Сәлікұлына тұрмысқа шығады. Екеуі 2 ұл, 2 қыз дүниеге әкеліп, тәрбиелеп өсірді. Үлкендері – Бейнегүл «Қазақстан» ұлттық телеарнасында қызметте. Орал Жақсыбайқызының, 32 жыл жұмыс өтілінде, алдынан талай шәкірттері шыққаны белгілі жәйт. Оқушылары аудандық, облыстық олимпиадаларға қатысып, жақсы нәтижелерге жетіп жүрді. Солардың бірі Туралин Әміржан республикалық олимпиадаға қатысқан болатын. Бұл - еңбегінің жемісі. Еңбегі де еленбей қалған жоқ, аудандық, облыстық оқу бөлімінің Мақтау грамоталары мен Алғыс хаттарымен марапатталған. Осы күнге дейін ұстаздық етіп жүр.



ЖЫЛҚАЙДАРОВА Кенже Қадырқызы

1952 жылы 1 қаңтарда Қарағанды облысы, Жаңа-Арқа ауданының 189 разьезінде теміржолшының отбасында дүниеге келген. 1969 жылы Жаңа-Арқа кентінде С.Сейфуллин атындағы мектеп-интернатында оқып, оны өте жақсы аяқтаған соң, Қарағанды мемлекеттік университетінің математика факультетіне оқуға түседі. 1972 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Шал ақын ауданындағы Ақсу ауылының тумасы Жылқайдаров Әшім Қабдөшұлымен отбасын құрған Кенже Қадырқызын 1973 жылы Солтүстік өңірге жұмысқа жібереді.

1973-1981 жылдары Ақсу сегізжылдық мектебінде математика пәнінің мұғалімі,

1981-1985 жылдары Жаңасу бастауыш мектебінің меңгерушісі болып еңбек етеді.

1979 жылы үш ауылдың басы біріктіріліп «Еңбек» кеңшары ашылғаннан кейін, орталығы Жаңасу ауылында 1986 жылы жаңадан мектеп ғимараты салынып, онжылдық мектеп ашылады.

Кенже Қадырқызы осы мектепте (1986-2006жж.) табаны күректей 20 жыл бойы математика пәнінің мұғалімі, әрі оқу-тәрбие ісінің меңгерушісі қызметін атқарды. 2005 жылы құрметті зейнет демалысына шықса да балаға білім, тәрбие беруді тоқтатпады. Өңіріміздің орталығы Петропавл қаласына көшіп келгеннен кейін де жұмысын жалғастырды.

2006-2014 жылдары облысымыздың Ә.Досмұхамбетов атындағы дарынды балаларға арналған гимназида математика пәнінен сабақ берді. Жоғары

санатты маман, 40 жылдан артық еңбек өтілі бар Кенже Қадырқызының алдынан оқып шыққан шәкірттерінің жетістіктері де жетерлік.

Кенже Қадырқызы математика пәні бойынша үйірме жұмыстарын ұйымдастырумен қатар, факультативтік сабақтар өткізіп отырды.

Мектептің ішкі және одан тыс жұмыстарының орындалуына мұқияттылықпен қарап, қатты бақылауына алатын. Мектепте барлық кәсіби және мемлекеттік мерекелер жоғары деңгейде аталып өтетін. Әрине бұл іс-шаралардың барлығы дерлік оқушылар мен олардың ата-аналарынсыз өтпейтін. Мамандық таңдай білуде де дұрыс бағыт көрсете білетін.

Кенже Қадырқызының бала тәрбиесі және оларға білім берудегі еңбектері аудан, облыс оқу бөлімдері тарапынан, әкімшіліктен мақтау қағаздар, дипломдар және сыйлықтармен бағаланды. 5-8 сыныптар арасындағы математика пәнінен өткен халықаралық олимпиада Дипломының иегері.

Кенже Қадырқызы тек жұмыс басты болып қоймай, отбасына да көп көңіл бөле білді. Дүниеге бала әкеліп, оларға да аналық қамқорлығын жасап, жақсы тәлім-тәрбие беруінің нәтижесінде «Алтын Алқа» иегері атанды. Жолдасы Әшім екеуі балаларының барлығына жоғары білім алуларына жағдай жасады. Бүгіндері олар әр салада қызметтерін атқаруда.



ҚАНАПИНА Гүлнар Қайроллақызы

1956 жылы Ленин ауылында дүниеге келген. 1973 жылы

Ленин орта мектебін бітіріп, Ақсу сегізжылдық мектебінде жұмыс істеді. 1976 жылы Алматыдағы Қазақтың Мемлекеттік қыздар педагогикалық институтына түсіп, 1980-1992 жылдар аралығында Ақсу сегізжылдық мектебінде қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі болды.

1993 жылдан бері Мағжан Жұмабаев атындағы Петропавл гуманитарлық колледжінде қазақ тілі мен әдебиетінің оқытушысы болып қызмет атқарып келеді.

Гүлнар Қайроллақызы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Тәуелсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік дамуы жолында қол жеткен табыстары және оның гүлденуіне қосқан зор үлесі үшін» Құрмет грамотасымен (2003) және «Қазақстан Республикасы СҚО білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі «Сала қызметкерлерінің әлеуметтік құқықтарын қорғау бойынша белсенді жұмысы және білім жүйесіндегі көп жылғы адал еңбегі үшін» Құрмет грамотасымен (2010) марапатталды. Гүлнар Қайроллақызы облыстық, қалалық, колледжішілік өтетін түрлі байқаулардың, мәнерлеп оқу сайыстарының жұмысына белсене қатысады:

Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің облыстық «Жүзден жүйрік» байқауының (2013, 2014, 2015жж.), Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған І республикалық батырлар эпосы жыршылары байқауының, XVI Абай және VI Махамбет оқуларының облыстық кезеңінің , жалпы білім беретін мектеп оқушыларының

арасында қазақ тілі пәнінен өтетін «Жарқын болашақ» олимпиадасының облыстық кезеңінің (2013, 2014, 2015 ж.ж), Республикалық мектеп оқушылары арасындағы «Мағжан көктемі» республикалық фестивалінің (2014ж.), «Дарынды балаларға – талантты ұстаз» атты облыстық X Халықаралық педагогикалық олимпиадасының (2015ж.), облыстық мектеп оқушылар арасындағы пәндік олимпиадасының әділқазылар мүшесі (2016ж.) , Қанипа Бітібаева атындағы республикалық қазақ тілі мен әдебиеті пәні олимпиадасының облыстық кезеңінің қазылар алқасы құрамында сапалы жұмыс атқарғаны үшін – АЛҒЫС ХАТ, оқу-тәрбие үрдісін дамытуға қосқан зор үлесі үшін Алғыс хаттармен марапатталды. Жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіне қосқан елеулі үлесі үшін «МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ» мерейтойлық медалімен марапатталды (2015ж.)

Гүлнар Қайроллақызының студенттері жыл сайын түрлі байқаулар мен сайыстарға қатысып тұрады. Өз елінің игілігіне қызмет етіп, жастарымыздың бойына үлкен жауапкершілік , отансүйгіштік , мейірімділік сияқты адами жақсы қасиеттерді дарыта отырып, білікті де білімді мамандар даярлауға өз үлесін қосып келеді.



ЕСІМСЕЙІТОВА
Ләззәт Сәттарқызы

1960 жылы 6 қазанда Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Ақтас ауылында дүниеге келген. Оқуды Ақтас мектебінен бастап, онжылдық білімді Бұлақ орта мектебінен алған. 1980-1985 жылдары Петропавл педагогикалық институтының ЕГФ-де оқып, химия-

биология пәні мұғалімі бойынша жоғары білім алып шықты. 1986 жылдан бастап Ақсу негізгі мектебінде химия-биология пәнінің мұғалімі болып жұмысқа кіреді. 20 жылдан соң, 1965 жылы Қайыржан Ғабдоллин кеткеннен кейін, Ақсу мектебіне келген химия-биология пәнінің маманы болды. Бұл пәндер бойынша Ләззат Саттарқызының шәкірттері білімдерін аудан, облыстық олимпиадаларға қатысып, көрсетіп жүрді. 2015 жылы екі оқушысы Айдана Қабиболлаева мен Айтолқын Қасимова химия-биологияға бағытталған Назарбаев Зияткерлік Мектебіне қабылданып, 2017 жылы ойдағыдай тәмамдап шықты. Бүгіндері Айдана СҚМУ-де технология факультетінде, ал Айтолқын Қостанай педагогикалық институтының химия факультетінде білімдерін дамытуда. Ләззат Саттарқызы бүгінгі өмірдің талаптарына сай, әрдайым біліктілігін жетілдіріп отырады, сонымен қатар, оқушылардың алған білімін мектеп жанындағы жер телімінде жұмыс істеу арқылы тұжырымдап отыруды қалыптастырған. Оқу-тәрбие жұмысындағы іскерлігі ескеріліп, 2006 жылы Ләззат Есімсейітованы директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары етіп тағайындайды. Тұрмыста, жолдасы – Ғабит Есімсейітов, Ауған соғысының ардагері, жақсы механизатор.

МУСИН Шубай



1898 жылы туған. Бұл кісінің ертерек кезіндегі өмірі туралы деректер өте аз. Немересі Мараттың кішкене күнінде естуінше, ол Володаров ауылдық кеңесінде ауылнай болған көрінеді. 1928-ші жылы ұжымшарға кіріп, жұмыс істейді. Партия мүшесі болған, себебі мен көрген мұрағат

құжаттарында, бастауыш партия ұйымының ревизия комиссиясының мүшесі болған. 50-ші жылдардың басында Ақсуға көшіп келген. Мықты етікші болған. Ер азаматтардың саптама, әйелдерге арналған етіктерін тапсырыс бойынша тігетін. Мәсілері қандай тамаша болатын. Қазіргі мәсілер оның «шынашағына» да тұрмайды. Үйленген, жұбайы – Әйткен. Екеуі Зекен, Қабиден, Сапыш атты балаларды дүниеге әкеліп, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып кеткен асыл жандар.



МУСИН Зекен Шубайұлы

1927жылдың 25 тамызы қарапайым отбасында дүниеге келген. Мектепті бітіргеннен кейін 1946 жылы Петропавл

қаласындағы педагогикалық училищеге оқуға түседі. 1949 жылы аталған оқу орнын аяқтағасын Октябрь (қазіргі Шал ақын) ауданының Шортай жетіжылдық мектебіне орыс тілі пәні мұғалімі ретінде жіберіледі. 1949-1952 оқу жылдарында сол мектепте жұмыс істейді. 1952-1953 оқу жылында Ақсу жетіжылдық мектебіне ауысады. Кейін аталған мектеп сегізжылдық мектеп мәртебесін алады. Міне осы мектепте Зекен Шубайұлы 1973 жылға дейін орыс тілі және әдебиеті пәндерінен дәріс берді. Ол тек қана сабақ беріп қойған жоқ, сонымен қатар класс жетекшісі де болды. Класс жетекшісі ретінде мектептің оқу-тәрбие жұмыстарына белсене араласатын. Түрлі үйірмелерге жетекшілік етті. Сурет салуға да баулыды. 1955 жылы Қамаш Махметқызына үйленеді. Екеуі 2 ұл, 3 қыз дүниеге әкеліп, тәрбиелеп жеткіземіз деп жүргенде Зекен Шубайұлы кенеттен қайтыс болады. Қамаш Махметқызына балаларды жалғыз өсіруіне тура келеді.

Мектеп-интернатқа жұмысқа кіріп, онда бірнеше жыл тәрбиеші болады. Кейіннен бөлімшеге аспазшы болып орналасады. Жұмысына тыңғылықты Қамаш Махметқызы екі рет Сергеев аудандық Кеңестің халық депутаты болып сайланды. Сол жұмыстан зейнетке шықты.



МУСИН Қабиден Шубайұлы

1930 жылы 10 сәуірде дүниеге келген. Сол кездегі жас жеткіншектерге тән қасиет десе де болады, Қабиден ерте есейіп, жұмысқа ерте араласты. Петропавл қаласының жанындағы Борки селосында трактористер курсынан өтіп, тракторист-машинист куәлігін алады. Ленин ауданының

Тамамбай ауылында тұратын ағайыны Дайрабай Омарұлының қолына барады. 11 жасынан тракторға отырады. Қабиден де Ақсуға келіп жұмысқа орналасады. 1954-1955 жылдары Еңбек ауылында егіс бригадасына бригадир болады. МТС құрылғаннан кейін Ақсуға келіп механизаторлығын жалғастырады. Тракторға да отыратын, комбайын- мен де егін орып бастыратын. Қабиден К-700 тракторына алғашқылардың бірі болып отырды. Бұл трактормен қысы-жазы тоқтамай жұмыс істейтін. Жастайынан техникаға отырғандықтан болар, техниканың ақауын қозғалтқышы қосылып тұрғанда анықтайтын. Комбайын күрделі техникаға жататындықтан, оның әрбір агрегаты қалай жұмыс істеп тұрғанын дыбысынан білетін және оны жас комбайнерлерге үйрететін. Қабиденнің еңбегі жоғары бағаланды. Ол «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталды. Үйленген, жұбайы – Балшекер, Ақсудың тумасы. Екеуі 6 ұл, 4 қыз

тәрбиелеп өсірді. Мусин Қабиден Шубайұлы 1999 жылы қайтыс болған. Еңбек ауылында жерленген.



ОМАРОВ **Дайрабай Омарұлы**

1903 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Мәскеу ауданы, Тамамбай ауылында дүниеге келген. 1941 жылы Қызыл Әскер қатарына шақырылған және 1943 жылға дейін Ленин (Қызылжар) аудандық әскери комиссариатта есепте тұрған. 391 атқыштар полкы сапында атқыш, қатардағы жауынгер.

Марапаттары: «2-ші дәрежелі Даңқ», «2-ші дәрежелі Отан соғысы» ордендері, «Германияны жеңгені үшін» медалі, мерейтойлық медальдар. Ұлы Отан соғысының мүгедегі. Соғыстан кейін Ақсуға қоныс аударған және әр салада жұмыс істеген. Зейнет демалысына шыққанша Тілеужан Мұхамедьяров бригадасында күзетші болды. Үйленген, жұбайы – Ұмындық Қожахметқызы, Ақсудың тумасы. 6 қыз, 4 ұл дүниеге әкеліп, өсірген. Дайрабай Омарұлы 1980 жылы қайтыс болған. Еңбек ауылында жерленген.



ЖҰМАТАЕВ Өсербай Жұматайұлы

1916 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Октябрь ауданы, Тереңсай (Ленин) ауылында туған. 1942 жылы Қызыл Әскер қатарына шақырылған. 62-ші теңіз шекара отряды, 84-ші шекара отряды саптарында соғысқа қатысқан, бөлімше командирі, кіші сержант. Польшаға дейін жеткен.

Марапаттары: «Варшаваны алғаны үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдары, мерейтойлық медальдар. Соғыстан кейін әр салада жұмыс істеген. 1951-1953 жылдары Ақсу жетіжылдық мектебінде бастауыш класс мұғалімі болған. Ынтымақ мектебінде ұстаздық еткен. Кейін өзінің туған ауылында, зейнетке шыққанша «Тереңсай» кеңшарының жұмысшылар кооперативінде сатушылық қызметін атқарған. Үйленген, жұбайы – Зада екеуі 9 ұл-қыз дүниеге әкеліп, тәрбиелеп өсірген. Ұл-қыздары Қазақстанның түкпір-түкпірінде әр қызметтер атқаруда. Қыздарының бірі – Нәзилә Солтүстік Қазақстан облыстық мұрағаттар директорының орынбасары.

Өсербай Жұматайұлы 1991 жылы қайтыс болған. Тереңсайда жерленген.

БҮТҮМБАЕВ Ботай Бүтүмбайұлы

1901 жылы Ақмола облысы, Көшетау ауданы, Қарғалы (Еңбек) ауылында туған. 1941 жылы тамыз айында Қызыл Әскер қатарына шақырылған және жаралануына байланысты 1943 жылға дейін Октябрь аудандық әскери комиссариатта есепте тұрған. 117-ші

гвардиялық полкі, 23-ші атқыштар дивизиясы сапында Сталинград майданында шайқасқа қатысқан. Атқыш, қатардағы жауынгер. Марапаттары: «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен, мерейтойлық медальдармен марапатталған. 1984 жылы 23-ші қазанда қайтыс болған. Тимирязев селосында жерленген.

БИМУСИН Арғын Бимұсаұлы

1923 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Октябрь ауданы, Еңбек (Қарғалы) ауылында туған. 1942 жылы Қызыл Әскер қатарына шақырылған және 1945 жылға дейін Октябрь аудандық әскери комиссариатта есепте тұрған. 1013-ші атқыштар полкі, 285-ші атқыштар дивизиясында атқыш, қатардағы жауынгер. Марапаттары: «Берлинді алғаны үшін», «Праганы азат еткені үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдары және мерейтойлық медальдар. Соғыстан кейін әр салада жұмыс атқарған. Ақсу ауылында № 2-ші бөлімшенің есепшісі болған. Зейнетке шыққанша өз елі Еңбекте жұмыс істеген. 1987 жылы қайтыс болған. Еңбек ауылында жерленген.



ҒАБДУЛЛИН Божнай Ғабдоллаұлы

22 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Октябрь ауданы, Көктерек ауылында дүниеге келген. 1941 жылы әскер қатарына шақырылған және Кавказда 123 атты әскер полкі сапында шайқасқа қатысқан. Аяқтан жараланған. Соғыстан кейін Мурманск қаласының құрылыс бөлімінде ұста-

электрдәнекерлегіш болып жұмыс істейді. Сол жерде болашақ жұбайы Ольга Николаевнамен кездеседі. Ол 1927 жылы туған, Ленинград блокадасынан кейін қаланы қалпына келтіру жұмыстарына қатысады. Соғыс аяқталысымен Мурманскіге жұмысқа барған. Екеуі қосылып, елге оралады. 1956 жылы Тораңғыл МТС-де электрдәнекерлегіш болып жұмыс істейді. 1962 жылы «Новопокровка» кеңшарының жұмысшылар комитетінің төрағалығына сайланады. 1965 жылы «Тереңсай» кеңшарының жұмысшылар комитетінің төрағасы. 1966-1971 жылдары Ақсуда бөлімше басқарушысы болып, қызмет атқарады. 1969 жылы Ленин ауыл шаруашылық техникумын тәмәмдайды. Кейін «Октябрь» кеңшарында агроном, бөлімше басқарушысы, бригадир болады. «ВЛКСМ-ң 50 жылдығы» атындағы кеңшардың № 3 бөлімшесінде(Еңбек ауылы) агроном болып, 1980 жылы зейнетке шығады. Одан кейін де сол бөлімшенің бригада есепшісі болып 1985 жылға дейін еңбек етеді. 1992 жылы қайтыс болған. Көктерек ауылында жерленген.

ІЛІЯСОВ Қамбар Іліясұлы

1905 жылы 28 ақпанда Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл (Преснов) ауданы, Балуан ауылында туған. 1941 жылы Қызыл Әскер қатарына шақырылған және 1946 жылға дейін Жамбыл аудандық әскери комиссариатта есепте тұрған. Соғыс жылдары талай шайқастарға қатысып, Чехословакияға дейін жеткен, сол жерде әскери қызметте болған, капитан. Марапаттары: «2-ші дәрежелі Отан соғысы ордені, «Ерлігі үшін» медалі, мерейтойлық медальдар. 1954-1958 жылдары Ақсу жетіжылдық мектебінде ұстаздық еткен. 1988 жылы қайтыс болған. Балуан ауылында жерленген.

ТАСМАҒАНБЕТОВ Ережеп Тасмағанбетұлы

1923 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Октябрь ауданы, Алқағаш ауылында туған. 1942 жылдың 1-ші қыркүйегінде Қызыл Әскер қатарына шақырылған және 1943 жылдың 1-ші желтоқсанына дейін Октябрь аудандық әскери комиссариатта есепте тұрған. Кіші сержант. Марапаттары: «2-ші дәрежелі Отан соғысы» ордені, мерейтойлық медальдар. 1955-1959 жылдары Ақсу жетіжылдық мектебінде ұстаздық еткен. Бастауыш кластарға сабақ берген. 1999 жылы қайтыс болған. Алқағаш ауылында жерленген.

ЕСМАҒҰЛОВ

Есім Есмағұлұлы



1916 жылы 1 қарашада Октябрь ауданы, Торанғұл селолық кеңесі, Еңбек ауылында дүниеге келген. 1939 жылы Петропавл педагогикалық училищесінің тарих факультетін бітірген. 1940 жылдан ВКП(б) мүшесі. 1941 жылдың шілде айында Ұлы Отан соғысына аттанған, 34-ші атқыштар дивизиясының барлау ротасында саяси жетекшінің көмекшісі қызметін атқарған. Хабаровск соғыс саяси жетекшілері училищесін бітіргеннен кейін 30-шы офицерлер полкы құрамында, 1-ші Украин майданы, 25-ші мехбригадасы, 7-ші мехдивизиясында саяси жетекші болған. Кіші лейтенант Есім Есмағұлұлы минометшілер взводының командирі болады. 1946 жылы соғыстан оралады. Марапаттары: 2-ші дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордені, «Праганы азат еткені үшін», «Германияны жеңгені үшін», мерей тойлық медальдар. 1946-1968 жылдары

Ленин орта мектебінде әскери істер және дене тәрбиесі мен тарих пәндерінен сабақ берді. 1968 жылы Сергеев аудандық білім бөлімінің бұйрығымен Ақсу сегізжылдық мектебіне директорлыққа тағайындалады, бұл қызметте 1976 жылға, яғни зейнет демалысына шыққанша істейді. Есім Есмағұлұлы «Қазақ КСР-і білім беру үздігі» атағын алған және аудандық, облыстық білім бөлімдерінің Мақтау Грамоталарымен марапатталған. Үйленген, жұбайы – Күлшара Қасымқызы, бастауыш кластар мұғалімі, «Батыр Ана» медалінің иегері. Екеуі дүниеге 11 ұл-қыз әкеліп, тәрбиелеп жеткізген. Есім Есмағұлов 1979 жылы қайтыс болған. Күлшара Қасимова 1999 жылы қайтқан. Екеуі де Еңбек ауылында жерленген.



ЕСМАҒҰЛОВ **Талғат Есімұлы**

1951 жылы желтоқсанның 25-де Солтүстік Қазақстан облысы, Октябрь ауданы, Ленин ауылында дүниеге келген. 1968 жылы Ленин орта мектебін бітіргеннен кейін Петропавл ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумына оқуға түсіп, 1971 жылы техник-электрик мамандығын алып шығады. Бір жыл Ақсу мектебінде жұмыс істегеннен кейін, 1972 жылы Кеңес Әскері қатарына шақырылып, 1973 жылы міндетін атқарып келеді. 1974 жылы «ВЛКСМ-ның 50 жылдығы» кеңшары комсомол ұйымының хатшылығына сайланады. Бұл қызметте 1976 жылға дейін істеп, Сергеев электр жүйесі кәсіпорнында энергетик болады. 1979 жылы «Еңбек» кеңшарына бас энергетик болып тағайындалады. Жұмыс істей жүріп, Петропавл педагогикалық институтының тарих факультетін

тәмәмдаған соң мұғалімдік қызметке ауысады. 1986-2001 жылдары Жаңасу орта мектебінде тарих пәнінен сабақ береді. 2001 жылы көп жылдық тәжірибесі ескеріліп, оны Ақсу негізгі мектебінің директорлығына тағайындайды. Ол бұл қызметті 2014 жылға дейін абыроймен атқарды. Талғат Есімұлы мектеп ұжымы мен ата-ана арасындағы қарым қатнасты дұрыс жолға қоя білді. Оқу-тәрбие жоспарына сәйкес жұмыстар уақытында орындалатын. Мектеп оқушылары көркем-өнерпаздар байқауларына қатысып, аудан, облыс бойынша жақсы көрсеткіштерге жетіп жүрді. Ақсу ауылындағы барлық іс-шаралардан қалыс қалған емес. Бірнеше рет аудан, облыс оқу бөлімдерінің Мақтау Грамоталарымен марапатталған. Үйленген, жұбайы – Қалияқпыр (Қалияш) Жартыбайқызы, математика пәнінің мұғалімі. Екеуі - бір ұл, екі қыз дүниеге әкеліп, тәрбиелеп өсірген жандар. Қазір Астана қаласының тұрғындары.



ҚУАНДЫҚОВ

Қасым

1927 жылы 1 қыркүйекте Шал ақын ауданы, Еңбек ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын Ақсу ауылының клуб

меңгерушісі болып бастайды. 1958-1959 оқу жылынан мұғалімдік қызметке ауысады. Негізгі қызметі бастауыш кластарының мұғалімі болады. Арасында еңбекке баулу, тарих пәндерінен де дәріс беретін. Еңбек сабақтарында қол өнеріне көп көңіл бөлетін және сол пәннің үйірмесін де жүргізді. Қасым Қуандықұлы тарих пәнінің маманы болмаса да тарихты жақсы білетін, әрі түсінікті қылып жеткізетін. Сөзге шебер, әзіл-оспағы қатар жүретін Қасым

Қуандықұлы үлкенмен де, кішімен де тез тіл табыса алатын. Қоғамдық жұмысқа белсенді араласатын, бөлімшенің бастауыш партия ұйымының хатшысы болған. Соңғы жылдары тек бастауыш кластарына сабақ беріп, 1987 жылы зейнетке шыққан. 1997 жылы қайтыс болған. Еңбек ауылында жерленген.

Мұғалімдермен бірге ауылда басқа да жұмыспен айналысқан, қызмет атқарған адамдар елмен біте қайнасып кеткен десе де болады. Мысалы: **Мусиндер, Омаровтар, Қуандықовтар, Құрмантасовтар** әулеттері. Олардың ұрпақтары осы күнге дейін Ақсуда тұрып жатыр. Бүтүмбаев Ботай кезінде ұжымшар төрағасы болған. Ауылымыздың әр уақытта бөлімше басқарушылары болып Базарбаев Баймағанбет (Бәйміш), Қоспанов Бікән, Ғабдуллин Божынай қызмет атқарған, ауылдастармен өте сыйластықта болған жандар. Ал **Ғаббасов Сейіт** өмірінің соңына дейін №2 бөлімшенің, яғни Ақсудың алдыңғы қатарлы механизаторларының бірі болды.

Ақсу (№ 2-ші бөлімшенің) ауылының басшылары:

1. Қоспанов Бікән (Қаратал ауылынан)
2. Қанапин Қайролла (Ақсу ауылынан)
3. Ғабдоллин Божынай (Көктерек ауылынан)
4. Мұхамедьяров Тілеужан (Ақсу ауылынан)
5. Әбішев Қажығали (Ақсу ауылынан)
6. Асылбеков Мереке (Тереңсай ауылынан)
7. Саденов Бактыбай (Ақсу ауылынан)
8. Сайдалин Оразымбет (Ақсу ауылынан)

Ауылдың имам, моллалары:

1. Жайықов Жылқайдар
2. Ережепов Ескен
3. Мажықанов Қожақапан
4. Құсайынов Сағди
5. Рсалиев Нәби
6. Байсейітов Алтынбай

- 7.Құрмантасов Бағлан
- 8.Жылқайдаров Асхат

Батыр аналар:

- 1.Байсейітова Рахима
- 2.Рсалиева Айтжан
- 3.Қасымова Күлшара
- 4.Құрмантасова Алтынай
- 5.Смайылова Сәруәр
- 6.Мусина Балшекер
- 7.Мусина Салтанат
- 8.Жылқайдарова Кенже

Журналистер:

- 1.Мүшраунова Жанар
- 2.Әбәуова (Жылқайдарова) Бейнегүл
- 3.Мұхамедиярова Диана
- 4.Жылқайдарова Индира
- 5.Альбина Әшім

Әскери қызметшілер және құқық, адам өмірін қорғаушылар:

- 1.Алифтенев Молдаш (Ұ.О.соғысына қатысушы – милиция лейтенанты)
- 2.Мұқанов Қалиасқар – полковник
- 3.Құсайынова Мағжан – майор
- 4.Құсайынов Мәнәп – подполковник
- 5.Жұмағұлов Серғали – полковник
- 6.Ақпаев Серкелбай – подполковник
- 7.Мұхамедияров Ғазез – подполковник
- 8.Омаров Базарбай – майор
- 9.Құсайынов Қозы-Көрпеш – аға сержант
- 10.Байтасов Сайран – полковник.
- 11.Мұқанов Мұратбек - полковник

12. Жылқайдаров Жұмабай (Жұмашке) – аға лейтенант
13. Есмағанбетов Жаңабай – подполковник
14. Наурызбаев Ережеп – сержант
15. Әлімжанов Алпысбай – майор
16. Тұралинов Амангелді – майор
17. Ақпаев Өсербай (Өскен) – майор
18. Байтасов Темірболат – подполковник
19. Құсайынов Ербұлан – полковник
20. Құсайынов Арман – подполковник
21. Құсайынов Рустам – подполковник
22. Құсайынов Азамат – подполковник
23. Құсайынов Алмас – аға лейтенант
24. Құсайынов Тимур – капитан
25. Есмағанбетов Амангелді – майор
26. Байсейітов Ринат – аға лейтенант
27. Байсейітов Асхат – лейтенант
28. Мұрзахметов Ербол
29. Әбішев Еркебұлан
30. Әлімжанов Абзал
31. Есмағанбетов Адырбай
32. Қоқашев Ерден
33. Қоқашев Әділбек – лейтенант

Мәдениет және кино саласындағылар:

1. Жылқайдаров Бейсенбай – клуб меңгерушісі
2. Таянышпаева Зурәш – кітапханашы
3. Байсейітов Абдолла – кино жүргізуші
4. Әлімжанов Серкелбай (Салқан) – кино жүргізуші
5. Мусина Ләйлә – кітапханашы
6. Әбиева Салиқа – күтуші

Пошта және радио саласындағылар:

1. Жылқайдаров Қабдеш
2. Тұралин Зәледден

- 3.Әлімжанов Молдағали (Молдай)
- 4.Ережепов Құрманғожа

Дүкеншілер:

- 1.Қанапин Баян
- 2.Қанапина Күлсім
- 3.Нарғожин Әлжан
- 4.Қоқашева Кәмәш
- 5.Жалмұрзин Абай
- 6.Жалмұрзина Әринә
- 7.Нарғожин Мұрат
- 8.Нарғожина Ләйлә

Орманшылар:

- 1.Құсайынов Сағди
- 2.Байсейітов Қайыржан
- 3.Ахмедьяров Жұмабек
- 4.Нарғожин Әлжан
- 5.Әбиев Файзолла
- 6.Смайылов Айтпай
- 7.Смайылов Сайлау
- 8.Смайылов Өмір
- 9.Әбиев Марат

Құрылысшылар:

- 1.Исмағұлов Сәбит – кеңшардың құрылыс бөлімі шебері
- 2.Жылқайдаров Талғат
- 3.Жылқайдаров Асхат
- 4.Байназаров Таласпай
- 5.Мусин Елтай
- 6.Мусин Ерболат
- 7.Қанапин Абай

Жүргізушілер:

1. Байтасов Жұмабек
2. Омаров Жамбыл
3. Мұрзахметов Жұмағали
4. Саденов Зарап
5. Жалмұрзин Еркін
6. Ережепов Айболат
7. Смайылов Сайлау
8. Мусин Марат
9. Құсайынов Бауыржан
10. Ақпаев Ерғасым
11. Ахмедьяров Жәнібек
12. Мұхамедьяров Амангелді
13. Нарғожин Мұрат
14. Жаукенов Қанат
15. Мұшрауынов Дулат
16. Жалмурзин Ержан
17. Мүжікенов Жеңіс
18. Мүжікенов Ержан
19. Мусин Мереке
20. Мусин Райымжан

Мектеп күтушілері:

1. Құрмашева Мәриэм
2. Жылқайдарова Мәруэр
3. Қанапина Бәтен
4. Смаилова Сәруэр
5. Жаукенова Жамал
6. Қанапина Қадиша
7. Рахымжанова Сәния
8. Нарғожина Алмагүл

Механизаторлар:

- 1.Мүжікенов Қабол (Ағажан)
- 2.Әбішев Қажығали
- 3.Мұхамедьяров Тілеужан
- 4.Рсалиев Қалиясқар
- 5.Қанапин Қайыркен
- 6.Байназаров Уахит
- 7.Ғаббасов Сейіт
- 8.Есмағанбетов Аманжол
- 9.Сәдуақасов Мәлгәждәр
- 10.Байтеміров Уахит
- 11.Мүшраунов Самат
- 12.Мүшраунов Хамет
- 13.Мусин Жоламан
- 14.Сәденов Бәтәй
- 15.Жұмағұлов Әзім
- 16.Мүсенов Жолаушы (Ботан)
- 17.Сәдуақасов Көпей
- 18.Сәдуақасов Қасым
- 19.Құсайынов Басболат (Бөкеш)
- 20.Тоқсанбаев Тасболат
- 21.Нұрғалиев Бекболат
- 22.Байсейітов Ғабдолла
- 23.Қанапин Досым
- 24.Ақпаев Қайрақпай
- 25.Ахмедьяров Қазбек
- 26.Қокашев Қайрат
- 27.Қокашев Қуаныш (Қошай)
- 28.Есімсейітов Ғабит
- 29.Божықанов Ержан
- 30.Әлімжанов Жұмабай
- 31.Есмағанбетов Батырбай
- 32.Омаров Тұрғын
- 33.Байтасов Сабыржан

- 34.Сексенов Мереке
- 35.Саденов Марат
- 36.Саденов Мереке
- 37.Рахымжанов Бүркіт
- 38.Рахымжанов Қаршыға
- 39.Хамзин Балғожа (бригада күзетшісі)
- 40.Байтеміров Амангелді
- 41.Қуандықов Нұрлыбек
- 42.Қуандықов Сәбит

Сүт-товар фермасының қызметшілері мен жұмысшылары:

- Қожахметов Қабдрашит – зоотехник-бригадир
Құрмантасов Серкеш – веттехник
Құсайынов Сағди – ветсанитар
Жылқайдаров Орынбай – осеминатор
Омаров Темірбай – фуражир

Сауыншылар мен бұзау күтушілер:

- 1.Ақпаева Көпен
- 2.Нарғожина Күлпәш
- 3.Нұрғалиева Ұлтуған
- 4.Рсалиева Айтжан
- 5.Ахмедьярова Нұрғадиша
- 6.Ғаббасова Нұрғиза
- 7.Байтасова Майнұр
- 8.Құрмантасова Алтынай
- 9.Есмағанбетова Кәукәр
- 10.Ережепова Райхан
- 11.Садуақасова Күлбәрәм
- 12.Саденова Зайкен
- 13.Жаукенова Орынтай
- 14.Байтемірова Сара

- 15.Кәкжанова Рәш
- 16.Садуақасова Алтыншаш
- 17.Байсейітова Мәрзия
- 18.Байсейітова Ғалия
- 19.Нұрғалиева Шекер
- 20.Нұрғалиева Алтынай
- 21.Қоқашева Ләйлә
- 22.Әлімжанова Бәтимә
- 23.Байназарова Мәукен
- 24.Мичейко Зинаида
- 25.Омарова Қадияша
- 26.Қанапина Валентина (Жәния)

Малшылар мен жылқышылар:

- 1.Божықанов Рахия
- 2.Бектасов Кәкіжан
- 3.Садуақасов Асқар
- 4.Әлімжанов Жылман
- 5.Ақпаев Құдұш
- 6.Сайдалин Қойшыбай
- 7.Садуақасов Бейсекей
- 8.Қаженов Кеңес
- 9.Есмағанбетов Бекім
- 10.Кәкіжанов Кәкім
- 11.Есмағанбетов Адырбай
- 12.Бектасов Жоламан
- 13.Сексенов Мейрам
- 14.Сәдуақасов Төлеген
- 15.Құсайынов Сактаған
- 16.Жаукенов Әскер
- 17.Смайылов Алтай

ЖАҢА КЕҢШАР-ЖАҢА СЕРПІН

Әрине, кеңшар болып құрылғаннан кейін оның орталығы үш ауылдың бірі болуы сөзсіз. Бұл орайда кеңшар орталығымен аудан, облыс орталығына қатынас және үш ауылдың (кеңшардың үш бөлімшесі) өзара байланысы да ескеріліп, үлкен жол бойында орын тепкен Жаңасу ауылына тоқтам жасалған болатын. Жоғарыда айтылғандай, Жаңасуда бастауыш мектеп пен 23 үйден басқа ешқандай нысан болмаған еді. Шаруашылықты жүргізуге, ауылшаруашылық өнімдерін өндіруге, тұрғын үйлер тұрғызуға, әлеуметтік нысандар салуға түрлі мамандық иелері келді.

Олар: Жүсіпов Бекет Қаратайұлы – кеңшар директоры;

Әбдрахманов Меделбай Тұяқбайұлы – бас экономист;

Ыбраев Серік Ысқақұлы – бас агроном;

Әділбаев Жәнібек Әлкенұлы – бас зоотехник;

Ысқақов Болат Ысқақұлы – бас бухгалтер;

Алпысов Жақсылық Мейрамұлы – бас инженер;

Жахин Серік Жахияұлы – аға прораб;

Құсайынов Пәселке - №1 бөлімшенің

басқарушысы;

Мұхамедьяров Тілеужан - №2 бөлімшенің

басқарушысы;

Әділбаев Қазбек - №3 бөлімшенің басқарушысы.

Алғашқы бетте мамандар бос үйді пайдаланып тұрды, бір бөлмесі асхана болды. Кеңшар орталығы Жаңасуда ең алдымен өндіріске қажетті нысандар, тұрғын үйлер салу жоспарланды. Жолдың арғы бетінде үйлердің іргетастары құйыла бастады. Ауылдың шет жағынан астық өңдейтін ток, қойма, жанар-жағармай қоймасы, машина-трактор алаңдары қолға алынды. Бас жоспарға сәйкес келмегендіктен, әрі ауылшаруашылық жері болғандықтан,

құйылған іргетастар жайына қалды. Енді үйлерді ауылда салу керек болды.

Ол кездер қызығы мен шыжығы мол жылдар болды. Қиындықты да, қуанышты да бірге бөліскен еңбек адамдарының тілегі бір еді. Жаңа кеңшардың көкжиегін кеңейтіп, жаңа ауылды көркейту. Бұл мақсаттарға жету алғашында оңайға соқпады. Әсіресе, ең бірінші астықты жинап алу, сақтаудың қалай қиын болғаны әлі есімде. Өйткені механизаторлар жетіспеді, астықты өңдеу, оны сақтау орындары бітпей қалған болатын. Жанар-жағармай қоймасы да аяқталмаған. Әккі комбайыншылар – Саденов Бактыбай, Садуақасов Мәлгәждар, Садуақасов Көпей, Тоқсанбаев Тасболат, Қоқашев Қайраттармен бірге Садуақасов Қасым, Нұрғалиев Бекболат, мен (автор Ж.Ә.) Әлімжанов Жұмабай, Қанапин Досым, Қанапина Жәния комбайынға алғаш отырып, ауылдың (бөлімшеміздің) атынан науқанға қатыстық. Олардың бәрі де механизаторлар, тек Жәния екеуіміз ғана басқа салалардан едік. Ол бұған дейін малға қарап, бұзау күтсе,

мен ұстаздық етіп, бала оқыттым. Осылай жас кеңшарымыз аяққа тұра бастады. Өндіріске қажет нысандар мен тұрғын үйлер салынып, қолданысқа берілді. Кеңшарымыз тез арада аяғынан тік тұрып, қатарға қосылуына сол кезде аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болған **Шайкин Есім Шайкенұлының** қосқан еңбегі зор. Партбюроның шешімімен Сергеев қаласының кәсіпорындары мен мекемелері, қоғамдық ұйымдар кеңшар орталығында бір-бір тұрғын үйден тұрғызатын болды. Уақыт өтіп жатты, шаруашылық даму үстіне дами берді. Мал басы ұлғайып, фермалар саны көбейді. Мамандар да ауысып, қоғамдық ұйымдар құрылды. Үш ауылдың (Жаңасу, Ақсу, Еңбек) тұрмыстық, әлеуметтік мәселерін шешетін Еңбек селолық кеңесі құрылып, оның алғашқы төрағасы болып Ғабдуллин Оразбай, партия ұйымының хатшысы Тайжанов Атығай

Садықұлы, кәсіподақ ұйымының төрағасы болып Мусин Әміржан Зекенұлы сайланды.

Қоныс аударуларына, басқа жұмысқа ауысуларына байланысты мамандар арасында да ауыс-түйіс болып тұрды.

Жақыпов Қалым Мәлікұлы – бас агроном;

Беккожин Шери Ержанұлы – бас мал дәрігері;

Шәниев Ғалым Қасенұлы – бас инженер;

Қожахметов Сырым Қанафияұлы – бас зоотехник;

Әбішев Қажығали Әжімбетұлы – тоқ меңгерушісі;

Қожахметов Тілеген Қабдрашитұлы – автопарк меңгерушісі;

Сайдалин Оразымбет Қойшыбайұлы – жжм қоймасының мең.;

Ескендіров Сәрсенбай Қуанышпайұлы – м-трактор ауласының меңгерушісі;

Оспанов Дулат Аюпұлы – м-трактор шеберханасының меңгерушісі;

Жылқайдаров Әшім Қабдөшұлы – кәсіп одақ ұйым.төрағасы;

Мұхамедьяров Мереке Тілеужанұлы – комсомол ұйым.хатшысы;

Есендіков Жәнібек Жағыпарұлы – бас мал дәрігері;

Бимақанов Нұрлан Мәнәпұлы – бас инженер;

Ғабдуллин Азат Божынайұлы – автопарк меңгерушісі.

Өсіпов Бабахан Қайроллаұлы - агроном-тұқым өсіруші.

Байсейітов Амангелді Қайыржанұлы – электрик, энергетик.

1979-2001 жылдары аралығында кеңшардың төрт басшысы ауысты. Кеңшарды он жылдан артық басқарған Бекет Жүсіпов 1990 жылы Сергеев аудандық атқару комитетінің төрағасы болып сайлануына

байланысты шаруашылық директоры болып Шаймерденов Болат Ғаббасұлы тағайындалды. Болат Шаймерденов басқа шаруашылыққа кетуіне байланысты оның орнына 1991 жылы Есхожин Қайрат Шаймерденұлы, 1995 жылдан 1998 жыл аралығында Сейдахметов Қайранас Өтебайұлы басшылық етсе, Жақыпов Қалым Мәлікұлы ең соңғы директоры болды.

Үш ауылдың басы біріктіріліп, бір кеңшарда болуы біздің ауылдың да дамуына, көркейуіне, мұнда жаңадан тұрғын үйлер тұрғызуына, мал басын көбейту арқылы жұмыс орындарының ашылуына мүмкіндік берілді. Әрине, жоспардағы жұмыстардың орындалуына жоғарыда аты аталған мамандармен бірге Ақсу азаматтары да түбегейлі еңбек атқарды.

2015 жылы «Ұлы Отан соғысының Жеңісіне - 70 жыл!» мерейлі тойға орай Ақсуда тағы бір ескерткіш орнатылды. Бұл ескерткішке Сайлау Смайылов демеушілік жасап, ал екеуінің туыстары қолдау көрсетті. «Ақсу ауылынан Ауған соғысына қатысқан азаматтар» ескерткішінде:

Бейбіт Смайылов,

Жарқын Мусин,

Серік Шәмбіловтың есімдері жазылған.

Егер тірі болса 50-ге келген ел азаматтарының қатарында жүрер еді. Соңынан Ұлы Отан соғысында шейіт болғандарға, соғыстан кейін бақилық болғандарға және қуғын-сүргін құрбандарына арнап ас беріліп, құран бағышталды.





1932 жылы 22 қаңтарда Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын ауданы, Еңбек ауылында дүниеге келген. 1947 жылы Көкшетау қаласындағы № 1 мектепте орташа білім алып, 1950 жылы Сырымбет тауы бөктерінде Казгородок орта мектебін бітірді. 1955 жылы Мәскеудің түсті металлургия және алтын институтын бітіргеннен кейін Жезқазған кенішінде кен мастери, учаске бастығы, Қ.И. Сәтбаев атындағы кен-металлургия комбинаты парткомының хатшысы, Қазақстан КП қалалық комитетінің бірінші хатшысы, Жезқазған облыстық комитетінің екінші хатшысы қызметін атқарды. 1975 жылдан КОКП Орталық Комитетінің аппаратында инспектор болып қызмет істейді. 1984 жылы Өзбекстан КПОК-нің бюро мүшесі, Қарақалпақ облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, одан кейін Кеңестер Одағы Жоғарғы кеңесінің экология комитетінің төрағасы, Жоғарғы кеңестің Президиум мүшесі қызметтерін атқарды. Алғашқы өлеңдер жинағы «Сыр» 1977 жылы жарық көрді. Сол жылы «Жезкиік» атты жыр жинағы орыс тіліне аударылып жарияланды. К. Салықов – «Дала», «Қырандар», «Гәкку», «Жезкиік», «Еңлікгүл», «Тәттімбет», «Домбыра», «Қарақалпақ», «Кенесарының соңғы сөзі» секілді көптеген поэмалардың авторы... Б. Жұманиязов, Н. Тілендиев, Ә. Бейсеуов, Е. Хасанғалиев сияқты композиторлар ақынның көптеген өлеңдеріне ән шығарды. «Жезкиік», «Сағыныш», «Аққу әні», «Үш арыс», «Бір ауыз сөз», «Оқжетпес», «Көкшетау», «Жамбыл ата» сынды туындылары халық әніне айналып кетті. Кәкімбек Салықов Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне үш мәрте депутат

болып сайланған. КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты. «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағының иегері. Халықаралық Қ. Сәтбаев қорының президенті, ҚР «Экология» академиясының академигі. Ленин, екі рет Еңбек Қызыл Ту, «Парасат», Халықтар Достығы ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған.

Кәкімбек Салықов 2013 жылы 27 қарашада дүниеден өтті. Астана қаласында жерленген.



ҚҰРМАНҒОЖИН **Сәлім Әлмағанбетұлы**

1934 жылы 4-ші қаңтарда Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын ауданы, Еңбек ауылында дүниеге келген. 1955 жылы Алматы педагогикалық шет тілдер институтын, 1963 жылы КСРО СІМ жоғары дипломатиялық мектебін тәмамдаған. Саяси қайраткер, дипломат, ҚР дипломатия қызметінің еңбек сіңірген қызметкері. Саясаттану ғылымының кандидаты (1999). 1955-1956 жылдары Петропавл педагогикалық институтында оқытушы, 1956-1961 жылдары Қазақ КСР-і СІМ-нің 2-ші, 1-ші хатшысы, 1963-1967 жылдары Біріккен Араб Республикасындағы КСРО елшілігінің 3-ші хатшысы, 1967-1973 жылдары КСРО СІМ-де жауапты қызметкер, 1973-1978 жылдары КСРО-ның Стамбұл қаласындағы консулы, 1978-1984 жылдары КСРО СІМ бас хатшылығының кеңесшісі, 1984-1989 жылдары Эфиопиядағы КСРО елшілігінің кеңесшісі, 1989-1992 жылдары КСРО СІМ елшіліктермен жұмыс ісінің сарапшысы болды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін 1992-1993 жылдары ҚР Сыртқы істер министрінің бірінші

орынбасары, 1993-1996 жылдары Венгриядағы төтенше және өкілетті елшісі, 1996-1997 жылдары ҚР СІМ кеңесшісі, 1997-1998 жылдары ҚР СІМ бақылау басқармасының басшысы, 1998-1999 жылдары ҚР СІМ дипломатия академиясының төтенше және өкілетті өкілдерінің біліктілігін арттыру бөлімінің бастығы қызметтерін атқарды. 1999 жылдан ҚазМУ-да оқытушы. Венгрияның орта дәрежелі жұлдызды Крест орденімен марапатталған.



АСЫЛ АЗАМАТ

Өлкемізде елін көркейту, халқының тұрмысын жақсарту үшін ғұмыр кешкен адал да абзал азаматтар аз емес. Солардың ішінде Қаттай Кеншінбаевтың есімі ерекше аталады.

Қаттай Бектасұлы 1929 жылдың 17 желтоқсанында Совет (қазіргі Аққайың) ауданындағы Қызылту ауылында туған. Сол жылы әкесі дүние салса, 1936 жылы шешесі қайтыс болады. Жеті жасар Қаттайды ағасы Дайрабай тәрбиелеп өсіреді. Ол кезде Қаттайдың үш ағасы, үш әпкесі болған екен. 1937 жылғы зұлмат бұл отбасын да шарпып өтті. Ағасы Әзімбай «халық жауы» деген желеумен атылып кетті. Оның отбасы мен апаларын да Дайрабай өз қамқорлығына алды. Сол кездегі тұрмыстың қиыншылығына қарамай, Дайрабай Қаттайды Қызылту бастауыш мектебіне оқуға берді. Одан кейін Қаттай Сарытомар жетіжылдық мектебінде оқыды. Оны жақсы үлгеріммен аяқтаса да, бір жыл тұрмыстың қиындығынан ешқайда оқуға бара алмады. Тек 1944 жылы Көкшетау қазақ орта мектебіне оқуға түсіп, оны 1947 жылы бітірді.

Сол жылы Барнауылдағы Алтай ауылшаруашылық машина жасау институтуна оқуға түседі. 1952 жылы осы институтты бітірген жас маман еңбек жолын сонау Сібірдегі Томск қаласында мойынтірек жасайтын зауытта цех шебері болып бастайды. 1953-1959 жылдары Томск облысының Колпашев МТС-інде механик қызметін атқарған. Көп жыл алыс жерде жүріп, елін сағынған Қаттай 1959 жылы туған өңіріне оралып, бастапқыда Булаев (қазіргі Мағжан Жұмабаев) ауданының кеңшарлар бірлестігі тресінде бөлім меңгерушісі болып орналасады. Бірден көзге түскен жас маманды облыстық партия комитеті қызметке шақырады...

1969 жылы оның өмірінде үлкен өзгеріс болды. Сол жылы 5 қарашада КСРО Мелиорация және су шаруашылығы министрлігінің бұйрығымен инженер-гидротехник Қаттай Кеншінбаев одақтық деңгейде құрылған «Союзцелинвод» тресінің бастығы болып тағайындалды... Ол құрамында магистральдық су құбырын пайдаланатын 14 басқарма бар және 84 мың шақырым су құбырлары желісінен тұратын еді. Ұзындығы 16 мың шақырым су құбырын тартқан облыс Гиннестің рекордтар кітабына енді. Сөйтіп, Қаттай Бектасұлы дүниежүзіндегі ең ұзын су құбырын тартуды жүзеге асырған атақты құрылысшы атанды. Қазақстанда екі мындай елді мекенге су жеткізілді. Трест бөлімшелері Қазақстанның 7 облысында орналасты. Ол ауылшаруашылығын сумен қамтамасыз етуде өзгелерден озық тұрды...

Қаттай Кеншінбаев басқарған «Союзцелинвод» тресі, әсіресе, Шал ақын ауданында шаңырақ көтерген «Еңбек» кеңшарына көп көмек жасады. Бұл шаруашылық Еңбек, Жаңасу, Ақсу атты үш шағын ауылдан құралды. Олардың жағдайы айтарлықтай емес еді. Мысалы, кеңшар орталығы Жаңасу ауылында небары жиырма шақты үй болды. Алдымен трестің көмегімен мұнда магистральдық су құбырлары арқылы су жеткізілді. Үш ауылға да су

тартылды. Аудан орталығына қатынайтын жолдар жөнделіп, автобус жүретін болды. Кеңшар орталығында машина жөндеу шеберханасы, автогараж, мал қоралары (үш ауылда да), 464 орындық мектеп, 140 орындық балабақша, дүкен, отыз шақты тұрғын үй т.б. нысандар салынды... Нәтижесінде 1981 жылы кеңшарда небары 120 жұмысшы болса, 1989 жылы оның саны 500-ден асты. 1981-1991 жылдары трестің көмегінің арқасында «Еңбек» алдыңғы қатарлы кеңшарлар қатарына қосылды...

Қаттай Бектасұлы аса ірі өндіріс орнын басқара жүріп, өзі де ұдайы оқып, білімін көтеруді ұмытқан емес... «Союзцелинвод» тресін басқарған 25 жылда еліміздің өркендеуіне қосқан үлесі өте зор. Сол үшін ол үш мәрте «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет Белгісі» орденімен, бірнеше медальдармен, екі рет Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Оған «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген гидротехнигі» және «Петропавл қаласының құрметті азаматы» атақтары берілді. Есімі қаланың «Құрмет кітабына» жазылды...

Артында өшпес із қалдырған асыл азамат Қаттай Бектасұлы ауыр науқастан кейін 2001 жылғы 17 мамырда дүниеден өтті...

Қайролла Мұқанов,
білім беру саласының ардагері, облыстық
ардегерлер кеңесінің мүшесі.





ЖҮСІПОВ Бекет Қаратайұлы

1949 жылы 10 маусымда Октябрь ауданы, Чапаев ауылында туған. Алқағаш бастауыш мектебінен кейін, «Заря» кеңшарының орталығы –Кривошеков мектебінде оқып, онжылдықты аяқтайды. Мектеп бітірісімен Харьков ауылшаруашылық институтының экономика факультетіне түсіп, 1973 жылы ойдағыдай аяқтайды.

Жас маман еңбек жолын бірден Ы.Ыбыраев атындағы кеңшардың бас экономистігінен бастайды. 5-6 жылдың ішінде өзінің біліктілігін көрсете білген Бекет Қаратайұлын 1979 жылы жаңадан құрылған «Еңбек» кеңшарына директор қылып бекітеді. Үш ауылдың жерлерінен құрылған кеңшардың Жаңасу мен Еңбек келешегі жоқ ауылдардың қатарында болғандықтан, әлеуметтік нысандар мүлдем болмаған. Үш ауылда да тұрғын үйлер құрылысы, бір-біріне қатынау жолдары түгілі кеңшар орталығына дейін жол салынбаған. 10 жылдың ішінде кеңшар аяғына нық тұрды. Кеңшар орталығы – Жаңасуда 100 шақты үй, 464 орындық мектеп, 140 орындық бала бақша, 300 орындық мәдениет үйі, МТШ, тоқ және әлеуметтік, өндірістік аумағына қатысты нысандар салынды. Сонымен қатар Ақсуда тұрғын үйлер, жерді суару «Кубань М-1» құрылғылары, мал қоралары және оларды толығымен механикаландыру жұмыстары жүргізілді. Еңбек ауылында мектеп пен тұрғын үйлер салынды. Кеңшарға жұмысшылар мен мамандар келе бастады. Соның нәтижесінде мал шаруашылығы дамып, алғашқы 1400 ірі қараның саны 4500-ға жетті. 680 га. жерде «Кубань М-1» қондырғысы арқылы суармалы мал

азығы мен көкөніс өсіру жолға қойылды. Осының барлығы қосымша жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік берді.

1990 жылы Бекет Қаратайұлы Сергеев аудандық атқару комитетінің төрағалығына сайланады. Келер жылы КСРО тарап, басқару құрылымдары өзгеріске ұшыраған кезде Б.Қ.Жүсіпов «Асылхан Агро» ЖШС-де «Заря», «Ы.Ыбыраев» өндіріс бірлестіктерінде басқарушы болды. Кейін зейнетке шыққанша Шал ақын аудандық мұрағаттың басшысы болып істеді. Үйленген, жолдасы – Рыскүл Қалданқызы, Ақтөбе облысының тумасы, жоғары білімді экономист. Екеуі 2 ұл, 1 қыз дүниеге әкеліп, жеткізген отбасы. Балаларының барлығы да жоғары білімді.

ШАЙМЕРДЕНОВ **Болат Ғаббасұлы**



1951 жылы 4 наурызда Октябрь (қазіргі Тимирязев) ауданы, Степное селосында дүниеге келген. Онжылдық оқуды тәмамдағаннан кейін 1968 жылы Волгоград ауылшаруашылық институтына түсіп, 1973 жылы ғалым агроном мамандығы бойынша бітіріп шығады. Оқу бітірісімен «Интернационал» кеңшарына бригадир-агроном болып жұмысқа кіреді. 1976-1980 жылдары сол кеңшардың бас агрономы қызметін атқарады. 1980-1990 жылдары кеңес, партия қызметтерінде: Октябрь кеңшары жұмысшылар комитетінің төрағасы, Ақсуат селолық кеңесінің төрағасы, Целинный аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестігінің партбюро хатшысы, «Городецк» кеңшарының партком хатшысы

болған. Ауыл шаруашылығындағы көп жылғы тәжірибесі ескеріліп, Болат Ғаббасұлын 1990 жылы Сергеев аудандық партия комитеті «Еңбек» кеңшарының директорлығына бекітеді. Кеңшарға қызметке келісімен, мамандығы агроном бола тұра шаруашылықтағы ірі-қараның басын сауықтандыру шараларын қолға алады. Ол үшін үш бөлімшеде де жаңа мал қораларын салу, әсіресе Жаңасуда бұл жұмыс кешенді түрде жүргізілу жоспарланды. Ең бірінші мал тұқымын асылдандыру арқылы жүзеге асыруды Ресейден қара-ала сиырдың құнажындарын әкелуден бастады. № 1 бөлімшеде тауарлы-сүт фермасы өндірістік жолға қойылды. Сонымен қатар мұнда санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау үшін санитарлық өткізу бекеті салынды. Сауын сиырларды сауудың жазғы орны жоспарланып, ол жерге электр жүйесі жеткізіліп, оның құрылысы басталды. Ал № 1 және 3-ші бөлімшелерде ірі қара малды жедел өсіріп, бордақылайтын орындар салынды. Кеңшар орталығы Жаңасудың көшелерін дұрыстау, үлкен мәселе еді, өйткені 1991 жыл КСРО-ның құлдырап, ыдырау шағы болатын. Болат Ғаббасұлы бұл мәселені шешу үшін ҚазКСР ауылшаруашылығы министрі Балташ Тұрсынбаев жолдасқа барып, қаражат бөлуге көмек көрсетуін сұраған болатын. Бұл сауал оңтайынан шешіліп, Республикалық бюджеттен 4,5 млн. сом бөлінеді. Содан кейін орталықтың көшелеріне асфальт төсеудің сметалық-жоспар құжаттары бекітіліп, ол жұмыстар басталған болатын. Бір өкініштісі, аз ғана уақыттың ішінде ауқымды істер атқарған Болат Шаймерденовтың басқа кеңшарға ауысып кетуіне тура келген.

ЕСХОЖИН
Қайрат Шаймерденұлы



1945 жылы Көкшетау (қазіргі Солтүстік Қазақстан) облысы, Айыртау ауданы, Дәуқара ауылында дүниеге келген. 1960 жылға дейін Николаевка орта мектебінде оқып, 1962 жылы Петропавл қаласындағы № 2 мектеп-интернатты тәмәмдаған. 1964-1967 жылдары Кеңес Әскері қатарында азаматтық

борышын өтеген.

1968-1970 жылдары Сергеев аудандық комсомол комитетінің нұсқаушысы, бөлім меңгерушісі болған. 1970-1981 жылдары Жамбыл аудандық партия комитетінің аппаратында, 1981-1987 жылдары Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің ұйымдастыру-партиялық бөлімінде, Возвышен аудандық партия комитетінің екінші хатшысы қызметтерін атқарған. КСРО ыдырап, КОКП өзінің қызметін доғарғаннан кейін, 1991 жылы Қайрат Шаймерденұлы «Еңбек» кеңшарының директорлығына тағайындалады. Ол бұл қызметті 1994 жылға дейін атқарды. Басқа жұмысқа ауысуына байланысты облысымыздың орталығы – Петропавл қаласына қоныс аударады. Үйленген, жұбайы – Гүлмәзия Қалакқызы, Қарағай ауылының тумасы, медфельдшер. Екеуі дүниеге бір ұл, екі қыз әкеліп, өсіріп тәрбиелеген жанұя.



СЕЙДАХМЕТОВ Қайранас Өтебайұлы

1950 жылы 8 қарашада Шал акын ауданы, Еңбек ауылында дүниеге келген. Бастауыш класты Ақсу мектебінде оқып, 1967 жылы Ленин орта мектебін үздік аятайды. Сол жылы Алматы қаласындағы ауыл шаруашылығы институтының экономика факультетіне оқуға түсіп, 1972 жылы ойдағыдай бітіріп шығады. Еңбек жолын «ВЛКСМ-ның 50 жылдығы» атындағы кеңшарда қатардағы экономист болып бастаған. Алдыңғы қатардағы шаруашылықта жұмыс істеу Қайранас Өтебайұлына оң серпіліс береді. Біліктілігімен, ұқыптылығымен көзге түскен оны келесі жылы «Афанасьевка» кеңшарына бас экономист қылып бекітеді. Бұл шаруашылықта 8 жыл жұмыс істейді.

1981-1988 жылдары жаңадан ұйымдастырылған Целинный ауданына жіберіледі. Аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, аудандық жоспарлау комиссиясының төрағасы қызметтерін атқарады. Целинный ауданы таратылғаннан кейін 1988-1995 жылдары Сергеев аудандық агроөнеркәсіптік бірлестігінің бас экономисі, аудандық коммуналдық шаруашылық кәсіпорнының бастығы қызметтерін үлкен жауапкершілікпен атқарды. Әсіресе, агроөнеркәсіп саласында қызмет істеген жылдары Қайранас Өтебайұлы өзінің бар білімін, іс-тәжірибесін кеңшар экономистеріне құя білді. Ол ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің жылдық жоспарларын құрудың тиімді жолдарын үйретіп отыратын. Осы қасиеттері, ұйымдастырушылық қабілеттері 1995-1998 жылдары «Еңбек» кеңшарының директоры болғанда көрінді. Қайранас Өтебайұлына

шаруашылықты басқару қиын кезеңге келді. Одақ ыдырап, экономикалық байланыстар үзіліп, қаражат тапшылығы үрдіс алған уақыт болатын. Дегенмен де шаруашылықты тұралатып тастауға болмайтын, бұл жерде оның сабырлығы мен ұстамдылығы іске асты. Бірде: № 1-і бөлімшеге (Жанасу ауылына) басқарушы тағайындау қажеттілігі туындағанда, ауылдағы үйлерді сырт жақтарымен жүріп өттік, әлден уақытта бір мая шөп үйілген, отыны жарылып, жинаулы тұрған үйдің сыртына аялдадық. Мына үйдің иесі кім? Соны басқарушы қою керек деді. Өз шаруасына тыңғылықты адам, кеңшардың да шаруасына дұрыс қарайды деп, тұжырымдады. Сөйтіп, Байсейітов Ғабдолла тракторшыдан басқарушы болып шыға келді. Өмірінің соңғы екі жылында жаңадан құрылған жер қатнастары инспекциясын басқарды. Үйленген, жұбайы – Пәнзәгүл Сағындыққызы, жоғары білімді музыка пәнінің мұғалімі. Екеуі дүниеге үш қыз әкеліп, тәрбиелеп жеткізді. Қайранас Өтебайұлы 2001 жылы елу жасында, кенеттен жүрек талмасынан дүниеден өтті. Еңбек ауылында жерленген.



ӘБДРАХМАНОВ
Меделбай Тұяқпайұлы

1953 жылы 1 қаңтарда Солтүстік Қазақстан облысы, Преснов ауданы, Кладбинка селосында дүниеге келген. 1970 жылы Сергеев ауданының Ленин орта мектебін тәмамдаған. Еңбек жолын Мектеп ауылында бастауыш класс мұғалімі болып бастаған. 1971-1973 жылдары Кеңес Әскері Қарулы күштері қарамағында РСФСР-дің Хабаровск өлкесінде әскери міндетін атқарған. Әскерден

келгеннен кейін Ы.Ыбыраев атындағы кеңшарда жұмысшы болған. 1979 жылы Қорған ауылшаруашылық институтын экономист-ұйымдастырушы мамандығы бойынша аяқтаған. 1979-1985 жылдары Сергеев ауданындағы «Еңбек» кеңшарында бас экономист болып қызмет істеді. 1983 жылы Целиноград қаласында басшылар дайындайтын 6 айлық курстан өтеді. 1985-1991 жылдары «Еңбек», «Семиполка» кеңшарларында партия ұйымдарының хатшысы болды. 1992 жылдың мамыр айынан 2005 жылға дейін Есіл ауданының салық қызметін басқарды. 2005-2011 жылдары Есіл ауданының атқарушы орындарында, құрылыс, ТКШ, автомобиль жолдары және жолаушылар көлігі, кәсіпкершілікті дамыту бөлімдеріне басшылық етті. 2012 жылдан зейнетке шыққанша Есіл ауданы ауылшаруашылық бөліміне жетекшілік етті. Үйленген, жұбайы – Зайра Әбішева, Ақсудың тумасы. Екі ұл, бір қыздан сегіз немере сүйіп отырған отбасы. Балаларының барлығы да жоғарғы білімді. Марапаттары: Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хаты, Мемлекеттік кіріс министрлігінің Мақтау грамотасы, Ленин, Есіл аудандарының әкімдерінің, Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің Мақтау грамоталары.

ӘДІЛБАЕВ

Жәнібек Әлкенұлы



1951 жылы 15 қарашада Сергеев ауданы, Еңбек ауылында туған. 1969 жылы Ленин орта мектебін бітірген. Мектеп бітіргеннен кейін Алматы қаласындағы зооветеринарлық институтына оқуға түсіп, 1974 жылы зоотехник мамандығын алып шығады. Сол жылы «ВЛКСМ-ның 50 жылдығы» атындағы кеңшардың

Ақбалшық (Белоглинка) ауылында зоотехник болып еңбек жолын бастаған. 1979 жылы «Еңбек» кеңшарының ашылуына байланысты Жәнібек Әлкенұлын осы шаруашылыққа бас зоотехник қылып тағайындайды. Мал басын көбейтуде, олардан өндірілетін өнімдердің көрсеткіштерінің нәтижелі болуына, мол үлес қосты. Әр сауын сиырдан сауылатын сүт, әр бұқашықтың тәуліктік салмағы бойынша аудан ішіндегі шаруашылықтардың алдыңғы қатарына шығарды. Сол жетістіктері мен біліктілігі оның қызметінің жоғарылауына себепші болды. 1986-1990 жылдары ол Сергеев аудандық ауылшаруашылығы басқармасында бас зоотехник қызметін атқарды. 1990-1992 жылдары Сергеев қаласында № 12-ші кәсіптік-техникалық училищесінде оқытушы болды. Үйленген, жұбайы – Шәйзәт Баяхметқызы, жоғары білімді, ағылшын тілінің мұғалімі. Балалары: Алмас – мұғалім, Асхат – экономист, Әсем – медбике. Әділбаев Жәнібек Әлкенұлы 1992 жылы 27 шілдеде ауыр науқастан қайтыс болған. Еңбек ауылында жерленген.



ЫСҚАҚОВ **Болат Ысқақұлы**

1945 жылы 13 маусымда Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын (Октябрь) ауданы, Ленин ауылында дүниеге келген. Мектеп бітіргеннен кейін, 1962 жылы Петропавл қаласында техникумның есеп-экономикалық бөліміне оқуға түсіп, 1965 жылы қызыл дипломға бітіріп шығады.

Сол жылы Алматы қаласының экономикалық институтына оқуға түсіп, оны 1970 жылы экономист мамандығы бойынша тәмамдаған. Алғашында бухгалтер, кейін бас

бухгалтер дәрежесінде қызмет етті. Болат Ысқақұлы «Марьев», «Озерный» кеңшарларында, «Союзцелинвод» тресінде осы мамандық бойынша қызмет етті. 1979 жылы «Еңбек» кеңшары ашылғанда бас бухгалтер болды. Кейін «Октябрь», «Городецк» кеңшарларында еңбек етті. Үйленген, жұбайы – Сапыш Шубайқызы, жоғары білімді ұстаз. Болат Ысқақұлы 1999 жылы 11 қарашада жол апатынан қаза тапты. Ақанбарақ ауылында жерленген.



ЖАХИН Серік Жахияұлы

1947 жылы 25 қарашада Шал ақын ауданы, Еңбек ауылында дүниеге келген. 1958 жылы бастауыш класты бітіргеннен кейін, Ленин орта мектебінде оқып, 1966 жылы 11 класты аяқтайды. Сол жылы «Новопокров» кеңшарына автожөндеуші, жүргізуші болып орналасады. 1967 жылы Алматы құрылыс техникумына түсіп, 1970 жылы ойдағыдай аяқтайды. 1970 жылы Сергеев қаласындағы СМУ-ға құрылыс шебері болып кіреді. 1976-1979 жылдары «ВЛКСМ-ның 50 жылдығы» атындағы кеңшарына құрылысшы-техник ретінде тағайындалады. 1979 жылы «Еңбек» кеңшарының құрылуына байланысты аға прораб қызметіне ауысады. 20 шақты түтіні бар кеңшардың орталығы Жаңасуда, құрамындағы Ақсу, Еңбек ауылдарында да ауқымды құрылыстар қажеттілігі болатын. Жас «отауға» тиесілі енші – егістік алқаптар мен мал жайылымы жерлері, азын-аулақ мал басы, ескі-құсқы техникадан басқа ештеңе жоқ еді. Бұрынғы кеңшардың бөлімшелері болып келген үш ауылда ешқандай өндіріс нышандары болмаған. Тек Ақсуда ғана жаңа типті мектеп

пен ауыл клубы болды. Ақсу сегізжылдық мектебінің ғимаратын Серік Жахияұлы СМУ-да қызмет істеп жүрген жылдары салып еді. Жаңа кеңшарда оның басшылығы және бақылауымен салынған ғимараттар, баспаналар мен нысандарды санай берсек саусақ жетпейді. Жаңасуда – 100-ге тарта үй, 464 орындық мектеп, 240 орындық бала бақша, кеңшар кеңсесі, МТШ, МТ ауласы, автогараж, тоқ пен астық қоймалары, ЖЖ базасы, құрылыс бөлімі мен ондағы кірпіш зауыты, мал қоралары (барлық бөлімшеде), Ақсуда - 10 шақты үй, Еңбекте – мектеп, онға тарта баспана салынды. Осы қарқынмен әрі қарай жүре бергенде не боларын кім біледі?... Шағын шаруашылық түгілі, бірдей-бір «Ұлы Держава» саналатын – КСРО ыдырап кеткенде... 1997 жылы түрлі өзгерістерге ұшыраған кеңшардың таратылуына байланысты Серік Жахияұлы ЖШС-не ауысып, сол шаруашылықтан зейнет демалысына шыққан. Үйленген, жұбайы – Жәнипә Есенбергенқызы, екеуі 3 ұл, 1 қыз дүниеге әкеліп, тәрбиелеп өсірді. Бүгіндері олар - Астана қаласының тұрғындары.



ЖАХИНА

Жақия (Жәнипә) Есенбергенқызы

1949 жылы РСФРО, Түмен облысы, Галышман селосында туған. Бастауыш кластарды сол жерде оқып, 1966 жылы Көкшетау облысы, Володар ауданы, Светлое орта мектебін аяқтаған. 1966-1970 жылдары Көкшетау кооперативтік техникумында оқып, есепші мамандығын алып шығады. Еңбек жолын «Новопокров» кеңшары, № 3-ші бөлімшенің (Еңбектің) есепшісі ретінде бастап, кейін кеңшар есепшілігіне ауысады. 1984 жылы Еңбек селолық кеңесінің

хатшылығына, 1985-1991 жылдары төрайымына сайланады. 1991-1992 жылдары Жаңасу селолық округының төрайымы. Жақия Есенбергенқызы қызмет істеген жылдары ауылдардың әлеуметтік, тұрмыстық, мәдени және тазалық жағдайларына өте көп көңіл бөлді. Тұрғындармен байланысты селолық депутаттар арқылы орната білді. Ол қызметке келгенге дейін алдыңғы қатарда саналып келген селолық кеңестің дәрежесін, жетістіктерін төмен түсірген жоқ. Жаңасу округі қысқартылған соң, 1993-1994 жылдары Ұлттық банк бөлімшесінің кассирі, 1996-1999 жылдары Новопокровка селолық округінің инспекторы қызметін атқарды. 2000 жылдан бастап зейнетке шыққанша Жаңасуда кітапханашы болды.



БЕКҚОЖИН **Шери Ержанұлы**

1948 жылы 20 қаңтарда туған. 1965 жылы Есіл (Ленин) ауданының Николаев орта мектебін бітірген. Мектеп бітіргеннен кейін 1965 жылы Покровкадағы Ленин ауылшаруашылық техникумына оқуға түсіп, оны ветеринарлық дәрігер мамандығы бойынша тәмамдайды. 1968-1971 жылдары

Солтүстік Қазақстан облысы, Мәскеу ауданы, «Бұлақ» мал бордақылау кеңшарында ветдәрігер болып істейді. 1971-1976 жылдар Омбы ветеринарлық институтында оқиды. Жоғары білімді маманды Сергеев аудандық арнайы шаруабірлестігіне ветдәрігер қылып жібереді. Жаңадан «Еңбек» кеңшары құрылғанда, оны осы кеңшардың бас мал дәрігері етіп тағайындайды. Бұл қызметте Шери Ержанұлы 1979 жылдан 1984 жылға дейін

болды. 1984-1985 жылдары Целинный ауданында облыстық санитарлық құрылымының ветдәрігері болды. 1985-1999 жылдары Есіл (Ленин) ауданының ветстанциясының бастығының орынбасары қызметін атқарды. 1999-2004 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы «Казагроссервис» ЖШС қарамағында жұмыс істеді. 2004-2006 жылдары «Құлагер» құрылыс компаниясында, 2006-2011 жылдары «АВМ сервис» ЖШС техникалық қауіпсіздікті сақтау инженері болды. 2011 жылдан зейнетке шыққан. 2016 жылы 18 ақпанда қайтыс болған.



ЕСЕНДІКОВ
Жәнібек Жағыпарұлы

1949 жылы 18 шілдеде Мамлют ауданы, Андреев ауылында дүниеге келген. 1957 жылы Бостандық сегізжылдық мектебінің 1-і класына барады, осы мектепті 1965 жылы бітіреді. Сол жылы Покровка селосындағы Ленин ауылшаруашылық техникумына оқуға түсіп, 1968 жылы веттехник мамандығын алып шығады. 1968-1970 жылдары Кеңес Әскерінің қатарында азаматтық борышын өтейді. Еңбек жолын 1970 жылы «Қызыл Әскер» кеңшарында бөлімше веттехнигі болып бастайды. 1978-1984 жылдары Омбы қаласында Мемлекеттік ветеринария институтында сыртай оқып, жоғары білім алады. 1984 жылы Сергеев ауданы, «Еңбек» кеңшарына бас мал дәрігері ретінде тағайындалады. № 1-ші бөлімшеде товарлы сүт фермасы жолға қойылса, № 2-ші бөлімшеде қармалдың аналықтарымен ғылыми тұрғыда жұмыс істеу және мал басын көбейту болса, ал № 3

бөлімше тек бұқашықтарды бордақылаумен, әрі жылқы өсірумен айналысатын. Кеңшардың мал басын көбейтіп, оларды аман сақтап қалуда Жәнібек Жағыпарұлының еңбегі айтарлықтай болды. 1988 жылы «Еңбек» кеңшарының партия ұйымы партком хатшылығына сайлайды. 1990-2009 жылдары «Андреев» кеңшарында ветврач, ветеринар – инспектор болады. 2009-2011 жылдары АШМ АӨК СҚО бойынша аймақтың бас инспекторы болып қызметістеп, зейнетке шығады. Үйленген, жолдасы – Күлжан Сұрағанқызы, есепші, 1984-1989 жылдары кеңшарда есепші болған. 1989-1990 жылдары бала-бақша меңгерушісі болып қызмет атқарады. Екі ұлдан 6 немере сүйіп отыр.



ҚОЖАХМЕТОВ
Сырым Қанафияұлы

1953 жылы 17 ақпанда Солтүстік Қазақстан облысы, Ленин (қазіргі Есіл) ауданы, Бұлақ ауылында дүниеге келген. 1960 жылы Бұлақ орта мектебінің 1 класына барып, 1970 жылы сол мектепті тәмәмдаған. 1971 жылы Целиноград ауыл шаруашылығы институтына оқуға түсіп, 1975 жылы зоотехник мамандығы бойынша аяқтап шығады. Жұмыс өтілін өзі туған ауылында зоотехник-селекционер болып бастайды. 1977 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Москва ауданы, «Бұлақ» кеңшарына бас зоотехник ретінде тағайындалады. Ол бұл қызметті 1983 жылға дейін атқарады. 1983-1985 жылдары СҚО «Целинный» ауданы, «Ленинск» кеңшарында бас зоотехник болады. Ал 1986 жылы Сергеев ауданы, «Еңбек» кеңшарына бас зоотехник қызметіне ауысып

келеді. Сырым Қанафияұлының ұйымдастырушылық қабілеті, мамандығы бойынша біліктілігі әр шаруашылықта істеген қызметтерінен түсінікті болып тұр. «Еңбек» кеңшарында төрт басшымен қызмет атқаруға тура келді. Бұл жерде тек жұмысшылармен ғана емес, басшылықпен де тіл табыса білген Сырым Қанафияұлы мал басын көбейтуде, оның өнімдерін молайтуда шаруашылықты жақсы көрсеткіштерге жеткізе білді. Денсаулығының сыр беруіне байланысты 1993-1997 жылдары басқа жұмысқа ауысады. Үйленген, жұбайы – Жанбота Қошқарбайқызы, Алқағаш ауылының тумасы, есепші. Кеңшарда мамандығы бойынша қызмет істеді, соның ішінде № 2 бөлімшенің (Ақсудың) есепшісі болды. Екеуі ұл мен қыз өсіріп, тәрбиеледі, ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. 1998 жылдан Петропавл қаласында тұрады.

Сырым Қанафияұлы ұзаққа созылған науқастан кейін, 2010 жылы қайтыс болған. Петропавл қаласында жерленген.

МУСИН

Әміржан (Өміржан) Зекенұлы



1956 жылы 1 қаңтарда Ақсуда туған. 6 жасынан 1-классқа барып, Ақсу сегізжылдық мектебін бітіргеннен кейін, 1972 жылы Ленин орта мектебін тәмамдайды. Сол жылы Алматы зооветеринарлық институтына оқуға түсіп, 1977 жылы «зоотехник» мамандығы бойынша бітіріп шығады. 1977-1979 жылдары Сергеев ауданының Ы.Ыбыраев атындағы кеңшарда комсомол ұйымының хатшысы, зоотехник болып жұмыс істейді. 1979 жылы жаңадан құрылған «Еңбек» кеңшарының кәсіп одақ

ұйымына төраға болып сайланады. 1980-1982 жылдары Целиный ауданының «Белоградов» кеңшарына бас зоотехник болып тағайындалады. 1982-2014 жылдары «Элита-Север» шаруашылығында зоотехник-селеционер. 2014 жылдан Петропавл қаласында «Жетім балалар үйінде» қызмет атқарады. Үйленген, жұбайы – Гәуһар Молдахметқызы жоғары білімді ұстаз. Екеуі дүниеге екі ұл әкеліп, өсіріп тәрбиелеген. Олар да жоғары білімді әр салада қызмет атқарады.



ЖӘКЕНОВ

Зейнолла Рахметоллаұлы

1947 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев (қазіргі Мағжан Жұмабаев) ауданы, Сталин ұжымшары, Қоскөл ауылында туған. Бастауыш кластарды ауылында оқып, 11 жылдықты Сарытомар орта мектебінде аяқтаған. Мектеп бітірісімен «Қазақстанның 40 жылдығы» кеңшарының Ленин сегізжылдық мектебіне тарих және дене тәрбиесі мұғалімі болып орналасады. Жұмыс істей жүріп, Қарағанды Педагогикалық Институтының тарих факультетіне сырттай оқуға түсіп, 1973 жылы ойдағыдай тәмамдайды. 1982 жылы «Еңбек» кеңшарының жұмысшылар комитетінің төрағалығына сайланады. Бұл қызметті Зейнолла Рахметоллаұлы 25 жыл абыроймен атқарып келді. Оның осы жылдар ішінде қаншама жұмысшының еңбегін бағалап, қаншама адамның тағдырына септігі тиді десеңші? Кеңшар басшысы мен жұмысшылар арасындағы байланысты бір қалыпты ұстау үшін «Ұжымдық Шарт» жасалып, онда бекітілген барлық міндеттер мен талаптардың орындалуын екі жаққа бірдей қарастыратын.

Аудандық ауыл шаруашылығы кәсіп одақтары ұйымдарының алдыңғы қатарында көріне білген жұмысшылар комитетінің төрағасы Зейнолла Жакенов бірнеше мәрте аудандық, облыстық кәсіподақтары Мақтау Грамоталарымен марапатталған. Кеңшар таратылғаннан кейін Қызылжар ауданы Бескөл ауылына қоныс аударады. Үйленген, жұбайы – Күлбәршін Сақтағанқызы, Ақсу ауылының тумасы. Екеуі 4 ұл дүниеге әкеліп, тәрбиелеп жеткізді. Зейнолла Рахметоллаұлы ауыр науқастан кейін 2015 жылы қайтыс болған. Бескөл ауылында жерленген.



УАИСОВ Мейрам Рүстемұлы

1951 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Сергеев ауданы Қаратал ауылында туған. 1958-1962 жылдары Қаратал бастауыш мектебінде оқиды. 1962-1968 жылдары Ленин орта мектебінде оқып, онжылдық білім алады. Оқу бітірісімен жұмысқа араласады. Сергеев (қазіргі Шал ақын) ауданының Тереңсай кеңшарында алып, алдыңғы қатардағылардың бірі болады. 1970-1972 жылдары Кеңес Әскері қатарында өз міндетін атқарады. Әскерден келгесін де бұрынғы жұмысын жалғастырады, сонымен қатар ол жүргізушілік мамандығын алады. 1975 жылы Октябрь автомобиль базасында жұмыс істейді. Мейрам қандай салада жұмыс істесе де өз ісіне тыңғылықты болды. 1979 жылы "Еңбек" кеңшарының ашылуына байланысты, директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары болып келді. Ол бұл міндетті 10 жылдай атқарды. Кеңшар шаруашылықтарына байланысты керек жабдықтарды, құрал-саймандарды уақытында жеткізуге, жұмысшыларға

қолайлы жағдайлар жасауға, олардың өмірлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бар ынтасымен кірісетін. Үйленген, жұбайы – Роза екеуі бір қыз, бір ұл тәрбиелеп, өсірді.



ӨСПОВ

Бабахан Қайроллаұлы

1954 жылы 18 қарашада Шал ақын ауданы, Алқағаш ауылында дүниеге келген. 1961-1965 жылдары Алқағаш бастауыш мектебінде оқыған. 1965-1972 жылдарында Ленин орта мектебінде білім алады. 1979 жылы Шағалалы ауыл шаруашылық техникумына түсіп, 1981 жылы агроном мамандығын алып шығады. Еңбек жолын «Заря» кеңшарында бастаған, ол 1981 жылы «Еңбек» кеңшарына агроном болып ауысады. Келесі жылы «Кубань М-1» агрегаты арқылы суармалы жерден көкөніс, жеміс-жидек өсіруге жер телімі бөлініп, онда оған осы жұмыспен айналысу тапсырылған. Бабахан Қайроллаұлы жеке бригада құрып, іске кіріседі. Ол жерде көкөністің барлық түрі – картоп, қырық қабат (орам жапырақ), қияр, қызанақ, сәбіз, қызылша т. б., олармен қоса таңқурай, қарақат, құлпынай көшеттері отырғызылды. Бабахан Қайроллаұлы бұл жұмыста бар білімін, ұйымдастырушылық қабілетін көрсете білді. Ол көкөністер мен жемістерді өсіруде барлық агротехникалық шараларды қолданудың арқасында үлкен жетістіктерге жетті. Шыны керек, басқа ұлт өкілдері жақсы айналысып келген бұл шаруада олардың алдын орап өтті, бірінғай қазақ жұртшылығынан құрылған кеңшар 1986 жылға дейін облыста бірінші орында болып келді. Кеңшардың барлық жұмысшылары мен тұрғындары осы өнімдермен

қамтамасыз етіліп қойған жоқ, маңайдағы елдерге де жетіп жатты. Отбасылық жағдаймен, ол «Ульянов» кеңшарына ауысқан, онда да өзіне тән жұмыспен айналысады. 1994 жылы Петропавл қаласына қоныс аударған. 2007-2013 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы бойынша территориялық инспекцияда қызмет атқарады. Бұл жұмыста әкімшілік тарапынан Мақтау Грамотасымен марапатталған. 2013 жылдан Астана қаласының тұрғыны. Үйленген, жұбайы – Ләззэт, Өрнек ауылының тумасы. Екеуі - 2 қыз, 1 ұл дүниеге әкеліп, тәрбиелеп өсірген жанұя.

БӘЙТЕНОВА **Бақыт Алмаханқызы**



1957 жылы қараша айының 11 жұлдызында Көкшетау облысы, Айыртау (бұрынғы Володар) ауданы, Егінді-Ағаш ауылында дүниеге келген. 1963-1972 жылдары өза уылында 8 класты бітіріп, 1974 жылы Сырымбет орта мектебін аяқтайды. 1974-1979 жылдары «Қазақстан» кеңшарында жұмыс істейді. 1979 жылы Целиноград ауыл шаруашылық институтының экономика факультетіне оқуға түсіп, 1983 жылы ауыл шаруашылығы бұғалтерлік есеп және шаруашылық қызметіне талдау мамандығы бойынша бітіріп шығады. 1983-1986 жылдары «Еңбек» кеңшарында бас бұғалтердің орынбасары қызметін атқарады. 1986-1988 жылдары Көкшетау облысы, Володар аудандық агроөндірістік бірлестігінде бас бұғалтерінің орынбасары болады. 1988-2002 жылдары «Еңбек» кеңшарында бас бұғалтердің орынбасары, бас бұғалтері қызметтерінде істейді. Бақыт Алмаханқызы қызмет

істегенде өзінің біліктілігін таныта білді, әрі адал қызмет етті. Қарамағындағы мамандарға орынды талап қоя отырып, шаруашылықтың өндіріс жоспарларының орындалуы мен нәтижелеріне уақытында талдау жасап отыратын. 2005 жылы Явленка селосына қоныс аударғаннан кейін, аудан орталығында мемлекттік қызметте болып, 2015 жылы еңбек демалысына шықса да жұмыстан қол үзген емес.



ОСПАНОВ
Дулат Әйіпұлы

1956 жылы 17
науырызда Солтүстік
Қазақстан облысы,
Преснов (қазіргі
Жамбыл) ауданы,
Жамбыл ауылында

дүниеге келген. 1977 жылы Петропавл ауылшаруашылық техникумында оқып, механик мамандығын алып шығады. 1977-1979 жылдары Кеңес Әскері қатарында азаматтық борышын өтеп келеді. 1980-1996 жылдары «Еңбек» кеңшарында механик, жабдықтаушы, МТШ-ның меңгерушісі қызметтерін атқарады. Ауыл шаруашылығы техникаларын жақсы меңгере білген, жауапкершіл, талапшыл маманды 1996 жылы «Еңбек» кеңшарының бас инженерлігіне тағайындайды. Дулат Әйіпұлы бұл қызметті 2013 жылға дейін абыроймен атқарады. 2013 жылы Қызылжар ауданының Бескөл ауылына қоныс аударып, жұмыс істеуде. Үйленген, жұбайы – Күләй Мұрзахметқызы, есепші. Екеуі дүниеге бір ұл, екі қыз әкелген, балаларының бәрі жоғары білімді. Әр салада қызмет атқарады. Ұлдары Медет Оспанов - Уәлиханов ауданының әкімі.

ОСПАНОВА Күләй Мұрзахметқызы

1957 жылы 8 желтоқсанда Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын ауданы, Двойники селосында дүниеге келген. 1977 жылы Петропавл есеп-экономикалық техникумын аяқтағасын, В. Быковский атындағы кеңшарға жолдамамен есепші қылып жіберіледі. 1979-2003 жылдары «Еңбек» кеңшарында әр бөлімнің есепшісі қыметтерін атқарады. Әр саланың есебін жүргізіп, тәжірибелі Күләй Мұрзахметқызын 2013 жылы Асылхан-Агро ЖШС-нің «Еңбек» ӨБ бас есепші ретінде бекітеді. Ол бұл қызметті он жыл мүлтіксіз атқарады. Бескөлге көшіп келгеннен кейін де жұмыстан қол үзбейді. 2015 жылы зейнет демалысына шығады.



ОСПАНОВ Медет Дулатұлы

1985 жылы 20 сәуірде Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын ауданы, Жаңасу ауылында дүниеге келген. Жаңасу орта мектебін тәмамдаған. Жоғары білімді. Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін «Тарих, экономика және құқық негіздері», Қазақстан-Ресей университетін «Экономика» мамандықтары бойынша бітірген. Еңбек жолын 2006 жылы Петропавл қаласының Әл-Фәрәби атындағы № 18 мектебінде тарих пәннің мұғалімі болып бастаған. 2007-2011 жылдары «Солтүстік Қазақстан облысы ішкі саясат департаменті» ММ-де бас маман, Солтүстік Қазақстан облысы әкімі орынбасарының көмекшісі қызметтерін

атқарады. 2011-2014 жылдары Шал ақын ауданы, 2014-2015 жылдары Тайынша ауданы әкімдерінің аппарат жетекшісі болған. Білімді, іскер, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары Медет Оспанов 2015 жылы ауыл шаруашылық және кәсіпкерлікті дамыту мәселері бойынша Тайынша ауданы әкімінің орынбасарлығына тағайындалады. 2017 жылдың наурыз айынан бастап Солтүстік Қазақстан облысы Уалиханов ауданының әкімі.





Жылқайдарова Нағызжан Қабдешқызы.
Жылқайдаров Қабдеш
Жылқайдарова Шапия



Мына сурет 1958-1960 жылдарда түсірілген болуы мүмкін. Артқы жақта тұрғандар:
Жылқайдаров Қабдеш, Қарауыл – Қожым – Бүтімбаев Ботай. Ортада: Әбиев Файзолла,
Қожым – Бимусин Арғын, Тілеп – Оразалин Рахым, Қожым – Баймұқанов Жанат.
Отырғандар: Тілеп – Жолдығарин Асайын, Құсайынов Сағди.



Құсайынов Басболат Сағдиұлы
(1949-1974)



Сәдуақасов Көпей Төлегенұлы алдыңғы қатарлы
механизаторлардың бірі, Басболатпен бірге жұмыс
істеген. Қазір зейнеткер, Бескөл ауылының тұрғыны.



970 жыл. Ұлы Отан соғысының Жеңісіне – 25 жыл мерекелік жиналысқа жиналғандардың
бір тобы. Ақсу ауылынан қатысқандар – Ахмедьяров Жұмабек, Жылқайдаров Сәлік,
Сыздықов Қазі, Сайдалин Қойшыбай.



Кеңес Үкіметі кезіндегі Октябрь ауданының орталығы – Марьевкада өткен пионер слетінің көрінісі:
 Артыңғы қатардағылар- Инкэр Ескенеева, Шолпан Аманбаева, Бақытжан Тұралина, Сараш
 Божықанова, Ботагөз Жумина, Құнайза, Бейсен Құрмашев, Досан, Көпей Сәдуақасов, Сара
 Сексенбаева, Күләш Байсейітова, Мәнзия Тұяқбаева, Жәмила Байсейітова, отырғандар-Гүлгүл
 Тайжанова, белгісіз, мұғалімдер-Қасым Қуандықов, Қайыржан Ғабдоллин, Сәуле Тырбықызы
 Молдахметова, Сәбит Жумин, Лида Жауқенова, Нығметжан (Нәй), Ғалымжан, Зүрөш Таянышпаева,
 Раушан Қуандықова, Бақыт Кәкіжанова (Шаниева), Рысжан Ысқақова, Қамар Құсайынова,
 Жандарбек Исмағұлов, Әшім (Әшкен) Жылқайдаров, Ғалымжан Мұқажанов. Ол кезде интернат жоқ,
 оқушылар туыстарының, таныстарының үйлерінде тұрып оқитын. Сурет ескілеу, осыған да тәубә,
 айтеуір тарихтан сыр шертергі сөзсіз.

Бескөл ипподромы:

Түрегеп тұрғандар: Қожым – Қапез
 Бәйбішев, Қайыржан Ғабдоллин,
 Қайролла Қанапин. Отырғандар:
 Сақтаған Құсайынов, Қабдөші
 Жылқайдаров, Қабдырахман (Қабдыр)
 Баянов, Сәбит Жумин.
 Шамасы 60-шы жылдардың басы болуы
 керек. Біздің ауылдан «Үлкен қара»,
 «Кіші қара», «Жирен» деген жарысқа
 қосатын аттар болған, соларды жарысқа
 қосуға бөлімше басқарушысы –



Қайролла Қанапин бастап келген көрермендер.



Мына суретте: Тілеужан Мұхамедьяровтың Кеңес Үкіметінің ең жоғары наградасы – «Ленин» орденімен және қарамағындағы азаматтардың да марапатталуы бейнеленген. Уахит Байназаров, Тілеужан Мұхамедьяров, Бақтыбай (Бәтәй) Сәденов. Түрегеліп тұрған бала: Балтабай Нарғожин – Маскеу Метроларының бірінде қызмет етеді.



Суретте түрегеп тұрғандар: Бақыт Кәкіжанова, Зурәш Таянышпаева, Шолпан Аманбаева, отырғандар: Әшкен Жылқайдаров, Бәтәй Сәденов, Жоламан Мусин.



Ауыл азаматтарын Кенес Әскері қатарына шығарып салу керемет үрдіс болатын. Әскерге кететін азаматты аман-есен елге оралсын деген ниетпен ағайын-туыстары, көрші-қоландары шақырып, үйлерінен дәм татыру әдетке айналып кеткен еді... Мына суреттерден әркім өздерін таныр, болмаса ұрпақтары танып алар...



Ауылда барлық мерекелер аталып өтілетін. Тұрақты көркем-өнерпазар үйірмесі жұмыс істейтін. Ауыл жастары тек ауылдың ғана емес кеңшар, аудан көлемінде өтетін мәдени, спорттық шараларға үнемі қатысып жүрді, нәтижелері де жақсы болатын. Суретте: Үйірме мүшелері – Тұрсын Сайдалина, Қадипша Қанапина және жетекшісі Бейсенай Жылқайдаров.



Түрегеп тұрғандар: Жоламан Мусин, Бэтэй Саденов, Кәмәш Қоқашева, Танаш Байсалбаев,
отырғандар: Салтанат Мусина, Каукәр Есмағанбетова, Күлбәрәм Сәдуақасова, Анна Советскайте,
Танаш Байсалбаев, Света Есмағанбетова, Марал Сәдуақасова.



Сергеев аудандық партия конференциясының делегаттары: Артыңғы қатардағылар – Тілеужан
Мұхамедьяров, Қазкен Сердалин, Зәледен Тұралин, Қабол Мүжікенов, Мәлгәждәр Сәдуақасов,
Қабдрашит Қожахметов, ортада – Қасым Қуандықов, Қабиболла Рахымжанов, Зекен Мусин,
Қайролла Қанапин, Қабиден Мусин, Тақым Зәкіриянов, отырғандар – Есім Есмағұлов, Күлбәрәм
Сәдуақасова, Сақтаған Құсайынов, Баян Қанапин, Күлшәрә Қасымова, Ғаббас Жауқенов.



Артта тұрғандар - Қабиболла Рахымжанов, Алексей Молоков, Қабдрашит Қожахметов, Қасым Қуандықов, Мәлгәждар Сәдуақасов, отырғандар – Есім Есмағұлов, Қажығали Әбішев, Ғаббас Жәуқенов, Күлшәра Қасымова, Күлбәрәм Сәдуақасова. Аудандық партия конференция делегаттары.



Мына суретте бір топ аналар мен әжелер 1989 жылы 1 қыркүйек күні Ақсу мектебінің алдында.



1974 жыл. Мектеп ұжымы: Артта тұрғандар – Қабиболла Рахымжанов, Айымжан Жолдығарина, Зәлел Жәкібаев, Орал Жылқайдарова, Әшім Жылқайдаров, Ғайша Баянова, Кенже Жылқайдарова, отырғандар – Жамал Жаукенова, Қасым Қуандықов, Қабдыр Баянов, Күшәра Қасымова, Ғаббас Жаукенов.



1980 жыл. Мектеп ұжымы: Артта тұрғандар – Шәлія Құсайынова, Майра Алпысбай Нұрғалиев, Гүлнар Қанапина, Сәуле Нығметжанқызы, Орал Жылқайдарова, отырғандар – Айтжан Рахымжанова, Қабиболла Рахымжанов, Қабдыр Баянов, Ғайша Баянова, Қасым Қуандықов.



Партия ұйымының хатшысы – Атығай Тайжанов, жұмысшылар комитетінің төрағасы – Зейнолла Жакенов үгіт-насихат тобына кезекті нұсқау беріп тұрған сәті. Топ жетекшісі – Бейсенай Жылқайдаров, мүшелері – Қымбат Қалиева, Сәуле Зәкіриянова, Қайрат Рақышев.



Сергеев аудандық партия конференциясының делегаттары: партком хатшысы – Меделбай Әбдрахманов, Жәнібек Әділбаев, Үмітжан Бегімбетов, Қабилла Рахымжанов, Мәсу Ахметов, Қасым Сәдуақасов, Валентина Қанапина, Бекет Жүсіпов, Игібай Әбішев, Жоламан Жұманбеков, Бауыржан Құсайынов, Қасым Қуандықов, Қайрат Қоқашев, Қазбек Әділбаев.



Кеңшар мамандары: Күлмәрә Мүжікенова, Роза Байсейітова, Әминә Жүкенова, Әзкен Мизамбаева, Бакыт Бәйтенова, Гәлія Рақышева, Жәнібек Есендіков, Күлжан Есендыкова, отырғандар – Ләззәт Әсіпова, Иманғали Мұрзахметов, Таңат Баймұқанов, Меделбай Әбдрахманов.



Жастармен жүздесу сәті. Ортада: ауылдық кеңестің төрағасы – Әшім Жылқайдаров, кеңшар директоры – Бекет Жүсіпов, партком хатшысы – Атығай Тайжанов, жұмысшылар комитетінің төрағасы – Зейнолла Жакенов.



ЖЖМ базасының меңгерушісі – Оразымбет Сайдалин, ауылдық кеңестің төрағасы – Оразалы Асылтасов, бас экономист – Әшім Жылқайдаров.



Ақсу сегізжылдық мектебінің оқушылары Бурабайдың бауырында дем алуда. Оқушылар бұл құрметке мәдениет және спортта жеткен жетістіктері үшін ие болған еді.



1980 жыл. Егін орағы. Сәдуақасов Қасым, Ескендіров Дүйсенбай, Мұхамедьяров Тілеужан (бригадир), Омаров Темірбай, Әбдрахманов Медальбай (бас экономист), Яковлев Константин, Зікрин Токтар (тілшілер), Саденов Бәтәй (механик), Абиев Файзолла (агроном), Жақыпов Қалым (бас агроном)



Аудандық патия конференциясының делегаттары: тұрғандар – Валентина Қанапина, Мереке Мұхамедияров, Куанышпай Ескендіров, Қайрат Қоқашев, Қайролла Қанапин, Жәнібек Есендіков, Кәттәй Кеншінбаев, Қабіболла Рахымжанов, Бекет Жүсіпов, Қабдыр Баянов, Зейнолла Жәкенов, отырғандар – Владимир Балан, Орынбай Жылқайдаров, Игібай Әбішев, Ғалымжан Мұқажанов.



1971-1972 оқу жылы пайдалануға берілген Ақсу сегізжылдық мектебінің ғимараты. Осы уақытқа дейін бұл мектепте қаншама ұстаздар еңбек етті, қаншама шәкірт білім мен тәрбие алды...Сол азаматтардың өмір жолдарын осы кітапта ашуға тырыстық, десек те әр қайсысы туралы бір-бір кітап жазуға болар еді.



Бұл сол кездерде салынған дүкен. Ақсу тұрғындарын киім-кешек, азық-түлік және күнделікті қажеттілік ететін тауарлармен қамтамасыз жасап отырған жалғыз нышан.



1985 жыл.

Жылқайдаров Әшім (ауылдық кеңестің төрағасы) , Әбдрахманов Медальбай (бас экономист).



1985 жыл. Жаңасу орта мектебінің ашылу сәті: Кеңшар партия ұйымының хатшысы Атығай Тайжанов, «Союзелинвод» тресінің басшысы Кәттәй Кеншінбаев, Сергеев ауданы партия комитетінің бірінші хатшысы Мәркен Ахметбеков, кеңшар директоры Бекет Жүсіпов, ҰОС-ң ардагері Қазыкен Сердалин, селолық кеңестің төрағасы Әшім Жылқайдаров.



Жыл сайын 9 мамырда жан-жақтағы Ақсу азаматтары Мемориалды кешеннің қасына жиналып, бабаларға тағзым етеді.



Солардың бірі – Жұмабек Ахмедьяровтың балалары мен немерелері.



1986 жыл 9 мамыр, Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагерлерін құрметтеу кезеңі.





Мәкеновтар ұрпақтары да Ақсу ауылындағы өтетін іс-шаралардан қалыс қалған емес.



Есенгелді – Солтангелді – Байжан – Сейтімбет – Сәнтік – Әбікей – Сәби – Беркімбай – Қуаныш
ағамыз осы мешітті салуға ықпалдық жасаған, ал оған Ақсу азаматтары қолдау көрсетті.



Ақсу мешітінің имамы – Асхат Сәліқұлы Жылқайдаров
232



2010 жыл. «Ақсу мешіті» ашылғаннан кейін АС беріліп, Ақсу ауылының бақилық, шейіт болған адамдарына дұға бағышталды. Бұл АСҚА көрші ауылдардың тұрғындары, мешіт салуға қол ұшын бергендер шақырылды.



2015 жыл. Ұлы Отан соғысының Жеңісіне – 70 жыл. Ақсу ауылының кіре беріс көшесі.





Мерекеге келген Ақсу азаматтары мен қонақтардың бір тобы.



Ұлы Тойға 400-дей адам жиналды.



Бұл мерекеде Ауған соғысына қатысып, елге келгесін бақилық болған азаматтарымызға ескерткіш орнатуды ұштастырған едік. Мерекелік жиынды салтанатты түрде ашу сәті. Мерекеге аудан әкімінің орынбасары Науқан Таласпаев қатысты.





Ауған соғысына қатысқандар: Бағдат Ешманов, Жасұлан Қақшыкеев, Төлебай Сәкенов, Қибат Бегімбетов. Сайлау Смайылов ескерткіш орнатуға демеуші болса, ал Жарқын Мусин мен Серік Шәмбіловтың туғандары қолдаушы болған.



Ескерткішті ашу рәсімі еңбек ардагері Нарғожина Күлпәш әжейге, аудан әкімінің орынбасары Науқан Таласпаевқа берілді.



Бейбіт Смайылов (1965-1998), Жарқын Мусин (1965-1998), Серік Шәмбілов (1965-2011)



Гүл шоқтарын қою. Ғабит Есімсейітов пен Төлебай Сәкенов



Багдат Ешманов пен Қибат Бегімбетов



Ауыл имамы Асхат Жылқайдаров марқұмдарға дұға бағыштады.



Ағайын-туыстарының ескерткіш жанында естелік суретке түскен сәті.



2017 жыл. Құрмашевтар ұрпағы ата-бабаларына, ана-әжелеріне, бауырларына, ауылда дүниеден өткен аруақтарға арнап АС беріп, дұға бағыштады. Сонымен бірге қайырымдылық шараларын да ұйымдастырды. Ауыл азаматы Серік Мәженовпен бірге мектептің кіре беріс есігін пластикалық есікке ауыстырып, мешітке дыбыс күшейткіш табыс етті. Суретте: Ауыл имамы – Асхат Сәліқұлының Әнуэр Құрмашевтан сыйлықты қабылдау сәті.



Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ерік Сұлтановтың еңбек ардагері Куаныш Беркімбаевқа Ұлы Отан соғысы Жеңісіне – 70 жыл мерейтойлық медалін тапсыру кезеңі.



Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ерік Сұлтанов Ақжар ауданының әкімі Серікбай Тұралиевпен бірге ауданның шаруа қожалықтарымен кездесуі.



2008 жыл. Бәйтерек алаңын бірінші басуымыз. Ә. Жылқайдаров, Қ. Жақыпов, М. Мусин



2015 жыл Эйфель мұнарасының жанындағы алаңды алғаш басқан Ақсу азаматтары, Мереке мен Нәзиля Мұхамедияровтар



ЖЫЛҚАЙДАРОВА Әсем Әшімқызы

Жас та болса еліне елеулі,
халқына қалаулы қызмет
атқарып, адал еңбегінің
абыройына бөленіп, тең-
құрбысының алдында шығар
биігіне ерте құлаш ұрған
Жылқайдарова Әсем
Әшімқызы Солтүстік
Қазақстан облысының Шал
ақын ауданындағы Ақсу

ауылында 1974 жылдың 28 қаңтарында дүниеге келген. Болар бала бесігінде-ақ танылады дегендей, беске толмай жатып әріп танып, сурет салып, оқуға құштар болды. Сол құштарлық шығар, жетіге толмай жатып Ақсу сегізжылдық мектебінің бірінші класына оқуға барды. 1983-1990 жылдар аралығында Шал ақын ауданындағы Жаңасу орта мектебін тәмамдап, оқуды күміс медальмен аяқтады. Орта білім алған Әсем Әшімқызы бірден жоғары оқу орнына түсуге бел бұды. Талпынысы мен алға қойған мақсаты үмітін жоғалтқан жоқ. Бірден орта мектептен кейін 1990 жылы Қарағанды мемлекеттік университетіне емтихан тапсырып студент болып қабылданды. Бұл оқу орнын кілең үздік бағаларға оқып, 1995 жылы қызыл дипломмен аяқтады. Банк қызметкері мамандығын алып шықты. Сол жылы Қазақ Ұлттық банкінің Солтүстік Қазақстан облыстық филиалында(төрағасы Қажрахимов Жомарт Оралұлы) алғашқы еңбек қадамын бастады. Еңбекке тындырымды, тапсырған іске жауапкершіл қасиеттерімен көзге түскен Әсем 1997 жылы Солтүстік

Қазақстан облыстық қазынашылық басқармасында бас маман, бөлім меңгеруші, ал 1999 жылдан осы басқармашылық басшысының орынбасары болып тағайындалды. Мұндай жоғары лауазымды қызметті атқарған Әсемнің бұл кезде жасы жиырма беске енді ғана кірген еді. Үздіксіз ізденістің, кәсіби шеберлігін шындаудың нәтижесінде және әріптестері мен басшыларының сенімін әрқашан ақтау жолында 2011 жылы Республикалық қаржы министрлігіне қызметке орналасып, мұнда да жауапты салада іскерлікпен еңбек етті. Қайда жүрсе де, қандай қызмет атқарса да адалдығымен, адами асыл қасиеттерімен шексіз құрметке бөлене білді. Соның айғағы болар, Қазақстан Республикасының он жылдық мерейлі мерекесіне байланысты Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың Алғыс хатымен марапатталды. Астана қаласының әкімі И.Тасмағамбетовтың, Қаржы министрі Б.Жәмішевтің мақтау грамоталарына ие болды.

Адал еңбегімен асқақ абыройға бөлене білген Әсемнің ғұмыры қысқа болды. Жарқ етіп жанып, ағып түскен жұлдыздай өмірден ерте өтті. 2013 жылдың 28 сәуірінде жол апатынан қайғылы қазаға ұшырады. Артында ана мейіміне әлі сәбилік мауқымы тарқамаған ұлы – Дамир, қызы – Дильназ қалды. Дамир Астанада Назарбаев зияткерлік мектебінің соңғы сыныбында, Дильназ 4 сыныпта оқиды. Олар да анасындай оқуға зерек.



Туғаннан әжесі бауырына басты, алғашқы немересі болғандықтан өте керемет жақсы көретін. Осы немеремнің оқуға барғанын көрсем дейтін, әжесі оның жоғары оқу орнына түскенін де көріп кетті.



Апасы - Бақытжан, сіңлісі – Әсел, жиені - Қуандық



Ақсу мектебі – I класс



Ақсу сегізжылдық мектебінде бастауыш класта оқыған кезі.



Жаңасу орта мектебі, 6 класс



1990 жыл.

Қарағанды қаласы, мектепті күміс медальға бітіргеннен кейін, Қарағанды Мемлекеттік Университетінің экономика факультетіне құжаттарын тапсырғаннан соң. (Бүгінгі күнге дейін, Ақсу тарихында мектепті медальға бітірген бірден-бір оқушы.)



Соңғы курс, қысқы демалысқа үйіне келген кезі.



1995 жылы Академик Евней Букетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік Университетін үздік дипломмен тәмәмдады



1999 жыл Солтүстік Қазақстан облысы
қазынашылық басқармасы басшысының орынбасары



Солтүстік Қазақстан облысы қазынашылық
басқармасының ұжымы



Астана қаласы. Қаржы министрлігінде қызметте. Жаңа 2013 жылды Министр Болат Жәмішев мырзамен қарсы алу сәтінен көрініс. Бұл Әсем үшін соңғы Жаңа жыл екенін ойлаған да жоқ шығар...



Атасы - Қабдөш



Әжесі - Шәпия



Нағашы атасы - Қадыр

Нағашы әжесі - Ақан



Әкесі - Әшім

Анасы – Кенже



Бауырлары – Әсел, Айгүл, Динара, Римма, Әлбина, Диана



Балалары: Дамир мен Дильназ

Қайсы бірін айтайын қалды бәрі,
Ойы, тауы, орманы, бал құрағы.
Туған жер бесігіне бөледі де,
Мәңгі сені ұйқыда қалдырады.
Сөнген жоқ сенің шырағың,
Сынған жоқ биік шынарың.
Дамир, Дильназ қашан да,
Тамыр менен бұтағың.



Ел болғаннан кейін адамдар бір-бірімен жай ғана араласып қоймайтыны белгілі. Ауылда той-думан, ойын-сауық кештері болып, сондай кездері әңгіме, қағытпа қалжыңдар айтылып тұрады. Әсіресе, көпшілік жиналған жерде «пәленше пәленшеге айтқан екен» деген сияқты ел аузында қалған әңгімелер көп. Бұрын да шешендігімен көрініп жүргендер болған шығар, десек те тілдері «өткір» кісілер болды, әлі де болады. Біз білетініміз, Кәуәң – Қабдрашит Қожахметов, Кәкең – Қайролла Қанапин, Қасым ағай – Қасым Қуандықов, өзі қалжыңдап айтатын адам да, қалжыңды, ойын сөзді тез түсінетін. Кейде біз үлкенсіз ғой сізді «Қасеке» десек, «одан да Қасым деп айтыңдар, дегенмен адамның аты ғой», - деп күліп қоятын. Бәтәй Сәденов, Әзім Жұмағұлов, Қалым Жақыпов, кейінгі буыннан Марат Мусиннің тілдері ащы да, тәтті де болып келетін, сондықтан олармен байланысты оқиғалар да жеткілікті. Бұл бөлімді жариялап отырған себебім: ел аузындағы қызықты әңгімелерді, оқиғаларды еске алып, әрі қарай да ұмытпауды ойлағаным. Кейбір жағдайлар жазылмай отыр, бәрін бірдей жаза беруге болмайтын «қылықтарымыз» жетерлік қой, «сол айтқан екен...» деп еске алынса болды.

Мұрзахмет айтыпты ...

* Көрші ағайындасы Жұмағұлдың отынға әкелетін ағаштары ылғи босаңсыған, шіріктеу болса керек. Ол кісі ағаштарын түсіріп жатқанда омырылып жататын көрінеді. Сонда Мырзакең: «Жұмағұлға рахат ағаштарын кесіп әуре болмайды», - дейді екен.

* Ауылдың ішінде ана кісі біреумен төбелесіп қалыпты десе: «Қап, маған неге айта қоймадыңдар, дайын төбелестен құр қалдым ғой», - дейтін көрінеді.

Мүжікенов Қабыкеннің жауабы ...

* Моңғолиядан бауырларымыз келіп жатқан кез. Ауылда үлкен шешейіміз қайтыс болып, сол кісінің жаназасында Қабаң Сағди молланың көмекшісі ретінде қызмет атқарып отырған. Жаназадан кейін әлгі бауырымыз молла жаназаны дұрыс шығармады деп ренжіген соң, Қабаң: «Сен ыңылдап созып отырғанда ол кісі үш рет қайырып үлгерген», - депті.

Қабаңның әкесі Жәукеннің уайымы ...

* Жәукен ағаш шауып отырып, аяғын шауып алса керек, ол кісінің амандығын білуге келген адамға: «Аяқты қойшы, жазылар, етігім жаңа еді», - дейді екен.

* Ауылда ас-су қою үшін үйдің жанына шөшәлә салады. Жәукен атамыз да сондай біреуін салайын деген оймен іргесін тұрғызып, шөшәләні көтеріп қояды. Таңертеңгілік тұрып қараса, шөшәләсі құлап қалыпты, сонда: «Қайтсін, ұзақты түнге қалай шыдасын», - депті.

Сәдуақасұлы Төлегеннің амалдары ...

* Төлеген Сәдуақасұлы аңғал, қожанасырлау кісі болған екен. Төкең үйінің жанынан шөшәлә салып жатса керек, оның төбесі киіз үйдікіндей қылып шығарылады да, шыммен жабылады. Соңғы ағашын салу үшін төменге түсіп дайындап алу керек. Құлашын ашып, өлшемін алған Төкеңнің жерге түскенше қолы қосылып қалады. Сонда ол: «Ау, мынау енді не болды», - дейтін көрінеді.

* Төкең қыстың күні пимасының шәркесі (галошы) түсіп қала бергесін, науадағы суға аяғын малып алып, «Ал енді түсіп көр», - деп киіп алатын көрінеді. Әлбетте аяздан шәркесі пимаға жабысып қалса, ізінше сыпырылып қалады екен.

* Төкең 60 жасқа келгеннен кейін, келесі жылы балалары: «Әке нешеге келдіңіз?» - десе, «Алпыстамын» дейтін көрінеді, жылда айтатыны осы екен. «Әке алпыста

тұра беруші ме едіңіз» дегенге: «61-ге келгендердің оңғанын көрмеппін», - дейді екен. Онысы мүшел жасты қауіпті жас деп, сеніп қалғаннан болу керек.

Қаратал ауылындағы Қарибектің амалдары ...

* Қараталда Қарибек деген қияңқылау кісі өмір сүріпті.

Әлмағанбет Құрманғожин Қаратал ұжымшарының төрағасы кезінде болса керек. Қарекең еңбек күнге берілетін бидайын ала алмай төрағаға жүгінеді, ол тоқ меңгерушісіне тапсырады, ал анау болса «осыдан басқа ештеңе қалмады» деп, сұлыны көрсетіпті. Сонда Қарекең сұлыны иіскеп тұрып, жылқы болып кісінеп меңгерушіні тебетін көрінеді. Әлекең: «Мынаған бидайын беріп, құтылың дар», - депті.

*Бұрын құрдастар қатты ойнайтын көрінеді, сөйтсе де бір-бірінің қалжыңдарына ренжімейді екен. Енді бірде ат үстінде келе жатқан Қарекең Бікән Қоспанов кездеседі. Ол одан насыбай сұрапты. Бікен:

- Мен насыбай атпаушы едім, - десе. Қарекең :
- Қандай ерінді қор қылып, жүргенін. — депті. Сөйтсе, Бікән Қоспановтың ерні дүрдек, қалың екен.

*Бір күні Қарекең құрдастарын жиып алып, «Бікәннің үйінен бір ас ішіп қайтайық», - депті. «Шақырмаған үйден қалай ас ішеміз?» дегендерге: «Осы уақытта келсеңдер болды, қалғанында шаруаларың болмасын», - дегеннен кейін, айтылған уақытта жинала қалады.

«Сендер үйге кіре беріндер», - деп, Қарекең қалып қояды. Біраз уақыттан кейін үйге кіріп, сәлемдескесін: «Бікән, дәрет сындыруға қораның сыртына барсам, бір қойың айналма ма, кім білсін, дөңгелектеп жатыр екен, арам өліп қалар деген оймен бауыздап тастадым», - депті. Мән-жәйді түсінген Бікен, келген құрдастарына: «Отырындар, бір ас ішетін уақыттарың болып қалған

екен», - деп күліпті. Ет жеп болып, шай жасалғаннан кейін Қарибек ақсақал қасындағы кісіге: «Маған неге қарай бересің, осы үйдің майын мен салғызбай отырмын ба?» - деп адырая қарапты. Сөйткен кезде Бікең: «Әй, кемпір-ай май салуды ұмытып кетіпсің ғой», - деп тағы бір күліпті.

Майнұр жеңгеміздің айтқандары ...

*Ертеректе ауыл зиратын қоршау керек деген шешім шығарып, оған қажет қаражатты жинау Қойшыбай Сайдалинге жүктеледі. Ол кісі үйді-үйге кіріп, ақшаны жинауға кіріседі. Кезек Жұмабек Байтасовтың үйіне келеді. Қойшағанды қарсы алған Майнұр оған: «Тиыштық па?» - дейді.

«Үйде қарияң бар, аруақтар жатқан қорымды қоршау керек», десе: «Оған беретін ақшам жоқ», - депті Майнұр (бір жағынан жезде болып келетін Қойшағаңа).

«Неге? Жасы келген атаң бар, ертең олай-пұлай болып кетсе, сол жерге апармайсың ба?» - депті.

«Жоға, үйдің қасындағы огородқа қоя салам» деген екен. Қалжыңды түсінбеген жездесі кете барыпты.

* Күндердің күнінде сол атасы қайтыс болып, көңіл айтуға Әзім Жұмағұлов келеді. Байтас пен Жұмағұл құрдас болатын. Әкесі құрдастың баласы құрдас демекші, оны білетін Майнұр Әзімге: «Әкеңе хат жазып жіберейін деп пе едің?» - деген екен.

* КСРО-ның заманы, ауылдарда молданың жоқтың қасы. Кеңшар орталығы Жаңасуда тұрамыз, айт уақытында әр үйге кіріп шығу керек, ауылдың «көпей» шалдары – Үмітжан (Тәйкөн), Базаркеге еріп жүреміз, арамызда Майнұр жеңгеміз де бар. Айтшылап келгеннен кейін дүниеден өткендерге бағыштап аят оқылады. Бір үйде Үмітжан, келесі үйде Базарке аят оқиды. Солай 5-6 үйге кіреміз, сондағы Майнұр: «Екеуің «Әлһәм» мен

«Құлқуалланы» әбден жауыр қылдыңдар ғой», – демес пе. Олар не істесін, бар білгендері сол болса.

Абай Жалмұрзаұлының қызық оқиғалары ...

Негізі, Абай Жалмұрзаұлы жуас, асықпайтын-саспайтын жан болатын. Істеген жұмысын тиянақтап кетпейінше қоймайтын. Ол кісі кеңшар кезінде біраз жұмыстың басын қайтарды. Тракторда да отырды, есепші де болды, тауар-сүт фермасында да істеді, ең соңында дүкенші болып зейнетке шыққан.

* Кеңшар орталығы Новопокровкаға сүт тапсыруға барғанда, машинаны есікке тақап қою керек, өзі артында, жүргізушіге қолымен белгі беріп тұрған сәтте машина ойға түсіп кетеді, қалай қойғанын көргісі келген жүргізушіге: «Басымды қысып тастадың ғой», - десе керек, ақырын ғана.

* Бензинмен қыздырылатын құрылғы жарылып, бір бейнеттен аман-есен қалыпты дегенді естіп, қал-жағдайын білуге келгендерге: «Е, бұл бас не көрмеген бас», - дейтін көрінеді.

* Дүкенде істеп жүрген кезі. Тұздалған балық сұраған кісіге: «Жалғыз балық қалып еді, қазір алып келейін», - деп кеткен Абай ағасы жоқ, жоқ ...Әжептәуір уақыт өткесін, тұтынушы дауысын шығарыңқырап: «Әлгі балығыңыз бар ма? Жоқ болса, кетейін», - десе. «Ұстай алмай жатқан жоқпын ба», - дейтін көрінеді. Сөйтсе, бөшкенің түбіндегі жалғыз балықты қолмен алайын десе, қолы жетпейді, шанышқымен шаншыса, қатты балық бұлтыңдап кете береді екен.

Қайролла Қанапин мен Қасым Қуандықовтың бір қакпайлары ...

* Қасымағаның иті Қакеңнің қойын жарып кетсе керек. Қакең замандасына: «Қойымның құнын төле», - депті. Ол: «Сенің арық-тұрық қойынды менің итім қайтеді, егер адал бауыздалса, бір табақ етінді ас, мен барайын, піскен етіңнен итіме бір кесегін тастайын жей ме екен көрейік», - десе, Қакең сонда: «Сен итіңмен табактас болайын деп пе едің?» - деген екен...

Мамандардан қалған сөздер ...

* Кеңшар жаңа құрылған кезде, Жаңасуда 20 шақты ғана үй болатын. Жұрт көшіп, бос қалған үйге мамандар тұратын болған. Күз айының қара суық кезі, бас экономист - Меделбай Тұяқпайұлы ыстығы көтеріліп ауырып қалады. Жұмыстан кешірек келген бас инженер – Жақсылық Мейрамұлы шешініп, оның қасына жата кеткісі келеді. Сонда жігіттердің бірі: - Ол ауырып жатыр, қызуы көтеріліп, оданда Болат Ысқақұлының қасына жата сал, - десе. Ол бас есепшіге қарап (Болат Ысқақұлы денелі болатын): - Тұншығып өлгенше, күйіп өлейін, - деп, Меделбайдың жанына жата қалыпты.

* Ай сайын аудандық ауыл шаруашылық басқармасына есеп береміз, сондай бір уақытта ауданның бас зоотехнигі түскі асқа үйіне алып барды, бұл қыстағы екінші рет баруымыз болатын. Алғашында да, осы жолы да асымыз жұмыртқа болды. Бір кезде Сырым Қанапияұлы: - Шәкіш Тәукенұлы сіздердің тауықтарыңыз қыста да жұмыртқалай бере ме? – десе. Шәкең қызарақтап, жұбайым да жұмыста, ас істеп үлгермейді дегені ғой.

* Ақпан айының бір жұмыс күні болатын. Әдеттегідей кеңшар директоры – Бекет Қаратайұлы алдағы жұмыс жоспарын талдап отырған. Әлден уақытта қолтығынна қысып алған күпәйкесі бар, еңтігіп Мейрам

Рүстемұлы Роза босанып қалды дегенде, мен: - Туған бала бұзау болар ма, күпәйкен не? – деппін.

* Жаздың күні, осындай тағы бір жиылыста, көз әйнегін сүртіп, Жәнібек Әлкенұлы: «Жігіттер жаңа мен Сардоновка жағындағы ағаштың арасында бір, бір ... дей береді (атын ұмытып қалса керек) Лаос көрдім», - демесі бар ма. – Өй, ол мемлекет қой, - десем, жоқ әлгі Ласось деп, айқай салды, ол балық қой десем, туфф ... бұғағы самауырындай салбыраған, мүйізі қарағайдай дегенде, - Әй, ол әлгі бұғы – лось емес пә, - дедім. – Иә, иә дегені ғой Жәкең еңтігін басып.

* Кейде демалыс күндері қарт ойнаймыз. Т. Е. Үйінде сондай бір ойында ұтылыңқырап отырған Т. Е. «Қарызға ойнайыншы», - деп еді. М. Т. «Екі сабынның арасындағыны алсайшы», - дегенде, Т. Е. түсінбей қалған болар (кішкене «қызулық» та бар шығар, 2 сабынның арасында қыстырулы тұрған ақшаны байқамаған ғой). – Сен маған екі санның арасындағыны сал» деп неге айтасың, - деп қоймайды.

* Тағы сондай демалыстардың бірінде қонақтан келе жатып, Т. Е. М. Т.-қа: - Грейдердің үстіне шығайықшы, - деп қоймайтын көрінеді. Ал, ол : - Грейдер жұмыр, жаңбыр жауып тұр, құлаймыз, - деп жанымен су кешіп келе жатып, қараса Т. Е. аяғында бәтіңке екен, өзі етікпен. Сонда М. Т.: «Айтпайсың ба, аяғымда бәтіңке деп», - десе, Т. Е. «Манадан бері грейдердің үстіне шығайық», - деп айтып келе жатырмын ғой депті.

* Т. Е. қарт ойнап отырғамыз: - Тамақ ішіндер – деді жұбайы. Пысық келіншек қой, ас істеп қойыпты. Табақты алып келгесін қарасам, жал-жая салыпты. Мен: «Ооо Қ, жал-жая асыпты қар ерте кететін шығар», - дегенде, ол: «Сендерге жақсы ғой, малдың азығы азайып қалып еді деуші едіңдер ғой». – демесі бар ма.

Жұмағали Мұрзахметұлының айтқандары ...

* Қыстың күні. Кеңшар орталығы – Жаңасуда орталықтандырылған жылу жүйесіне мектеп, мәдениет үйі, МТШ және директордың үйі ғана қосылған болатын. Түн ортасында үйі суып кеткесін директор бізді оятып, қазандыққа келіндер дегесін, бардық. Барсақ от жағушымыз Ж. М. –н ұйқыдан оятып алып директорымыз ұрсып жатыр екен. Ол: - Мына қалпыңмен барлық нысандарды жылусыз қалдырасың, бәрін қатырасың, - дейді. – Неге қатады? Қатпайды, - десе директор: - Қалайша қатпайды? -35, -40 гр. суықтықты көрсетіп тұр термометр, әне Сергеевқада 800 пәтердің жылу жүйесі қатып қалыпты, - десе. Ол: «Бізде қатса, әрі кетсе бір ғана пәтер қатады». – демесі бар ма. Д-р ашуланып, қолын бірақ сілтеп, өздерің шешіндер, - деп, кетіп қалды.

* Ж. М. МТШ-да өрт сөндіруші машинаның жүргізушісі, әрі өрт сөндіруші болып жұмыс істейтін. МТШ меңгерушісі күнде танертеңгілік оның есік алдындағы орындықта отыратынына ескерту жасап: «Жұмыс қайда, бұл не отырыс? – десе, ол «Мені жұмыс істейді деу үшін күнде өрт болу керек пе?» - деген екен.

* Бірде «Колхида» машинасымен келе жатып, байланыс бөлімшесінің қасында тұрған Б. Қ., Қ. М., Т. Е. төртеуіміздің қасымызға келіп тұра қалды. Күн жауынды болатын Б. Қ. «Тиыштық па, не шаруа?» - десе. Ол: «Машина жартылай тіркеуіште болғасын, әрі ұзын ғой жауында қираландап жүреді. Тағы да мынау «жұтып» алған ба? – деп ойламасын, сондықтан да тоқтағаным ғой, – депті.

* З. Р. Құлықшыл еді марқұм. Бір жиында: - Екі жұптың қосылуы да қарт таратқан сияқты, бір жақсы, бір жаман түсіп кетеді, - дегенде директордың жұбайы: - Ал біз ше? – десе З. Р. – Енді таратқанда кейде екі жақсы да түсіп кетеді. – дегені ғой.

* Жолда жүру ережесін өрескел бұзғаны үшін, жүргізу куәлігінен айрылған соң, МАИ-да істейтін туысына келіп, хаттама толтырылғанша құжатын алып беруін өтінеді. Ол да тура адамның бірі болатын. «Қашанғы ауылдың кісілері екен деп, көмектесе беруім керек» - деп бірақ қағады. Сонда З. Р.: «Үкіметтің шені, бұқаның ені», - депті де жүре беріпті. Сонда ол жұбайына: «Анау не деп кетті», -десе. Жұбайы: «Бұл шен саған өмірлік емес, бұқа құсап бүр күні піштірілесін», - дегені депті.

Оразалы Бәткенұлы да тілге шорқақ емес еді ...

* Қызмет көлігі «Запорожец» болатын. Бірде күн ыстық, суармалы жер телімінің маңынан өтетін каналдың тереңдеу жерінде суға салқындап алуға тоқтадық. Әңгімеден әңгіме шығып Қ. М. «Біз де жүрміз ғой, консерві банкісімен» дегені сол екен, О. Б. үндемей судан шығып, киініп алғаннан кейін: «Волгамен келерсіңдер», - деп кетіп қалды. Ал біз жаяу, әрі патком отырысына кешігіп келіп маскара болдық.

* Бірде Қ. М. Кеңседе шот қағып отырғанда О. Б. келіп, қарап тұрып: «Шыққан егініңнің есебіне жете алмай отырсың ба? – демесі бар ма.(Ол жылы астықтың шығымы нашар болған.)



МАЗМҰНЫ

1. Кіріспе.....	5
2. Ақсу ауылы.....	9
3. Есенгелді шежіресі.....	20
4. Біте қайнасқан жұрт.....	143
5. Жаңа кеңшар – жаңа серпін.....	184
6. Фото шежіре.....	214
7. Мәңгі есімізде жарқын бейнесі.....	243
8. Ел аузында.....	254

Редакция алқасы: Әшім Жылқайдаров
Мереке Мұхамедияров
Марат Мусин
Корректор: Альбина Әшім
Техникалық редактор: Дамир Әшім

Басуға 2018 жылғы 25 сәуірде қол қойылды.
Қаріп түрі «Times New Roman».
Қағаз офсеттік. Бағасы келісімді.
Таралымы 160 дана. Тапсырыс №ЕК000914.
Петропавл қаласы, «Фабрика Рекламы» ЖШС
e-mail: 527500@bk.ru, тел. 8(7152)503888



223.0

«Арғын – Атығай – Есенгелді шежіресін бір қалыпқа келтірген сияқтымын. Басты мақсатым, қолда бар деректердің дұрыстығына көз жеткізіп, келер ұрпаққа аманат ету еді. Тарихқа үңіліп, Есенгелді ұрпақтарының қоныс тепкен жері – Ақсу ауылының бұрынғысы мен

бүгінгісі, жер-су атаулары «Ақсу ауылы» бөлімінде көрсетілген. «Есенгелді шежіресі» бөлімінде: Шежіре тізбесімен бірге әр атадан шыққан, елге еңбегі сіңген, елдің атын шығарған, ерекшелігімен көрінген азаматтар туралы баяндауды жөн санадым. Келесі «Біте қайнасқан жұрт» бөлімі Ақсуға қоныс аударып, қызмет істеген, әбден сіңісіп кеткен Қарауыл – Қожым ұрпақтары мен басқа елден келген азаматтарды, Кеңес «саясатының» ықпалымен жұмыс істеп кеткен басқа да ұлт өкілдерін қамтиды. Ақсу, Жаңасу, Еңбек ауылдарының тағдыры қалай болар еді, Еңбек ауылының тумалары – Кәкімбек Салықов, Сәлім Құрманғожин ағаларымыз араласпағанда? «Еңбек» кеңшары ашылып, оның әрі қарай дамуына Кәттәй Кеншінбаевтың қосқан үлесі мол. Бұл азаматтар туралы және кеңшардың өндірісін арттыруға бар білімін, ұйымдастыру-шылық қабілетін жұмсаған басшылары мен мамандары жайында «Жаңа кеңшар – жаңа серпін» бөлімінде айтылады. Қандай еңбек болса да кемшіліксіз болмайды. Әрине, деректердің аздығынан кем-кетіктердің болуы заңдылық. Түсіністікпен қабылдау оқырманның құзырында.»